



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



ДАРА
ДАНА
ТҰЛҒА

«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



МУХИТТАН ӨТКЕН ҚАЙЫҚ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия

МҰХИТТАН ӨТКЕН ҚАЙЫҚ
Мемлекет және қоғам қайраткері
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады

**АЛМАТЫ
2011**

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5 қаз)
М 86

М 86 Мұхиттан өткен қайық: [Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады] / Құраст. Б.С. Асанова, т.ғ.к. Ред. алқасының төрағасы Б.Т. Жұмағұлов, ҚР БҒМ министрі, академик, профессор. Бас ред..... Жауапты ред. Қ.Е. Қаймақбаева, ОҒК директоры. Ғылыми кеңесші Ж. Асқарова, Д.А. Қонаев атындағы қордың бас директоры. Библиогр. ред.: Г.И. Белгібаева, Ш.Е. Құнанбаева, Т.В. Вдовухина. – Алматы: ОҒК, 2011. – б., сур. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

ISBN 978-601-7254-34-6

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7254-34-6

© Орталық ғылыми
кітапхана, 2011

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман!	
Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы Д.А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы.....	
<i>Р.М. Қонаева.</i> Менің ағам Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы.....	
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ғұмырнамасынан....	
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, өмірбаяны.....	
<i>Батталханов Б, Төлелбергелулы Н.</i> Қонай Ата Кім болған? немесе Д.А. Қонаевтың ата-тегі жайлы деректер.....	
Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даналық сөздері.....	

Таңдамалы шығармалары

Мол өнімнің қайнар көздері.....	
Ғылым халық қызметінде.....	
Үлкен аттаныс үстінде.....	
Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген кіріспе сөзі.....	
Алыптың асқақ адымы.....	
Қазақстанда ғылымды дамыта түсейік.....	
«Советтік Қазақстан» (кітабынан үзінділер).....	
КПСС XXVII съезінің қорытындылары және оның шешімдерінен туындайтын республика партия ұйымының міндеттері туралы.....	

АСҚАР ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы естеліктер.....	
<i>Сүлейменов О.</i> Ұстаз туралы.....	
<i>Назарбаев Н.</i> Өз заманының заңғар ұлы.....	
<i>Асқаров А.</i> Ұлттың рухани ұстазы еді.....	
<i>Жиенбаев С.</i> Қазақтың мүддесін бірінші орынға қоятын.....	
<i>Әбділдин С.</i> Қонаев заманындағы дәрежеге бүгінде еңбектеп жете алмай келеміз.....	
<i>Балтағұлұлы І.</i> Кемеңгермен кездескенде.....	
<i>Жұмағұлов Б.</i> Бір сөздің қадірі.....	
<i>Камалиденов Ж.</i> Бәрімізге үлгі болды.....	
<i>Назарбеков Т.</i> Дара тұлға еді.....	
<i>Дәуітұлы С.</i> Абыз.....	
<i>Қонаев Е.</i> Перзенттік сыр.....	
<i>Қопабаев Ө.</i> Аяулы есімді ардақ тұтамыз.....	
<i>Тілендіұлы Н.</i> «Ақ – адал сөзім осы, ағайын!».....	
<i>Дәрмағанбетұлы Ш.</i> Адамзат тарихы – әлеміш дүние.....	
<i>Ниязи Жалаңтөстегі Н.</i> Екі елдің заңғары.....	

ҰЛЫҒА АРНАЛҒАН ЖЫР-ТОЛҒАУЛАР

- Молдағалиев Т.* Махаббаты өлмейді елге деген.....
Балтағұлұлы І. Ұлы бәйтерек.....
Оңғарсынова Ф. Дүниеден өтті бір алып.....
Бекхожин Қ. Шыңында алатаудың тұр Димекең.....
Исахметов Н. Мен көрдім жүз ұлттың жылағанын.....

ҰЛЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ ТУРАЛЫ ОЙ МАРЖАНДАР

- Төлелбергенұлы Н. Д.А.* Қонаев мұражайы – өткен ғасыр шежіресі.....
Д.А. Қонаев атындағы халықаралық қордың қызметі туралы
ақпарат.....

ЕЛУ ЖЫЛ, АЛТЫ АЙ, ЕКІ КҮН

- Бекмұратова Г.С., Түркебаев Е.А.* Ұлы адамның мәңгілік махаббаты.....

ҚОСЫМШАЛАР

- Д.А. Қонаевқа арналған ескерткіш-бюстер.....
Д.А. Қонаевтың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....
Д.А. Қонаевтың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....
Еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші.....
Д.А. Қонаевтың өмірі мен еңбектері туралы жазған әдебиеттердің
есімдер көрсеткіші.....

Құрметті оқырман!

2001 жылдан бастап қолға алынып, қазір өз жалғасын тауып жатқан Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының «Ұлы тұлғалар» атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық сериясы өз жалғасын табуда. Ғылыми-ғұмырнамалық серияны шығарудағы мақсат – халқымыздың ұлттық зиялыларын, сонымен қатар елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау еді.

Әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бар. Жарық-сәулелі, қоңырқай-көлеңкелі тұсы да аз емес. Өткенің мен бүгінің, ертеңің – бәрі мидай араласып жатыр. Алайда, тарихтың кестелі шежіресіне кез келген пенде өз өрнегін қалауымен ойып сала алмайды. Тарихта аты қалатындар – топтан озған тұлғалар. Біреулері бүкіл империяны шенгеліне ұстап, каталдығымен есте қалса, екіншілері ұлы қырғын соғыс ашып аты шығады. Ал, өркениет атаулыны өрлетіп, жер бетіне игілік әкелген ұлылар қаншама? Міне, сондай ұлы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері **Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев**.

Оның республиканы басқарған жылдары айрықша айшықты, ерекше табысты тарихи кезең болып, жылнамаларда алтын әріптермен жазылып қалды.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» – деген екен.

Мансап пен байлықтан қанағат сезімін жоғары қоя білген қайраткердің барлық байлығы жеке кітапханасы еді. Үлкен кісінің басшылығы кезінде Қазақстанда жұмысшы табының келешегі үшін 47 қала бой көтеріп, экономика мен мәдени өмір қарышты қадаммен алға басты.

Қазақ халқының тарихы туралы романдар жазған І. Есенберлинге қамқоршы болып, коммунистік мәңгүрт идеология серкелерінен қорғап, тарихты бұрмалап, Қ. Қасымұлын нақақ қолпаштады деп сотталған Е. Бекмахановты, ұлы жазушы М. Әуезовты қауіп-қатерден алып шығып, «Аз и Я» кітабы үшін қудалауға түскен О. Сүлейменовты қанатының астына алған осы тұлға еді.

М. Мақатаевтың:

Білмеймін қанша әлі шырқарымды,

Білмеймін тағдыр қашан қырқарыңды.

Мұқағали жарасы кеткен қайтер дейсің,

Жоғалтпасам болғаны, ұрпағыңды, деп жырлағандай, кішіпейіл, кеменгер де ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған «Ұлы тұлғалар» атты серияны ұсынамыз.

Ұсынылып отырған ғылыми-ғұмырнамалық серияның «Қосымшалар» бөлімінде Д.А. Қонаевтың еңбектерінің әліпбилік және өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан.

«Ұлы тұлғалар» атты серия оқырман қауымның көңілінен шығады деген ойдамыз, ұсынылып отырған жинақ туралы ой-пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз болса мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз:

050100
Алматы қаласы
Шевченко көшесі, 28
Орталық ғылыми кітапхана
Тел: 261-02-39;
Факс (727) 261-02 60

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ЕСІМІН МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУ ТУРАЛЫ

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстанның алдындағы сіңірген айрықша еңбегін тану белгісі ретінде және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қаулы етемін:

1. Д.А. Қонаевтың есімі:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тау-кен институтына;

Шығыс Қазақстан облысы «Лениногор полиметалл комбинаты» акционерлік қоғамына берілсін.

2. Алматы қаласындағы Карл Маркс көшесі Д.А. Қонаев көшесі деп аталсын.

3. Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға жыл сайын берілетін академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтар тағайындалсын.

4. Алматы қаласында Д.А. Қонаевтың мұражай үйі ұйымдастырылсын және ол тұрған Төлебаев көшесіндегі 119 үйде мемориалды тақта орнатылсын.

Н. Назарбаев

*Қазақстан Республикасының Президенті
Алматы, 1994 жылғы ақпанның 24-і.*

МЕНИҢ АҒАМ ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ

Біздің бағымызға қарай өмірімізде барлығымызға әрдайым уақыт таба білген үлкен ағамыз болды. Біздің басқа ағамыз Асқар Меңліахметұлы: «Ол бізден тек жақсы нәрсе алды» деп айтатын. Шынында да, ол біздің арамыздағы ең ұзыны, мықтысы, сымбаттысы еді. Ол менен біраз жас үлкен. Мен туылған кезде Дінмұхамед Мәскеуде оқып жүрген еді.

Мәскеуде оқып жүрген кезде ол көп таршылық көрді. Ол кезде Қазақстанда аштық болатын. 1932-1933 жж. қалада да, ауылда да көптеген адамдар аштықтан көз жұмды. Дінмұхамед Ахметұлына ешкімнің көмек беруге шамасы келмеді, ол бір шәкіртақыны жеткізуге тырысатын. Ол бірден үш мезгіл тамақ ішуге мүмкіндік беретін талондар сатып алатынмын, деп айтатын. Вокзалдарда жүк тиеуші болып ақша табуға мәжбүр болыпты. Ол оқуын 1936 жылы бітірді. ЖОО аяқтаған соң 1936-1942 жж. Балхаштағы мыс қорыту комбинатының Қоңырат мыс кенінде бұрғылау станогінің машинисінен бастап, кен директоры қызметіне дейін өсті. Мен оны соғыстың басталуы алдында ғана көргенмін, ол кезде ол Совнаркомға шақырылып, Алматыға көшіп келіп, үш бөлмелі үй алған еді. Біз отбасымызбен сонда көшіп бардық. Оған дейін біздің отбасы ұзақ уақыт бойы жеке пәтерлерді жалдап тұратын.

Ол Ұлы Отан соғысы кезі еді, қиын-қыстау заман болса да, азаматтардың ерлік көрсете білген жылдары. Майданға еркектердің барлығы дерлік кетті. Тылда қалған еркектердің барлығы, әйелдер мен балалар еңбек етті. Барлығымыз бірге тұрғандықтан, мен Димаш-ағаның қалай жұмыс істегенін көрдім. Біз оны тіпті көрмейтінбіз, ол күні бойы жұмыс істеп, 2-3 сағат демалып, түнгі 2-3-ке дейін қайта жұмыс істейтін. Күн сайын солай болатын. Қандай жұмысқа кіріссе де, ол бар күшін, бүкіл білімін, тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін аямай жұмысқа салатын. Димаш Ахметұлы адамгершілігі мол кісі болатын. Қасындағыларға, бірге жұмыс істеген адамдардың барлығына мейіріммен қарайтын. Оның қабылдауында болған адамдар қанаттанып, бұдан да жақсы жұмыс істеуге құлшынып тұратын. Димаш-ағаның басты ұстанымы адамдарға көмектесіп, қолдау көрсету болатын. 1957 жылдан бастап мен де ҚазССР ҒА-да қызмет ете бастадым. Ол Ғылым академиясындағы барлық қызметкерлердің есімдерін білетін, мен бұған таң қалатынмын. Ол кімнің қай тақырыпта зерттеу жүргізгеніне дейін білетін. Кейіннен олардың есімдерін атап, жағдайлары туралы сұрайтын. Есте сақтау қабілеті зор болатын.

Кейіннен Димаш Ахметұлы Ғылым академиясына бірқатар Институттарды ашуға, академиктер мен қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер салуға, аспиранттарға арналған жатақханаларды салуға

көп көмектесті. Ғылым академиясында жыл сайын өтетін жалпы жиналыстарға арнайы келіп қатысып, ғалымдардың алдында тұрған міндеттерді айтатын. Бұдан Академияның маңызы одан сайын арта түсетін. Мен де осы жиналыстарға қатысатынымын, барлық академиктер мен қызметкерлер тік тұрып, оған ұзақ қол шапалақтағанда, менің осындай «ұлы ағамның» бар екенін мақтан тұтатынымын.

Димаш-ағаның туыстарына қарым-қатынасы ерекше болатын. Біз оны үлкен ағамыз ретінде құрметтейтінбіз. Ол біздің әрқайсысымыздың көңілімізді таба білетін. Ол анамызды ерекше жақсы көретін, жақын болатын. Қашан да анамыздың қамын ойлап, ауырған кезінде өзінің жеке дәрігерін жіберіп отыратын. Анамыз да оны өте жақсы көретін. Әпкелеріміздің айтуы бойынша, ағамның кішкентай кезінде анам ең алдымен оны тамақтандырып, сосын барып қалғандарына тамақ береді екен. Димаш Ахметұлы әкемізді сыйлап, құрметтейтін. Қазақстанның КП ОК бірінші хатшысы болып қызмет етіп жүрген кезінде ағам уақытының тапшылығына қарамастан әкеміздің сөзін екі етпей, шақырған бойда келіп, тапсырмаларын орындайтын. Димаш Ахметұлы өзінен үлкен әпкелерін де құрметтейтін, жақсы көретін. Ол бала кезінен солармен бірге өсті. Амина Ахметқызы айтқандай, екеуінде бір аяқ киім болыпты, сол үшін екеуі жиі төбелесіп қалады екен. Бірінші болып киіп, далаға жүгіріп шыққан бала жеңеді екен.

Студент кезінде Димаш Ахметұлы көбінде Амина Ахметқызының үйінде болатын, ол сол кездері отбасымен бірге Мәскеу қаласында тұратын.

Димаш Ахметұлы мен Зухра Шәріпқызының өзіме деген әкелік қамқорын мен де қатты сезінетінмін. Мен ММУ оқып, жатақханада тұратын кезімде Димаш Ахметұлы Мәскеуге партия съездеріне және КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессияларына келгенде жұмысының көптігіне қарамастан, маған да көңіл бөлуге тырысатын. Димаш Ахметұлы мен Зухра Шәріпқызының Ленин тауларындағы жатақханаға мені іздеп келгені әлі есімде. Олар Университетті, студенттердің жатақханаларын қарап шығып, риза болып қалатын. Кейінгі кездері олар келгенде мен «Мәскеу» қонақ үйіне көшіп баратынымын. Димаш Ахметұлы отырыстарға кеткенде, Зухра тәтем екеуіміз дүкендерді аралап, жаңа киімдер қарайтынбыз. Кешкісін Мәскеу көркем академиялық театрына, Үлкен театрға баратынбыз. Олар барлық әртістердің есімдерін білетін. Жалпы, олар Мәскеуді өте жақсы көретін. Димаш Ахметұлы «Осында оқып жүрген кезінде, Мәскеуді танып үлгеруің керек» деп, мені ылғи үйретіп отыратын. Ол барлық көшелерді, алаңдарды, метроның жаңа стансаларын білетін. Әрдайым «Мәскеу» қонақ үйіне тоқтайтын. Өзінің айтуынша, бұрын жүк тиеуші болып жұмыс істеген кезінде осы қонақ үйдің жанынан өтіп бара жатып, «Осында кім тұрады екен? Шіркін, осы жерде тұрсам ғой» деп ойлайды екен. Кейінгі жылдары осында келгенінде дәл осы қонақ үйге баратын, ол өзіне қатты ұнайтын. Басқа

уақытта біздің жұмыстарымыз, жетістіктеріміз туралы сұрап отыратын. Егер қандай да бір жетістіктерге қол жеткізсек, қуанып қалатын. Мен кандидаттық және докторлық диссертацияларымызды қорғаған кезімде қуанған еді. Сонда да былай деп айтатын: «Докторлар көп, ал профессорлар аз, профессор болу керек». Бұл мені әрі қарай жұмыс істеуге қанаттандырып, ынталандыра түсті. Мен профессор атағын алғанымда, ол риза болып, көңілі көтеріліп қалды. Ағамның ықыласына ие болу біз үшін маңызды еді. Ол біздің күйеулерімізге, балаларымызға өте жақсы қарайтын. «Балалар біздің – болашағымыз» дей отырып, балаларымыздың табыстарына ерекше қуанатын. Біз мейрам сайын Димаш Ахметұлы мен Зухра Шәріпқызының үйіне барғанды ұнататынбыз, сонда Жаңа Жылды қарсы алатынбыз, ағам мен Зина тәтемнің туған күндерін атап өтетінбіз. Олардың үйлерінің есігі қашанда ашық болатын, өздері сондай қонақжай еді. Осындай отырыстарға әртістер де келетін, Б. Төлегенова, Е. Хасанғалиев және басқа әншілердің орындауындағы әндерді тыңдайтынбыз. Өскенбаева және басқа да дарынды жас әртістерді қуана тыңдайтынбыз. Димаш Ахметұлы қалжыңдағанды жақсы көретін, отырыстар өте көңілді өтетін. Теледидардан «Тамашаны» көргенді ұнататын.

Зейнетке шыққан уақытында да Димаш Ахметұлы салауатты өмір салтын сақтайтын. Облыстарды көп аралайтын, адамдармен кездесіп, жағдайлары туралы сұрастыратын. Қайта құрудың қалай жүргізіліп жатқанын саралап, өз ойымен бөлісіп отыратын. Өте көп оқитын, қонақжай болатын. Өз үйінде әртүрлі мамандық иелерін, әртүрлі ұлт өкілдерін қабылдайтын. Ең бастысы, Димаш Ахметұлы өз өміріне қорытынды жасай білді. «Менің кезім жөнінде» және «Сталиннен Горбачевқа дейін» кітаптарында барлығын талдап, өз халқына өсиет айтып кетті.

Қазіргі кезде Димаш Ахметұлының қызметіне лайықты баға беру бойынша қыруар жұмыс атқарылып жатыр, оның 100 жылдық мерейтойын атап өтуге үлкен дайындық жүріп жатыр. Қонаевтардың үлкен әулеті бұған дән риза.

Ата-аналарымыздың, үлкен ағаларымыз бен әпкелеріміздің салған сара жолын ортаңғы ұрпақ жалғастырып келеді. Біз сол күндерді зор сүйіспеншілікпен еске алып, әрдайым жадымызда сақтағымыз келеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, Республикамыз егемен мемлекет ретінде қарқынды дамып жатқан шағында Димаш Ахметұлы да осыған қуанатын еді, өйткені ол өз халқын, Қазақстанды, туып-өскен қаласын өте жақсы көретін. Ол әрдайым Қазақстан халқына бақыт, өсіп-өркендеуді тілейтін.

Р.М. Қонаева

**ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ
ҒҰМЫРНАМАСЫНАН**

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында Меңліахмет Жұмабайұлының отбасында дүниеге келген.

1930 ж. – Алматы қаласындағы № 14 орта мектепті бітіреді.

1931-1936 жж. – Мәскеу қаласындағы М.И. Калинин атындағы түсті металдар және алтын институты кен факультетінің студенті.

1936 ж. – институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алып, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне жұмысқа жіберіледі.

1937-1939 жж. – Қоңырат кенішінде бұрғылау цехының бастығы болады.

1939 ж. – «Алтайполиметалл» комбинатының Риддер кеніші басқармасына директор болып тағайындалады.

1939 ж. – Жары Зухра Шәріпқызымен некелеседі.

1939 ж. – КОКП мүшелігіне қабылданды.

1939-1942жж. – Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигі (бұрғылау станогының машинисі, шебері, смена инженері, учаске бастығы, бас инженер, рудник директоры). «Алтайполиметалл» комбинаты – бас инженердің орынбасары және техникалық бөлімнің бастығы. Риддер руднигінің, Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.

1942-1952жж. – Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары (кейіннен мемлекеттік аппараттың қайта құрылуына байланысты Қазақ КСР Министрлер Кеңесі) қызметін атқарады.

1947 ж. – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (екінші шақырылған).

– “Қоңырат руднигі жағдайында бұрғылау-жару жұмысын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау” тақырыбында техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды.

1948 ж. – Техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бекітіледі.

1949 ж. – Қазақстан К(б)П ОК мүшелігіне кандидат болып сайланады.

1949 ж. – Қазақстан КП IV-XXVI съездерінің делегаты.

1950 ж. – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (III-XI шақырылған).

1951 ж. – Қазақстан К(б)П ОК, кейіннен Қазақстан Компартиясы ОК мүшесі.

1952-1955 жж. – Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және Президенті болып сайланады.

1952-1986 жж. – КОКП ХІХ-ХХVІІ съездерінің делегаты.

1955-1960 жж. – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарады.

1956 ж. – КОКП ОК мүшесі.

1960-1962 жж. – Қазақстан КП ОК-нің Бірінші хатшысы қызметін атқарады.

1962-1964 жж. – Өзбекстанға мақталы аудандарды қосуға қарсы болғаны үшін билік тізгінін И. Юсуповқа беріп, қайтадан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалады.

1964 ж. – Хрущевтің орнына Брежнев келген соң Қонаев қайтадан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болып тағайындалады.

1966-1970 жж. – Социалистік Еңбек Ері атағы, Ленин ордені, «Орақ пен Балға» алтын белгілері тапсырылады.

1966-1971 жж. – КОКП ОК Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат.

1968 ж. – Техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алады.

1978 ж. – «Кеңестік Қазақстан», «Таңдамалы сөздері мен мақалалары» еңбектері жарыққа шығады.

1982 ж. – Үшінші рет Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

1986 ж. – 16 желтоқсан күні Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алынып, орнына Колбин тағайындалды.

1987 ж. – 26 маусымдағы пленумда Қонаев «Қазақстан Компартиясы ОК-нің І хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен босатылады.

1992 ж. – Алматыда Халықаралық Қонаев қоры құрылады.

1992 ж. – «О моем времени» атты кітабы жарыққа шығады. Осы жылы кітап қазақшаға аударылып, «Өтті дәурен осылай» деген атпен жарияланады.

1993 ж. – 22 тамызда Дінмұхамед Ахметұлы Алакөл ауданының Ақши ауылында жүрегінен екінші рет инфаркт алып дүниеден озады.

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРЫ:



1939 жылы ең алғаш рет үздік еңбегі үшін марапатталады. Медальді Кремльде Свердловск залында М.Н. Калинин тапсырады.

1957 жылы 15 қаңтарда КСРО Жоғары Кеңесінің салтанатты жиынында мемлекетке жоспардан артық астық тапсырғаны үшін Ленин орденімен марапатталады. Орденді К. Ворошилов табыс етеді.

1959 жылы желтоқсанда мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін (сүт, ет, және т.б.) жоғарғы сапада өндіргені үшін Ленин орденімен марапатталады.

1962 жылы 12 қаңтарда табысты еңбегі үшін және елу жасқа толуына байланысты КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Ленин орденімен марапатталады.

1966-1970 жылдары КСРО Халық шаруашылығын өркендетуде бесжылдық жоспардың табысты орындалғаны үшін Ленин орденімен марапатталды.

1970 жылы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты және жемісті еңбегі үшін мерекелік медальмен марапатталады.

1972 жылы 11 қаңтарда Коммунистік партия мен Кеңес мемлекеті алдында зор еңбегі үшін және алпыс жасқа толуына орай туған күні қарсаңында Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын белгісі қоса тапсырылады.

1975 жылы Ұлы Отан соғысының жеңіс күніне 30 жыл толуына байланысты 1941-1945 жылы еңбек майданында көрсеткен белсенділігі үшін мерекелік медалімен марапатталады.

1976 жылы 6 қазанда еңбектегі жоғарғы көрсеткіштері және Коммунистік партияның XXV съезінің талаптарын орындауда Республикада ауыл шаруашылығын өркендетіп, жоғары социалистік міндеттемені абыроймен орындап, мемлекет қоймасына жоспардан тыс мол астық тапсырғаны үшін, Социалистік Еңбек Ері атағымен қоса, Ленин орденімен және екінші рет «Орақ пен балға» алтын медалімен марапатталып, туған жерінде Қола мүсін қойылсын деген жарлық беріледі.

1979 жылы 1 қарашада Қазақстан коммунистері мен еңбекшілерін СОКП XXV съезі шешімдерін орындауға жұмылдырудағы үлкен ұйымдастырушылық және саяси жұмыстары, 1979 жылы 1 миллиард 250 миллион пуд астық өндіріп, мемлекет қоймасына тапсырудағы жемісті

еңбегі үшін КСРО Жоғары Кеңесі Президумының Жарлығымен Ленин орденімен марапатталады.

1981 жылы қарашада Қазан Революциясы орденімен марапатталады.

1982 жылы 11 қаңтарда үшінші рет Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

1985 жылы 19 сәуірде Ұлы Отан соғысы жеңісінің 40 жылдығына байланысты Бірінші дәрежедегі «Ұлы Отан соғысы» орденімен және «Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 40 жыл» толуына байланысты мерекелік медальмен марапатталады.

МАРАПАТТАЛУЫ

Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, 6 мәрте Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, КСРО-ның басқа да ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Шетелдердің бірқатар марапаттарына ие болды.

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ (1912-1993)

2012 жылы 12 қаңтарда аса көрнекті мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, халқымыздың біртуар перзенті Д.А. Қонаевтың туғанына 100 жыл толады. Д.А. Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында Меңліахмет Жұмабайұлының отбасында дүниеге келген.

Қайраткердің балалық кезі аумалы-төкпелі, ашаршылық, халықтың басына қара бұлт үйірілген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, кейіннен ашаршылық, Голощекиннің кезіндегі жұтпен тұспа-тұс келеді. Верный қаласының Сарқант көшесінде Үлкен станцияда тұрған. Ол бастауыш сыныптарды Алматыдағы Чернышевский атындағы № 19 мектебінде оқып, 4-сыныпты бітірген соң оқуын осы күнгі «Рахат» кондитерлік фабрикасы орналасқан жердегі (қазіргі Жібек жолы мен Ш. Қалдаяқов көшелерінің қиылысы) № 14 мектепте жалғастырған. Ол кезде қазақ мектебі тапшы болған соң орыс мектебінде оқыған. Алғаш өзіне хат танытып, әліппені оқытқан, орыс тілін жетік меңгеруіне ықпал еткен алғашқы мұғалімі Анна Шурованы ерекше құрметтейтін.

1931 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтына оқуға түседі. Тау-кен факультетінде оқып жүріп өзінің саяси және мәдени ой-өрісін толықтырумен айналысады. Сол кездегі Кеңес Одағы астанасының мәдени және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерге барынша зейін қояды.

Д.А. Қонаевтың Мәскеудегі алғашқы оқу жылдары Кеңес Одағының және Қазақстанның адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңіне дәл келді. Бұл кезең аты шулы ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру жылдары еді. Нәтижесінде барлық ел аштыққа ұшырап, жаппай қырылады. Мәскеуде оқитын еліміздің студенттерінің жиналыстарында Қазақстандағы қиын жағдайлар жөніндегі аса үрейлі хабарлар жиі талқыланады. Республикамыздағы осындай күрделі ахуал студенттердің оқу барысына, көңіл-күйлеріне барынша кері әсер етіп, олардың көбісі үйлеріне қайтуға мәжбүр болған. Дегенмен, Дінмұхамед Ахметұлы шыдамдылық көрсетіп 1936 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған соң, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогі машинисінен бастап, цех бастығы, бас инженері оның директоры болып істейді.

Қоңырат руднигінде жұмыс істеген алғашқы жылы жас кен инженерінің Республикамыздың басшылықтағы құрамында КСРО Халық комиссариатының мәжілістеріне қатысады. А.Д. Қонаевтың сол кездің өзінде осындай мәртебелі басқосуға шақырылуы кәсіби мамандығы мен шеберлігінің жоғарғы деңгейде болғандығын дәлелдейді. Осындай

мәжіліске қатысқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.А. Скворцовтың назарына жас әрі дарынды инженер Қонаев бірден ілігіп, Д.А. Қонаевтың болашақ қызметінің өсуіне белгілі деңгейде ықпал етеді.

Д.А. Қонаев 1939 жылы КОКП мүшесіне қабылданады. Осы жылы Н.А. Скворцов бекем шешімге келіп Алматыға шақырады. Келешегі мол мамандар санатына қосылған Д.А. Қонаев Шығыс Қазақстан облысында жаңадан құрылып жатқан кенді Алтай қорғаныс кәсіпорнына жауапты қызметке ұсынылып, Д.А. Қонаев соғыс алдындағы жылдары және Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде майданның Қазақстандық арсеналының жауапты учаскелерінде қызмет атқарады. Одан соң еңбек баспалдағы – «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, техникалық бөлімінің бастығы қызметтерін атқарады. Риддер кенішінің және КСРО ірі қорғасын-мырыш кәсіпорындарының бірі – Лениногор кен басқармасы директоры қызметін ойдағыдай атқарады.

Әскери қорғаныс руднигі мен зауыты Мәскеу және Алматының арнайы қызмет орындары мен партия аппаратының қатаң бақылауында болуы жұмыс тәртібіне тиімді ұйымшылдық орнатуға, еңбек өнімділігінің өсуіне айтарлықтай ықпал жасады. Осылардың барлығы Д.А. Қонаевтың мінезіне де, жұмыс бабындағы іс-әрекеттеріне де өшпес із қалдырды. Ол басшылық жасаудың сан-алуан қыры мен сырын үйреніп, шыңдалды. Атап айтқанда, келешекті ойлап абай болу, нақтылы жағдайды бағалау, жүктелген жауапкершілікті толық сезіну сияқты қасиеттерді игерді. Осылардың бәрі Д.А. Қонаевтың қызмет бабындағы баспалдақпен жоғары көтерілуіне жол ашады.

Дінмұхамед Ахметұлы соғыстың бастапқы кезеңінен бастап Республика көлеміндегі номенклатуралық қызметкерлер қатарына енді. Нәтижесінде, 1942 жылы 30 жастағы ол Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалады. Жаңа жұмыс бабында оған ауыр индустрия өнеркәсібінің, көлік және әскери қорғаныс салаларының жұмысын басқарып, бақылау жасау жүктеледі.

Қатаң соғыс жылдары Д.А. Қонаевтың саясаткер болып қалыптасу кезеңі болды. Егер Д.А. Қонаев соғыс алдындағы аз уақыт ішінде Қазақстанның кенді Алтай секілді өлкесіндегі билік-басқару тұтқасын игерсе, соғыс жылдарының қиын-қыстау кезеңінде республикалық деңгейдегі билік жүйесіне қол жеткізді.

Ол өзінің әріптестерімен бірге республиканың жаңа өнеркәсіп алаңдарына соғыс зардабынан батыс аудандардан көшірілген ондаған кәсіпорындарын тиімді орналастыра білді және олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен бірге, республика индустриясының сапалы серпіліс жасауына ықпал етті.

Соғыстан кейінгі он жыл шамасында республика партия ұйымының басында Жұмабай Шаяхметов болғаны баршаға аян. Қонаев

жаңа басшының ұйымдастыру қабілетінің жоғары екендігіне көзі жеткеннен кейін онымен тіл табысып, мәмілеге келіп жұмыс істеді. Алайда көптеген мәселелерді шешуде екеуінің көзқарасы диаметралды қарама-қарсы болды. Дінмұхамед Қонаев ғылымға негізделген шешімді ұсынды, ал Жұмабай Шаяхметов болса туа біткен дарыны мен табиғи сезіміне сүйенді.

Дінмұхамед Ахметұлының ғылымға деген талпынысы мен құштарлығы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғауына әкелді. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектері баспадан шығады. Олардың қатарында “Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары” (1949), “Қоңырат мыс кенін қазу” (1949) т.б. жұмыстары бар. Үш жылдан кейін, 1952 жылы сәуірде Д.А. Қонаев Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті болып сайланады.

Дінмұхамед Ахметұлы ғылыми қызметке ауысқан кезеңде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлануы партия жүйесі жұмысының қыры мен сырын жақсы меңгеруге көмектесті. Осыған дейін Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаттығына сайлануы еліміздегі заң шығару құрылымын толық білуге мүмкіндік берді. Осылардың бәрі оған биліктің сапалық жаңа сатысына көтерілуіне жол ашты. Ендігі жерде кездейсоқтықтың еркімен келген және партия құрылымының шыңында отырып, қуатты қозғаушы күшке айналған тұлғаға тікелей байланысты болды. Сөйтіп, Қонаевтың саяси басшы ретінде Республикамыздың екінші басшысының дәрежесіне көтерілуі Никита Хрущевтің тың жерді игеру бастамасына тұспа-тұс келіп, 1955 жылы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалады. Кейінгі үш онжылдықтан астам мерзім тыңға байланысты мәселелер оның іс-әрекетінің басты және өзекті буындарының біріне айналып, тұрақты көңіл аударуды және қамқорлық жасауды талап етеді.

Тың жерді игерудің жақсы және көлеңкелі салдары болды. Тың жерлерді игеру кең-байтақ еліміздің тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету мәселесін шешті, жүйелі түрде көрнекті мөлшердегі астық жинауға қол жетті. Қазірдің өзінде де тың астығы елімізге айтарлықтай валютаның қайнар көзі ретінде, сонымен қатар, бұрынғы Кеңес республикаларымен, алыстағы шет елдермен қарым-қатынастардың кейбір мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік жасауда.

1960 жылғы қаңтардың 19 жұлдызында Д.А. Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Алайда партия қызметі жайбарақат, жеңіл-желпі оңай басталған жоқ. Алда бірінші басшы ретінде билік-басқару жүйесінің көптеген түрлері мен әдістерін игеру ғана емес, қоғамдық-саяси жүйенің сан алуан қырлары мен сырларын білуге және игеруге тура келді. Жұмыс бабы шешілуге тиіс тек қана экономиканың кешенді мәселелерімен шектелген

жоқ. Ол әлеуметтік, саяси, идеологиялық, мораль, психология, этика, халықтық дәстүр т.б. әртекті және көп қырлы, аса өткір мәселелерді қамтыды.

Бұған қосарлана Никита Хрущевпен кішігірім және күрделі келіспеушілік басталып кетеді. Д.А. Қонаев бұл кісінің ойламай әрекет істеу төрешілдігін, дүрліктірушілігін байқайды. Н. Хрущевпен күрделі жанжал Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандарын Өзбекстанға беру жөнінде болды. Мәселе мынада еді: Шымкент облысының бірінші хатшысы И. Юсупов, облыстық атқару комитетінің төрағасы А. Бердалин, Оңтүстік Қазақстан өлкесінің төрағасы А. Морозов 1962 жылдың 7 желтоқсанында Н. Хрущевқа, Д. Қонаевқа, М. Бейсебаевқа хат жолдап, Өзбек КСР-на Қазақстанның Мақта-Арал, Ильичевка, Киров аудандарының мақта өсіретін шаруашылықтарын, сонымен қоса келешекте игеруге даярланған бетпақ даланың барлық жерін беруді ұсынды.

Д.А. Қонаев сол кездегі аппарат мүмкіншілігіне сай бұл ұсынысты жүзеге асыруға қарсылық білдіреді, алайда Н. Хрущевтің озбырлық қысымы бәрін өз орнына қойып, нәтижесінде Д.А. Қонаев Республиканың үкімет басшылығына қайта оралды да, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Исмаил Юсупов сайланады.

1964 жылдың күз айында КОКП Орталық Комитетінің басшылары ұйымдастырған жасырын әрекет нәтижесінде Н. Хрущев қызметінен аластатылып, Д.А. Қонаев қайтадан Республика Компартиясының басшысы болды. Осы қызметті табаны күректей 25 жыл, яғни 1986 жылдың 16 желтоқсанына дейін атқарады.

Дінмұхамед Ахметұлының қайтадан бірінші хатшы болуы кездейсоқ әдеттегі қызмет ауыстыру емес. Ол КОКП жүйесінде аса белгілі тұлға болды. Д.А. Қонаев 1966 жылы КОКП ОК Саяси Бюросы мүшелігіне кандидат, бес жылдан кейін оның толық мүшесі болып сайланды, 21 жыл үздіксіз саяси бюро құрамында болды.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.А. Қонаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің (екінші сайлауынан бастап және КСРО Жоғарғы Кеңесінің үшінші сайлауынан бастап) депутаты болып әлденеше рет сайланды. Қазақстан Компартиясының IV және одан кейінгі барлық съездерінің делегаты болды. V съезден бастап Қазақстан КП ОК-нің мүшесі. КОКП XX съезінен бастап (1956) Қазақстан Компартиясының бірінші хатшылығынан босатылғанға дейін Кеңес Одағы Коммунистік партиясы ОК мүшесі болып сайланып келді. Сонымен бірге Д.А. Қонаев 1962 жылдан бастап КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды.

Кеңес мемлекеті мен КОКП Орталық Комитетіндегі аса жоғары мәртебесі Д.А. Қонаевқа Республиканың сан қырлы мәселелерін неғұрлым қысқа мерзімде тым жедел шешуіне мүмкіндік берді.

Мүмкіндікті халық мүддесіне және игілігіне шеберлікпен барынша пайдалана білді.

60-шы жылдардың ортасында ел экономикасының мазмұны мен басты бағытын анықтау кең көлемде түбегейлі шаруашылық реформасын жүзеге асыруға тікелей байланысты болды.

1964-1984 жылдардағы 20 жыл кезең экономикадағы күрделі өзгеріс және табысы мол мерзім еді. Атап айтқанда, Ертіс жағалауындағы Павлодар жылу-энергетикалық, Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау, Шымкент-Кентау көмір-металлургия кешендері қалыптасты, Қарағанды 2-ГРЭС-і және Бұқтырма ГРЭС-і іске қосылды, мұнай өндіру және мұнайды өңдеудегі іздестіру-барлау технологиясы мүлдем жаңарды, техникалық процесс өнеркәсіптің түгел дерлік саласын қамтыды. Республикада аса бағалы металдар, титан, магний, болат, шойын, мыс, вольфрам, молибден, қорғасын, мырыш, алтын т.б. қазба байлықтар көп өндіріліп, жасанды каучукты шығару, өте ірі электротехникалық машине жасау кәсіпорындары салынып іске қосылды, химия өнеркәсібі қуатты салаға айналды.

Осы кезеңде Қазақстанның үлесіне 69% мыс қорыту, 70% қорғасын, 90% марганец, 87% фосфор тиесілі болды, көмір 220 млн. тоннаға, электр қуаты 78 млрд. кв. сағатты құрады. 70-жылдың аяғында 37 млн. дана аяқ киім шығарылды, 8 қант зауыты жұмыс істеді. 80-жылдың аяғында темір жолдың ұзындығы 15 мың шақырымнан асты. Астық өнімі 29-30 млн. тоннаға, қой 35 млн, жылқы 1 млн. астам, ірі қара саны 7 млн.-ға жеткізілді.

Республикамыздың барлық аудан орталықтары, шалғай елді мекендері, көптеген ауылшаруашылығы кәсіпорындары автокөлік жолдарымен жалғастырылды. Барлық өңірде тұрғын үйлер көптеп салынды, ауыл бейнесі мүлдем өзгерді, радио, теледидар, телефон байланысын орнату, барлық облыс орталықтарында аэро, көлік, теміржол вокзалдарын салу, суармалы жерлерді игеру, канал мен су қоймаларының құрылысы, дәнді дақыл мен қызылша, көкөніс түрлері мен жем-шөп өндіру т.б. қыруар шаруа жүзеге асты.

Қазақстан Кеңес Одағы көлеміндегі 14-ші орыннан, алдыңғы Ресей Федеративті Республикасы мен Украинадан кейінгі үштіктің қатарына шықты.

Республикамыз жалпылама орта, кәсіби орта және жоғары білім салаларын, ғылымды дамытуда, мәдениетті өркендетуде бұрын-соңды болмаған сапалы табысқа жетті. Аталған жетістіктерді ұйымдастырып, аяғына дейін жеткізген Қонаев екендігі даусыз.

60-жылдың соңында, 70-жылдың басында Мәскеу мен Пекин арасындағы қатынас өте қарама-қайшылық жағдайға тап болды. Сөйтіп КСРО Қорғаныс министрлігі Бас штабының шешімі бойынша Қазақстанда өте ірі Орталық Азия әскери округі құрылды. Осының

салдарынан Қазақстанда осы мекемеге қарайтын әскери бөлімдер, олардың қатарында ядролық қару-жаракпен мұздай қаруланғандар көптеп орналастырылды. Осы округтің әскери кеңесінің мүшесі әрі Республиканың жетекшісі ретінде Д.А. Қонаев оның қабылдаған саяси, стратегиялық және тактикалық шешімдеріне саяси тұрғыдан баға беру ісіне араласты.

60-70-ші жылдары Республикада өндірілетін ұлттық табыстың қомақты үлесі Қазақстанға орналастырылған осы алпауыт әскери округтің талап-мұқтаждарын өтеуге кетіп жатты. Жағдайдың осылай қалыптасуында Д.А. Қонаевтың жеке басының кінәсі емес, сол орталықтың озбырлық саясатынан туындаған Қазақстан қасіретінің көрінісі еді.

Д.А. Қонаев өзінің қызмет жағдайына орай саясаттағы әдебиет пен өнердегі ұлттық және интернационалдық мәселелерге үлкен мән беріп, олармен шындап айналысып, халықтың талантты өкілдеріне қажет болғанда көмек беріп, оларды қорғап отырған. Бұған жарқын мысал ретінде Д. Қонаевтың Олжас Сүлейменовтың "Аз и Я" кітабы үшін тағылған саяси айыптардан қорғап қалғандығын келтіруге болады...

Ұзақ жылдар Республика басшылығында болған Д.А. Қонаев халқына барынша адал қызмет еткен, жан-жақты әрі терең білімді, көп қырлы талант иесі, үлкен тұлға болған. Д.А. Қонаев өзінің келешекті дәл болжағыш, есте сақтау қабілетінің зор болуына сай Орталықтың әрбір қадамын алдын ала сезіп, дәлдікпен жұмыс жасап отырған.

80-жылдың екінші жартысында Горбачевтің "қайта құру" бағытына деген үміт ақталмады, құрғақ сөз, алдамшы уәде күйінде қалды. Қазақстанда, сондай-ақ одақтас басқа республикаларда қайта құру процесі тұйыққа тірелді. Осындай келеңсіз ахуалда 1986 жылы Д.А. Қонаев 75 жасқа аяқ басты. М. Горбачев КОКП ОК Бас хатшысы ретінде абсолютті билікке ие болып, Қонаевтың атына бұрын айтып жүрген мақтау және мадақтауын біржолата ұмытып, тіпті ештеме болмағандай қырын қарады, араларында сенімсіздік қарым-қатынас орнықты. Қалыптасқан жағдайға байланысты Д.А. Қонаев өз еркімен қызметтен кетуге бел байлап, арыз берді.

1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 18 минутқа созылған V Пленумы болып, онда бір басты мәселе – республикамызды ширек ғасыр басқарып, экономикалық-әлеуметтік және басқа да салалардың нұр шашып гүлденуіне өзінің өлшеусіз үлесін қосқан саяси басшыны қызметінен алып, оның орнына Геннадий Колбин сайланды. Осыған дейін КОКП Ульянов облыстық комитетінің хатшысы болған, республикамызда жұмыс істемеген және республика тұрғындары білмейтін адам осылайша Қазақстан басшысы болып шыға келді. Д.А. Қонаевтың қызметтен кетуі халықтың айтарлықтай тобының, ең алдымен жастардың наразылығын туғызды.

1986 жылдың 17 желтоқсанның таң атар кезінде Алматыда және

Қазақстанның басқа жерлерінде студенттер мен жұмысшылардың осындай маскара шешімге қарсы бейбіт көтеріліс-шеруі басталды.

Қарсылық шеруге шыққандардың басым көпшілігі, (тіпті түгелге дерлік десе де болады) қазақ жастары, негізінен студенттер мен жұмысшылар болды.

КОКП ОК 1987 жылғы тамыз айында қабылдаған "Қазақстан Республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беруі туралы" қаулысында 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары ешқандай дәлелсіз "қазақ ұлтшылдығының көрінісі" деп бағаланды. Осы саяси құжатта Д.А. Қонаевтың қызметінде менменшілдік, әділетсіздік, басқалардың пікірімен санаспау, қызмет бабын өзі мен жақындарының пайдасына бағындыру тән болды деген жалалар айтылады. Осындай ауыр, ұжданға тиетін шешім Д.А. Қонаевтың қатысуынсыз және қандай да бір түсінік бергізбей сыртынан қабылданады.

90-жылдың басына дейін үш жыл мерзімде Дінмұхамед Қонаевты және жақындарын моральдық тұрғыдан қудалау, жамандау үздіксіз жүргізіледі. Бұл әрекеттерден Г. Колбин мен оның маңындағылары тыс қалмаған. Олар Д.А. Қонаевтың сенімді әріптестері мен ізбасарларына желтоқсан оқиғаларын ұйымдастырушылар деген "айыптар" тағып, олардың біразын қылмыстық тұрғыдан қудалаған. Осындай жалған жалалармен Қазақстан Компартиясының үш облыстық комитеттерін басқарған А. Асқаров, Д.А. Қонаевтың көпжылдық көмекшісі Д. Бекежанов сотталады. Одақ деңгейіндегі прокуратураның тергеушілері заңда рұқсат етілмеген өрескел әрекет, тәсілдермен Д. Қонаев және республикамыздың көптеген жауапты қызметкерлеріне компромат алуға жан ұшыра бар күштерін салады. Алайда әрекеттерінен ештеңе шығара алмайды, себебі жазалайтын өздеріне қажетті материалдар мүлдем жоқ еді.

Д.А. Қонаев Республикамыздың территориясының біртұтас бүтіндігін сақтап қалуға бар күшін сарқа жұмсайды. Сөйтіп кезінде Өзбекстанға берген жерлерді қайтарып алады, Орталық Қазақстанда неміс автономиясын және Маңғыстауды Түркменстанға беру жөніндегі шешімге үзілді-кесілді қарсы шығып, дариядай ақылмен оңтайлы іс-әрекет жасап, дуалы сөзімен көсем мінез көрсетіп, елі үшін осындай игі жұмыс жасағандығын атап айтуымыз міндет.

Д.А. Қонаевтың Алматыны қазіргі заман қаласына айналдырудағы сіңірген еңбегі ерекше. Оның кезінде Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені, сол жердегі шатқалдарда су тасқынына қарсы құрылыс, Үлкен Алматы каналы, 25 қабатты "Қазақстан" мейманханасы, М. Әуезов атындағы академиялық драма театры, М. Лермонтов атындағы орыс драма театры, Қазақ циркі, жастардың Неке сарайы, Ұлттық кітапхана, "Арман" кинотеатры, Алматы мақта-мата комбинаты Мәдениет сарайы, Достық

даңғылындағы көп қабатты үйлер, көкбазар кешені, тоғыз қабатты Баспасөз үйі, Көркемсурет колледжі, бірінші және екінші Алматы теміржол, Әуежай вокзалдары, жаңа әуежай ғимараты, Пионерлер үйі салынып ел игілігіне айналды.

КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, КОКП Саяси Бюросының мүшесі ретінде дипломатиялық арнаулы мақсатпен ҚХР, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үнді, Корея, Египет, Болгария, Жапония, сондай-ақ басқа да жақын және алыс шетелдерде болды.

Д.А. Қонаев жан-жақты, әртекті мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызмет бабын, жемісті ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырып басқаруды асқан шеберлікпен ұштастыра білді.

Жоғарыда айтылғандай, 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып сайланды. Кен ісі саласындағы ірі ғалым және ғылыми жұмыстардың шебер ұйымдастырушысы ретінде Ғылым академиясының дамуына, ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын жетілдіруге, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге, ғылыми кадрлардың саны мен сапасын көтеруге зор үлес қосты.

Д.А. Қонаев Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы болған кезінде Ғылым академиясын назардан тыс қалдырмай, үнемі материалдық және қажетті қаржы бөлгізіп, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарды ұйымдастырып, академия қызметкерлеріне тұрғын үй салғызған. Осы жылдары география, сейсмология, ұйғыртану, молекулярлық биология және биохимия, органикалық синтез және көмірқышқыл химия ғылыми-зерттеу институттары ұйымдастырылып, Қарағандыда академияның Орталық-Қазақстан бөлімшесі құрылады.

Сонымен қатар Батыс Қазақстанда, келешекте Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда Қазақ КСР Ғылым академиясының бөлімшесін құру жөнінде нақтылы шаралар белгіленді, ғалымдардың аса құнды еңбектері көптеп жариялана бастайды.

1980 жылдың ортасында Республиканың Ғылым академиясында 4 мыңға жуық ғылыми қызметкерлер жұмыс істеген. Солардың ішінде 53 академик, 85 академияның корреспондент-мүшесі, 204 ғылым докторы мен 1486 ғылым кандидаттары болған.

Қазақстан ғалымдарының сіңірген ерекше еңбектері танылып, 7 ғалымға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, 17 ғалым Ленин сыйлығымен, 60-тан астам ғалым КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарымен марапатталған.

Д.А. Қонаев өзінің соңына аса үлкен шығармашылық мұра қалдырды, оның 450-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және публицистикалық жұмыстары жарияланды. Техника ғылымдарының докторы, академик Д.А. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының көкейтесті буынды мәселелеріне арналған, сонымен бірге кен қопарудың тиімді әдістерін

ғылыми жан-жақты зерттеп, тікелей өндіріске енгізді.

Осындай еңбектердің қатарына оның “Зырян кені жағдайында жұмыстың ашық әдісін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу”, “Мырғалымсай қорғасын-мырыш кенінде кен асты жұмыстарын кенді ашық қазуға көшу мүмкіндіктерін зерттеу”, “Боцакөл кені жағдайында ашық кен жұмыстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу” сияқты сақтаулы еңбектерін жатқызуға болады. Олар қазіргі кезде Қазақ КСР Ғылым академиясының Д.А. Қонаев атындағы кен ісі институтының мұрағатында сақтаулы.

Д.А. Қонаевтың көптеген жұмыстары ХХ ғасырдағы республика өмірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ КСРО мен Қазақстандағы ұлтаралық қатынас мәселелеріне арналған, осыған орай бірінші кезекте оның мына жұмыстарын атаған жөн: “В.И. Ленин және ұлт-азаттық қозғалыс” (Коммунист, 1969. № 17), “Шұғыл өрге басу жылдары” (КСРО ауыл шаруашылығы осы заманғы кезеңде, 1972), “Советтік Қазақстан” (М., 1978), “Советтік Қазақстан” (Алма-Ата, 1980), “Таңдамалы сөздері мен мақалалары” (Алма-Ата, 1978), “Лениндік ұлт саясаты қолданыста” (Алма-Ата, 1980) тағы басқа көптеген ғылыми еңбектер.

Д.А. Қонаевтың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жазған естелік-кітаптары “О моем времени” (1992), “От Сталина до Горбачева” (1994), қазақша қолтумасы “Өтті дәурен осылай,” “Ақиқаттан аттауға болмайды” КСРО және Қазақстанның ХХ ғасырдағы саяси өмірінің көптеген қырлары мен сырларын зерттеуге айтарлықтай өшпес із қалдырған бағалы еңбектер.

Д.А. Қонаев мемлекет және халық алдында сіңірген зор еңбегі үшін үш мәрте (1972, 1976, 1982 жж.) Социалистік Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа ие болды, 6 рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және Октябрь революциясы орденімен, көптеген медальдармен, шетелдердің бірқатар ресми сыйлықтарымен марапатталды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылы 22 тамызда ойда жоқта дүниеден озып, оралмас сапарға аттанды.

Димаш Ахметұлы туралы естелік айтқандардың қай-қайсысы да ол кісінің өте кеңпейіл, сабырлы да салмақты, парасатты адам болғанын баса айтады. Мейлі қызмет бабында, мейлі күнделікті өмірде болсын, ашу шақырып, дауыс көтеру, біреуге жекіру әдетінде болмаған. Үлкен-кішімен бірдей ашық-жарқын кейіпте сөйлесіп, елмен еркін араласқан. Үкімет қызметінде жүрген кезінің өзінде жұмысқа ешбір оққағарсыз, көліксіз, аяңдай басып жаяу барғанды ұнатқан. Кісі баласын жамандап, сыртынан сөз айту, ғайбаттану дегенді білмеген. Сол сияқты жақсылығын білмеген, байыбына бармай өзін күстаналаған адамдардың өзіне де кешіріммен қараған, біреумен өштесу, кек сақтау Димекені жат болған. Басынан кешкен түрлі жайттарды меңзей отырып, «Сталиннен

Горбачевке дейін» атты мемуарында өзі бұл жайлы «Осы кезеңге дейінгі ұзақ өмірімде көптеген жайттар кездесті, оның жақсысы да, жаманы да бар. Бірақ бұл – менің өмірім. Басқалар сияқты менің басым да «қаралы» күндері болды, бірақ мен олардың бірде-бірін жадымнан сызып тастаған жоқпын. Сондай-ақ ештеңеге өкінбеймін және ешкімге өкпелемеймін де» деп сыр ақтарғаны аян. Жаратушы кең бітім, жомарт мінезбен даралаған кісілігі зор адам ғана осылай айтса керек.

Димекеннің көпке белгілі бір қыры – ол қолы қалт еткенде аңға шыққанды жаны сүйген. Сол себепті де қару-жарақ коллекциясын жасағанды ұнатқан. Серік Әбдірайымұлының естелігіне сүйенсек, Димаш ағаның мергендігіне талас болмаған және аңшылықты да өзінің жөн-жобасын, заңдылығын сақтай отырып жасаған. Мұның сыртында тарихи романдарға, танымдық әдебиеттерге ден қойған, халық әндерін, күйлерін тыңдағанды ұнатқан. Спорт түрлерінен боксқа, күреске құмартқан, Қажымұқанды аузынан тастамай айтып отырған. Дүниеде өтер-өткенше күнде таңертең жарты сағат дене шынықтырумен айналысқан.

Таңертеңгі астан кейін күнделікті газет-журналдарды қарап, хат-хабарды ыждаһатпен оқып отырған.

Қоғам дөңгелегі қалай айналса да мінез-құлық әркімге құдайдың берген сыйы боп қалады. Тектілік тегіне тартпай тумайды. «Жақсының шарапаты тиер тар жерде, жаманның кесапаты тиер бар жерде» деген лұғат сөз тектіліктің тамыры сияқты. Осы сөз тіршілікке тұтқа болып, бес саусақ сол тұтқаны аялай тартып, көңілдер бір-бірінен су ішіп, мейірін қандырып жүрсе қандай жарасымды.

Кеңес Нұрпейіс
ҚР ҰҒА академигі
Тазабек Қожамқұлов
профессор

ҚОНАЙ АТА КІМ БОЛҒАН? НЕМЕСЕ Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АТА-ТЕГІ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР

Ұлы адамның атындағы мұражайда қызмет істеп, осында келген көпшілік қауыммен күнделікті дидарласып жүргендіктен де болар, кейде ойламаған жерден көрермендердің тосыннан қойған сұрағына тап боласың. Сондай көлденең сұрақты көбінесе кітап бетін ашпайтын, онан гөрі елдің айтқан екіұшты көлденең сөзіне құлақ түріп, таудан тас құлағандай қоя салатын жандарға жауап беру де оңай емес. Осындай одағай сұрақтардың бірі: «Осы Қонаевтың ұлты кім, руы кім?» деген төтесінен қойылатын сауал. Бұл сауалға белгілі Мемлекет және қоғам қайраткері Кеңес Аухадиевтің «Қазағымен мақтанатын» атты естелігінде келтірген мына бір үзіндімен-ақ жауап беруге болады: «Қазақ кезінде Қонаевымен мақтанды, ал Қонаев өле-өлгенше Қазағымен мақтанып өтті». Қазақтың кейбір әпербаққандары, ғайбаттап сөйлеп, қиянат жасап, қималап жала-жапқанымен кешірімді, кең өкпелеген жоқ. Ол жақсы көретін Қазақтың бірі – Мұхаметжан Тынышбаевтың 115 жылдығын атап өтуге барған сапарында ойда жоқта оралмас сапарға аттанды. (Елу жыл ел ағасы. – 2002. – 33 б.)

Мен Үйсінмін, Ұлы жүзбін, ұлымын!

Ұлымын деп, ұлылыққа бармаған.

Ортадан да, кішіден де кішімін.

«Ұлымын» деп көрсетпеген қысымын.

Ел басына екіталай күн туса,

Екі інімнің найзасының ұшымын....

Кісіліктің, кішіліктің құлымын...

Мұқағали Мақатаев

«Түбін білмеген түгін білмейді» деп халық даналығында айтылғандай, атамыз қазақтың ата-тегін, тіптен жеті атасының арғы аталарына дейін ажырата алатын асыл қасиеттері басқа ұлттарға қарағанда өте бір артықшылық қасиеті екендігінде дау жоқ. Өкінішке орай, осындай халқымызға тән артықшылық қасиеттерге кейінгі жастар мән бермей, оны рушылдыққа, жершілдікке апарып телиді.

Өткен ХХ ғасырда қазақ халқын әлемге танытқан, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанда жарты ғасырға жуық республика басшылығында, ширек ғасыр мемлекетінің бірінші басшысы болған, академик, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ата-тегі, тәрбие алған ортасы жайлы ел арасында алуан-алуан «әңгімелер» айтылып, кейде кейбір «білгішсымақтардың» тисе – торғайға, тимесе – бұтаққа дегендей, «Димекеннің ұлты қазақ емес екен» деген сияқты асыра сілтеп жіберетіні бар. Осындайда «Ит үреді, керуен көшеді» деген қазақтың керемет мақалы ойға оралады.

Біз мерзімді басылымдардан, сондай-ақ Д.А. Қонаевтың өзінің көзі тірісінде жазған «Өтті дәурен осылай» аты естелік еңбегінен Димекеннің

өз әкесі Меңліахмет және ата-тегі жайлы айтқан біраз естелігін, замандастарының айтқан деректерін білеміз. Ал, әкесі Меңліахметтің арғы ата-бабалары туралы деректерді көпшілігіміз біле бермейміз. Қонайдың шыққан тегі кім болған? Енді әңгіме тізгінін сол жаққа бұрайық. Қонай ата туралы қолда бар деректерді айтпай тұрып, реті келгенде аз ғана шегініс жасай отырып, мына бір жайға назар аудара кетейік.

Қазақтың белгілі сатирик ақыны, қазақтың тілі үшін жанын шүберекке түйіп күресіп, бүкіл елімізде қазақ мектептерін ашуға мұрындық болған, өмірден ерте кеткен ағамыз Шона Смаханұлы кезінде проза саласында да қалам тартқан. Оның 1984 жылы (мүмкін одан да бұрынырақ жазған болар) жарық көрген «Үміт жұлдызы» атты деректі повесін оқысаңыз, сондағы басты кейіпкер – Жанайдың (прототипі – Қонай), оның арғы атасы Қазынабай (Азынабай), Қазынабайдың туған ұлы Жанайдың, одан туған ұл Жұмабайдың бастан кешкен қилы-қилы тағдырлары Дінмұхамед Ахметұлының (дұрысында Меңліахметұлының) ата-тегі мен үрім-бұтақтарының өмірбаяндық деректерімен сәйкес келеді.

Повесте баяндалатын Беймембет атаның екі әйелі – Сары кемпір мен Қара кемпірдің, Нұрмамбет, Жетібай мен Балтабайдың бастан кешкен хикаялары да Қонай ата жайлы көптеген деректерден мағлұмат береді. Шығармадағы Қазынабай әулетінің жер дауы мен ел дауы, жесір дауына байланысты 70, 80 түтіннің Жетісу жерінен Арқадағы Тобықты еліне үдере көшуі, одан арада жиырма жыл өткенде ата жұртына қайта оралуы, повестегі басты кейіпкер Жанайдың (Қонайдың) ерлік істері, оның Сұраншы батыр бастаған сарбаздарымен бірге Қоқан басқыншыларына қарсы күреске қатысқандығы, жау жүректілігі, қазақтың жігіттеріне тән сегіз қырлы, бір сырлы болуы, елім деп, жерім деп, ата қонысы – Жетісуға қайта көшіп келгенде бұрын Жанайды жан-тәнімен сүйген қызы Ұлдарға деген қызғаныштан кек алу үшін Жанайға қанжар сұғып алып, қапыда мерт қылуы Дінмұхамед Ахметұлының «Өтті дәурен осылай» атты өмірбаяндық кітабындағы деректермен сәйкес келеді. Ондағы жер мен су, атақоныс, ру атаулары да Дінмұхамед Ахметұлының арғы атасы Қонайдың өмір-тарихынан қаз қалпында сыр шертеді.

Нағыз қазақ өзінің кіндік қаны тамған жерін қастер тұтып, қасиеттейді. Ата жұртын ардақтап, алысқа сапар шексе де, қайта оралуға асығады. Олай болатыны: қазақтың ата-жұрт ұғымы бәрінен де қастерлі. Соны жете ұғынған Дінмұхамед Ахметұлы өзінің «Өтті дәурен осылай» атты ғасырлар пернесінен сыр шертетін естелік-эссе кітабында өз ата-тегі туралы былай деп сыр шертеді: «Н. Аристовтың деректеріне сүйенсек, Үйсіннен – Ақсақал (Абақ), одан – Қараша би, одан – Бәйдібек туады. Біздің ата-бабамыз сол Бәйдібектің үшінші әйелі Зерептен туған

Жалмамбеттің Ысты деген белбаласынан тарайды. Ал, енді өзіме дейінгі жеті атамды қуалап айтсам былай:

Жолын,
Нұрмамбет,
Азынабай,
Қонай,
Жетібай – Жұмабай,
Меңліахмед,
Дінмұхамед.

Ата – бабам тегіне тартып, қауға ұстаған кісілер екен. Шаруа баққанмен қара басының қасиетін қадірлей білген. Кісі есігін сағаламай, еңбегін емген. Олар осы күнгі Қапшағай өңірінен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын, негізінен Іленің сол қанатынан мына Құйғанға дейінгі жерді қоныс етіпті. Ертеректе бұл жерлер төменгі Іле болысы, Жетісу губерниясы атанған. Қазір осы бір түгін тартса майы шығатын өңірді Алматы облысына қарасты Балқаш, Күрті аудандары жаулап отыр.

Менің бабам Азынабайдан төрт ұл туады. Әулетіміз, неге екенін кім білсін, аңыз-әңгімелерге зер сала қоймаса керек, Азынабай жарықтық ағайынымен неге, не үшін араздасқанынан бейхабар. Және ол қара қазақ үшін жат-мінез емес. Әйтеуір бір түнде бүтін бір ауылды өре тұрғызыпты да, үдере көше жөнеліпті. Асау Іледен өтіп, Балқаштың оңтүстік күнгей бетін жағалай жүріп, Аякөзге жетсе керек. Одан әрі Тобықты жеріне қоныс аударыпты. Кісі еліне сіңісе қою қиын болды ма екен, жоқ бауыр басудың жолы солай ма, тегінде қыз айттыруға шамасы келмес, жөні құда түскен болар, екінші ұлы Қонайды Тобықтының қызына үйлендіреді. Бұған дейін ол кісі екі рет төсек жаңғыртыпты. Соның біріншісінен Жетібай деген ұл қалады. Ал кейінгі шешемізден бір ұл, бір қыз – Жұмабай мен Бұлантай туды (Ақиқаттан аттауға болмайды. – Санат, 1994. – 13-14 б).

Қазақ тарихында кейде кішігірім ата-тегіміз ел-жұртына танымал, сыйлы да құрметті болған аналарымыздың аттарымен аталып кеткені де белгілі. Мысалы, Қонай ағамыз Ысты руынан таралған. Ысты деген ру аты Жалмамбет ағамыздың Сыланды атты бір әйелі Оңтүстіктің қайнаған ыстығында қайнаған қымызды бұзбай (ашытып жібермей) өте жақсы ұстаған көрнеді. Үлкен кісілер келіп: «Сіздің сақтаған қымызыңыз неге бұзылмай, ашымай сақталады?» деп сұрағанда ол кісі: «Сабаны жақсылап ыстап, суық сумен жиі-жиі жуып тұрса бұзылмайды», – деген екен дейді. Аталары кейде Сыланды келіннің атын ұмытып қалып, «Әлгі Ысты келіннің үйіне барып қымыз ішіп келейік» деп айта берген соң, «Ысты келін» аталып кетіпті. Кейініректе бүкіл ауыл, сол әулет, тіпті руда Ысты атаныпты деген аңыз бар.

Міне, дәл осы секілді Қатығұлақ ағамыздың да ұрпақтары Қара кемпір, Сары кемпірлер деп аталып кеткен дейді көнекөз қарттар.

Сөйтіп, Қонай атамның да ата-тегі кейде «Сары кемпір балалары», «Сары кемпірлер» деп аталады.

Сары кемпірлер Іле мен Шу өзенінің аралығындағы кең алқаптарды мекен еткен. Олар Алматы облысындағы Іле өзенінің Сарытауқұм, Іле өзенінің сол жақ жағалауындағы Құйғаннан бастап, Балқаш көліне барып тірелгенше, содан кейін Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм аудандарының Бетпақдалаға дейінгі жерлерді, Ақбастау, Көкбастау, Қопалы, Аңырақай деп аталатын алқаптарды мекендеген екен.

Бұрынғы ата-бабаларымыздың негізгі күнкөрісі – мал өсіріп, сонымен күнкөру болған ғой. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда Ыстылар, оның ішінде, әсіресе, Қаракемпір, Сарыкемпір баласы кедейлеу болған екен. Бай ағайындары кедейлеріне «ана жер менікі, мына жер менікі» деп, күн көрсетпей қуалай берген соң Азынабай ашуланып, бір түнде өзіне қараған 60-70-тей түтінді ертіп, Аякөз арқылы Арқа жеріне, Тобықты еліне қоныс аударады. Көнекөз қарттардың айтуына қарағанда, Азынабай сол көшкеннен мол көшіп, Шыңғыс тауының бергі етегіндегі Арғынның Тобықты рулары мекендеген жерлеріне шетпұшақтап қоныс тебеді. «Мен бұл деректерді Димекеңнің әкесі Меңліахмед ақсақалдың өз аузынан естіген едім» дейді көпті көрген, кезінде партия – кеңес кезеңінде жауапты қызметтер атқарған Избасар Балтағұлов аға.

Азынабайдың көшіп барған жерлері шұрайлы, ел-жұрты да сырттан келдің деп сыртқа теппей, алғашында қазақы бауырмалдықпен жақсы қарсы алады.

«Өзі жақсы кісіге – бір кісілік орын бар» демекші, сол елге судай сіңіп, көп кешікпей қыз алысып, қыз берісіп, жекжат жұрағат болып кетеді. Ол кезде Қонай атамның да ержетіп, сол Тобықты елінің бір қызына үйленеді. Сөйтіп, Бұлантай атты қыз, Жұмабай атты ұл дүниеге келеді.

Қазақта «Ағайын бар болса – көре алмайды, жоқ болсаң – бере алмайды» деген мақал өмірдің өзінен алынған ғой, Арқаға көшіп келген Азынабайдың жағдайлары бірте-бірте жақсарып, асына-ас, басына-бас қосылып, әл-қуаттары арта бастайды. Мұны кейбір қызғаншақтар көре алмай, көрсеқызырлық танытып, күндей бастайды. Малдарын ұрлап, тіпті, кейде зорлық-зомбылықтар көрсетіп, ұрыс-керіс, жанжалдар да шыға бастайды. Мұның бір ұшығы – қазақтың рушылдық кейбір теріс пиғылдары қалсын ба!? Кейде намысқа тиетін «Қаңғып келгендер, қарашы енді, жетіліп, тұмсығын көтеруің!» деген сияқты жанға бататын сөздер де естіліп жатады.

Осы бір келеңсіз жағдайларға төзімі таусылған Азынабай ақсақал жасы ұлғайған шағында Құнанбайға дейін барып, ел арасындағы кикілжіңді біршама басқан көрінеді. Кейінірек, Қонайдың өзі ержетіп, елмен ел, ру мен ру арасындағы татуластыққа шақырып, ел ішіндегі бірлі-жарым телі-тентектерге тиым салуға күш салған көрінеді.

Азынабай ақсақал бұл дүниеден аттанар шағында Қонайды шақырып алып:

– Қарағым, Қонай, сен ержеттің. Мен болсам қартайдым. Төрімнен де көрім жақын қалды. Енді еліңе өзің ие бол. Мұнда бұл жақтың тентектері де тыныштық беретін түрі жоқ. Сондықтан да «Есің барда – еліңді тап» демекші, «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» деген дана халқымыздың мақалы бар емес пе!? Олай болса, елге қайту қамына кіріс. Солай болғаны дұрыс, – деген екен. Содан кейін көп кешікпей Азынабай ақсақал дүниеден озады. Ол кісіні сол топырақ бұйырған Арқа жаққа жерлейді.

Дінмұхамед Ахметұлы өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік – эссе кітабында арғы аталары Азынабай мен Қонай туралы айта келіп: Қазақта «Кірме мен күндестің күні бір» деген сөзі бар. Сол айтқандай Азынабай дүние салған соң артында қалған ұрпаққа тықыр таяна бастайды. Қонай қайын жұртының иықтағанын көтере алмайды. Көнекөз кісілердің айтуына қарағанда, кесек жаратылған, өр мінезді, батыр шалыс кісі екен. Ағайын жұртына ақыл салып, ата қонысы Жетісуға қайта көшуге бел байлады. Оған Тобықтылар: «Бақ деген көшпелі, қыз алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді» деп, қыздарын жібермеудің әрекетін жасайды. Ондағысы «енесіне кісен салынса, құлындары ұзай қоймас» деген ойлары болса керек. Қонай шарт кетеді: «Жанымды аларсындар, бірақ қанымды қалдыра алмаймын!» деп, әйелі мен қызын тастайды да, бес жасар Жұмабайын алып кетеді. Содан Қонайды арқа тұтқан ағайындары түгел Жетісуға қайта көшіп келіп, елдің шетіне іліккен жерге қоныс теуіп қалады. Ал, Қонай ата жұртына жетіп, осы Алматы өзенінің оң жағалауын жайлапты.

Осы бір аласапыран тұста оттай жанып, алмас қылыштай жарқылдап тұрған үлкен ұлы Жетібай жиырма бес жасында қыршын кетеді. Жас өлім атамызды біраз қажыртып, еңсесін түсіріп кетеді. Артынша Күртідегі туған туыстарын аңсап, тірісіне аманат, өлісіне салауат айтпаққа жолға шығады. Ол «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөр астында» деген ауыр заман ғой. Аңдысқан жау алмай тынбайды. Қаскелеңнің тұсында жол бойындағы зиратқа тоқтап, әруақтарға тәу етіп, құран оқып отырған сәтінде қастасқан жау опасыздықпен өлтіріп кетеді. Сөйтіп, онсыз да қара жамылып, қасірет шеккен Қырықжылқы деген келіні жиырма екі жасында жесір қалып, мұсылман мектебіне барып жүрген Жұмабай осылайша жеті жасында жетім қалыпты. Әрине, өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі адам тіршілігін жасайды. Ағайын арқасүйер азаматтың отын өшірмейміз деп, інісінің әйелі Қырықжылқыны Азынабайдың ортаншы ұлы Шолаққа қосады. Жұмабай солардың қолында өседі. Обал нешік, қолдарының қысқалығына қарамастан, оны қатарынан кем қылмай өсіреді. Қырықжылқы он саусағынан өнері тамған ісмер екен, тігіншілікке

жалданып, Шолақ ертелі-кеш қара жұмыспен шұғылданады. Тапқан-таянғанын Жұмабайдың оқуы мен жолына жұмсайды.

Жұмабай алғыр бала болып өссе керек. Діни мектепте шәкірттердің маңдай алды болады. Оны бітірген соң елге барып дәріс береді. Араға екі жыл салып Алматыға қайтып келеді де, 1904 жылы Түркия арқылы Сауд Аравиясына сапар шегеді, осы жолы Мекке мен Мединеге қажылыққа барады. Содан 1905 жылы Үндістан мен Ауғанстан арқылы елге оралады. Сөйтіп, қажылық жол Жұмабай атамыздың сегіз ай уақытын алыпты, деп жазады Дінмұхамед Ахметұлы өз кітабында (Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы: Санат, 1994. – 15 б).

Димекеңнің өз жазба-естелігінде айтылғандай, Жұмабайдың 1886 жылы туған ұлы Меңліахмед (Қонаевтың туған әкесі) те еліне елеулі, халық арасында беделді адам болған. Оның оң жақ бетінде алақандай меңі болғандықтан да атын соған қарап қойыпты. Дінмұхамед Ахметұлының мұражайында әкесі Меңліахметтің өткен ғасырдың 1911 жылы түскен суреті, Димекеңнің анасы Зәуре Байырқызының да суреттері сақтаулы.

Меңліахмет атасы ес біліп, ат жалын тарап мінетіндей – он төрт жасқа толған кезінде аты жер жарып тұрған Алматының атақты саудагер татар көпесі Ысқақ Ғабдулуәлиевтің қол астына жұмысқа орналасады. Қазан төңкерісіне дейін Меңліахмед сол Ысқақ көпестің қарамағында жалданып жұмыс істеп жүреді.

Дінмұхамед Ахметұлы өзінің естелік кітабында баяндалғандай, оның өз ата-анасы мектеп есігін ашып, оқыған адамдар болмаған. Алайда, тек етінің ширақтығы, зеректігі мен зерделілігінің, көргенін көкейге түйе білгендігінің арқасында қатарынан қалмай өмір сүрген. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, одан бергі уақытта зейнетті демалысқа шыққанға дейін бәрі де Алматы облысының ауылшаруашылық және сауда саласында жұмыс істеген. Меңліахмет ақсақалдың өз бетімен білімін жетілдіріп жүргенінің нәтижесінде екі тілде бірдей – қазақша да, орысша да сөйлей әрі жаза білген. «Абай өлеңдерін, Сүйінбай жырларын жатқа айтып, өзі де түртпектеп, бірдемелерді жазып жүретін. Оны біздің үйдегі Зүһра келініне (төте жазуға да, бүгінгі һаріпке де жорға кісі еді) көшіртіп отыратын әдеті бар еді» деп жазады Дінмұхамед Ахметұлы өз әкесі Меңліахмет жайлы еске алғанда. Қазір Д.А. Қонаев мұражайында Меңліахмед Жұмабайұлының балалары бас қосқан бір кезекті сәтінде қаз-қалпында магнитофон таспасына жазылған ақ тілегі, өз қолымен қарапайым дәптерге төте жазумен жазған күнделік дәптері сақтаулы тұр.

Меңліахмет ақсақалмен көзінің тірісінде бірнеше рет дидарласып, әңгімесін өз аузынан тыңдаған, мемлекет және қоғам қайраткері Ізбасар Балтағұлов аға ол кісі жайлы былайша ой толғайды:

– Қонай атаның Жетісу жеріне қайта көшіп келген ұрпақтары, дәлірек айтсақ, арғы атасы Азынабайға, бергі әкесі Қонайға тартып туған Жұмабай қажы білімді, мұсылманша жақсы сауат ашып, Меккеге

кажылыққа барып, аман-есен оралған соң ұлы Меңліахметті бұрынғы Верный (қазіргі Алматы) қаласындағы Ысқақ бай деген саудагер көпеске жұмысқа орналасқанын көріп кетеді. Ал, Меңліахмет қария бірлі-екілі жасайтын ісіне өте ұқыпты, сауатты кісі болып, Ысқақ байдың Верныйдағы ең бір ірі көпес дәрежесіне жетуіне көп көмегі тиген адам болған. Оны ол кісіні жақсы білетін адамдардан да, марқұмның өз аузынан да естігенмін. Алматыдағы Абай мен Мир (қазіргі Желтоқсан) көшелерінің қиылысындағы Меңліахмет атамыз тұрған үйге барып сәлем бергенімде ол кісі:

Ә... сен әлі Бақанастағы, Балқаштағы Балтағұлдың баласы екенсің ғой. Сенің әкең Балтағұл біздің Ыстыдан шыққан кәрі құлақты, сауатты кісі екен. Ол Жандосов, Бәрібаев, Тоқаш Боккиндермен таныс болған адам. Кенен Әзербайевпен де ағалы-інілі болғанын маған айтқан. Сен, былайша айтқанда, бізге тума боласың. Өз бала-шағамды айтып берейін: Әмина, Маймуна, Фазиля, Нейля, Гаухар, Роза, Сара деген қыздарым, Дінмұхамед, Асқар деген ұлдарым бар. Бәрінің жоғары білімдері бар. Балалы-шағалы болып кетті. Құдайға тәуба деп, солардың тілеуін тілеп отырмын. Ал енді Димашты өздерің білесіңдер. Ол менің ғана балам емес, ол қазақтың, бүкіл елдің баласы. Асқар да жаман емес, ол да академик.

Димашты да, басқаларын да өте қатаң тәрбиеледім. Одан жаман болған жоқ. Өте жақсы оқыды. Мәскеуде оқу бітіріп, Балқаш, Қоңыратта, Риддерде қызмет істеді. Соғыс жылдарының басында Қазақстан үкіметінің орынбасары, Ғылым Академиясының президенті, ширек ғасыр Қазақстан республикасының бірінші хатшысы болды, – деп, Меңліахмет ақсақал әдеміше келген мұртын сипап қойып, әңгімесін жалғастыра: – Избасар, саған айтайын, Құдай тағала біздің ата-бабамыздың ішінде Қонай атамызға ерекше ықылас түсіп, ол кісіге аян берген. Олай дейтінім, ол кісінің аты үрім-бұтақтары арқылы да, тек Қазақстан ғана емес, әлемнің әр елдеріне белгілі. Сол кісінің аты фамилиялас болып жүргендердің бәрі де, шүкір, жаман емес. Димашты айтпағанда да, Асқар да, Элдар мен Диар да ғылым кандидаттары. Олардың балалары Мұхтар мен кішкентай Дінмұхамедтен де үмітім зор, – деп, Меңліахмет ақсақал ақ ниетімен ақтарыла сөйлеп еді, – деп еске алады Избасар Балтағұлов аға.

Дінмұхамед Ахметұлының әкесі Меңліахмет 1976 жылы тоқсан жасқа толарына үш-ақ ай қалғанда дүниеден озған. Анасы Зәуре Байырқызы бұрынғы Шелек ауданының орталығы (байырғы атауы Қоянды болған деседі) сіңірі шыққан кедейдің қызы болса керек. Димекеннің әке-шешесі жетпіс жылдан астам уақыт бірге ғұмыр кешкен. Ұлы адамды дүниеге келтірген Зәуре апамыз 1973 жылы сексен алты жасында дүниеден өткен.

XX ғасыр «Ғасыр саңлағы» атанған аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, академик Д.А. Қонаевтың

көзі тірі болса енді бірер айдан кейін 100 жасқа толар еді. Торқалы тойын барша халқымыз атап өтер кез де жақын қалды Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызының ата-тегі, қай ұлыстан екендігі туралы ел-жұрт арасында әңгіме болғанда бәз бір «білімдарлар» жаңсақ деректер айтып, жұртты басқаша пікірге қалдырады. Дінмұхамед Ахметұлы аласапыран уақытта өткен өзінің балалық шағы туралы жазғанда: «Біз Верный қаласының Сарқант көшесінде Иванов дегеннің үйінде («Үлкен станцияда») тұратын едік. Мен сол үйде 1912 жылы қаңтардың 12 жұлдызында туыппын. Екі жылдан кейін әкем жанын жалдап жүріп еңсесі төмендеу шағын үй салды. Ұмытпасам мекен-жайы былай еді: Старокладбищенск (қазір бұл жерде II–Алматы вокзалы тұр. Оның бұлай аталуы – ол кезде көшенің солтүстік жағында ескі қорым бар еді) көшесі, 39. Кейін оны Вокзал, сосын Сталин атындағы, бертін келе Коммунистік даңғыл деп атады. Қазір ол Абылайхан даңғылы. Әрине, уақыт озған сайын дүние өзгермей тұрмайды, менің бар балалық шағым сол үйде өтті. Үй әлдеқашан бұзылды. Оның орнына осы күні электр бұйымдарын сататын дүкен бар көп қабатты зәулім үй салынған.

Біздің үйден сәл ғана жерде өзбек мешіті бар еді. Көш жерден көзге ұрып тұратын. Қыздың жиған жүгіндей әрі шағын, әрі әдемі еді. Ораза айында, құрбан айтта әкем өзімен бірге мешітке ерте баратын. Жұма намазын да қаза жібермейтін. Сол кезде жеті-сегіз шамасындағы біздер мешітті айнала жүгіріп, мұнараларына шығып, биіктен қалаға көз салар едік. Бәрі алақанға салғандай анық көрінетін. Әкей онымызды сезіп қалса кейіс білдіретін. Ал, айт күндері көңілді оралатын. Бізде мәз-майрам боп, жылы-жұмсаққа, бал-шекерге бір тойып қалатынбыз. Әкем құрбан айтта құрбандық шалушы еді. Семіз қойдың төстігін отқа қақтап, үй ішіндегілерге түгел ауыз тигізетін. Соның дәмі әлі ауыздан кетпейді. Сосын жұмсақ бауырсақ, неше түрлі тәтті нанға толы дастарқан шетіне келіп отырып, күрең шайға бас қоятынбыз.

Ескі Верный, оның көрікті жерлері әлі көз алдымда: Губернатор үйі, Әскери мәслихат ғимараты, Дворяндар мәслихат үйі, Кафедральды собор, Покров шіркеуі, сәулеті жағынан бірінен бірі өтетін мешіттер, көпестердің үлкенді-кішілі дүкендері, бір қабатты ағаш үйлер, ол кезде екі қабат үйлер ілеуде-біреу, асфальт көше атымен жоқ, шаңы шығып жататын қара жол, есек мініп, түйе жетелеп жүрген жүргіншілерде тыным болмас еді. Бір ғажабы, аттап бассаң алдыңнан арық шығатын, арық толы су күндіз-түні ағатын, қанатын кең жайған қалың қара ағаш, көкпен таласқан теректер жанға сая еді – міне, Верный қаласына тән кейіп осы» (Д.А. Қонаев. Ақиқаттан аттуға болмайды. – Алматы: Санат, 1994. – 17-18 б).

Дінмұхамед Ахметұлының балалық шағы мен Мәскеуде оқыған студенттік сәттеріндегі өмірбаяндық деректерінен басқа бергі қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен кезеңдерінен оқырмандарымыз Димекең өзінің естелік кітаптары мен қызметтес замандастарының,

ізбасарларының жазған сан-алуан өмірбаяндық деректерінен жақсы таныс. Міне, қазақ халқынан шыққан ғасырларда ғана біртуар аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты дүние жүзінің барша жұртшылығы жақсы таниды, құрмет тұтады, оның Қонаев деген фамилиясы әлемге әйгілі. Сол Қонай Димекеңнің арғы Жолын, Нұрмамбет, Азынабайдан кейінгі төртінші атасы болды. Сондықтан берісі қазақ халқының, Қазақстан атты дүние жүзіне танымал республикамыздың өсіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Димекеңнің қазақтың Ысты руынан шыққан, жеті атасынан бері тармақтағанда Жолын, Нұрмамбет, Азынабай, Қонай, Жұмабай қажы, өз әкесі Меңліахмет сияқты діндар бабаларынан таралған нағыз қазақ екендігіне көзіңіз жетеді. Ұлы адам есімінің Дінмұхамед деп қойылуының өзі тектен-текке болмаса керек.

Болысбек Батталханов

Д.А. Қонаев мұражайының директоры

Нұртан Төлепбергенұлы

Қазақстан жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі

«Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы».

Дінмұхамед Қонаев

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕРІ

Абай айтқандай, өмірдің алды-ыстық, арты-суық. Сондықтан ақиқаттан аттау келіспейді, ақ сөйлеп, әділін айтқан жақсы.

Адам айнасы – адам.

Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру.

Ақиқаттан аттап кету – арға сын.

Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман деген рас. Жел сөз онсыз да лап еткелі тұрған өртті үрлеп жібереді.

Әйел-ана! Әйел-адал жар! Әйел-қоғам қайраткері, өнер шебері! Әйел – еңбеккер! – Осылай жалғастыра беруге бармын. Бірақ мен М. Горькийдей тауып айта алмасым анық. Шынында да: «Әкемнің мақтан тұтарының бәрі анадан туған. Күнсіз гүл шешек жармайды, махаббатсыз бақыт болмайды. Ал, әйелсіз махаббат жоқ, анасыз ақын да, батыр да болмақ емес».

Әлбетте, жұмыстың аты – жұмыс, барлық уақытта майдан қыл суырғандай мінсіз тірлік кештік дей алмаймын. Бәрі өзің ойлағандай бола берсе, онда өмір өмір ме?!

Әр заманның өз әні, өз сәні бар. Рухани байлықтың арнасы-еңбек, ел зейнеттен гөрі бейнетке бейім болады, мешеу қалған ел экономикасын көтерудің қаракеті көбірек алаңдатты. Мен қызметтен кеткелі біраз жыл болды, өткен жылдарға барынша сын көзбен қарауға, «әттеген-айларымызды» көбірек екшеп, барымыз бен жоғымызды електен өткізген сайын мына бір байламға табан тірей беремін, ел еңбекке жұмылды. Әркім шыққан тауым биік болсын деп, жеке-дара шаппады. Қол ұстасып, тізе қосып жұмыс істеді. Елдің дәулеті ассын, бағы тасысын деді. Сол арқылы тұрмыс жақсартуға күш салды. Меніңше, еңбектері еш кетпепті.

Бас екеу болмай – мал екеу болмас деген рас екен. Бұрын жатақханаға шаршап-шалдығып келгенде, далаға келгендей құлазып, ұйқыны олжа көрсек, оған да шүкір, өз үйің – өлең төсегің дегендей, алдыңнан жадырап жарың шықса, тапшылыққа қарамастан жоқтан бар

жасалып, дастарқаның жаюлы тұрса, дос-жараның бергеніңе ғана емес, ықылас-пейіліңе тойып аттанса, ер жігіттің бір мұраты осы емес пе.

Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.

Билік оңай да, билік айту қиын.

Біз ізгілік үшін күрессек те өмір кіл жақсылықтан тұрмайды. Өмір ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің текетіресуімен қызық, қақтығысуымен мәнді. Ескі мен жаңаның қатар жүретіні де содан, ал екеуінің кейде тастай батып, судай сіңіп бір-бірімен жымдасып кеткенін көргенде, еріксіз жаға ұстайсыз. Одан асқан күлкілі жағдай болмас. Әрине, бүгінгі көзбен қарасақ, күлкіні шақыратыны рас, ал ол кезде мұны ұлы идея ретінде ұсынғандар өздерін қалай сезінгенін білсеңіздер. Қалайда жүзеге асыру үшін жанталасқанын қайтерсіздер.

Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады.

Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті.

Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болуы әп-сәтте.

Жалада шындық болмайды.

Жалпы, жар таңдау, үй болу – есі дұрыс адамға бір-ақ рет берілетін бақыт. Ол бақытты баянды ету біздің өзімізге байланысты. Өмірге сергек қарау осы от басынан, оның түтін түтетері – сүйген жарыңды сыйлаудан басталады.

Жібі түзу, жаны таза адам кез келген жағдайда, қандай қызметті істемесін қашанда ар-ожданын биік ұстап қалады.

Елдің наласын қара басының бір күндік рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң, осындайлардан сақтан, болашақ!

Көптің мінезі – сәуірдің бұлтындай.

Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады.

Қазақ: «Жетімге ауыз берген құдай нәпақа да береді» дейді.

Қазақ: «Елу-қарттықтың алды, жастықтың соңы», – дейді. Соның ішінде: «Елу-ердің жасы» дегенге жығыламын.

Қазақ: «Өткеннің арбасы алысқа бармайды» дейді. Рас, ескірген, тозған дүние – уақыттың құрбаны. Бірақ ескісіз жаңа болмайды. Оның тәлімінсіз, ащы сабағынсыз ертеңгі күннің қасиеті танылмайды. Демек, бүгінгі күн кешегі күннің шәкірті.

Қазақтан сөз қалған ба! Ертеректе бір ақынымыз:

«Дүние деген ұшқан құс,

Байқай алмай қаласың,

Басыңнан шарлап өткенін», деген екен.

Сол айтқандай, өмір деген бес күндік екен, аққан жұлдыздай зу етіп өте шығыпты. Бұл арада басыңнан бақ ауса, алпыс күн тасыған дария алты күнге жетпей таусылады деп, өкініп отырғаным жоқ. Ел аман, жұрт тынышта, басың аман, бауырың бүтін кезде зейнеткер болу, әрине, асарын асап, жасарын жасаған адам үшін қанағат тұтқандай абырой ғой. Арқа-басыңды кеңге салып, емін-еркін дем алғанға не жетсін. Ат үстінде жүріп ағайынмен қоян-қолтық араласа алмадық. Зәуінде бір бара қалсақ, от ала келгендей қайтуға асығатынбыз. Жора-жолдастар да, дос-жарандар да қолға түсіре алмай, қапыда жүретін. Ендігі өмірді солармен бірге өткізудің сәті түскендей еді. Бақсақ, адамның дегені бола бермейді екен. Дүрбелең басталды. Бұйығы жатыр, ұйқылы-ояу жүреді деп ұлттық санаға салқын қабақ, салғырт көңілмен қарнымыз ашып жүргенде алысқа қамшы басты. Атаның ұлы – ер жігітке арту-арту би келетіні, бел ассам деп бөлек сыбанған шақта оқтан қатты сөз келеді екен. Сол желтоқсанда осыған анық көз жетті. Бүгін соған да шүкір деушілер көп. Ал оны сол кезде қалай-қалай теріс айналдырып, кімдерді есекке теріс мінгізбедік. Тіпті, үш ұйықтаса түсіңе кірмес жала жабылды. Абай айтқандай, қосқан аты алдына келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанатын ақкөңіл қазақты ұлтшыл деп қап-қара күйені шімірікпестен жаға салды. Оған кең қолтық қазақ алдына жайған дастарқаным, адал асым ұрсын демеді, құдайдан тапсын деді де, іштен тынды, әліптің артын күтті.

Әрине, ел басына осындай күн туып жатқанда менің пәлен деп таусылуым білместік болар еді. Бірақ желтоқсан оқиғасының кілтін іздеп, тобықтай түйінін жасауға ұмтылғандар қайырылып келіп, қармақты маған салудан танбады. Баспасөз, бұқараның ақпарат жарғақ құлағы жастыққа тимей мені жерден алып, жерге салудан жалықпады. Республикадағы қандай да болмасын келеңсіз көрініс пен кем-кетікті бір менің басыма үйіп төкті. Бұған дейінгі елдің, еңбекші халықтың, оның зиялы қауымы жасаған игілік құмға сіңген судан бетер жоққа шығарылды. Айналып келгенде, өзбек ағайындарға жасалған қақпанды

Қазақстанға, оның бұрынғы Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысына айнала құра бастады. Жалғанда жалғыздық жаман екен. Ертелі-кеш тыныш болмайтын телефондар сап тыйылды. Күні кеше ғана құрдай жорғалап, алдыңнан қия өтпей, қисынсыз жерден қиялдай келіп сәлем беруге құштар, әріптестерім, мені пір тұтып, ұстаз санаған қайран «шәкіртсымақтарым» біздің үйді айналып өтетінді шығарды. Тіпті базбіреулері аттанға ұран қосып, онсыз да лап еткелі тұрған шаланы үрлеуге асықты. Ондайда ой жүйрік. Сан-саққа алып қаша береді. Жанның тәттілігіне емес, жылдар бойы мысқылдап жиған абыройдың шынымен-ақ батпандап шығып бара жатқандығы жанға батады екен. Әлгі бір аңызда айтылатын жәйт еске оралады. Мархабаты мол патша ашу үстінде өзінің қарамағындағы қызметкерлерінің бірін жазықсыздан-жазықсыз өлім жазасына бұйырыпты дейді. Бір күнгі жарық дүние болса да қымбат қой. Соны қимай бара жатқан әлгі пақыр: Әй патша, менің айыбым менің ғұмырыммен бітеді. Ал, сенің айыбың мен өлген соң басталса керек, – депті. Патша сөзден жығылып, құлына кешірім жасаған екен. Сол айтқандай, менің айыбым басталатындай кімге қиянат жасап, кімді жылатқандай едім дегенді ойлаумен болдым. «Апырай-ай», – деймін өзіммен өзім оңаша қалған тұста, ашық айтсам да ашынып ауыр айтпаушы едім. Ақын тезін алға салғандай күн кештім-ау деп жүргенде, бұл қалай? Досы жоқпен сырласып, досы көппен сыйластым деп жүргенім бекер болғаны ма? Мен алтын басты азаматтармен үзеңгілесіп, үлкен іс тындырып жүрдім десем, қара бастың қамын кешкен кеудемсоқ пенделердің ортасында өзімді өзім алдап, арбауға түскен екенмін ғой. Жарқылдағанның бәрі алтын емес екендігін, жалпақтағанның бәрі жанашыр еместігін ажырата білетін сияқты едім. Сонда біреудің көз алдындағы сабанын көріп, өз көзімнің алдындағы дөңбекті көрмегенім бе? Мейлі ғой, кіл жақсыны жинау жоқ, көп ішінде, күріш арқасында су ішіп жүрген күрмек болмай тұрмас. Уа, шіркін! Абай жарықтық:

Жаман дос-көлеңке,
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.

Іздеп таба алмайсың, – деп тап басып айтқан екен ғой. Мейлі, пәлесі жұғар деген пенделік шығар. Оған өкінбен!

Ең бастысы, сол күндері өмір жолымды ой елегенінен өткізген тұста жоғары қарап оқ атпағаныма көзі жетті. Жалған дүниеде үш арсыз тірліктен: арзан күлкіден, бойкүйез ұйқыдан, жеңіл олжадан бойымды аулақ салғаныма іштей тәубе дедім. Ақылы қысқа, ойы келте жанды дос санап, сырымды ашқан жерім жоқ. Соған қуандым. Дүниеде жаман адамның айғақ болғанынан ауыр азап жоқ шығар. Солардан іргені аулақ салғаным ауыр күндердегі азапты ойлардан тез сергуіме себеп болды.

Сосын, шын жанашырсыз, тілеуқор інісіз еместігім ертерек ес жиғызып, ерекше қанат бітірді. Тыңдай білген құлаққа:

«Досың емес тойдағы табақтасың,

Бас бүтінде отырар мадақтасып.

Досың сол, кім қол берсе, қамыңды ойлап,

Басыңа күн туғанда, сорың қайнап», дегенді жадына тоқығанын қалар едім. Мен бұл арада қызметтің алтын белдігін тағынғанша өз жаныңды жеп, тыныш отырғаның жақсы дегенді айтудан аулақпын. Әңгіме – жан дос, адал іні, ер азамат сен құрдымға батып бара жатқан тұста танылады. Жан азабын, оның ащы айғайын сол ғана есітеді, сол ғана түсінеді.

Қазақстан орасан зор және сан алуан мүмкіндіктер өлкесі.

Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арамдық.

Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым.

Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.

Қараң қалған билік қайтып оңалмайды.

Қиянаттан асқан қылмыс болмайды.

Қылышынан қан тамып тұрған заманда «сен өйтпедің», деу – қақаған аязда жылы үйде отырып «күннің күйіп тұрғаны-ай!» деп, жейдесін шешкен кісінің тірлігімен бірдей іс. Семей полигонының жайы осындай.

Мырзалар, бір ұртыңмен май шайнап, бір ұртыңмен қан жұтуға болмайды. Атқа мінген әкім үзеңгісін тең баспағанын бетіне бассаң бас, бірақ тарихқа, тарихпен тағдырлас халыққа қиянат жасама.

Орынды сын ойлантпай қоймайды.

Өмірге, қоғамдық құбылысқа бір түспен – тек қара бояумен қарау жараспайды. Әділдік іздесең, ақиқаттан аттауға болмайды.

Өмір-өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де ағады. Бірақ, онда тоқтау жоқ.

Өртті сөндіруден гөрі – оны тұтатпау ерлік.

Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім, деген екен.

Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.

Сөз киесі – иесінде.

Тарих боямалауды көтермейді. Бары да, шыны да осы... Әр кездің өз әні бар ғой. Оған орындаушы кінәлі болмаса керек.

Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.

**ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

МОЛ ӨНІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Қазақстанның ұлан-байтақ астықты алқабында егін жинау маусымы аяқталды. Республикамыз тоғызыншы бесжылдықтың үшінші, шешуші жылында Отанымызды мол астықпен тағы да қуанышқа бөлеп, мемлекет қоймасына бір миллиард пұттан астам, яғни 16 миллион 495 мың тонна өте сапалы астық құйды. Астық қабылдау пункттеріне 13,6 миллион тонна негізгі азық-түлікті дақыл – бидай құйылды. Совхоздар мен колхоздар, өздерін сортты тұқыммен және қажетті мөлшердегі мал жемімен толық қамтамасыз етті, мемлекетке жоспардан тыс астық сатып, алдағы жылдың егінінен мол өнім алудың берік негізін қалауда.

Қазақстандықтардың орасан зор еңбекпен, егіншілердің іскерлігімен, табандылығымен және қажырлылығымен ие болған тамаша жеңісі партия, совет, ауыл шаруашылығы, кәсіподақ және комсомол органдарының зор ұйымдастырушылық жұмысының, республиканың барлық еңбекшілерінің белсенді қолдау жасауының заңды нәтижесі болып отыр. Бұл табыс партиямыздың Орталық Комитетінің, оның Саяси Бюросының, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев жолдастың тікелей өзінің жан-жақты көмегі арқасында мүмкін болды, ал Л.И. Брежнев жолдастың біздер үшін ең шешуші кезеңде республикамызға келіп қайтуы дәстүрге айналды. Бұл жолы да Леонид Ильич Брежневтің республика партия-шаруашылық, активінің 15 августағы жиналысында сөйлеген сөзін, оның Қазақ ССР-не Халықтар достығы орденін тапсыру кезінде сөйлеген шабытты жарқын сөзін республиканың коммунистері, барлық еңбекшілері жұмыстың айбынды программасы ретінде қабылдады.

Қазақстанның жаңа миллиард пұт астығы – Совет мемлекеті экономикасының жалпы өрлеуінің, бүкіл совет халқының КПСС XXIV съезінің шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі нәтижелі күш-жігерінің жемісі. Орталық Комитеттің 1965 жылғы март Пленумы мен одан кейінгі Пленумдарында, партияның XXIII және XXIV съездерінде белгіленген партияның ауылшаруашылығын өркендету бағытын нақтылы жүзеге асыру егіншілеріміздің биылғы табысына негіз болды деп мейлінше батыл айтуға болады.

Социалистік экономиканың үйлесімді механизмінде бәрі де бір-біріне өзара байланысты. Тек экономикалық факторлар ғана емес, сонымен қатар еңбек коллективтерінің моральдық, адамгершілік көңіл-күйі, социалистік жарысты дәл және ойластыра ұйымдастыруда белгілі дәрежеде түпкілікті нәтижеге ықпал етеді. Қазақстанның миллиард пұт астығы жолындағы күресте жұмысшы табы, колхозшы-шаруалар мен интеллигенциямыз одағының ұлы күші тағы да айқын көрінді. Өнеркәсіп орындары мен құрылыстардың коллективтері селоға қамқорлық көмек көрсетумен қатар бесжылдықтың үшінші, шешуші жылындағы өз тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолында да табандылықпен күресті.

Қазақстанның қарыштап өсіп келе жатқан көп салалы

экономикасында елеулі құрылымдық ілгері басушылықтар болып жатыр, жаңа техникаға және өндірісті механикаландыру мен автоматтандырудың осы заманғы құралдарына сүйене отырып, кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандыру кең көлемде жүзеге асырылуда. Жамбыл – Қарағанды, Қостанай – Лисаковск, Павлодар – Екібастұз, Шымкент – Кентау, Маңғышлақ сияқты ірі индустрия тораптарының экономикалық қайтарымы үнемі артып келеді. Бесжылдықтың басынан бері ғана Қазақстанның индустриясы техниканың ең жаңа үлгілерімен жарақтанған 17-тен астам жаңа кәсіпорынмен және ірі цехтармен толықтырылды. Олардың ішінде дүние жүзілік маңызы мен мәні бар объектілер аз емес.

Бесжылдықтың алғашқы жартысының өнеркәсіп саласындағы, сондай-ақ, село экономикасы саласындағы қорытындылары республиканың тоғызыншы бесжылдықтың барлық тапсырмасын ойдағыдай орындауы үшін нақтылы алғы шарттары бар деуге мүмкіндік беріп отыр. Бірақ табыс өздігінен келмейтіні өзінен өзі түсінікті. Оған жету үшін барлық күшті сарқа еңбек ету, қолда бар резервтерді іске жұмылдыру, қаржы мен күшті барынша аз жұмсай отырып мүмкіндігінше мол нәтижеге жету үшін ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін, озық тәжірибені өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісіне кеңінен және батыл енгізіп отыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда өткен орақ маусымы тағылымдарының, оның барлық кезеңіне тәптештеп талдау жасаудың зор маңызы бар. Ауа райы жағдайының қиын, мейлінше қолайсыз болғанына қарамастан, республикадағы астықтың жалпы түсімі, алдын-ала есеп бойынша, 27 миллион тоннадан астам болмақ. Мұның мәнісі Қазақстан партиямыздың XXIV съезі Директиваларында бесжылдықтың аяғына таман жоспарланған дәрежеге жетті деген сөз.

Республика еңбеккерлерінің егінді мейлінше күрделі жағдайда жинауына тура келді. Кейде тіпті оларға келетін қиындықтарды жеңудің өзі мүмкін емес сияқты болып та көрінді. Бірақ диқандар ауа райының қолайсыздығына өздерінің ерік-жігерін, ғажап шеберлігін қарсы қоя отырып, өнімді бүкіл егіс көлемінен түгел жинап ала білді.

Республикамыздағы дәнді дақыл егетін он жеті облыстан он алты облыс халық шаруашылығының жоспарын асыра орындады. Әсіресе Қостанай облысының егіншілері Қазақстан миллиардына қомақты үлес қосып, мемлекет қоймасына екі миллион 620 мың тонна астық құйды. Көкшетау облысының егіншілері 2 миллион 336 мың тонна, Целиноград облысы – 2 миллион 162 мың тонна астық тапсырды.

Торғай облысының егіншілері дайындау пункттеріне бір миллион 687 мың тонна астық, Солтүстік Қазақстан облысы – бір миллион 674 мың тонна, Орал облысы – бір миллион жетпіс мың тоннадан астам астық жөнелтті. Ақтөбе облысының егін танаптарындағы еңбеккерлер мемлекет қоймасына 662 мың тоннаға сәл ғана жетпейтіндей мөлшерде,

Павлодар облысы – 621 мың тонна, Талдықорған облысы – 561 мың тонна, Семей облысының шаруашылықтары – 516 мың тоннадан астам, Қарағанды облысы 509 мың тонна астық құйды.

Қазақстан миллиардында халық шаруашылығы жоспарын екі еседей асыра орындаған және мемлекет қоймасына 492 мың тоннадан астам өте сапалы астық құйған Алматы облысы совхоз жұмысшылары мен колхозшыларының да еңбегі бар. Шығыс Қазақстан облысының егіншілері мемлекетке 475 мың тоннадан астам астық, Жамбыл облысы 460 мың тоннаға жуық, Шымкент облысы 345 мың тонна және Жезқазған облысы – 66 мың тонна астық сатты.

Республиканың күріш өсірушілері жақсы еңбек етті. Мысалы, Қызылорда облысының совхоздары мен колхоздары 76 мың гектар егіннен соңғы жылдардағы ең мол өнім жинады – әр гектардан орта есеппен 43 центнерден өнім алып, мемлекетке 260 мың тоннадан астам күріш сатты.

Өткен егін жинау маусымына 200 мыңға жуық механизатор, оның ішінде Россия Федерациясынан, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан және басқа республикалардан келген мыңдаған механизатор қатысты.

Егін орағы ауыл шаруашылығы өндірісінің мыңдаған озаттарының шынайы творчестволықпен еңбек ететін, саяси және адамгершілік қасиеттері жоғары, күрделі жағдайдан дұрыс жол тауып шыға алатын, қолда бар резервтерді іске қоса білетін адамдардың есімдерін паш етті. Мысалы, Көкшетау облысы «Лобановский» совхозындағы Кенжетай Рамазанұлы Рамазановтың бригадасы әр гектар жерді тиімді пайдалану есебінен жоғары өнім алу жөнінде инициатива көтерді. Ауа райының аса қиын болғанына қарамастан бригада ірі табысқа жетті – 2,4 мың гектар жердің әр гектарынан 21,1 центнерден астық жинады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті қуаттаған механизаторлардың осы патриоттық бастамасын жүздеген трактор – егіс бригадалары қолдап әкетті, бұл республиканың көптеген шаруашылықтарына дәнді және басқа дақылдардан мол өнім алуға көмектесті.

Целиноград облысы «Приозерский» совхозындағы Нуркабыл Малғаждаров пен «Шуйский» совхозындағы Михаил Егорович Довжик, Қостанайдағы «Пресногорьковский» совхозындағы Владимир Алексеевич Костырин, таяуда құрылған Торғай облысының «Красный запорожец» колхозындағы Анатолий Федосеевич Маменчук, Семей облысы «Красный партизан» совхозындағы Александр Степанович Приешкин, Орал облысы «Ульяновский совхозындағы Павел Аникеевич Погадаев және басқа да мыңдаған механизаторлар өздерін егін орағының шын мәніндегі озаттары ретінде көрсете білді. Көптеген жас механизаторлар – әкелері мен ағаларының еңбек даңқының ізбасарлары болып ардагерлермен бір сапта болғанын сүйінішпен атап айтуға болады.

Тұранқазы Қобаев, Николай Григорьевич Козлов, Борис Николаевич Климов, Батырхан Сләмов, Владимир Александрович Тамбовцев, Евгений Кузьмич Гордузов, Инал Викторович Габараев, Серікбай Сарыұлы Қализатов, Сергей Макарович Ноженко, Қайыржан Әбдікәрімұлы Құлетаев, ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да көптеген талантты ұйымдастырушылары басқаратын совхоздар мен колхоздар өздерінің өндірістік көрсеткіштерін жыл санап арттыра түсуде.

Техниканың өте ерте ебдейлі пайдалануы, адамдардың жаппай қаһармандығы биылғы егін орағының айрықша бір ерекшелік сипаты болды. Егін жинаудың озық әдістерін шебер пайдалана, нақты жағдайды ескере отырып, Қазақстан диқандары Украина егіншілерінің үндеуіне жауап ретінде өсірілген егінді ойдағыдай жинап алу үшін мүмкін болғанның бәрін істеді.

Талдықорған облысы Гвардия ауданындағы «Қарашок» совхозының комбайнері Павел Иванович Рыбалкин 1.062 гектар жердің егінін орды және 1.911 тонна астық бастырды. Көкшетау облысы «Червоный» совхозындағы Социалистік Еңбек Ері Сүйіндік Маненұлы Исмағамбетов, Солтүстік Қазақстан облысы СССР – дің 50 жылдығы атындағы совхоздағы Алексей Михайлович Эттенко, «Қарасу» совхозындағы Қостанай механизаторы Павел Павлович Вольф, Целиноград облысы «Бірсуат» совхозындағы Ставро Александрович Климаниди, Шығыс Қазақстан облысы Калинин атындағы колхоздағы Аркадий Петрович Тумашев, Орал облысы Киров атындағы колхоздағы Астафий Иванович Бабыкин, егін орағының басқа да жүздеген қаһармандары 1.300-ден 1.600 тоннаға дейін астық бастырды.

Автомобилистер еңбектегі ерліктің үлгісін көрсетті. Щучье автоколоннасының шофері Жамшит Жүнісұлы Қожантаевтың бастамасы бойынша астық тасымалдаудың прогресшіл әдістерін енгізу және астық тасымалын тез аяқтау жолындағы жарыс өрістеді. Автотранспорт кәсіпорындары совхоздармен және колхоздармен бірлесе отырып, комбайндарды қамту жөнінде комплексті бригадалар ұйымдастырды, астық тасудың комбитрейлерлік жүйесін енгізді. Қостанай облысы Қарасу ауданының шофері Алексей Федорович Яворин екі тіркемесі бар автомобильмен астық қабылдау пункттеріне бір эшелонға жуық – 4.328 тонна астық жеткізді. Шоферлер Менғали Қыдырбаев, Александр Иванович Басов, Григорий Трифонович Гораба және басқалары 2.500-3.500 тоннадан астық тасыды. Көптеген әскери бөлімшелердің автомобилистері мадақтауға лайық еңбек етті.

Диқандардың еңбектегі энтузиазмы барлық жерде бірдей партия ұйымдарының мінсіз жұмысымен баянды етілді. Егін орағының аса жауапты учаскелерінде 200 мыңға коммунист қажырлықпен еңбек етті. Егін орағы кезінде облыстық партия комитеттерінің және селолық аудандық партия комитеттерінің ұйымдастырушылық шеберліктері мен

іскерлік инициативасы тағы да айрықша күшпен көрінді. Республиканың партия ұйымдары егін орағы конвейерінің әрбір буынының үйлесімді жұмыс істеуіне күш салды.

Мысалы, Целиноград облысының партия комитеттері егін орағына жеті мыңнан астам партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттарды жіберді, олардың тең жартысы комбайнда, тракторда, автомобильде еңбек етті. Облыстың қалаларынан ғана егін орағына 1.700 коммунист қатысты. Облыстың совхоздары мен колхоздарындағы егін орағына 768 партия тобы жұмыс істеді, бүкіл астық конвейерінде олардың ықпалы сезілмеген бірде-бір шешуші учаске болған жоқ.

Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Павлодар, Алматы және тағы басқа облыстардың партия ұйымдары туралы да нақ осыны айтуға болады. Республика партия ұйымы бүкіл құраманың үштен біріне жуығы егін орағына қатысты, бригадаларда комбайн агрегаттарында он мыңнан астам партия тобы құрылды. 70 мыңға жуық коммунист комбайн штурвалына тұрды, тракторларда, жаткаларда, жүк автомашиналарында еңбек етті.

Баспасөз, радио мен телевизия, мәдениет, денсаулық сақтау, сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет мекемелері қызметкерлерінің – астық жолындағы күреске сөзімен де, ісімен де ықпал еткендердің бәрінің еңбегі айрықша мол алғысқа лайық.

Материалдық-техникалық базаны, қоймаларды бұрынғыдан әлде қайда жақсы әзірлеген дайындаушылар ортақ жеңіске қомақты үлес қосты. Элеваторлар мен астық қабылдау пункттерінің коллективтері бидайды тоқтаусыз қабылдап, күндіз-түні бірдей жұмыс істеді.

Тоғызыншы бесжылдық тұсында республикада осы заманғы жабдықтармен жарақтанған көптеген элеваторлар, механикаландырылған қырманнар қатарға қосылды. Сөз жоқ, бұл өте жақсы. Дегенмен, осының алдындағы сияқты, үстіміздегі жылғы егін орағы да астық дайындау мен сатудың одан әрі молаюы элеватор қоймаларын ұлғайтуды, дайындаушылардың материалдық-техникалық базасын, әсіресе астық кептіру шаруашылығын барынша нығайтуды табандылықпен қажет етіп отырғанын айқын көрсетті. Бұл жаңа проблема емес, бұл проблеманы республика тиісті одақтық инстанцияларда әлденеше рет көтерген болатын. Солай бола тұрса да, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Дайындау министрлігі күні бүгінге дейін бұл проблеманы шешу бағытында пәрменді шаралар қолданбай отыр.

Егін орағы – егінші еңбегінің ең түпкі мұраты, дейді халық. Өте әділ айтылған сөз. Алайда орақты аяқтап болысымен диқан келесі егіннің қамын ойлайды. 15 августа Алматыда сөйлеген сөзінде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев биылғы миллиард алғашқы шеп болдады, Қазақстан егіншілері одан әрі ілгері баса береді деген сенім білдірді.

Қазірдің өзінде партия, совет, ауыл шаруашылығы органдарының күш-жігері осы міндеттерді шешуге бағытталуда. Нәтижелерді тұжырымдап, жинақталған тәжірибені қорыта келіп, қателіктер мен кемшіліктерге талдау жасай отырып, біз совхоздар мен колхоздарды жоғары егіншілік мәдениетін астық өндіруді жылдан-жылға молайтуға мүмкіндік беретін агротехника мен еңбек ұйымдастыруды барлық жерде кеңінен және жаппай енгізуге бағдарлап отырмыз. Біз бесжылдықтың төртінші жылында алға қарай жаңа қадам жасауға тиіспіз. Ең алдымен егіннің өнімділігін арттыру жолында бұрынғыдан да күшті табандылықпен күресу қажет. Мұның өзі біздің кадрларымыздан: ең алдымен мамандар мен механизаторлардан агротехниканың барлық талаптарын дәл сақтауды талап етеді.

Соңғы жылдары республикада диқандардың шеберлігі айтарлықтай артты, жоғары дәрежелі іскер мамандардың сан мың адамдық армиясының қатары айтарлықтай толықтырылды. Совхоз және колхоз өндірісі жоспарлы түрде индустриялы негізге көшірілуде. Шаруашылықтар жаңа, жоғары өнімді техникамен жарақтануда, өндірісті шоғырландыру және мамандандыру дәйектілікпен жүзеге асырылуда, село еңбеккерлерінің материалдық дәрежесі үздіксіз артып, мәдени-тұрмыстық жағдайы жақсара түсіп отыр. Совхоздар мен колхоздар экономикасының нығаюы адамдардың моральдық және материалдық ынталылығын елеулі дәрежеде көтерді, бұл кадрлардың селода тұрақтауына ықпал етуде.

Комплексті механикаландыру және химияландырумен қатар жерді мелиорациялаудың астық өндіруді арттыру үшін шешуші маңызы бар. Суармалы егіншіліктің тиімді екені күмәнсыз. Бізде суармалы жерлер бүкіл егістіктің шамамен 4 процентіндей ғана, ал, бірақ егіншіліктің бүкіл өнім құнының 20 процентінен астамы сол жерлерден алынып отыр. Мемлекет мелиорацияға көп қаржы жұмсауда, сондықтан біз бірқатар совхоздар мен колхоздардың суармалы учаскелерден аз өнім алып жүргеніне тіпті де төзе алмаймыз. Бұл жерде себеп жақсы тәжірибенің жоқтығы емес, – мұндай тәжірибе бар, себеп, – егіншіліктің алтын қоры болып табылатын суармалы танаптарға тиісінше көңіл бөлінбей жүргендігінде. Оның үстіне, бұл жөнінде Қазақстандағы мелиорация жұмыстарының комплексін жүзеге асыру ісі тапсырылған СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен басқа ведомстволар да барлық шараларды әлі түгел жүзеге асырып отырған жоқ.

Кезек күтгірмей шешуді талап ететін басқа да бірсыпыра проблемалар бар. Ең алдымен минералды тыңайтқыштардың берілуі біздің қажетімізді әлі де болса қанағаттандыра алмай отырғанын айтуымыз керек. Ал біздің жағдайымызға тыңайтқыш енгізу өте ұтымды және экономикалық жағынан тиімді іс екенін практикада көз жеткізе дәлелдеді. Аса маңызды іс-шаруашылықтарды осы заманғы жоғары

өнімді техникамен, «К – 700 сияқты қуатты тракторлармен, жүк автомобильдерімен, көп жүк тиелетін тіркемелермен, басқа да механизмдермен жарақтандыру болып отыр.

Бүгінгі Қазақстан – еліміздің аса ірі астықты республикасы ғана емес. Республикамыз бидай және күріш өндірумен қатар биыл мемлекетке қант қызылшасын, картоп, овощ, бақша дақылдарын, жүзім сату жөніндегі міндеттемелерін орындауды да қамтамасыз етті.

Шымкент облысының мақташылары өздерінің социалистік міндеттемесін абыроймен орындап, мемлекетке 300 мың тоннадай астам «ақ алтын» сатты.

Қазақстан малшыларының жетістіктері айтарлықтай. Бұл сала биыл республика ауыл шаруашылығының бүкіл жалпы өнімінің тең жартысына жуығын береді. Соңғы жылдарда бізде ет, сүт, жүн өндіретін жүздеген арнаулы совхоздар мен колхоздар құрылды. КПСС Орталық Комитетінің 1970 жылғы июль Пленумы шешімдеріне сәйкес өнеркәсіптік негізде мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін ірі комплекстер мен құс фабрикалары құрылып жатыр. Біздің жетістіктеріміз даусыз, бірақ солай бола тұрса да, бірсыпыра шаруашылықтар мен аудандарда мал шаруашылығын өркендету әлі де болса тұрақты сипат ала алмай келе жатқанын мойындау керек.

Республиканың партия ұйымдары, совет және ауыл шаруашылық органдары, шаруашылықтар коллективтері мал шаруашылығын өркендетуде орын алып отырған кемшіліктерді жоюды бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі деп санауда.

Қазір қой шаруашылығына ерекше көңіл бөлінуде. Біздің алдымызға мемлекеттік зор маңызы бар міндет қойылып отыр, – таяудағы жылдарда қой санын елу-алпыс миллионға жеткізуіміз керек.

Бұл міндетті шешу үшін уақыт керек болатыны және одақтық министрліктер мен ведомстволар тарапынан көмек керек болатыны өзінен өзі түсінікті. Бірақ бұл істі, кезінде тың жерлерді қалай игерсек, нақ солай ешбір кешеуілдетпестен, барынша табандылықпен қолға алу керек. Қазір республикада түрлі шаралар талдап жасалып, көлемді мәселелер мен проблемалар белгіленіп жатыр, оларды ойдағыдай шешу белгіленген асудан мүдірмей өтуімізге мүмкіндік береді.

Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері өздерінің алдында жауапты міндеттер тұрғанын жақсы түсінеді. Бұл міндеттерді шешу үшін жаңа күш-жігер, творчестволық инициатива, батыл жаңашылдық талап етіледі. Советтік Қазақстан қолда бар резервтерді, материалдық және еңбек ресурстарын неғұрлым толық пайдалана отырып, еліміздің экономикалық және қорғаныс қуатын нығайтуға, КПСС XXIV съезінің тарихи жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыруға алдағы уақытта да үнемі көмектесіп отыратын болады.

*Социалистік Қазақстан, 1973, 30 октябрь, 1-2 б.
Правда, 28 октябрь 1973*

ҒЫЛЫМ ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Кәзір Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелері алдында тұрған проблемалардың, ішінде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан туатын міндеттер айрықша орын алады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары республиканың ауыл шаруашылығына кейбір көмек көрсетті, маңызды ғылыми зерттеулер белгілеп, ауылшаруашылық өндірісіне енгізуге тапсырды. Геологиялық ғылым институты Гурьев облысының гидрогеологиялық картасын жасады, мұның өзі республиканың осы ірі ауылшаруашылық ауданының су қорларын шаруашылық мақсатына пайдалану бағалы құрал болып табылады. Қарағанды облысындағы Жезқазған ауданының жер астының суын зерттеу жұмысы аяқталып, картоп-овощ базасын жасау үшін маңызы бар бұл зерттеудің нәтижесі өндіріске берілді.

Химия ғылымы, металлургия және кен байыту институттарының коллективтері минералдық тыңайтқыштың жаңа түрі – термофосфаттың өнеркәсіптік тәжірибесін жасап берді. Кәзіргі уақытта Совет Одағының 43 ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станциялары осы термофосфаттың әртүрлі табиғат жағдайындағы агрономиялық құндылығын зерттеуде.

Жер қыртысын зерттеу институты Қарағанды мен Жезқазған өнеркәсіп орталықтары, сонымен қатар Каспий ойпаты аймақтарының топырақ-мелиорациялық зерттеулерін аяқтады. Ауылшаруашылық органдарына республиканың жеке аудандарының топырағын зерттеген карталар берілді. Жергілікті бактериялық тыңайтқыштар жасау әдістерін белгілеу, оларды қолданудың тиімділігін, дәнді, техникалық және жемшөптік дақылдардың шығымдылығын арттыруға мұндай тыңайтқыштардың қандай әсер ететінін анықтау жөнінде маңызды зерттеулер жүргізілді.

Ботаника институты қант қызылшасының шығымдылығын арттыруға көмектесетін агротехникалық шараларды өндіріске ұсынды. Бұл шараларды қолдану әр гектардан 15-20 центнер қантты артық алуға мүмкіндік береді. Алматы облысындағы Кеген ауданының, Гурьев облысындағы Маңғыстау мен Бозашы түбектерінің жемшөп қорларын, Қарағанды облысының қала маңындағы аймақтарының өсімдіктерін зерттеу жұмыстары аяқталды.

Эксперименттік биология институтының ғалымдары қазақтың жүндес ешкілерінің жаңа тұқымын өсіріп шығару жөнінде көп жылдан бері жүргізілген ғылыми жұмысты быйыл аяқтады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған жаңа міндеттер Қазақстан ғалымдарының бүкіл жұмысын қайта құруын Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетуде сапа жағынан алға басып, шешуші табыстарға жетуді қамтамасыз ететіндей проблемаларды тез шешуін талап етті. Осыған байланысты 1954 жылы ғылыми жұмыстардың көлемі едәуір ұлғаяды. Таяудағы 2-3 жылдың ішінде 50-

ден аса ірі ғылыми жұмысты ауылшаруашылық өндірісіне енгізу шаралары белгіленіп отыр.

1954 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары 107 тақырыпты, соның ішінде 46 жаңа тақырыпты талдап шешуді көздейді.

Ғылыми мекемелер республиканың бірқатар аудандарының жемшөп қорларын, Қарағанды облысының топырағын, Алматы облысының суармалы аймағының топырағын, беде мен эспарцеттің биологиясы мен жемістенуін, жергілікті бактериялық тыңайтқыштарды әзірлеп, топыраққа енгізу әдістерін, жемшөп сүрлеудің микробиологиялық негіздерін зерттеуді, сонымен қатар картопты қыста сақтағанда оның бүлінбей сақталуына және сапасының өзгеруіне химиялық препараттардың жасайтын әсерін зерттеуді аяқтайды.

1954 жылы талдап шешілетін жаңа тақырыптардың ішіндегі неғұрлым көлемді тақырыптар: Шығыс Қазақстан облысының табиғи жемшөп қорларын зерттеу, жемшөп дақылдарының шығымдылығын арттырудың физиологиялық негіздерін, қант қызылшасының сапа көрсеткіштерінің өсіру және сақтау жағдайларына байланысты өзгеруін зерттеу, сүтті сыйырларға толық құнды азық беру әдістерін талдап шешу және басқа тақырыптар болып табылады.

Құрылысшылар, энергетиктер мен геологтер Қазақстанның суармалы аудандары топырағының сортадануында жер асты суының атқаратын ролін және бұған қарсы күресу шараларын зерттеп, республиканың су қорларын анықтайды. Сейсмикалық аудандардың колхоздары үшін тұрғын үйлердің, мәдени-тұрмыс және мал шаруашылық құрылыстарының шаруашылық орталықтарын жоспарлау жобаларын жасау шарасы белгіленіп отыр. Желдің қуатын ауыл шаруашылығының мұқтажына пайдалану, жел-электр агрегаттарын жетілдіру зерттеулері күшейтіледі.

Ғалымдар Қазақстанның оңтүстігіндегі совхоздар мен колхоздардың қаракөл қой фермалары озаттарының жұмыс тәжірибесін қорытып, Қазақстанның батысында ауыл шаруашылығының жайы мен оны өркендету перспективаларын зерттейді, колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудегі ауылдық және селолық Советтердің ролін, Қазақстанның колхозшы малшыларының еңбегін ұйымдастырып, еңбекке ақы төлеудің праволық мәселелерін зерттейді.

Ғылыми жұмыстардың жоспарында ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде 4 ғылыми монография, институттардың 5 ғылыми еңбегін және 25 ғылыми-көпшілік кітапшалар басып шығару көзделіп отыр.

Бірқатар сессиялар мен конференциялар шақырылады. Февраль айында мал шаруашылығы жөнінде республикааралық ғылыми сессия өткізіледі, оған Москваның, Ташкенттің, Фрунзенің ғалымдары және республика ауыл шаруашылығының озаттары қатысады. Қазақстанның өсімдік қорлары, суармалы және суарылмайтын жерлерде мал азығы шөптерін егудің нәтижелері, шабындықты жақсарту жөнінде

конференциялар өткізу, Жезқазғанның өнеркәсіп ауданында овощь пен картоп шарушылығын өркендету мәселелері жөнінде ғылыми-өндірістік конференция өткізу, энергетика институтының Қазақстандағы энергетика қорларын зерттеуге және бұл қорларды ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте тиімді пайдалануға арналған сессиясын өткізу, экономика институтының колхоз өндірісі мәселелері жөніндегі конференциясын және Қазақстанның негізгі экономикалық аудандарын комплексті өркендету проблемасы жөнінде кеңес өткізу шаралары көзделуде.

Социалистік Қазақстан, 1954, 1 январь, 3 б

ҮЛКЕН АТТАНЫС ҮСТІНДЕ

Қазақстан, алып батырларша, құлашын кең жайды. Қай жаққа көз салсаң да, барлық жерлерден жаңа құрылыстарды, жаңаруды көресіз. Жетіжылдың ішінде республикада 900-ден астам ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар салынып, іске қосылды. Мемлекет салған, жұмысшылар мен қызметшілер өз есебінен және мемлекеттің несиесінің көмегімен салып алған жалпы көлемі 42 миллион шаршы метрден астам тұрғын үйлерге еңбекшілер көшіп кірді. Қазақстанның картасында 18 жаңа қала пайда болды.

Республикамыз совет халықтарының туысқандық семьясында өзінің экономикасын тез өркендетуде. Мысалы, республикамыз өткен жылы өнеркәсіп өнімдерін 1958 жылғымен салыстырғанда 2,1 есе көп өндірді. Бейнелеп айтқанда, жетіжылдықта тағы бір Қазақстан өсіп шықты.

Экономикадағы орасан зор сапа өзгерістерін мынадай деректерден анық көруге болады. Тіпті жақында ғана Қазақстан жайында әңгіме болса оны негізінен алғанда метал рудасын, көмір қазумен және түсті металдар өндірумен даңққа бөленген өлке, елімізде қорғасын балқыту жөнінде – бірінші орын, мыс пен мырыш жөнінде – екінші орын алатын өлке десетін еді. Ал, бұл күндерде басқа да көптеген металдар өндіру игерілді, өнеркәсіптік жаңа салалары пайда болды. Қазақстанның шойыны мен глиноземі, асбесті мен картоны, титаны мен магнийі, суперфосфаты... беріле бастады.

Тек өткен жылы ғана аяқ киім, мата, халық тұтынатын басқа да товарлар өндіретін ондаған жаңа кәсіпорындар мен цехтар іске қосылды.

Республика экономикасының қарыштап өркендеуі – Қазақстан жұмысшыларының, шаруаларының, интеллигенциясының творчестволық шабытты еңбегінің жемісі, ұлы Советтер еліндегі барлық туысқан халықтардың баға жеткісіз зор көмегінің жемісі. Біз әрбір қадам басқан сайын – тың жерлерді игеруде де, қара металлургияның алыптарын жасауда да, Маңғыстаудың сарқылмас мол қазынасын игеруде де, басқа да сан мыңдаған үлкенді-кішілі істерде де туысқандық достықтың белгілерін айқын көріп отырмыз. Әрбір кәсіпорынның, совхоздың, колхоздың, әрбір құрылыстың коллективіне көз жіберетін болсаңыз, – барлық жерлерде де әр түрлі ұлттардың адамдары қол ұстаса отырып, ұйымшылдықпен еңбек етуде. Халықтардың мызғымас достығы партия ұйымдарының ұлттық құрамынан да айқын көрінеді. Қазір Қазақстан Компартиясы республикамызда тұратын 101 ұлт пен шағын халық өкілдерін біріктіріп отыр. Бұл – коммунизм орнатып жатқан халықтардың туысқандық топтасқандығының жарқын көрінісі.

Коммунистер еліміздің экономикалық қуатын одан әрі өркендету жолындағы бүкіл халықтық жорықтың алдыңғы сапында келеді. Қазір Қазақстан Коммунистік партиясының қатарында жарты миллион адам бар. Коммунистер станоктардың қасында, егіс даласы мен фермаларда,

құрылыс алаңдарында, лабораторияларда жеке басының үлгісімен адамдарды қажырлы еңбекке жігерлендіруде.

Республиканың партия ұйымдарының қатары өсуде. Әсіресе, өнеркәсіптің тау-кен, металлургия, химия, машина жасау сияқты салаларындағы коммунистердің саны едәуір көбейді.

Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты, Қарағанды металлургия заводы, Жезқазған және Балқаш кен-металлургия комбинаттары сияқты ірі кәсіпорындарда құрамында көптеген коммунистері бар партия ұйымдары қалыптасты. Соңғы жылдарда асбест комбинаты салынған Жітіқарада, қисапсыз мол мұнай қоры бар «қазыналы түбек» Маңқыстауда ірі партия ұйымдары құрылды.

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және сентябрь Пленумдарының шешімдері партиямызды, бүкіл совет халқын жұмыстың айқын программасымен қаруландырып отыр. Қалалар мен селолардың еңбеккерлері партиямыздың XXIII съезі құрметіне қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында табандылықпен күресуде.

Қарағандының көміршілері өткен жылдың төртінші тоқсанында жоспардан тыс 480 мың тонна отын берді. Қазір олар съезд ашылатын күнге дейін жоспардан тыс 260 мың тонна көмір тиеп жөнелтуге міндеттеніп отыр. Бассейндегілер москвалықтар мен ленинградтықтардың металдар мен баска да материалдарды барынша үнемдеу жөніндегі үндеуін кеңінен қолдады. № 38 шахтаның көміршілері айына бір күн үнемделген материалдар есебінен жұмыс істемек.

Қазақстан түсті металлургиясының флагманы – Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі, өндірісті жоспарлаудың және экономикалық жағынан көтермелеудің жаңа жағдайына республикада бірінші болып көшуде. Комбинат партиямыздың съезін бірінші тоқсанның жоспарын мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алуға міндеттенді. Комбинаттың цехтарында өндірісте металдың ысырабын азайту, рентабельді жұмыс істеу жолындағы күрес кеңінен өрістетілген. Өткен жылы комбинаттың пайдасы 45 миллион сом болды.

Қазақстан еңбекшілерінің жаңа бесжылдықтың бірінші жылында зор әрі күрделі міндеттерді орындауына тура келеді. Еліміз бізден түсті және қара металдар, темір және полиметалл рудаларын, мұнайды, асбест, химиялық тыңайтқыштарды және өнімнің басқа да түрлерін өндіруді мықтап арттыруды күтуде. Біздің алдымызда партиямыздың XXIII съезі ашылғанға дейін Қарағанды металлургия заводындағы «1150» слябинг, Шымкенттегі фосфорлы тұздар заводының бірінші кезегі, Лениногордағы мырыш заводы, Өскемендегі титан-магний комбинатының екінші кезегі сияқты аса маңызды объектілерді және басқа да бірсыпыра маңызды өндірістерді іске қосуды қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жақында болып өткен пленумы биылғы жылы село еңбеккерлері алуға тиіс болған асуларды белгілеп берді. Республикамыздың совхоздары мен колхоздарында КПСС XXIII съезін лайықты қарсы алу жолындағы жарыс: елімізге астықты, ең алдымен бидайды, етті, сүтті және мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының басқа да өнімдерін неғұрлым көп берейік деген ұранмен кеңінен өрістетілуде.

Республика шаруашылық пен мәдениеттің барлық салаларын дамытудың қарқынын сеніммен арттырып келеді. Қазақстанның еңбекшілері коммунистік құрылыстың ұлы ісіне лайықты үлес қосуға бойындағы барлық күш-жігерін жұмсайды.

Социалистік Қазақстан, 1966, 17 февраль, 1 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСТЕ СӨЙЛЕГЕН КІРІСПЕ СӨЗІ

Қымбатты жолдастар!

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толды. Оның есімі адамзат ойының аса көрнекті алыптарының есімдері қатарында әбден лайықты орын алып отыр, оның есімі мәңгі жасай береді.

Ағарту ісі мен демократиялық идеялардың жаршысы, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, жалынды гуманист және терең ойшыл Абай еңбекші, дарынды халықтың рухы мен еркін, оның білімге, жаңа өмірге құштарлығын өз тұлғасымен бейнеледі. Абай әлеуметтік зұлымдық пен әділетсіздікті, феодалдық-байшылдық және отаршылдық сорақы салттарды, діни сұрқиялық пен надандықты аяусыз әшкереледі. Оның алуан салалы творчествосы қарапайым қазақ халқының өз күшіне сенімін арттырды, терең ой салды, еңбекші адамдардың оптимизмін және жарқын болашаққа сенімін күшейтті.

Абай – өз заманының перзенті. Бірақ ол белсенді, дарынды ой мен прогрестік істің адамы еді. Міне сондықтан ізгілікті ардақ тұтатын ұрпақтар, яғни сіздер мен біздер, оны өз замандасымыз деп санауға праволымыз.

Феодалдық өктем озбырлық пен отарлық тепкінің қаратүнек қайғылы заманында Абай қазақ халқының өз Пушкині мен Чернышевскийі болды, ұлы орыс халқымен достыққа шақырды, ол ұлы орыс халқын өз Отанының ұлттық қорғаны деп білді.

Қазақтың кемеңгер ағартушысы Россияға көз тікті, туған халқының Россиямен тағдырлас болуын көкседі. «Өнер-білім» орыста, – деп жазды Абай. – Егер сен оның тілін үйренсең, дүниеге сенің де көзің ашылады».

Абай адал достары – саяси себеппен айдалып келген орыс қайраткерлері арқасында өз тұсындағы жағдайдың шындығын анық түсінді, сол кездегі жағдай туралы Герцен былай деп жақсы айтқан еді: «Россияны оның үкіметімен мүлде қисынсыз шатастыруға болмайды... Қысқы сарай – бүкіл Россия емес, тіпті бүкіл Петербург те емес... Басқа Россия сізді өз бауырластығымен құттықтайды, сізге қол созады».

Абай бірінші болып Пушкин мен Лермонтовтың мәңгі жасайтын шығармаларын қазақ даласындағы халықтың игілігіне айналдырды, қазақтарды шетелдік классиканың таңдаулы шығармаларымен таныстырды. Абайдың мәңгі өлмес-өшпес мұрасында қазақ халқының рухани қазынасы, орыс әдебиетінің, көршілес шығыс халықтарының бай дүниесі тоғысып жатыр. Міне, мұның өзі Абайдың даналығы адамзат ақыл-ойының асыл туындыларын мирас тұтып келе жатқан бүкіл көп ұлтты совет мәдениетінің игілігі деп айтуымызға право береді. Бұл асыл

туындылар бүгін таңда бекзадаларға емес, бүкіл совет халқына адал қызмет етіп, коммунизм орнатушылардың рухани байлығын молайтып келеді.

Демократиялық мәдениеттің дәстүрлерімен біте қайнасқан Абай творчествосы қазақтың әдеби-философиялық ақыл-ойын дамытудағы жаңа кезеңді ашып, ұлт мәдениетін өркендетудің жолы мен бағытын белгілеп берді. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті тек Ұлы Октябрьден кейін ғана көркейе гүлденуге мүмкіндік алды, соның нәтижесінде бұрынғы Россия империясының мешеу қалған шет аймағының келбеті танымастай өзгерді.

Абайдың көзі тірісінде бар болғаны төрт-ақ өлеңі баспа жүзін көріп, бірде-бір кітабының басылып шықпағанын еске алудың өзі аянышты. Осыған қарамастан, еңбекші қазақ халқы өз ақынын, композиторы және кемеңгер ойшылын жақсы білді, барлық ұрпақтар мен халықтар үшін мәңгі нұрын төгіп тұратын оның жарқын талантына табынды.

Социалистік реализмнің классикалық туындыларының бірінен саналатын Әуезовтың атақты «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың асқар алып бейнесі бүгін таңда планетаның көптеген континенттерінде асқақ көрінеді. Бүгін біз осы аса ұлы эпопеяны жасаушы Мұқтар Омарқанұлы Әуезовты зор ризалық және алғыс сезімімен тағы да еске алуға тиіспіз, өйткені оның таланты арқасында ұлы Абай дүниеге қайта келгендей болды. **(Қол шапалақтау).**

Қазақ жерінде Ұлы Октябрьдің шұғылалы таңы атқан кезде Абай бұл дүниеде жоқты, азапты арпалыс пен ащы дерт алып тынған еді оны. Әйтсе де Ұлы Октябрьмен бірге Абайдың салауатты да данышпандық үні бүкіл халыққа айқын естіле бастады. Бүгін таңда оның үні елімізде және одан тыс жерлерде де еркін тарап жатыр. Абайдың творчествосы жасап келді және мәңгі жасай береді, өйткені ол барлық күші мен керемет талантын туған халқына арнады, туған халқының білімді, қанаушылықтан және ұлттық тепкіден азат болуын арман етті.

Әлеуметтік және рухани түлеу заманына лениндік партияның арқасында қол жетті. Қазақ халқы орыс халқының және еліміздің басқа да халықтарының қуатты көмегіне сүйене отырып, өз тағдырының кожасына айналды, туған жерінің бейнесін түбегейлі өзгертіп, оны гүлденген Советтік Социалистік Республикаға айналдырды.

Лениннің ұлы партиясы өткендегінің маскара мұрасын біржола жойып қана қоймай, сонымен бірге Қазақстанды экономиканың, ғылым мен мәдениеттің ең алдыңғы белестеріне шығарды.

Абайдың және өткендегі басқа да аяулы адамдардың халықтар туысқандығын аңсаған арманы орындалды. Қазір қазақ жерінде 122 ұлт пен халықтың өкілдері тату-тәтті бір семьядай өмір сүріп отыр. Олардың өзара қатынасын сипаттайтын басты нәрсе жоғары, патриоттық борышты түсіну, бір-бірін өзара қадірлеу, бір-біріне қалтқысыз

көмектесу.

Қазақ халқының барлық прогресшіл күштерінің, қазақ совет мәдениетінің қалыптасуы және дамуы қазақтың ағартушы ұлы ақыны творчествосының игілікті ықпалымен, оның прогрестік идеяларымен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта қазақ совет мәдениеті ұлттық шеңберден аса бастады және еліміздің барлық халықтар мәдениетінің жетістігін пайдалана отырып, социалистік мәдениеттің рухани бай қазынасына лайықты үлес қосып келеді.

Әдебиетіміз бен өнеріміздің қайраткерлері ұлы Абайдың мерекесін тойлай отырып, өз заманының мұқтажы мен мүддесін ойлау, заман талабының дәрежесінде болу Абайдың өмірі мен творчествосының негізгі қасиеті болғанын есте ұстауы тиіс.

Қазақстан жазушыларының күні кеше аяқталған, творчествоның ең маңызды мәселелерін қараған съезі совет әдебиетінің ізгі парызы – халыққа қалтқысыз қызмет ету, заманға лайықты шығармалар жасау міндетінің мәні зор екенін атап көрсетті. Жазушының мәртебелі міндеті – коммунистік құрылыстың ең алдыңғы шептерінде болу, совет адамының дүниеге көзқарасын қалыптастыруға белсене көмектесу, Октябрьдің ұлы елінің, Лениннің ұлы елінің даңқын арттыру үшін адамдардың жігерін тасытып, оларды жаңа ерлікке құлшындыру. **(Қол шапалақтау).**

XXIV съезде партия көп ұлтты совет әдебиетін дамытуға елеулі көңіл бөлді, суреткерлік творчествоны дамытуға жаңа өріс ашты. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л.И. Брежнев жолдастың баяндамасында әдебиет пен өнердің роліне жоғары баға берілуі біздің бүкіл творчестволық интеллигенцияны қанаттандырды.

Коммунистік құрылыстың айқын саяси жолымен, практикалық программасымен бүкіл совет халқын қаруландырған КПСС XXIV съезінің тарихи шешімдеріне Советтік Қазақстанның әдебиетшілері, республиканың бүкіл творчестволық интеллигенциясы лайықты ісімен жауап береді деп сенеміз.

Біздің әдебиет пен өнер қайраткерлерінің борышы – партия мен халықтың жоғары сенімін бүкіл творчествосымен ақтау, өз шығармаларында заманымыздың – Ленин заманының, коммунизм заманының байлығын, алуан саласын және асқақ әуенін шыншылдықпен және дарындылықпен суреттеу. **(Қол шапалақтау).**

Жолдастар! Абай өмір сүрген, шығармалар жазған жылдар тарих қойнауына неғұрлым тереңдей түскен сайын оның ақындық ұлылығы солғұрлым әсерлі болып, жарқырай түспек, Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбаевтың, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтың, Жамбыл Жабаев пен Мұқтар Әуезовтың туған жерінің тұрмысы мен бейнесін лениндік партияның еркі бойынша қайта құлпыртқан таңданарлық ғажап өзгерістердің аса терең маңызы солғұрлым толық ашылып келеді.

Бұл заманалық өзгерістерден партиямыз және оның айбынды

штабы – XXIV съездің сара бағытымен елімізді алға қарай сеніммен бастап келе жатқан лениндік Орталық Комитет саясатының бүкіл мәні айқын көрінеді. **(Қол шапалақтау).**

Бұл өзгерістерден бүгін таңда ұлттық даму мен әлеуметтік прогресс жолына түсіп жатқан Азияның, Африканың және Латин Америкасының халықтарына лайықты өнеге айқын көрінеді.

Капитализмнің жауыздық дүниесі қанаушылықты, ұлттық алалықты және езушілікті ғана емес, сонымен бірге рухани мәдениеттің толық кері кетуін де өзімен бірге алып келеді. Таяу Шығыстағы соғысқұмарлық желікті қоздырып жүргендерде, Вьетнамның, Лаостың және Камбоджаның бейбіт жерінде жауыздық пен қырғыншылық тудырып жатқандарда ар-ождан болуы мүмкін бе?

Реакцияның, жалақорлықтың және әлеуметтік әділетсіздіктің қара ниет күштеріне біз халықтардың бейбітшілікке, бостандыққа, теңдікке, бақытты тұрмысқа, рухани жарық дүниеге ұмтылған мызғымас жігерін белсене қарсы қойып келеміз. Экономикалық қуат пен қорғаныс қуаты ғана емес, сонымен бірге планетаның ертеңгі күніне сенімі күшті адамдардың адамгершілік әсемдігі де біздің жағымызда. Шын мәніндегі прогресс күштерінің жеңілмейтін себебі, олардың әділдігі мен ұлылығы міне осында.

Адамзаттың таңдаулы ойшыл перзенттері арман еткен қоғамды шабытты жігермен орнатудың зор құрметі бүгін таңда біздің үлесімізге, Абайдың ұрпақтарының үлесіне тиіп отыр. Біз бұл қоғамды аса қажырлы жігермен орнатып жатырмыз, бұл үшін коммунистік құрылыстың мүлде жаңа кезеңін бастаған КПСС XXIV съезінің тарихи шешімдері бізге қуатты шабыт берді. **(Қол шапалақтау).**

Жолдастар! Абай тойына қатысу үшін бізге көп ұлтты ұлы еліміздің туысқан халықтарының өкілдері келді.

СССР Жазушылар одағының делегациясын белгілі совет әдебиетшісі Александр Борисович Чаковский басқарып келді. Онымен бірге ұлы орыс халқының әдебиетінен Зоя Сергеевна Кедрина, Всеволод Александрович Рождественский, Сергей Николаевич Марков, Юрий Осипович Домбровский, Анатолий Андреевич Ананьев, Роберт Иванович Рождественский және басқа көрнекті орыс жазушылары келіп отыр. **(Қол шапалақтау).**

Осы залда украин әдебиетшілері Олесь Гончар мен Николай Зарудный, Белоруссия жазушыларының Алесь Савицкий бастаған делегациясы, Өзбекстан жазушыларының Рахмат Файзи бастаған делегациясы, грузин әдебиетшісі Фридол Халваши, Азербайжан жазушылары Мамед Рагим мен Альфи Сахлик-оглы Касумов, Литван жазушылары Костос Корсакас пен Алексас Кургинас, Молдавия жазушыларының Иван Иорданов бастаған делегациясы, Латыш әдебиетшілері Айвар Горис пен Витаут Люден, Қырғызстан жазушыларының Шатман Сәдуақасов бастаған делегациясы, Тәжік

әдебиетшілері Мумин Каноатов пен Кутби Киром, Армения жазушыларының Леонид Гурунц бастаған делегациясы, көрнекті Түркмен жазушысы Берді Кербабаев, белгілі эстон әдебиетшісі Леннарт Мери қатысып отыр. **(Қол шапалақтау).**

Башқұрстанның халық жазушысы Мұстай Кәрімді, Бурят әдебиетшілері Дамба Жалсараев пен Николай Дамдиновты, Кабарда – Балкариядан келген құрметті қонақ Қайсын Кулиевті, көрнекті татар әдебиетшісі Хасан Туфанды, Якутиядан келген қонақтарымыз Моисей Ефимов пен Элляйді, таулы Алтай автономиялық облысының әдебиетшілері Еркемен Палкин мен Владимир Адаровты, Қарақалпақ жазушысы Ибрагим Юсуповты, мереке салтанатының қуанышына бізбен бірге қуанып отырған барлық қымбатты қонақтарымызды қуанышпен құттықтаймыз. **(Қол шапалақтау).**

Олардың ұлттық мәдени мұрамызға шынайы көңіл бөлуінен біз нағыз керемет істерді жасай алатын дүниедегі ең ұлы күштің – совет халықтары достығының тағы бір тамаша айғағын көріп отырмыз. **(Қол шапалақтау).**

Советтік Қазақстан асқан зор жетістіктері үшін партиямыздың лениндік ұлт саясатына, барлық туысқан халықтардың қалтқысыз көмегі мен қолдауына борышты. Ұлы Ленин бізге өсиет еткен осы мызғымас достыққа адалдықты біз бұдан былай да әрқашан және барлық істе бұлжытпай сақтап отырамыз.**(Ұзақ қол шапалақтау).**

Бүгін осы залда шетелдерден келген қонақтар, творчестволық интеллегенцияның көрнекті өкілдері – Болгариядан Георги Струмский, Венгриядан – Иштван Кормош, Монғолиядан – Дэмбэгийн Мягмар, Польшадан – Артур Сандауэр, Чилиден – Муньос Эспиноса Диего қазақ жерінің ұлы перзентінің есімін бізбен бірге еске түсіріп, құрмет көрсетіп отыр. **(Қол шапалақтау).**

Мереке салтанатына КПСС Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Василий Филимонович Шауро жолдас қатысып отыр. **(Қол шапалақтау).**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Жоғарғы Советінің Президиумы мен үкіметі атынан, сонымен бірге, жолдастар, сіздердің де атыңыздан барлық қымбатты қонақтарымызды қазақ жерінде шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер.**(Қол шапалақтау).**

Абайдың даңқты күндері қазақ халқының ұлт мәдениетінің үлкен және жарқын мейрамы ретінде, лениндік партияның данышпандық басшылығымен коммунизмді сеніммен орнатып жатқан ұлы Отанымыздың барлық туысқан халықтарының мейрамы ретінде өтеді деп үміт артуға рұқсат етіңіздер. **(Қол шапалақтау).**

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған жұртшылықтың салтанатты жиналысы ашылды деп жариялаймын. **(Ұзақ қол шапалақтау).**

Социалистік Қазақстан, 1971, 29 май, 1-2 б.

АЛЫПТЫҢ АСҚАҚ АДЫМЫ

ОСЫДАН ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН – 1920 жылдың 26 августында – Владимир Ильич Ленин мен Михаил Иванович Калинин Қазақ Советтік Социалистік Республикасын құру туралы декретке қол қойды. Ұлы Октябрьде қайта туған қазақ халқы сонау бір естен кетпес күннен бастап өзінің ғасырлар бойғы тарихында алғаш рет мемлекеттігіне ие болды, оның сан ғасырлық өмірбаянының жаңа және мейлінше жарқын беттері ашылды.

Қазақстан Компартиясының 50 жылдығымен тұспа-тұс келген Қазақ республикасының жарты ғасырлық мерекесі – тек біздің республикамыздың еңбекшілері үшін ғана үлкен оқиға болып отырған жоқ. Біздің мерекеміз – Ұлы совет еліндегі барлық туысқан халықтардың да мерекесі. Совет шындығы тудырған, Коммунистік партияның ұлт саясаты тудырған жана, тамаша дәстүріміз осындай.

Совет өкіметі тұсындағы жылдар қазақ халқы үшін шын мағынасындағы қайта туу және бұрын болып көрмеген өмір биігіне өрлеу болып отыр. Қазақ халқы феодализмнен, еңбекші бұқараның қайыршылығы мен еріксіздігінен әлеуметтік-экономикалық мәдени прогрестің биік шыңдарына көтерілді. Бүгін біз Советтік Қазақстанның жарты ғасырлық мүшелді тойын мерекелей отырып: ия, социализмге өтудің лениндік жолы біздің халқымыздың бар тәжірибесімен, бүкіл өмірімен шыңдалған сыннан өтіп отыр дей аламыз. Қазір ленинизм әрбір қазақ үшін тек ұлы идея, ұлы ілім ғана емес, ленинизм – біз үшін заводтар мен фабрикалардың самаладай жарығына бөленген шетсіз-шексіз кең дала; бұл қыр төсінде қазіргі заманның маңдай алды машиналары жүйткіп жүрген көз жетпес совхозды, колхозды мол егінжай; бұл мыңдаған мектептер мен техникумдар жоғары оқу орындар ғылыми және мәдени мекемелер; бұл кешегі көшпелі елдің ұлдары мен немерелері жаңа өмір орнатып жатқан, мүлдем танымастай болып өзгерген қазақтың байырғы мекені. Бұрынғы көшпелі мекендерде бой көтерген жаңа қалаларға Европа мен Американың әлемге даңқы кеткен белгілі заводтарымен бәсекелесе алатын индустрия алыптарына, жылма-жыл мол өнім беріп келе жатқан ұлан-ғайыр мол алқапқа, техниканың ең соңғы жаңалықтарымен салынған ғажайып архитектуралық ансамбльдерге қалай таңданбай тұра аларсың!

Ия, таңданарлық дүниеміз баршылық. Мұны біздің шет елдерден келген қонақтарымыз да мойындайды. «Біздің Қазақстанда көргендеріміз барлық оптимистік үміттерімізден де әлдеқайда асып түседі. Азияның дәл жүрек тұсында Европа тәртібімен салынған жаңа қалалар қанат жайған, бұларды өмірі шаттыққа толы, бойын күш-қуат кернеген адамдар мекендейді» деп жазады француз Пьер Удэн. Ал оның отандасы Клод Арнак былтыр бізде болып кеткеннен кейін былай деп жазған: «Бұдан аз ғана уақыт бұрын географиялық картада орны белгісіз болып келген ел, сыртқы дүниеден мүлдем қалыс қалып, қайыршылыққа

камалған сияқты болып көрінген ел, – міне осындай ел бүгінгі күні сырттан келген қонақтарға ертегідегідей бай, қауырт өркендеген ел болып көрініп отыр».

Расында да, біздің республикамызға қай жақтан болса да келген және қандай көзқарасы бар адам болса да, егер ол шынымен әділдікті білетін адам болса, біздің кең байтақ елімізде жүзеге асырылған өзгерістердің ұлылығына және атқарылған жұмыстың қарқынына, Коммунистік партия тәрбиелеген совет адамдарының рухани жан дүниесінің байлығына таң-тамаша қалмай өте алмас еді. Сондай-ақ біздің социалистік цивилизация жасау жөніндегі тәжірибемізді көптеген дамып келе жатқан елдердің өкілдері мұқият зейін қойып, зер салып зерттейтіндігі жайдан-жай болмаса керек.

Мәселен, өткен жылдың октябрь айында Алматыда халықаралық симпозиум болып өтті. Мұнда мән-маңызы айрықша зор проблема: Ұлт-азаттық революциялар туралы лениндік ілім және дамып келе жатқан елдердегі әлеуметтік прогрестің жаңа кезеңі туралы мәселе талқыланды. Азияның, Африканың және Латын Америкасының 50 мемлекетінің өкілдері социализмге өтудің лениндік жолдары туралы айрықша ықылас – ынтызарлықпен әңгімеледі, Советтік Шығыс республикалары тәжірибесінің халықаралық маңызын атап көрсетті. Оның қазіргі таңда саяси бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алып отырған әлемдегі көптеген халықтар үшін өте зәру, ділгер тәжірибе екенін атап айтты.

Біз өзіміздің өмірдің барлық салаларындағы табыстарымызды заңды түрде мақтан етеміз. Сөйте тұра Қазақстан жерінде болған осыншама зор өзгерістерді тереңірек түсініп, сезіну үшін, республика еңбекшілері жаңа тұрмыс құруға кіріскен алғашқы жылдарындағы тұңғыш қадамдарымызды еске түсіру артықтық та етпес еді. Біздің елімізде социализмді іс жүзінде нақты жүзеге асыру бағытында Коммунистік партия мен Ленин ұстанған бағыт – бірден-бір дұрыс бағыт болып шықты. Өйткені, ол ішкі және халықаралық жағдайларды жан-жақты ғылыми талдауға негізделген еді, еңбекші бұқараның көкейкесті мүдделерін есепке алған еді. «Социализм орнатудың лениндік жоспары – бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар міндеттерді шешуге ғылыми, комплекстік және реалистік тұрғыдан қараудың үлгісі, – деп көрсетті Л.И. Брежнев өзінің 1970 жылғы 21 апрельдегі жасаған «Ленин ісі мәңгі жасап, жеңіске жете береді» деген баяндамасында. – Бұл жоспар әлеуметтік құрылыс сарайының барлық қабаттарын – өндіргіш күштерді дамытуды да, қоғамдық қатынастарды қайта өзгертуді де, адамдардың рухани дүниесін қайта қалыптастыруды да қамтыды».

Еліміздің барлық туысқан халықтары сияқты, қазақ халқының да социализмге өту жолы жеңіл де, оңай да болған жоқ. Ленин сөзімен айтсақ, бір жағынан, алда тұрған бүкіл дүниежүзілік тарихи ұлылығының, екінші жағынан, материалдық және мәдени қайыршылықтың арасындағы терең шыңырауды толтыру керек болды.

Елу жыл ішінде Қазақстан тұтас бір дәуірді бастан кешті, материалдық және рухани өмірдің барлық саласында таңғажайып зор жаңғыру жолынан өтті.

Қазір Қазақстанда 22 мың өнеркәсіп және өндіріс орындары бар. Бұлар Октябрь революциясына дейінгі мөлшерден өнімді 132 есе артық шығарады. Бұрынғы «көшпелі ел» енді өз өнімдерін әлемнің жетпіс еліне жөнелтіп отырады. Қазақстан СССР бойынша өнеркәсіп өнімінің жалпы түсімі жөнінде үшінші орында. Мыстың, корғасынның және мырыштың әрбір жан басына шаққандағы өнімін тұтас алғанда оның Қазақстандағы мөлшері Америка Құрама Штаттарындағыдан әлде неше есе асып түсетіні ерекше айтарлықтай. Экономиканың қай саласы жөнінде болса да осындай қауырт даму бар. Тек соңғы төрт жыл ішінде ғана республикада 400-ге тарта жаңа кәсіпорындар мен цехтар іске қосылды. Бұл мерзім ішінде халық шаруашылығында 13 миллиард сомнан астам негізгі қор пайдаланылды.

Егер біздің республикамызға оның потенциалдық мүмкіндіктері тұрғысынан қарар болсақ, онда Қазақстанның аса мол ресурстарын өндірістік бағытта игеру тек енді ғана өріс ала бастады деп батыл айтуымызға әбден болады. Міне, бізде жаңа құрылыстардың көптігі осыдан. Жақында Соколов-Сарыбай комбинаты өзінің жобада белгіленген қуатына жетті, енді ол 15 миллион тонна, темір рудасын өндіреді. Ал Лисаковскіде қуаты 36 миллион тонналық кен-байыту комбинатының құрылысы қызу қарқынмен жүріп жатыр. Шымкентте әлемдегі ең ірі заводтардың бірі – фосфор тұздары зауытының бірінші кезегі іске қосылды; Қаратау бөктерінде тағы бір алып химиялық комбинат бой түзеп келеді; Павлодарда, Ертіс бойында трактор зауытының құрылысы аяқталуға жақын.

Сонау бір кезде ақ тақыр болып иесіз жатқан тұтас аудандар қазір экономикалық орталықтарға айналған. Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Рудный, Теміртау, Екібастұз, Ермак, Шевченко сияқты және басқа ада өкіметі жылдарында туған қалалар бұл күнде Қазақстанның индустриялық күш-қуатын айқын көрсетіп отыр. Бұл жаңа өнеркәсіп аудандарының даму қарқынының жоғарылығы бәрімізге аян. Маңқыстауды игеру осыдан не бәрі сегіз жыл ғана бұрын басталған еді, қазір мұнда үш ірі қала бар. Ал елу жыл ішінде республика картасында 64 жаңа қала, 174 қала типтес поселкелер пайда болды. Қазақстанда жұмысшы табының саны қырық есе өсіп отыр.

Совет өкіметі жылдарында ауыл шаруашылығымызда да айтулы өзгерістер болды. Қазақстанда отызыншы жылдары болған Сергей Миронов Киров өзінің бір сөзінде: «Қараңыздаршы, бұл қазақ даласы неткен сұлу, неткен әдемі еді! Қаншама дарқан дала, қаншама байтақ жер!... Осынша жердің Каспийден бастап сонау Қытай шекарасына дейін созылып жатқанын айтудың өзі оңай ма. Бай да ғажап өлке!» деп сүйген еді.

Қазақстан жері шын мәнісінде көз жеткісіз шалқар. Ол 246 миллион гектар жерді алып жатыр! Қазақ ССР-сы тың және тыңайған жерлерді нығайту игеру арқылы еліміздің негізгі астықты аудандарының біріне айналды. СССР-дағы егіс көлемінің бестен бір бөлігі осында. Көп салалы мал шаруашылығы да ойдағыдай өркендеп келеді. Колхоздар мен совхоздар әралуан техникамен мол жабдықталған. Ал ескі ауыл адамдары дәл мұндайды қиялдап та көрмесе керек. Қазіргі ауыл-селоларымыздың әлеуметтік бейнесі де түбірімен жаңарғаны өзінен-өзі айқын. Бұрынғы қазақ ауылында болып көрмеген мамандықтар енді барынша қажет болып отыр. Мәселен, Алматы облысында Мичурин атындағы ауыл шаруашылық артелі алғашқы құрылған кезде бірде-бір агроном болмаған еді. Қазір онда бұл салада 24 маман бар. Ал, бұл шаруашылықта жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандар саны қазір 150-ден асады.

ЭКОНОМИКАМЫЗ СИЯҚТЫ, мәдениетіміздің де бұрын болып көрмеген дәрежеде көркеюін Октябрьге дейінгі мерзіммен салыстыруға мүлдем болмас еді. Ол кезде, В.И. Ленин айтқандай, халықтар «білім, мәдениет, ілім жөнінде жұрдай боп тоналған» жағдайда еді. Біздің жастарымыздың, тіпті орта буын адамдарымыздың мынадай бір фактіні көз алдына елестетуі де қазір өте қиын болар еді: Лениннің төтенше комиссары – Әліби Жанкелдин Қаратөбеде адайлық қазақтарды жинап әңгімелескенде олар Совет өкіметін нығайту үшін күресуге әзір екендіктерін бірауыздан білдірді және сөйтіп, бұл жөнінде жазылған тарихи документке өздерінің қолын қою орнына крест белгісін салып, бармақтарын басты. Иә, бұдан елу жыл бұрын Қазақстанда өзінің атын жаза білетін адамдар мүлде сирек-ақ еді! Ал қазір бізде әрбір төртінші адам оқиды. Республикада 10 мыңнан астам мектеп бар, бұлар 3 миллионнан астам шәкірттерді қамтиды. Республиканың 43 жоғары оқу орнында және 187 орта оқу орындарында 400 мыңнан астам студенттер оқып жүр. Қазір республикада жоғары және арнаулы білімі бар мамандар саны 700 мыңға таяу. Міне, бұл бұрын жергілікті халықтың әрбір жүз адамының екеуі ғана сауатты болған өлкедегі өзгерістер!

Қазақстандағы мәдени революция ғылымның да ойдағыдай дамуынан көрініп отыр. Республикада 153 ғылыми мекеме бар. Қазақстан ғалымдары ашқан көптеген жаңалықтар біздің елімізде ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем көлемінде де белгілі. Біздің ғалымдарымыз – ғылым мен ілімнің барлық саласы бойынша дерлік өткізіліп отыратын халықаралық симпозиумдар мен конференциялардың тұрақты қатысушылары.

Қазақ халқы өзінің рухани байлығын ғасырлар бойы жасап келді. Бірақ Ұлы Октябрьге дейін олар азын-аулақ адамның ғана игілігі еді. Революция халқымыздың байырғы өнерін еңбекшілердің қалың бұқарасының ортақ игілігіне айналдырып, мүлде қайта туғандай етті. Октябрь ақындар жырларына жаңа мағна берді, әр алуан жанрлық

көркем әдебиетті, профессионалды және халықтық-өнерпаздық бейнелеу өнерін тудырды (ал мұсылман дүмшелерінің айтуы бойынша, адамды қандай жолмен болса да бейнелеу күнә саналатын). Осыдан жарты ғасыр бұрын қазақтар өзінің ұлттық операсы туралы немесе, мәселен, симфония туралы тіпті де ойлай алатын ба еді?

Ұлы Октябрьдің перзенті – қазақ совет әдебиеті халқымыздың жасампаз еңбегі мен табыстарының нәрлі шежіресіне айналды.

Мәселен, орыс, немесе украин жазушыларымен салыстырғанда қазақ қаламгерлерінің жағдайы жүз есе дерлік қиын еді: өйткені, біздің халқымызда бұрын жазба әдебиеттің бай дәстүрлері болған жоқ қой. Сөйтсе де Советтер елі әдебиетшілерінің және ең алдымен орыс жазушылары мен ақындарының бауырмал көмегі арқасында халқымыздың түрі ұлттық, мазмұны социалистік тума әдебиеті шындалды. Әдебиетіміздің ең жарқын таланттарының бірі Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Азиядағы көп халықтар бірінің өкілі – мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны: феодализмді, капитализм мен социализмді бастан өткердім. Ал қазір, мен Отанымның барлық азаматтары сияқты, коммунизм құрылысының қатысушысымын. Бір есептен балалық шағым мен бүгінгі күнімнің арасында тұтас ғасырлық дерлік уақыт жатқан шежіре адам болуым да мүмкін еді. Егер менің бүіл көргенімді, бастан кешіргенімді, аңғарғанымды ойласам, мен қазіргі ХХ ғасырдың орта тұсына соншалық алыс заманнан, тіпті, европалық та емес, азиялық орта ғасырлар заманынан келгендеймін».

Бір ретте белгілі неміс жазушысы Анна Зегерстен соңғы уақытта оқыған кітаптарыңыздың қайсысы сізге күштірек әсер етті деп сұрағанда, ол:

–Маған ең күшті әсер еткен шығарма Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы болды... Бұл кітап менің көз алдыма мүлдем жаңа дүниені – бұрын өзімнің ешқандай түсінігім жоқ халықтың өмірін қаз-қалпында алып келгендей болды.

Бұл күндері Қазақстан жазушылары: С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің, М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің, И. Шуховтың, Н. Ановтың, А. Тоқмағамбетовтың, Ә. Тәжібаевтың, Х. Есенжановтың, Ғ. Ормановтың және басқа да көптеген қаламгерлердің шығармалары біздің елімізден сыртқары жерлерге де кеңінен мәлім.

Шығармалары сан миллиондаған әралуан тілді оқырмандардан жақсы баға алған орта және жас буын, әдебиетшілері ақсақалдар дәстүрін одан әрі жалғастырып әкетті. Қ. Бекхожиннің, Х. Ерғалиевтің, Ә. Нұрпейісовтың, Ж. Молдағалиевтің, Т. Ахтановтың, І. Есенберлиннің, С. Мәуленовтің, Ә. Әлімжановтың, О. Сүлейменовтың кітаптары бүгінгі қазақ әдебиетінің лайықты туындылары болып отыр.

Біздің жазушыларымыз бен ақындарымыз бүгінгі күннің қиын әралуан өмірлік тартыстары жөнінде бүкіл күрделілігімен – шындықтың

бетіне тура қарап шығармалар жазып жүр. Бұл дұрыс та. Өйткені шындық – біздің жағымызда, өмірімізді революциялық жолмен жаңартушылар жағында. Әдебиеттің зор ықпалдылығының өзі де осында. Өзіміздің Одақта, сондай-ақ шетелдерде басылып жүрген біздің жазушыларымыздың бірқатар шығармалары, атап айтқанда, Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» және «Қазақ солдаты», С. Мұқановтың «Өмір мектептері», Ғ. Мустафиннің «Миллионер» және «Қарағанды», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер», Т. Ахтановтың, «Боран», Ә. Әлімжановтың «Көгілдір таулар» шығармалары және басқа да көптеген кітаптар – шындықты барлық алуан түрлі қырымен творчестволық түрде игерудің жемісі.

Қазақ әдебиетінің қазіргі табыстары ұлы орыс әдебиетінің және басқа да бауырлас әдебиеттердің ықпал-әсерінсіз мүмкін болмас та еді. Республиканың бүкіл өнерінің творчестволық өрлеуінде социалистік ұлт мәдениеттерінің өзара ықпалдасу және бірін-бірі байыту, бұлардың нтернационалдық негізін нығайту процесінің ролі айрықша.

Қазақ жерінде туысқан республикалар әдебиеті мен өнерінің онкүндіктері мен апталықтарын, әралуан фестивальдарды, СССР халықтарының және шет елдердің мәдениет қайраткерлерімен творчестволық кездесулер өткізу игі дәстүрге айналды. Мұндай оқиғалар жан-жүректі тебіренітіп, толқытатын мерекелерге айналады, олардың қатысушыларының жүрегінде ұзақ уақыт сақталады, достық пен бауырластық рухын нығайта түсуге жәрдемдеседі.

Біз бүгінгі күніміз бен өткендегімізді салыстыра келгенде қазақтың ұлы ағартушысы Абайдың көзі тірі кезінде баспа жүзінде шыққан өзінің бір де-бір кітабын көре алмай кеткеніне қатты қынжыламыз. Ал бүгінгі күні оның немерелері мен шөберелері Маркстің, Энгельстің, Лениннің данышпандық шығармаларын ана тілінде оқиды, барша адамзат өзінің бүкіл тарихы бойында жасаған мәдени байлықтарды Ильич өсиеті бойынша игеріп келеді.

Орыс тілінің арқасында бүкіл әлемдік мәдениет бұлағынан сусындаған қазақ халқы рухани қауырт өсті; оның жалпы білім, мәдениет аясы өлшеусіз кеңейді. Осының негізінде біздің ана тіліміз де байи түсті: өйткені, бұған дейін болмаған әлеуметтік, саяси, мәдени сөздер мен ұғымдарды қолдануға тура келіп отыр.

ПАТШАЛЫҚ РОССИЯНЫ және оның отарына айналған шет аймақтардың (қазақ даласына солай болып еді) бейнесін дәл қазіргідей жан танымастай өзгертіп жіберу біздің Ильичше өмір сүруіміздің арқасынды ғана мүмкін болып отыр. Совет қоғамы жағдайында халықтар достығы біздің партиямыз өзінің жасампаз қызметінде арқа тірейтін қуатты материалдық күшке айналды. «Құс – қанатымен күшті, адам – достықпен күшті» дейдік көне қазақ мақалы. Өзара жемісті ынтымақтастық тапқан, интернационализм және советтік патриотизм рухымен шындалған туысқан халықтар достығы – біздің жеңістеріміздің

қайнар көзі. Бұл достық Совет үкіметі үшін шайқас жылдарында да, бейбіт социалистік құрылыс кезеңінде де, Ұлы Отан соғысының майдан шептерінде де сыннан өтті.

Халық шаруашылығын социалистік негізде қайта құру үстінде Қазақстанның өндірістік күшін дамыту тұтас еліміздегімен салыстырғанда анағұрлым күшті қарқынмен жүзеге асырылды. Бұл – партиямыздың Орталық Комитетінің Қазақстан экономикасы мен мәдениеті көтеруге үнемі қамқорлық жасап отыруының және жас республикаға басқа да совет халықтарының, ең алдымен орыс жұмысшы табының тікелей көмек көрсетуінің нақты нәтижесі.

Қазақстанның Нева жағалауындағы қаламен арасында ілгеріден келе жатқан іргесі берік туыстық байланысы бар. Сонау алғашқы бесжылдықтар кезінде-ақ ленинградтықтар біздің республикамызды қамқорлыққа алған болатын. Сонда олар қазақстандықтарға: «Жаңа орнап келе жатқан туысқан республикаға большевиктік көмек, жолдастық іскерлік көмек – абыройлы іс. Совет Одағындағы озық индустрия орталығы, пролетарлық Ленинградтың социалистік борышы» – деп жазған еді.

Өзінің осы парызына берік жұмыскер Ленинград Қазақстанға маман жұмысшылар мен техниктерін, инженерлерін, дәрігерлерін, агрономдарын жіберді; заводтар мен фабрикалардың жобаларын станоктар мен машиналар жөнелтті. Еңбекшілер депутаттарының Ленинград қалалық Советі бұл тапсырмалардың орындалуына қоғамдық бақылау орнатты.

Достық пен өзара көмектесу жылдан жылға нығая түсті. Ленинградта мыңнан астам кәсіпорындар бар десек, солардың ішінде біздің республикамызбен қалайда әйтеуір бір байланыс жасамайтын бірде-бір кәсіпорын жоқ. Қазақстан электр станцияларында XXIII партия съезі атындағы завод маркасымен шыққан турбиналар мен машиналар жұмыс істейді. Киров заводының цехтарында құрастырылған К – 700 тракторлары біздің тың игерілген жерлерімізде еңбек вахтасында жүр. Бұл машиналарды жүргізушілердің көбі Нева жағалауынан Қазақстан даласына сонау елуінші жылдардың өзінде-ақ келген болатын. Өзінің досына Қазақстанда қарыздар болып отырған жоқ. Ол ленинградтықтарға Кенді Алтай мен Балқаштың металын, тың көтерілген аймақтың астығын және Қызылорданың күрішін, Жетісудың алмасын жөнелтіп отырады.

Қазақтардың басқа да туысқан республикалар өкілдерімен берік достығы бар.

Қарағанды мен Теміртау, Балқаш пен Жезқазған, Шымкент пен Шардара, Ақтөбе мен Ақтау, Қаратау және Маңғыстаудағы Шевченко қаласы, – міне осының бәрі Қазақстанның экономикалық картасында Совет өкіметі жылдары пайда болған, ірі өнеркәсіп орталықтары ғана емес. Бұлар – Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының айқын

да айғақты жемістері, біздің Отанымыздағы халықтардың достығы мен туысқандық ынтымағының жемістері. Қазақстанда басқа одақтас республикалар өкілдерінің қатысуынсыз салынған бірде-бір елеулі өнеркәсіп объектісі жоқ десек те, асырып айтқандық болмайды.

Қазақстанда жүзден аса ұлт өкілдері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғандай тату өмір сүріп, еңбек етуде. Қазақстан – еліміздің барлық халықтарымен достығы және ынтымақтастығы жарасқан, бір-біріне қалтқысыз қолқабыс жасайтын біртұтас үлкен семья. Біз Қазақстанның туған Отан-анамыздың күш-қуаты мен байлығын арттыра беруге лайықты үлес қосып отырғанын мақтан етеміз. «Көп ұлтты совет халқының бірлігі, – деді Л.И. Брежнев, – алмастай берік. Алмастың сан-алуан түрге еніп құбылатыны сияқты біздің халқымыздың бірлігі де оның құрамына енген ұлттардың сан-алуан сипатымен нұрлана жарқырайды, ал, бұл ұлттардың әрқайсысы молшылықта, еркін және бақытты тұрмыста өмір сүреді».

Біздің халқымыздың тағдыры шынымен қызығарлықтай. Біз бүгін Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының мүшелді мерекесіне әзірлене отырып, республика еңбекшілері Ленин партиясының басшылығымен өткен ерлік КҮРЕСТЕРІ мен жеңістерінің жарты ғасырлық жолын заңды түрде мақтанышты сезіммен еске аламыз. Республикамыздың және Қазақстан Компартиясы бұл мүшелді жылын тойлауға әзірлік, сонымен бірге партия мен совет халқының өміріндегі аса маңызды оқиғаға – КПСС XXIV съезіне әзірлік кезеңіне ұласып отыр. Қазір Советтік Қазақстанның еңбекшілері партиямыздың кезекті съезін лайықты қарсы алу жолында бұқаралық социалистік жарысты қызу өрістетте түсті.

Бұл күндері біздің қалаларымыз бен селоларымыз мерекелік рухқа бөленген. Қалыптасқан дәстүр бойынша, еңбек коллективтері әрбір мейрамға жаңа өндірістік тартулар мен жаңа рухани өрлеумен келеді. Бұл жолы да солай. Той күні таяу. Дүбірлі мерекеміз ертең-ақ өтіп кетері хақ. Ал осы тойды өткізу үстіндегі жарқын да жайдары көңіл күйіміз іскерлігіміз одан әрі созыла беретін болады. Бұған ешқандай күмән жоқ. Өйткені, біздің бәріміздің алдымызда мейлінше творчестволықпен және барлық күш-қуатымызды толық жұмсап, еңбек етуге шақыратын аса қымбат және қалаулы мақсатымыз бар. Ол мақсат – коммунизм.

Қазақ әдебиеті, 1970, 21 август, 1-2 б.

ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДА ТҮСЕЙІК

Біздің еліміз Лениннің – Сталиннің ұлы партиясының XIX съезі ашылатын аса маңызды оқыйғаның қарсаңында тұр. Кәзір біздің бүкіл партиямыз, бүкіл совет халқы ойы мен пікірін алдағы болатын съезге аударуда. Совет адамдары партияның аса маңызды документтерін – бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасы мен партияның өзгертілген Уставының жобасын күшті зейін қойып, зор ынтасымен талқылап жатыр. Жаңа бесжылдық жоспар жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, ғылым, әдебиет пен искусство қайраткерлерінің алдына шын мәнісінде аса ұлы міндеттер қояды.

Еліміздің коммунизм жолымен онан әрі алға басуының тамаша перспективаларын ашып берген жаңа бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі партияның директиваларын талқылай отырып, өткен жолымызға еріксіз көз жібереміз.

Ленин – Сталин партиясының дана басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының туысқандық көмегімен, қазақ халқы тарихи қысқа мерзім ішінде ғасырлар бойы артта қалуын жойып, шынында да жақсы өмірге қолы жетті.

Кәзіргі Қазақстан – Совет Одағының қуатты және күшті өркендеген индустриялық орталықтарының бірі. Ол елімізге болат пен прокат, мырыш, ас күрделі машиналар, қара және түсті металлургия, кен-руда және көмір өнеркәсібі орындарына арналған жабдықтар, жоғары сортты бензин мен қолдан жасалған торқа және басқа көптеген өнеркәсіп өнімдерін береді.

Республиканың ауыл шаруашылығы да түбірінен өзгерді. Ол ең тамаша техникамен жабдықталған. Соғыстан кейінгі бесжылдық тұсында ғана жалпы қуаты 13.738 киловат 311 селолық электр станциялары салынғанын айтсақ та жеткілікті.

1939 жылы республиканың астанасында құрылған ССР Одағы Ғылым академиясының филиалы Қазақстанның ғылыми орталығының негізі болды. Филиалда бес қана сектор болып, 200 қызметкер ғана жұмыс істеді, олардың ішінде 13 адамның ғана ғылыми дәрежесі бар еді.

Соғыстан кейінгі алғашқы жыл совет халқының тарихындағы ең тамаша жылдардың бірі болды. Бұл жылы академияның филиалы Қазақ ССР-інің дербес Ғылым академиясы болып қайта құрылды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы кәзір республиканың шын мәнісіндегі ғылыми орталығы болып отыр. Академияның 20 ғылыми-зерттеу институты, академия президиумының жанында дербес жұмыс істейтін 9 ғылыми-зерттеу, 7 ғылыми-зерттеу және экспериментальдық базасы, 3 ботаника бағы, ғылыми кітапханасы және басқа толып жатқан көмекші мекемелері бар. Ғылым академиясы 1884 қызметкерді біріктіріп отыр. Солардың ішінде ғылымның барлық салаларында істейтін 896 ғылыми қызметкер бар. Ғалымдардың құрамында ССРО Ғылым

академиясы 35 толық мүшесі мен мүше-корреспонденті бар. Кәзір академияда 35 ғылым докторы, 286 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Ғалымдардың ұлт кадрларының өсуі ерекше сүйсінерлік іс. Академияның ғылыми қызметкерлерінің арасында 78 қазақ бар, солардың көбі ғылымның докторлары мен кандидаттары деген дәрежеге ие болып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының алуан салалы жұмысы ғылымның ұлы кемеңгері Сталин жолдастың алдымызға қойған тарихи міндетін: «...Отанымыздан тыс жерлердегі ғылымның табыстарына жетіп қана қоймай, таяудағы уақытта одан асып түсу» міндетін орындауға бағындырылып отыр. Сталин жолдастың бұл нұсқауы Қазақстан ғалымдарының творчестволық жұмысын күшейтуге жетекші болды. Олар орасан зор халықшаруашылық маңызы бар аса маңызды бірсыпыра ғылыми мәселелерді шешті. Совет ғылымының ерекше сипатының бірі – оның халыққа, халық мүддесіне қызмет ететіндігі. Мұның мәнісі – ғалымдарының күш-жігері біздің өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығына нақты көмек көрсетуге жұмылдыру деген сөз. 1951 жылдың өзінде ғана 50-ден аса ғылыми еңбек өндіріске енгізілді. Бұл еңбектерді өндіріске енгізуден келетін жалпы экономикалық пайда ондаған миллион сомға жетеді.

Ғылым академиясының ғалымдары Текелінің қорғасын кенінде, Лениногор және Шымкент қорғасын заводтарында өндірісті жақсартуға байланысты бірсыпыра аса маңызды мәселелерді шешті. Оңтүстік және батыс Қазақстанның жоғары сортты жергілікті көмірінің және солтүстік пен орталық Қазақстанның төмен сортты көмірінің қуатын пайдалану жөніндегі маңызды зерттеулер ойдағыдай аяқталды. Қазақстан ғалымдары мұнай өнеркәсібіне зор көмек көрсетті. Олар бірқатар жаңа аудандардың мұнай байлығының перспективасы бар екенін дәлелдеп берді.

Қазақ ССР Ғылым академиясында ғылым дүниесіндегі жаңалықтың – астроботаниканың негіздері қаланды. Астроботаниканың негізгі мәселесі – басқа планеталарда өсімдіктер тіршілігінің бар екендігін зерттеу. Осы маңызды ғылыми мәселені талдап шеше отырып, Қазақстан ғалымдары жердегі өсімдіктердің оптикалық сипаттарын кеңінен зерттеді.

Бұдан екі жыл бұрын ұйымдастырылған Ғылым академиясының физика-техникалық институты металл физикасы мен металл танудың космикалық сәулелерін спекторлық талдау саласында зерттеу жүргізуде.

Мичуриннің, Павловтың, Лысенконың озат ілімін басшылыққа ала отырып, Қазақ ССР Ғылым академиясының биолог ғалымдары биология мен медицина ғылымдарының әртүрлі салаларында едәуір жұмыс істеді. Мичуриндік биологияның негізінде қант қызылшасының, бидайдың, темекінің шығымдылығын арттырудың жаңа тәсілдері жасалды. Қазақстанның флорасы мен өсімдіктері зерттелді.

Физиология институты қансырау ауруына қарсы күресу әдісін жасап берді, бұл әдіс клиникада тексерілгеннен кейін жоғары баға алып, кәзіргі уақытта Москваның, Алматының, Совет Одағының басқа да қалаларының клиникалары мен ауруханаларына қолданылып отыр.

Қазақстан ғалымдары Сталинград су торабының, Түркмен Бас каналының, Тахиа-Таш су торабының құрылыстарына байланысты аса күрделі мәселелерді шешуге белсене қатысуда. Ғылым академиясының президиумы Сталинград және Түркмен каналдарының құрылысына көмектесетін арнаулы комитет құрылып комитеттің құрамына республикалық ірі ғалымдар кірді. Комитет канал салудың және оның маңындағы жерлерді игерудің жеке мәселелерін шешуге арналған академияның ғылыми мекемелерінің жұмыстарын жоспарлауды, бір-бірімен сәйкестендіріп отыруды жүзеге асыруға міндетті. Қазақстанның ғалымдарына Каспий жазығының суаруға және суландыруға ұйғарылған жерлерінің табиғат-экономикалық жағдайларын зерттеу, сонымен қатар Түркмен Бас каналының ауданында құрылыс материалдарын тауып, терең зерттеу міндеті жүктелді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы осы жауапты міндеттерді аброймен орындап отыр. Мысалы, 1951 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бірсыпыра материалдар жыйналып, бұл материалдарды коммунизмнің ұлы құрылыстарының жобалаушы және құрылыс салушы ұйымдары қабылдап, кәзірдің өзінде пайдаланып жатыр.

Каспий жазығы мен Еділ-Жайық өзендері арасындағы жерлердің табиғат және шаруашылық жағдайларын зерттеу жұмыстары быйыл едәуір ұлғайтылды. Өткен жылдың үлгісі бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясы арнаулы Каспий маңындағы комплексті экспедиция ұйымдастырып, ол Сталинград каналының өңірінде жұмыс істейтін болды. Бұл экспедицияның қарамағында алты түрлі экспедиция-гидрологиялық, топырақ зерттеу, геоботаникалық, зоологиялық және малшаруашылық экспедициялар, сонымен қатар төрт арнаулы отряд бар. Оның үстіне, комплексті экспедицияның жанында Экономика институтының бір топ ғылыми қызметкерлері жұмыс істеп, Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының кәзіргі жағдайын және оларды өркендету перспективасын жете айқындауға керекті материалдар жыйнап жатыр.

Ленинградтықтардың бастамасы бойынша кәзір ғылым қызметкерлерінің өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен творчестволық ынтымағын нығайтуды көздеген қозғалыс кеңінен өрістеді. Бұл қозғалыс ғылым мен техниканы дамытудың қайнар бұлағы болды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының жұмысында әлі де болса бірсыпыра ірі-ірі кемшіліктер бар. Республикада ғылымды онан әрі дамытудың аса маңызды шарттарының бірі – батыл және принципті ғылыми сын мен өзара сынды өрістетуді, ғылымның өте маңызды талас

мәселелері жөнінде творчестволық айтыстар өткізу. «Жалпыға мәлім, – деп үйретеді Сталин жолдас, – ешқандай ғылым пікірлер күресінсіз, сын бостандығынсыз өркендеп, өрши алмайды». Алайда, академияның ғылыми мекемелерінде батыл, принципті ғылыми сын, сонымен қатар, творчестволық пікір алысу жеткілікті болмай отыр. Ғылым академиясында тіл білімі мәселелері жөнінде бір ғана айтыстың ойдағыдай өткенін айтсақ та жеткілікті.

Жаңа бесжылдық жоспарда қойылған міндеттер еліміздің ғылыми мекемелерінің алдына зор талаптар қояды. Ғылыми жұмысты бұрынғыдан анағұрлым жақсартып, халық шаруашылығын өркендетудің аса маңызды мәселелерін шешуге ғылыми кадрларды неғұрлым толық пайдалану қажет, озат тәжірибені тыңғылықты қорытып, ғылымның табыстарын өндіріске кеңінен енгізу керек.

Социалистік Қазақстан, 1952, 20 сентябрь, 2 б.

«СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН»

(кітабынан үзінділер)

Тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстанды дамыған, тең праволы социалистік республикаға айналдырған КПСС-тің лениндік ұлт саясатының жемістері Ұлы Отан соғысының қатал жылдарында ерекше айқын көрінді.

Қазақ халқы, республика еңбекшілері ұлы Отанымыздың барлық халықтарымен бірлесе отырып, жауды талқандау ісіне сүбелі үлес қосты. Көп ұлтты Қазақстанның 1 миллион 200 мыңға жуық ұлы мен қызы, оның ішінде 82 мың коммунист және 250 мың комсомолец Совет Армиясы қатарында шайқасты. Республикада ондаған атқыштар және атты әскер дивизиялары мен бригадалары, авиация полктары мен арнаулы батальондар жасақталды. Көптеген әскери құрамалар туысқан республикалардың ортақ күш-жігерінің нәтижесінде жасақталды. Өзбекстанда құрылған әскери бөлімдерге Шымкенттің металлургртері, Мақтааралдың мақташылары қосылды. Мындаған Қазақстандықтар Уралда жасақталған бөлімдердің қатарында сапқа тұрды.

Қазақстандық жауынгерлердің асқан ерлігі мен батырлығын Отан лайықты бағалады. Олардың жүз мыңнан астамы ордендермен және медальдармен наградталды, жүзден астамы Даңқ орденінің толық кавалері болды, бес жүздей адамға Совет Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Отан намысын қорғаған даңқты ерлер ішінде екі мәрте Совет Одағының Батырлары – ұшқыштар Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда бар.

Қазақ халқының қыздары Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлова өз есімдерін мәңгі өшпес даңққа бөледі.

Нүркен Әбдіров пен Михаил Янко капитан Гастеллоның ерлігін қайталады. Александр Матросов сияқты Ағаділ Суханбаев, Сұлтан Баймағамбетов, Иван Бабин және басқалар оқ боратқан жау дзоттарын өз кеуделерімен жапты. Осы және басқа есімдерді совет халқы ешуақытта ұмытпайды, оларды дәріптеп, мақтан етеді; ақындар қаһарман батырларды өлеңге қосып жырлайды, жастар олардан Отанды қалай сүю керек екенін үйренеді.

Қазақстандықтар София мен Варшаваны, Бухарест пен Белградты, Будапешт пен Венаны ұлы жеңістің қиын-қыстау жолында жүздеген, мыңдаған қалаларды, деревнялар мен селоларды азат етуге қатысты.

Республикаға көшіріліп әкелінген көптеген кәсіпорындар орналастырылды. Қазақстан бір миллионнан астам адамды туысқандық жылы шыраймен өз құшағына алды.

Қазақстанды соғысқа дейінгі жылдардың өзінде-ақ елдің қуатты арсеналына айналдырған партияның экономикалық стратегиясының көрегендігі осынау қатал күндерде өзінің дұрыстығын көрсетті.

Қазақстан экономикасы, ғылымы мен мәдениеті соғыстан кейінгі жылдары одан сайын жоғары қарқынға ие болды. Социалистік

құрылыстың әрбір жылы өзінің ауқымдылығы жағынан ондаған жылдарға тең түсті. Бұрынғы кұла дүзде ондаған жаңа социалистік қалалар пайда болды, аса ірі облыстар құрылды. Олардың ішінде Торғай, Жезқазған, Маңғышлақ облыстары бар; бұл облыстарда, республиканың басқа да аудандарындағы сияқты, партияның ерік-жігерімен өнеркәсіп және аграрлық құрылыс ісі қауырт өрістетілді.

Республика бүгін таңда – отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығы. Қазақстанда алғашқы көмір кен орындарын игеру ХІХ ғасырдың аяқ шенінде-ақ басталғаны мәлім. Бірақ көмір ең қара-дүрсін әдіспен шығарылды, шахтерлердің еңбегі өте ауыр болды. Мұның бәрі әлдеқашан және бүтіндей келмеске кетті, тарихтың, музей стенділерінің еншісіне тиді.

Қарағанды көмір бірлестігінің кеншілері жоғары еңбек өнімділігіне жетіп отыр. Мұнда кен техникасын жоғары өнімді пайдалану жөнінде бастама көтерген «мыңшылар» қозғалысы туды. Бұл бағалы бастама жаңа қозғалысқа ұласты.

Екібастұз бассейнінде көмір шығару жоғары қарқынмен дамытылуда. Біршама қысқа мерзімнің ішінде мұнда Қазақстанның ғана емес, Уралдың, Сибирьдің, еліміздің европалық бөлегінің электр станцияларын арзан көмірмен қамтамасыз етіп отырған еліміздегі аса ірі отын базасы жасалды.

Республиканың халық шаруашылығын электрмен жабдықтаумен және халықтың электр энергиясы жөніндегі қажеттерін қамтамасыз етумен бірге өнеркәсіп пен қалаларды бір орталықтан жылумен жабдықтау Қазақстан энергетикасының аса маңызды құрамдас бөлігі болып отыр. Жылу магистральдарының жалпы ұзындығы 900 километрге жетті. Жылу беру дәрежесі жөнінен Қазақстан елімізде алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр.

Республиканың барлық аудан орталықтары мен астық қабылдау пункттері, селодағы шаруашылықаралық кәсіпорындар және басқа кәсіпорындар мемлекеттік энергетика жүйелеріне қосылды. Ауыл шаруашылығын бір орталықтан электрмен жабдықтау дәрежесі 99,5 процентке жетті. Қазір барлық астық, мал бордақылау, қызылша және мақта совхоздары, құс фабрикалары энергетика жүйелерінен электр энергиясын алады. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық процестерінде жүздеген мың электр двигательдері мен электр қондырғылары пайдаланылады.

Республикада энергетиктердің, энергетика құрылысшыларының, монтажшылардың, іске қосушылар мен жөндеушілердің жүз мың адамдық армиясы еңбек етеді. Олардың көбі «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген энергетигі» деген жоғары атаққа абыроймен ие болып жүр.

Қазақстанның үнемділігі жөнінен бірегей әрі қолайлы орналасқан энергетика ресурстары жоғары экономикалық өнімділігі бар электр

энергетикасы базасын қысқа мерзімнің ішінде және шығынды мейлінше аз жұмсай отырып, одан әрі нығайтуды қамтамасыз етеді.

Осы жылдардың бәрінде Қазақстанның көп салалы индустриясы сеніммен әрі серпінді түрде дамып келеді, мұның өзі партия мен мемлекеттің біздің республикамызды дамытуға ұдайы жасап отырған қамқорлығының айқын дәлелі болып табылады. Бүгін таңда Қазақстан – ролі мен маңызы жылдан-жылға еселеп арта түсіп отырған еліміздің ірі экономикалық регионы. Ол ең ірі және ең күрделі деген міндеттерді де іркілмей шеше алады. 1979 жылы республика өнеркәсіп өнімін 1937 жылдағыдан 48 есе көп шығарды және бірқатар маңызды позициялар бойынша дамыған индустриялы державалардың деңгейіне шықты.

1980 жылдың бас кезінде республиканың өнеркәсібінде 137 өндірістік бірлестік жұмыс істеді (1970 жылы осындай 28 бірлестік болған еді). Олардың құрамына 218 дербес кәсіпорын мен 543 өндірістік бөлімше кіреді. Бұл бірлестіктер республиканың өнеркәсібі өткізетін өнімнің тең жартысына дерлігін өндіреді, бүкіл табыстың 40 проценттен астамын алады.

1954-1979 жылдарда Қазақстан барлығы 290 миллион тоннадай астық, көптеген басқа да ауылшаруашылық өнімдерін дайындады. Елімізде астық сатып алуда республиканың үлес салмағы едәуір артты. Қостанай, Целиноград, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Орал облыстары, қысқасы, астық егілетін облыстардың барлығы түгелдей товарлы астық өндіретін ірі өңірлерге айналды.

Ілгеріде айтылып өткеніндей, республикадағы тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ педагогика институты – 1928 жылы ашылды. Одан кейін іле зоотехникалық-малдәрігерлік, ауыл шаруашылық, кен-металлургия және медицина институттарының есіктері айқара ашылды. СССР Конституциясын қабылдау қарсаңында, 1936 жылы, республикада 16 жоғары және 83 орта арнаулы оқу орны болды. Қазір Қазақстанда 55 жоғары және 231 орта арнаулы оқу орны, оның ішінде 2 университет, 14 техникалық, 20 педагогикалық, бес медициналық, жеті ауыл шаруашылық, үш экономикалық, үш өнер және мәдениет, бір физкультура және спорт жоғары оқу орны бар. Алматыдан басқа, Қарағанды, Жамбыл, Целиноград, Шымкент Семей қалалары жоғары оқу орындарының ірі орталықтарына айналды.

Біздің республика жұртшылығының шет елдер халықтарымен байланысын дамытуда шет елдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамының қызметі маңызды роль атқарады. Қоғам СССР-мен достық жөніндегі шетелдік қоғамдармен, ассоциациялармен, олардың филиалдарымен, әр түрлі прогресшіл қоғамдық ұйымдармен, газеттер мен журналдар редакцияларымен достық және мәдени байланыстар жасап тұрады. Біздің халықтың Азия және Африка халықтарымен достық байланысты дамыта беруге терең ынта қоюы Үндістанмен, Лаос Халық-Демократиялық Республикасымен, Араб және

Африка елдерімен достық жөніндегі советтік қоғамдар мен ассоциациялардың қазақ бөлімшелерін құрудан айқын көрінді.

Өйткені біздің барлық ойларымыз бен істеріміз адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы – совет халқының шабытты жасампаздық еңбегінен, біздің біртұтас, байтақ Отанымыз – Советтік Социалистік Республикалар Одағынан әсте ажырасып көрген емес және ешуақытта ажыраспайды – біздің әрқайсымыз мұны өз өміріміздің ең басты мәні деп білеміз.

*Советтік Қазақстан, Алматы: Қазақстан,
1980. – 36-37, 39-40, 44-45, 46-47, 48, 52, 76, 80, 101, 170-171, 204, 255 б.*

КПСС XXVII СЪЕЗІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ОНЫҢ ШЕШІМДЕРІНЕН ТУЫНДАЙТЫН РЕСПУБЛИКА ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

*КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан
Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары*

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ баяндамасы

(Баяндама ықшамдалып жарияланып отыр).

Жуырда өз жұмысын аяқтаған КПСС XXVII съезі Ленин мен совет халқының өміріндегі айтулы кезең, халықаралық көлемдегі зор оқиға болды. Оның жаңашылдық шешімдері социалистік қоғамның он екінші бесжылдықта, осы ғасырдың аяғына дейін және одан да арғы кезеңде жеделдете сапалы ілгері басуының сипаты мен қарқынын белгілеп берді.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М.С. Горбачев жолдас жасаған, маркстік-лениндік ілімге берік сүйенген, КПСС-тің коллективтік кемеңгерлігі мен тәжірибесін терең де жарқын бейнелеп берген Саяси баяндама партия мен халықтың КПСС-тің реалистік программалық мақсаттарын, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің кезек күттірмейтін міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру, жер бетінде бейбітшілікті сақтап, нығайту жөніндегі қызметі үшін шынайы тарихи маңызы бар документ болып табылады.

Партияның жоғары форумы қабылдаған документтер ғылыми коммунизмнің теориясы мен практикасына елеулі үлес қосады, тарихи күрт бұрылыстарда жігерлі де нәтижелі іс-қимыл жасауға, адамзаттың ертеңгі күніне көз жіберуге мүмкіндік береді.

XXVII съезд КПСС Орталық Комитетінің саяси бағыты мен практикалық қызметін түгелдей және толық мақұлдап, барлық партия ұйымдарына Орталық Комитеттің Саяси баяндамасында айтылған қағидаларды, тұжырымдар мен міндеттерді өз жұмысында басшылыққа алып отыруды ұсынды.

Съездің бүкіл жұмысы іскерлік, большевиктік рух, өткен кезеңді талғампаздықпен талдау, ымырасыздық, лениндік оптимизм, белгілеген міндеттерді орындау жөніндегі бірауызды сенімділік пен бекемдік ахуалында өтті.

Коммунистердің съезде білдірілген саяси еркі біздің елдің миллиондаған еңбекшілер бұқарасын жұмылдырады, социализмнің тартымды күші мен беделінің нығаюына жәрдемдеседі, қазіргі дүнижүзілік дамудың бүкіл барысына қуатты ықпал жасайды.

Съезд шешімдері, Совет Одағының дәйекті де принципті бейбітшіл бағыты, оның бейбітшіл жаңа инициативалары шет елдерде бұрын-соңды болып көрмеген ынта-ықылас, түсініктеме пікірлер мен талдама зерттеулердің тұтас бір тасқынын туғызды.

Барлық совет адамдары сияқты, қазақстандықтар съезд

шешімдерін шабыт-жігермен қарсы алды, КПСС-тің ішкі және сыртқы саясатын қызу мақұлдап, түгелдей қолдауда, партия белгілегеннің бәрін орындауға берік бекемдік білдіруде.

Партияның XXVII съезінде қабылданған шешімдердің өзекті, негізгі идеясы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету концепциясында бейнеленген. Алдағы үш бесжылдықта еліміздің өндірістік потенциалын екі есе ұлғайтып, оны сапалық жағынан жаңартуымыз, еңбек өнімділігін шұғыл арттыруымыз қажет, ал мұның өзі азық-түлік проблемасын түбегейлі шешуге қызмет етеді, кең көлемді әлеуметтік программаның орындалуын жеделдетеді.

Орасан зор тарихи маңызы бар осынау міндетті шешуде Советтік Қазақстанның көп салалы экономикасына құрметті де жауапты орын беріліп отыр.

Он екінші бесжылдықта республика өнеркәсіп өнімін өндіруді 23-26 процент ұлғайтуға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жылдық орташа мөлшерін едәуір арттыруға тиіс.

Бұл мақсаттарға жету үшін халық шаруашылығының барлық салаларында өндірістік және ғылыми-техникалық потенциалдың пайдаланылуын шұғыл жақсарту қажет, мұның өзі еңбекшілердің әлауқатын сапалық жаңа дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді.

Бүгін таңда, съезд талап еткендей, партияның, бүкіл халықтың бірінші кезекті міндеті – экономиканың дамуындағы қолайсыз тенденцияларды батыл өзгерту, оған тиісінше серпінділік беру, бұқараның инициативасы мен творчествосына, шынайы революциялық қайта өзгерістерге кең өріс ашу.

Біз нақ осы бағытта практикалық іс-қимыл жасауымыз қажет.

Қазақстан Компартиясының XVI съезінде, өздеріңізге мәлім, өткен бесжылдықта республиканың экономикада бірқатар маңызды сан және сапа көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етпегені туралы өткір әңгіме болды. Қордың қайтарымы төмендеп кетті, бұл үшін республика КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында байыпты да әділ сыналды.

Шынында да, 1985 жылы негізгі қордың бір сомына шаққанда бізде өнім 1980 жылдағыдан 6,6 тиын кем шығарылды.

Қор қайтарымының төмендеуіне министрліктер мен ведомстволардың көбінің кәсіпорындары, соның ішінде ең көп көлемде Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде, Түсті металлургия министрлігінде, Жергілікті өнеркәсіп министрлігінде, Автомобиль жолдары министрлігінде, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінде жол берілді.

Бірқатар министрліктер мен ведомстволар өндірісті өсіру қарқыны, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту және пайда алу жөніндегі тапсырмаларды орындамады.

Бұл туралы тура да ашық мәлімдей отырып, біз Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің бүгінгі пленумында КПСС XXVII съезі шешімдерінің орындалуына, партияның жеделдету жөніндегі стратегиялық бағытының нақты жүзеге асырылуына сенімді кепілдік беретін шаралар белгілеуге тиіспіз. Мұндай көзқарас өткеннің тағылымдарынан, өзіміз жол берген кемшіліктерден байыпты қорытындылар жасауды талап етеді.

Халық шаруашылығын дамыту қарқыны туралы мәселе әрқашан да партияның экономикалық саясатындағы өзекті мәселелердің бірі болды және солай болып қала береді. Осыған байланысты республиканың негізгі өндірістік қорларынан алынатын қайтарымды тек бір тиын ғана ұлғайту оның ұлттық табысының 900 миллион сомдай немесе 4,3 процент өсуін қамтамасыз ететінін түсінуіміз қажет.

СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдыққа және перспективаға арналып, съезд бекіткен Негізгі бағыттарында еліміздің біртұтас халық шаруашылық комплексіне Қазақстанның барған сайын мол үлес қосуы көзделген.

Белгіленген шептерге жету үшін үстіміздегі жылдың жоспарын ғана емес, сондай-ақ қабылданған социалистік міндеттемелерді де халық шаруашылығының барлық салаларында орындау қажет, ал мұның өзі жалпы бесжылдықтың ойдағыдай жүзеге асырылуының сенімді іргетасына айналмақ.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары қарқынын қамтамасыз ету бірқатар ірі халық шаруашылық проблемаларын шешуді талап етеді.

Ең алдымен біз отын-энергетика комплексінің одан әрі дамытылуын қамтамасыз етуге міндеттіміз. Бұл үшін Екібастұзда көмір өндірудің жобалық дәрежесіне жету, Орталық Қазақстанның бірқатар көмір кеніштерін игеруге кірісу, Каспий атырабының мұнай және газ байлығын жедел қарқынмен игеру, қуатты электр станциялары мен электр желілерін салу қажет.

Машина жасаудың озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету керек. «Карагандасельмаш» және Қостанай дизель двигательдері заводтарын, металл өңдейтін станоктар, ауыл шаруашылық машиналарын, приборлар, электротехника өнімін шығаратын жаңа қуаттарды пайдалануға беру міндеті тұр.

Химия және мұнай-химия өнеркәсібі жоғары қарқынмен дамытылуға тиіс, минералдық тыңайтқыштар, пластмасса, автомобиль және трактор шиналары өндірісі едәуір өседі.

Қара және түсті металлургия жаңа шепке шығуға тиіс. Мұндай шикізат базасын нығайту, Жезқазған, Жәйрем, Качар және бірқатар басқа комбинаттарды кеңейту, перспективалы жаңа аудандарды игеру бұрынғысынша аса маңызды міндет болып қала береді.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы, халық тұтынатын товарлар өндіретін салалар едәуір дамытылуға тиіс.

Бүгін таңда, КПСС XXVII съезі көрсеткеніндей, экономиканы

барынша интенсивтендіру басты назарда болуға тиіс. Негізгі салмақты сан көрсеткішінен сапа көрсеткішіне, аралық нәтижеден – түпкі нәтижеге, өндірістік қорды ұлғайтудан – оны жаңартуға, ресурстарды молайтудан – оларды үнемдеуге көшіру керек.

Республикалық «Интенсивтендіру – 90» комплексті программасында осындай шаралар көзделген. Онда он бірінші бесжылдықпен салыстырғанда еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыру, өнімге жұмсалатын материалды едәуір кеміту белгіленген. Осының негізінде ұлттық табыс өсімінің жылдық орташа қарқыны айтарлықтай артатын болады.

Әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету бағытын бастап берген КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан бері бір жыл өтті. Партияның XXVII съезінен бері бір ай өтті. Ал біздің ісімізде нақтылы қандай өзгерістер болды?

Жағдайды әділ бағалай отырып, мынаны айту керек: республика өнеркәсібі биылғы жылды өткен жылдардың бәрінен де жақсы бастады. Үш айдың ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі жоспардағы 4,5 процент орнына 8,1 процент өсті. Сонымен бірге өсімнің 80 проценті еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынды. Өнімнің барлық түрін шығару жөніндегі тапсырмалар түгелдей дерлік асыра орындалды.

Қазақстан Компартиясы XVI съезінің бірінші токсанның жоспарын мерзімінен екі күн бұрын орындау жөніндегі нұсқауы жүзеге асырылды.

Ендігі міндет кол жеткенді баянды етіп қана қоймай, одан әрі дамыта түсу, жоғарыда айтылғанындай, 1986 жылға арнап қабылданған социалистік міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Осының бәрі бізден аянбай күш жұмсауды, табанды еңбек етуді, жоғары тәртіп пен ұйымшылдықты талап етеді.

Өкінішке қарай, біздің басшыларымыздың бәрі бірдей қазіргі талаптар рухына әлі де бейімделе қоймағанын атап өту керек. Олардың көпшілігі ескіше ойлап, істі қоғамдық өмірде ешқандай өзгеріс болмағандай етіп жүргізуде.

Өнеркәсіптің бірқатар салаларының бірқалыпты жұмыс істемеуі, жоспар мен міндеттемені орындамау фактілері осыны көрсетеді. Бірінші тоқсанда 95 кәсіпорын өнім өткізу жөніндегі тапсырмаларын орындай алмады, 300-ден астам, яғни әрбір бесінші кәсіпорын өнім беру жөніндегі шарттық міндеттемесін орындамады. Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстарында (Жақыпов, Әуелбеков, Ерпилов жолдастар) артта қалған кәсіпорындар саны көбейді. Талдықорған облысында (Тыныбаев жолдас) олардың саны кеміген жоқ. Осы тұрғыдан алғанда Алматы, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстары (Меңдібаев, Степанов, Қуанышев жолдастар) істі нашар түзетуде.

Өнім беруді ескергенде Қарағанды облысындағы (Коркин жолдас) кәсіпорындардың 40 процентінен астамы, Жезқазған және Гурьев облыстарындағы (Давыдов, Құлыбаев жолдастар) кәсіпорындардың

үштен бірінен астамы жоспардың орындалуын қамтамасыз ете алмады. Жеңіл өнеркәсіп министрлігі (Жомартов жолдас), Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі (Бейсенов жолдас), Түсті металлургия министрлігі (Тәкежанов жолдас), Жергілікті өнеркәсіп министрлігі (Мырзағалиев жолдас) өздерін бұрынғысынша тәртіпсіз әріптестер ретінде көрсетіп отыр.

200-ден астам кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы орындай алмауы ерекше алаңдатады. Бұл осы кәсіпорындарда өндірісті ұйымдастыруда күні бүгінге дейін бетбұрыс жасалған жоқ, қол еңбегінің үлесі, жұмыс уақытының ысырабы баяу қысқартылуда деген сөз.

КПСС XXVII съезінің шешімдеріне сәйкес, біз мұндай артта қалушылықты жоюға тиіспіз.

Партия комитеттерінің, министрліктер мен ведомстволардың жоспарды орындау ісін шұғыл түзетуі, оған кеміту жағына қарай өзгеріс енгізуді біржолата тоқтатуы қажет. Сайып келгенде, республикада тапсырманы орындамайтын бірде-бір кәсіпорын болмауына, ал «артта қалушы» деген сөздің өзі біздің сөздік қорымыздан шығып қалуына жетуіміз керек.

Орталық Комитеттің салалық бөлімдерінің (Еділбаев, Нұрышев, Дәулетова, Красносельский, Уржумов жолдастар) өз салаларындағы істің жайына терең талдау жасауы, ұйымдастырушылық жұмысты күшейтуі, неғұрлым пәрменді бақылау орнатуы, басшылардың, әсіресе жоспарлар мен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпейтіндердің жауапкершілігін арттыруы қажет.

Бірінші тоқсанның қорытындылары біздің экономиканың зор резервтері бар екенін көрсетті. Сондықтан біз өзіміздің социалистік міндеттемемізге түзету енгізсек дұрыс болар еді. 1986 жылы еңбек өнімділігін жоспардан тыс 0,5 процент арттыру көзделгені мәлім. Ал біздің мүмкіндіктеріміз міндетті кеңірек қоюға – еңбек өнімділігін косымша тағы бір процент арттыруға мүмкіндік береді, сонда 430 миллион сомның үстеме өнімі алынады. Бұл съезд шешімдеріне біздің нақты қайтарған жауабымыз, үстіміздегі бесжылдықтың тапсырмаларын орындауға қосқан сүбелі үлесіміз болмақ.

Біз ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде ғана еңбек өнімділігін едәуір арттыруға болатынын түсінуіміз керек.

Біз ең алдымен күш-жігерді өндірістің техникалық дәрежесін арттыруға, негізгі қорларды жанартудың қарқынын бір жарым-екі есе жеделдетуге шоғырландыруға тиіспіз. Күрделі қаржының жалпы мөлшерінде қайта құрудың және техникамен қайта жарақтандырудың үлесін кемінде 50 процентке дейін жеткізу қажет.

Республиканың Министрлер Советі, Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктері мен ведомстволары таяу уақытта әрбір бірлестік, кәсіпорын бойынша өндірістің техникалық деңгейін арттыру

шараларын, қайта құру жұмыстарының көлемі мен мерзімін белгілеуге тиіс. Бірақ мұны Қалқаман жол машиналары заводындағы сияқты істемеу керек. Мұнда Павлодар облыстық партия комитетінің үнсіз мақұлдауымен техникалық қайта жарақтандыруға үш миллион сомнан астам қаржы жұмсалған. Бұл қаржы екі бесжылдықтан кейін ғана өтеледі, ал қайта құру қол еңбегінің үлесін іс жүзінде кеміткен жоқ.

Партия директиваларына қарамастан бізде ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерін практикаға енгізу қарқыны әлі де төмен. Бірқатар министрліктер мен ведомстволарда қажетті қайта құру әлі күнге дейін жасалған жоқ. Республиканың энергетика және электрлендіру министрі Казачков жолдас жаңа техника енгізу жоспарының құрылымын қарап шығуды тіпті қажет деп таппаған, сөйтіп, еңбек өнімділігінің өткен жылмен салыстырғанда екі еседен астам төмендеуіне іс жүзінде келіскен. Түсті металлургия министрлігі (Тәкежанов жолдас), Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет (Гукасов жолдас), Байланыс министрлігі (Байжанов жолдас) ғылым мен техниканы дамытудың 1986 жылғы жоспарына тіпті баяғыдан бері экономикалық тиімділік бермей келе жатқан бірқатар ескірген шараларды қайта енгізген. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің (Макиевский жолдас) үйлер мен ғимараттарды ірі панельдерден көлемді блоктардан салуды жаңа техника жоспарына енгізіп келе жатқанына үш бесжылдықтан асты. Шынында бүгінде дәстүрге айналған бұл әдісте ешқандай жаңалық жоқ.

Қазір әрбір салада, әрбір кәсіпорында өндірісті толассыз жаңартып отырудың нақты программасы болуы қажет. Біз техникалық факторлар есебінен еңбек өнімділігін кемінде 70 процент арттыруға міндеттіміз.

Ғылымның өндіріс қажеттеріне қарай әлі күнге дейін тиісінше бетбұрыс жасамағанына да төзуге болмайды, бұл жайында Қазақстан Компартиясының XVI съезінде өткір айтылған болатын. Республика Ғылым академиясы іргелі және қолданбалы сипаты бар зерттеулерді кеңейтуге батыл бағыт алуы керек. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы, жеке салалар мен заводтардағы ғылымның белсене қайта құрылуы қажет.

«Қарагандагипрошахт» институты Екібастұздың «Богатырь» разрезін қайта құру жобасын жасады. Ал соған мұқият талдау жасай келгенде, бұл жоба өндіріске енгізілген жағдайда разрезде еңбек өнімділігі мен қор қайтарымы төмендеп, көмірдің өзіндік құны үштің біріндей қымбаттап кететіні анықталды. Мұндай жоба кімге қажет? – деген сұрақ туады.

Қазір ғылым мен өндірісте интеграциялаудың ұтымды формаларын тезірек іске қосу, ғылыми-техникалық комплекстер, салааралық ғылыми орталықтар құру жөніндегі ұйымдастырушылық жұмысты күшейту, салаларда базалық жоғары оқу орындарын анықтау маңызды болып отыр. Бұл – бүгін таңдағы шұғыл міндет, партия съезінің

талабы.

Техникалық прогрестің қарқынын, оның экономикаға ықпалын көп ретте «Интенсивтендіру – 90» программасының орындалу дәрежесі айқындамақ. Осы жұмыстың үйлестірілуі үшін республика Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Ғылым академиясының, ал белгіленген шаралардың дер кезінде толық орындалуы үшін – министрліктер мен ведомстволардың ролі мен жауапкершілігін арттыру керек.

Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі комиссиясы (Гребенюк жолдас) және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің осы мәселе жөніндегі үйлестіру жөніндегі (Мирошхин жолдас) республикада жаңашылдықты дамытуға, ғылыми-техникалық прогрестің ұйымдастырылуын жақсарту мен оны басқаруға ықпалды күшейтуі керек.

Орталық Комитеттің Секретариаты, бөлімдері, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері техникалық прогрестің барысына партиялық бақылауды күшейтуге міндетті. Ақыл-кеңес айтудан нақты талап қоюға көшетін мезгіл жетті.

Шығарылатын өнім сапасын түбегейлі көтеру, партияның XXVII съезінде атап өтілгеніндей, өзекті мәселе болып қала береді.

Үстіміздегі жылдың басынан бері сапасы жоғары категориялы өнімнің үлес салмағы республикада жалпы товар көлемінің небәрі 12 проценттейі ғана болды, ал мұның өзі белгіленген тапсырмадан төмен жатыр. Бұл керсеткіш өткен жылмен салыстырғанда Талдықорған облысында үш еседей, Ақтөбе облысында екі есе төмендеп кеткен. Қостанай, Көкшетау, Целиноград облыстарының өнеркәсібі ез позицияларынан айрылып қалды.

Біз сапа жолындағы күрес әрбір басшының, әрбір еңбекшінің аса маңызды ісіне айналуға тиіс деген съезд нұсқауын орындауға міндеттіміз. Министрлер Советі, Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктер мен ведомстволар, Стандарттар жөніндегі Қазақ республикалық басқармасы (Адайбеков жолдас) сапаны арттыру ісі барлық жерде жоспарлы, комплексті негізде жүргізілуіне, сөйтіп, бесжылдықтың аяғына таман жоғары категориялы өнімнің үлес салмағы 40-45 процентке жеткізілуіне күш салуы қажет.

Бұл үшін республиканың партия, совет, шаруашылық органдары сапа көрсеткіштері барлық жерде бірінші кезекте болуы үшін, әрбір коллективтің және әрбір министрліктің қызметін айқындайтын басты көрсеткіш ретінде көрінуі үшін мүмкін нәрсенің бәрін істеуге тиіс. Өнім сапасындағы ақау үшін қатаң талап ететін және жалпылама талап етпей, нақты айыпкерлерден талап ететін мезгіл жетті.

Ақыр-аяғында, жұмыс істеп тұрған қуаттардың пайдаланылуын барынша жақсарту сияқты ірі резервті де толық дәрежесінде іске қосатын мезгіл жетті. Бұл проблеманың біз үшін ерекше маңызы бар.

Өнеркәсіп орындарының үштен екісіне жуығы жұмысты жобалық деңгейден гөмен істеуде. Жасалған есептерге қарағанда, олардың толық қуатында жұмыс істеуі үстіміздегі жылы шығарылатын өнім көлемін қосымша 1,5 миллиард сомдай ұлғайтуға мүмкіндік беретіні көрініп отыр,

Қуаттардың пайдаланылуын жақсарту міндеттерін шешуде республика Министрлер Советі, Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктер мен ведомстволар жетекші роль атқаруға тиіс. Бұл істе облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері принципті позиция ұстануға міндетті. Фактілерді тіркеуді қойып, батыл нақты іс-әрекетке көшетін, әрбір агрегаттың, әрбір тасқынды линияның қайтарымын ұлғайту жолдарын табандылықпен іздестіретін мезгіл жетті. Машина жасауда біз жабдықтың сменалық коэффициентін 1,6-1,8-ге, оның ішінде икемді өндірістік үлгілер мен жүйелерді – 2-2,5-ке көтеруге міндеттіміз.

КПСС XXVII съезі талап еткендей, материал және отын-энергетика ресурстарын пайдалануға көзқарасты батыл өзгерту қажет. Бұл салада да мықтап жұмыс істеу керек. Ресурстар жөніндегі қажеттіктің өсімін айтарлықтай дәрежеде үнемдеу есебінен қамтамасыз етуге қол жеткізу керек. Ысырапқорлықтың, өрескел қырсыздықтың, үнемді елемеудің толып жатқан фактілерін жоятын мезгіл жетті.

Министр Жомартов жолдас басқаратын Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде өткен жылдың қорытындысы бойынша он бір кәсіпорында өнімнің 12 миллион сом қымбаттауына жол берген фактісіне төзуге бола ма? Өнімсіз шығындар 38 миллион сом болған. Министрлік тек өнімнің төмен сапасы үшін ғана 17 миллион сомнан астам айып төлеген. Бейсенов жолдас басқаратын Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі де шамамен осындай финанстық жағдайға тап болды.

Көптеген шаруашылық басшылары, тіпті партия комитеттері де жаңа талаптардың – ақшаны есептеу, шығысты кіріске лайықтап жұмсау, көптен де, аздан да үнемдеу талаптарының мәнін осы кезге дейін түсінген жоқ. Өткен жылы Гурьев, Жезқазған, Павлодар, Торғай облыстарында ресурс түрлерінің көпшілігін үнемдеу жөніндегі тапсырма орындалған жоқ. Өнеркәсіп орындарының 18 проценті материалдық шығынның артық жұмсалыуына жол берді.

Облыстық партия комитеттері де, министрліктер де бұл мәселелермен шындап айналыспай отыр.

Мемлекеттік жабдықтау комитеті, Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың министрліктері мен ведомстволары «Ресурс үнемдеу» программасының жүзеге асырылуын, қалдықсыз және қалдығы аз технологиялардың кеңінен енгізілуін қамтамасыз етуге, өнімге жұмсалатынын материалдың жыл сайын кемітілуіне қол жеткізуге міндетті.

Болашақта республикада қайталама материалдық ресурстарды пайдалану деңгейін 13 проценттен 25 процентке жеткізу қажет. Осыған

байланысты тапсырманы кәсіпорынға ғана емес, сонымен бірге, цехқа, учаскеге, бригадаға жеткізу қажет. Ынталандыру туралы ереже қайта қаралуға, есеп пен бақылау жолға қойылуға тиіс.

Ресурстарды үнемдеу мәселелерінде партия комитеттері, кәсіподақтар, комсомол, халықтық бақылау ең белсенді позиция ұстануға тиіс.

Қайта құру жағдайында еңбек ресурстарын пайдалануды жақсарту өндірісте ретгілік пен тәртіпті нығайту ерекше мәнге ие болады. Барлық істегі сияқты, мұнда да жіті, жүйелі көзқарас қажет.

Көптеген кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастыру дәрежесі әлі төмен, жұмыс орындарын аттестациялауға, кадрларды өндірісте тұрақтандыруға және олардың біліктілігін арттыруға назар аударылмайды.

Орталық Комитеттің Секретариатында жақында Шымкент қалалық партия ұйымының жұмысын талқылау бұл учаскеде партиялық басшылықтың дәрежесі әлі де тым төмен екенін барынша айқын көрсетті.

Жұмыс уақытының өнімсіз ысырабы баяу кемітілуде. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өнімсіз ысырап бір миллион адамның жұмыс күнінен асып түсті. Олардың үштен бірі – әкімшіліктің рұқсат етуімен жұмысқа келмей қалушылықтан болғаны әсіресе ренішті. Өйткені мұның өзі еңбек ресурстарын тікелей ысырап етуден, басшылардың мемлекет есебінен жөнсіз мырзалық етуінен басқа түк те емес.

Жұмыс уақытының өнімсіз ысырабын бір жарым-екі есе қысқарту туралы белгілі тапсырма орындалуға тиіс.

Қысқасы, өнеркәсіпте КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, барлық дәрежедегі партия ұйымдарының жауапкершілігін арттыру, тәртіп пен ұйымшылдықты барынша нығайту негізінде біз үстіміздегі жылдың жалпы он екінші бесжылдық тапсырмаларының кепілді түрде орындалуын қамтамасыз ете аламыз және қамтамасыз етуге тиіспіз. Бұл бүкіл республика партия ұйымының аса маңызды міндеті.

КПСС XXVII съезі күрделі құрылысты түбірімен қайта құру міндетін қойды. Біз жұмыстың ескірген және өзін өзі ақтамаған формаларын неғұрлым жігерлі түрде езгертіп, жылдар бойы қалыптасқан кемшіліктерді неғұрлым тез жоюымыз керек. Барлық объектілерді дер кезінде іске қосу ең алдымен жұмыс істеп тұрған потенциалдың пайдаланылуын жақсартуды талап етеді. Құрылыстағы негізгі өндірістік қорлардың құны өткен бесжылдықта 30 проценттей көбейді, ал жұмсалған қаржының өлшеміне шаққанда орындалған жұмыс көлемі 15 процент кеміді. Бұдан байыпты қорытынды шығару керек.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің

«Еліміздің халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мақсатымен күрделі құрылысты жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» арнаулы қаулы қабылдағаны мәлім.

Соған сүйене отырып, жігерлі түрде, жаңашылдық рухта қимылдау керек. Алайда ескі дағдының, ескі көзқарастардың әлі де жаны сірі. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен министрліктердің кінәсінен биылғы жылдың программасына қажетті қаржы бөлінбеген көптеген объектілер тағы да енгізілген. Түсті металлургия министрлігі өткен жылдардан ауысқан жеті құрылысқа 5,5 миллион сом қаржыны кем бөліп, жоспарға жаңадан 13 құрылыс енгізген. Бұл істе Құрылыс банкісі мен Мемлекеттік банкінің республикалық конторлары да принципсіздік көрсетуде. Соның салдарынан аяқталмаған құрылыста бүгін таңда 600 миллион сомнан астам мемлекеттік қаржы қозғаусыз жатыр.

Республика Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, министрліктері мен ведомстволарының партия мен үкімет талаптарын негізге ала отырып, он екінші бесжылдықта кәсіпорындар мен объектілер салу кезегін белгілеуі, құрылыс әзірлігі төмен объектілер салуды тоқтата тұруға батылырақ баруы қажет.

Жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта құруға және техникалық жағынан қайта жарақтандыруға батыл қайта бағдарлану керек. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің программасында бұл жұмыс әзірше төрттің біріндей ғана болып отыр.

Қазақ ССР Министрлер Советі, республика министрліктері мен ведомстволары, өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындар шаруашылық әдіспен құрылыс салуды дамытуға ерекше маңыз беріп, таяу уақытта оның көлемін ұлғайту жөніндегі нақты шараларды жүзеге асыруы қажет.

Ағымдағы бесжылдықта Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетуге бөлінетін мемлекеттік күрделі қаржының өзі ғана 50 миллиард сомға дейін артады. Бұл қаржыны басты бағыттарда және ең алдымен отын-энергетика комплексінің, машина жасаудың, химия және мұнай-химия өнеркәсібінің, қара және түсті металлургияның қуаттарын, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс объектілерін озық қарқынмен салуға білгірлікпен жұмылдыру керек.

Каспий атырабында мұнай-газ комплексін дамыту проблемасы ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Мұнда 3 миллиард сомға жуық күрделі қаржы игеру, Теңіз кен орнында мұнай өндіру және Қарашығанақ кен орнында газ өндіру жөніндегі ірі қуаттарды іске қосу керек. Алайда комплекс құру жөніндегі жұмыс баяу өрістетілуде. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі белгіленген тапсырмаларды орындамайды, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті жобалауды ұзаққа созып жіберді. СССР Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Мұнай өнеркәсібі министрлігі, Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі министрлігі бұл аудандарда өндірістік база

жасауды тиісті қарқынмен жүргізбей отыр.

Сонымен бірге қолда бар скважина қорлары ұзақ уақыттан бері қанағаттанғысыз пайдаланылуда, соның, салдарынан Батыс Қазақстан кен орындарында мұнай кәсіпшіліктерінің жұмыс тиімділігі кеміп отыр.

Ақтөбе, Гурьев, Маңғышлақ, Орал облыстық партия комитеттерінің бұл құрылыстарды тұрақты бақылауға алуы, мұнай өндіретін басқармалардың жұмысын жолға қоюы, мұнай кәсіпшіліктерінің еңбекшілеріне қажетті тұрғын үй және тұрмыстық жағдайлар туғызып, оларды ең зәру товарлармен және өнімдермен қамтамасыз ету жөнінде шынайы қамқорлық жасауы керек.

Энергетика құрылысында түбегейлі бетбұрыс жасалуға тиіс. Қазір бұл сала экономикадағы осал буынға айналып отыр. Ал Екібастұздағы 2 – ГРЭС-тің құрылысында ауыр жағдай қалыптасты. Мұнда жұмыс көлемі үш есе дерлік ұлғайды, ал мұның өзі жұмысшылар санын едәуір көбейтуді талап етеді. Алайда бұған дер кезінде әзірлік жүргізілмеді. Павлодар облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті 1-ГРЭС-ті салу кезіндегі теріс тағылымдардан қорытынды жасамады, ГРЭС тұрғын поселкесінің құрылысын және энергетика құрылысшыларының өндірістік базасының ұлғайтылуын бақылаудан шығарып алды.

Шульба, Оңтүстік Қазақстан электр станцияларының құрылысы өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. Мұнда да істі шұғыл түзету керек.

Біз күрделі құрылыстың индустриялық деңгейін едәуір арттыру жөніндегі съезд талабын қамтамасыз етуге міндеттіміз. Бұл үшін Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Мемлекеттік құрылыс комитеті, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Монтаждау жіне арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі, «Главалмаатастрой» құрылыстың техникалық дәрежесін арттырудың комплексті программасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты белсендірек өрістетуі, құрастырмалы темір-бетон өндіретін қуаттардың пайдаланылуын 95 процентке дейін жеткізуі, машиналар мен механизмдерді пайдалану коэффициентін ұлғайтуы, осы заманғы прогресті материалдар мен конструкциялар шығару жөнінде бірқатар қуаттар жасауы, саланы техникалық жағынан қайта жарақтандыру жөнінде шаралар комплексін орындауы керек.

Құрылыс өндірісін жетілдіру, еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу аса маңызды міндет болып қалуда. Бесжылдықтың аяғына таман бригадалық мердігерлікті 1,5 есе ұлғайту қосымша қажет болатын 25 мыңға жуық жұмысшыны тартпай-ақ қоюға мүмкіндік береді.

Қазір құрылыс ұйымдары мен партия комитеттерінің басты назары бөлінген қаржының сөзсіз орындалуына шоғырландырылуға тиіс. Күрделі қаржының бөлінген лимиттерінің толық игерілуіне, мемлекеттік маңызы бар объектілердің, басқа да өндірістік қуаттардың дер кезінде

іске қосылуына қол жеткізу керек.

Тұрғын үйлер, мектептер, балабақшалар, ауруханалар, емханалар салудың бірінші тоқсандағы жоспарының орындалғаны қуанышты. Ендігі іс – жұмыс сапасын жақсартып отырып, тұрғын үйлерді, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерді алдағы уақытта да белгіленген мерзімдерде пайдалануға беру.

Ендігі міндет алған қарқыннан айрылмай, күрделі күрделі жоспарларын орындауда болып отыр.

Партия, совет, шаруашылық органдары қаржының шашыратылуын тиюы, адам және материал ресурстарын ең алдымен іске қосылатын объектілерге шоғырландыруға баса назар аударуы, орындалатын құрылыс-монтаж жұмысының сапасын күрт жақсартуы керек. Республиканың бүкіл халық шаруашылығының одан әрі дамуы бесжылдықтың бірінші жылында күрделі құрылыс жоспарларының ойдағыдай орындалуына байланысты.

Транспорттың барлық түрлерінің жұмысында үлкен резервтер бар. Бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша жүк жөнелту көлемі 10 процент ұлғайды, вагон айналымы 20 проценттей жеделдеді. Бірақ бұл тіпті де шек емес, өйткені транспорт қызметінде кемшіліктер мен олқылықтар әлі де кеп.

Ұйымдастырушылық жұмыс дәрежесін одан әрі арттыру, тасымал процестерін жетілдіру керек. Техникалық жағынан одан әрі қайта жарақтандыруға, прогресті еңбек әдістерін кеңінен енгізуге баса назар аударған жөн. КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында мақұлданған белорус теміржолшыларының тәжірибесін кеңінен қолдану керек.

Осыған байланысты Алматы темір жолы коллективінің адам санын қысқарту есебінен еңбек өнімділігін екі жыл ішінде 14 процент арттыру жөніндегі жұмысы назар аударарлық. Мұндай практиканы барлық транспорт кәсіпорындары мен ұйымдарының коллективтері қолдауға тиіс.

Алматы (Көпжасаров жолдас), Батыс Қазақстан (Тұрғанбаев жолдас), Тың (Есенғарин жолдас) темір жолдары басқармалары, Автотранспорт министрлігі (Караваев жолдас), Қазақ азаматтық авиация басқармасы (Кузнецов жолдас), Өзен флоты бас басқармасы (Багурин жолдас) транспорт жұмысын түбегейлі жақсарту жөніндегі шаралардың нақты комплексті программасын белгілеулері керек.

Республика байланысшыларының (Байжанов жолдас) алдында үстіміздегі жылы телевизияны, радиохабарды, электр және почта байланысын дамыту жөнінде қауырт тапсырмалар тұр. Ол тапсырмалар жай орындалып қоймай, асыра орындалуға тиіс.

Автомобиль жолдары министрлігінің (Бекболатов жолдас) аса маңызды міндеті – барлық аудан орталықтарына және совхоздар мен колхоздардың орталық мекендеріне жол салуды осы бесжылдықта

аяқтау.

КПСС XXVII съезі республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің қызметкерлері алдына құрметті де жауапты міндеттер қойды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жылдық орташа көлемін 13-15 процент ұлғайтуымыз, елдің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға үлес қосуымыз керек екені белгілі.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің жуырда қабылданған «Еліміздің аграрлық-өнеркәсіптік комплексінде шаруашылықты жүргізудің экономикалық механизмін одан әрі жетілдіру туралы» қаулысында экономиканың аграрлық секторын шұғыл өрге бастыруға бағытталған ірі шаралар белгіленген. Оларды жүзеге асыру азық-түлік өнімдерін өндіруді ұлғайтуға, олармен халықты жабдықтауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Біз үшін міндеттер айқын. Республика жыл сайын кемінде бір миллиард пұт астық беруге, ет, сүт, овощ, картоп және басқа өнім өндіру мен дайындауды шұғыл арттыруға тиіс.

Басты назарды Қазақстанның мол астығы жолындағы күреске шоғырландыру керек – ол әрқашан да біздің, бүкіл ұйымдастырушылық және бұқаралық-саяси жұмысымыздың ең екпінді учаскесі, сара бағыты болып келді, болып отыр және әрдайым солай болып қала береді.

Биыл кемінде 29 миллион тонна жоғары сапалы астық жинау — республика партия ұйымының, барлық еңбекшілердің, ең алдымен, селолық аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің, шаруашылық басшыларының және ауыл шаруашылық өндірісімен байланысты баршаның абыройлы ісі. Бұл міндетті шешуге барлық күш түп-түгел жұмылдырылуға тиіс.

Дәнді дақылдар өсірудің интенсивті технологиясын енгізуді мықтап қолға алу, соның есебінен кемінде 3,3 миллион тонна үстеме астық алынуын қамтамасыз ету керек. Суармалы егіншілік аймағында күріш пен жүгері дәнінен барынша мол өнім алу маңызды.

Бүгін таңда республикада егіннен жақсы өнім алу үшін қолайлы жағдайлар қалыптасып келеді. Тәп-тәуір ылғал қоры жинақталды, сапалы тұқым әзірленді, техника жөндеу неғұрлым жоғары қарқынмен жүргізілуде, минералдық және органикалық тыңайтқыштар енгізу көлемі өсті, 60 мыңға жуық механизатор прогресті технологияларға үйретілді.

Оңтүстік облыстар тұқым сеуіп жатыр, оның солтүстікте басталуына да шамалы ғана уақыт қалды. Алайда бірқатар жерлерде көктемгі егіс жұмысына бәрі бірдей әлі де әзір емес. Алматы, Семей, Талдықорған және Павлодар облыстарының шаруашылықтарында көп тұқым сапасыз. Жезқазған және Торғай облыстарында техника түгел жөнделіп біткен жоқ. Өткен жылдары астық жөніндегі неғұрлым ірі олқылықтар нақ соларда орын алған еді ғой. Демек, қорытынды шығарылмаған, жұмыс қайта құрылмаған, енжарлық пен қырсыздық әлі де жойылмаған.

Тұқым себуди қатаң агротехника бойынша жүргізіп, ойдағыдай өткізу – бітік егіннің негізі. Ешқандай олқылыққа жол бермей, дәнді және басқа дақылдарды ғылым мен озық практика белгілеген ең оңтайлы мерзімде себу керек. Тұқым себуди дер кезінде сапалы өткізіп, сол арқылы бітік егіннің берік негізін қалау үшін бірде-бір сағатты босқа өткізбеу, аянбай жұмыс істеу, әрбір учаскеде іскерлік, қауырт қимыл жасау керек.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы биылғы жылдың өзінде Отанымызға астықты барынша мол беру қажеттігіне, мұның өзі партияның XXVII съезінің шешімдерін орындауға қосылған өте маңызды нақты үлес болатынына Қостанай, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Көкшетау, Павлодар, Орал облыстарының және астық егетін басқа да барлық облыстардың партия, совет, шаруашылық кадрларының назарын ерекше аударуға тиіс.

Бұдан кейін баяндамашы жарма дақылдарын өндіруде батыл бет-бұрыс жасау, қант қызылшасы мен шитті мақта өндірудегі артта қалушылықты жою, күріштің, дәнге арналған жүгерінің шығымдылығын арттыру қажеттігіне тоқталды.

Қартоп пен овощ, жеміс-жидек өндіруді молайтуға көбірек көңіл бөлу қажет. КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларына сәйкес, республика халқын осы өнімдермен біздің өз ресурстарымыз есебінен толық қамтамасыз ету бағытында жұмысты жолға қою керек. Бұл мәселенің Орал, Гурьев, Торғай, Жезқазған және Қызылорда облыстары үшін ерекше шұғыл мәні бар.

Мал шаруашылығындағы істің жайы, деп атап өтті Д.А Қонаев Қазақстан Компартиясының XVI съезінде елеулі сынға ұшырағаны мәлім. Съезд бізді саланы қиындықтан шығару үшін түбегейлі шаралар қолданып, батыл қимыл жасауға міндеттеді. Ол жемшөп базасын нығайтуды, селекция-мал тұқымын асылдандыру жұмысын айтарлықтай жақсартуды, прогресті технологияларды енгізуді, кадрларды іскерлікпен іріктеп, орналастыруды, шаруашылық есеп пен коллективтік мердігерлікті кеңінен енгізуді талап етті.

Бұл шаралар саланың интенсивті әдістерге көшірілуін қамтамасыз етуге, мал шаруашылығы өнімдерін, ең бастысы – ет өндіру мен дайындауды едәуір арттыруға тиіс. Бұл үшін малды марқайту мен бордақылаудың бүкіл ұйымдастырылуын қайта құру, оны аман сақтап, барынша мол қосымша салмақ алу жолындағы күресті өрістету керек. Күйсіз, арық малды етке тапсыруды тоқтатып, оны тек жоғары қондылықпен өткізу керек.

Өткен жылы бордақылап өткізілген ірі қара малдың үлес салмағы 46 процент, ал қойдың үлес салмағы – тек 8 процент беруге болмайтын факт деп бағалаймыз. Бұл керсеткіштер, әсіресе Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шымкент облыстарында, ал қой жөнінде – Павлодар, Алматы, Гурьев облыстарында төмен.

Бүгін таңда малды өз төлінен көбейтуді жақсарту, оның аман сақталуын және жұқпалы аурулардан арылуын арттыру мәселелері ерекше актуальды болып отыр. Бесжылдық тұсында ет ресурсының осы себептерден болған жалпы ысырабы жылдық өндіріс дәрежесінен асып кетті. Малдың ішкі шаруашылық мұқтаждар дейтінге көп жұмсалуды жағдайды қиындата түсуде. Шымкент облысында, мысалы, бес жылдың ішінде лимиттен тыс 17 мың тоннадан астам ет жұмсалған. Облыстың бесжылдық жоспарды орындауына да дәл сонша ет жетпеді. Нақ осындай жағдай Талдықорған, Алматы және Орал облыстарында да қалыптасты. Республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті бұл істе батыл тәртіп орнатуға тиіс.

Біз қой шаруашылығында соңғы жылдары жол берілген артта қалушылықты жою міндетін орындауға тиіспіз. Қазір бұл салада жалпы жағдай жаман емес. Бүгінге дейін республикада 270 мыңдай қозы алынып отыр, бұл 100 саулыққа шаққанда өткен жылғыдан 2 есе артық.

Төлді аман сақтау, оны көп салмақ тартатындай етіп бордақылау, сөйтіп, мемлекетке жақсы қондылықпен тапсыру үшін бәрін де істеу қажет.

Ет ресурстарын одан әрі молайтудың зор міндеттері шошқа шаруашылығын, құс шаруашылығын, жылқы шаруашылығын, үй қояны шаруашылығын одан әрі дамытуды талап етеді.

Бірқатар жерлерде мал тұқымын асылдандыру және зоотехникалық жұмыстың бетімен жіберілуі, еңбек пен технология тәртібінің төмендігі бірқатар шаруашылықтарда сүт өндірудің күрт төмендеуіне әкеліп соқты. Бізде әрбір сиырдан 1000-1500 килограмм сүт сауатын шаруашылықтар, тіпті тұтас аудандар әлі де бар. Олар Қызылорда, Жезқазған және Гурьев облыстарында көп. Бұларда үстіміздегі жылы да елеулі өзгерістер байқалмай отыр, ал берілген уәдеде кемдік жоқ.

Халықты сүт өнімдерімен қалыпты қамтамасыз ету үшін, жоғары да атап өтілгеніндей, фермалардағы еңбек коллективтерінің күш – жүгерін республика бойынша орта есеппен әрбір сиырдан 2300-2400 килограмм, ал қала маңындағы аймақтарда – 3500-4000 килограмм сүт саууға жұмылдыру қажет.

Осы мақсатта көптеген озық шаруашылықтардың тәжірибесін толығырақ пайдалану керек.

Бірінші тоқсандағы жұмыстың нәтижелері биылдың өзінде шұғыл бетбұрысқа қол жеткізуге болатынын айқын көрсетіп отыр. Тоқсандық жоспарлар барлық көрсеткіштер бойынша түгел мерзімінен бұрын орындалды. Етке тапсырылатын малдың салмағы айтарлықтай ұлғайды, сауын сиыр табынының өнімділігі артты, малдың өлім-жітімі екі еседей қысқарды. Оң өзгерістерге жеделірек қарқын беріп, осының негізінде үстіміздегі жылдың жоспарлары мен социалистік міндеттемелерін орындап шығу керек.

Партия, совет және шаруашылық органдарының алдында – интенсификация негізінде жемшөптің барлық түрлерін дайындау көлемін бесжылдықтың аяғына таман 1,7 есе ұлғайтып, сапасын жақсарту, әрбір шаруашылықта оларды сақтайтын, ұқсататын база құру, азықтық белок проблемасын шешу міндеті тұр. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ біз шартты мал басына шаққанда кемінде 19 центнер өлшемді жемшөп дайындауға тиіспіз.

Солай бола тұрса да, бірқатар облыстар өткен жылдардың мал қыстатудағы қиындықтарынан қорытынды жасамай, биыл жемшөп дайындайтын техниканы жөндеуге асығар емес. Алматы (Меңдібаев, Беляков жолдастар), Шымкент (Мырзашев, Жандосов жолдастар), Жамбыл (Жақыпов, Аққозиев жолдастар) облыстарында шөп шабатын машиналардың, тырмалардың және шөпті жинап, тайлайтын механизмдердің бестен бірі әлі күнге дейін дайын емес. Тұтас алғанда республика бойынша шаруашылықтардың тең жартысы ғана жемшөп өндіруді жеке сала етіп бөлген. Республикалық және облыстық аграрлық өнеркәсіптік бірлестіктер бұл мәселелерді бақылауға алып, жан-жақты шаралар қолдануы қажет.

Ұқсатушы өнеркәсіпті жедел дамыту Азық-түлік программасын орындау жөніндегі жұмыста аса маңызды бағыт болуға тиіс. Бұл мәселе жуырда ғана республикалық кеңесте егжей-тегжейлі қаралды. Кеңестің ұсыныстарын орындау өнім шығаруды ұлғайтуға, оны өндірудің, сақтаудың және ұқсатудың барлық сатыларында ысырапты қысқартуға мүмкіндік береді. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті кеңесте көтерілген мәселелердің орындалуын бақылауға алады.

Азық-түліктің барлық түрін молайту жолындағы күрес – жалпы халықтық іс, сондықтан одан ешкім де шет қалмауға тиіс.

Алға қойылған міндеттерді шешу көп ретте аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың жаңа органдарының жемісті жұмысына байланысты.

Қазірдің өзінде біраз уақыт өтті, ал Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеттің (Гукасов жолдас) және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері өз орындарына әлі жайғасып бола алмай жатыр, жағдайға баяу қанығуда. Қазір, барлық жағдайлар жасалып болған кезде, олар белгіленген жоспарлардың орындалуы, халықтың етпен, сүтпен, маймен және басқа азық-түлік тағамдарымен қалыпты жабдықталуы үшін толық көлемінде жауап беруге міндетті.

Басқарудың экономикалық тұтқаларын пайдалана отырып, Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет ең жоғары түпкі нәтижелерге, өзін-өзі өтеуге қол жеткізуге, коллективтер табысының деңгейін жұмыс тиімділігіне тікелей тәуелді етуге назар аударуы керек. КПСС Орталық Комитетінің нұсқауларына сәйкес жоспарлаудың, қаржыландырудың және кредит берудің нормативтік-ресурстық әдісін қысқа мерзім ішінде белгілеп, оны іс жүзінде пайдалануға көшу керек.

Тек осындай жағдайда ғана біз аграрлық-өнеркәсіптік кәсіпорындарының экономикасын көтере аламыз.

Өткен жылдардың тәжірибесі мынаны көрсетті: өзін-өзі өтеу, материалдық мүдделілік және жауапкершілік принциптерін ескермеу жағымсыз нәтижелерге апарып соқтырады. Мәселен, үш облыс – Көкшетау, Семей, Орал облыстары – өткен бес жылда өнімнің өзіндік құнының бір жарым миллиард сомнан астам мөлшерде қымбаттауына жол берді.

Шаруашылық есеп, табыстың түпкі нәтижелерге тәуелді болуы аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық буындары үшін нормаға айналуға тиіс. Жұмыс істеушілерді коллективтік мердігерлікке көшіруді егіншілікте – биыл, ал мал шаруашылығында – келесі жылы аяқтайтындай етіп істі жолға қою керек.

Селоны әлеуметтік жағынан қайта құру, село еңбеккерлерінің әлауқатын арттыру жөніндегі жұмыс күшейе түсуді талап етеді. Тұрақты еңбек коллективтерінің құрылуы көп жағдайда осыған байланысты.

Осыған орай село құрылысшыларының алдында зор міндет – су шаруашылық құрылысы, басқа да өнеркәсіп объектілерін салу жоспарларын, тұрғын үйлерді, мектептерді, мектеп жасына дейінгі балалар мен медицина мекемелерін, клубтарды, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық барлық объектілерді пайдалануға беруді дер кезінде қамтамасыз ету міндеті тұр.

Сонымен қатар партия, совет органдары ұқсатушы салалардың кәсіпорындарын салу және оларды техникалық жағынан қайта жарақтандыру барысын бақылауға алуға тиіс.

Жеделдету жолындағы күрестің алдыңғы шебі ғылым арқылы өтетін атап айта келіп, баяндамашы ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі президиумының (Медеубеков жолдас), Астық шаруашылығы (Сүлейменов жолдас), Егіншілік (Әбуғалиев жолдас), Өсімдік қорғау (Нұрмұратов жолдас), Ауыл шаруашылығы экономикасы (Спанов жолдас) институттарының жұмысын сынға алды.

Партия комитеттеріне барлық ғылыми коллективтерде іскерлік, творчестволық жағдай жасалуына барынша жәрдемдесу міндеті қойылды.

Облыстық партия комитеттері, Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі бөлімі (Ануфриев жолдас) КПСС XXVII съезінің талаптарын басшылыққа ала отырып, партия директиваларының орындалуына бақылауды күшейтуі, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс кадрларының таспырылған жұмыс учаскесі үшін жауапкершілігін арттыруы, істі жеделдетпей отырғандардан қатаң талап етуі керек.

Ауыл шаруашылық өндірісі саласында айқын іс-қимыл программасы бар. Міндет мынада: әрбір облыс, аудан, совхоз, колхоз, бригада, ферма үшін үстіміздегі жылдың өзі-ақ бетбұрысты жылға

айналуға тиіс.

Республиканың село еңбеккерлері өздерінде стахановшыларша қимылдайтын күш-жігер, жоғары шеберлік, табандылық пен қажырлылық бар екенін талай рет дәлелдеді. Партия ұйымдарының басшылығымен олар мұны өздерінің екпінді, нәтижелі еңбегімен тағы да дәлелдейтініне, қабылданған міндеттемелерді орындайтынына күмән жоқ, ал мұның өзі съезд шешімдеріне қайтарылған ең жақсы жауап болмақ.

XXVII съездің шешімдеріне сәйкес алда басқаруды комплексті түрде қайта құруды жүзеге асыру, бүкіл шаруашылық механизмінің тиімділігін арттыру міндеті тұр.

Бірлестіктер мен кәсіпорындардың нақты дербестігін қамтамасыз етуге, өздерінің алдына қойылған міндеттерді орындау жөніндегі жауапкершілігін арттыруға баса назар аудару қажет.

Қазір 1400-ден астам еңбек коллективі шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында жұмыс істеуде. Олардың көпшілігі тәуір нәтижелерге жетуде.

Сонымен бірге олардың төрттен бірі ай сайын шарттық міндеттемелерін орындамайды, белгіленген техникалық-экономикалық көрсеткіштерге жете алмай келеді. Қаншалықты оғаш көрінгенімен, бұған кейбір министрліктер мен ведомстволар кінәлі. Олар шаруашылықтың бастауыш буындарының өскелең мәнін жете бағаламайды, бұлар жөнінде бюрократтыққа, жөнсіз қамқоршылдыққа және әкімшілдік асыра сілтеуге көбірек салынады.

Мұндай ағаттықтар мен олқылықтардан дереу қорытынды жасау, басшылықтың экономикалық әдістеріне кең өріс ашу керек.

Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Финанс министрлігінің, Мемлекеттік банктің, Құрылыс банкісінің, барлық министрліктер мен ведомстволардың ең бірінші міндеті – еңбек коллективтерінің шынайы шаруашылық есепке, өзін-өзі өтеуге және өзін-өзі қаржыландыруға көшуіне көмектесу, жоспарлы негіздердің, финанс-кредит тұтқаларының және экономикалық нормативтердің шаруашылық жүргізудің түпкі нәтижелеріне ықпалын күшейту. Біз материалдық-техникалық жабдықтау органдарымыздан көбірек икемділік пен оперативтілікті талап етуге хақылымыз. Шығынға қарсы стимулдарды барынша тез әзірлеуде республикалық Баға комитеті кесімді сөзін айтуға тиіс.

Статистика органдары қажетсіз информация тасқынына сенімді тосқауыл қоюға тиіс. Мұнымен әуестенушілік бізде соңғы уақытта көбейіп кетті. Мәселен, Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Түсті металлургия министрлігі, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі есеп берудің 40-тан 65-ке дейін қосымша түрін белгілеген. Бұларға миллионға жуық көрсеткіш енгізіледі.

Екінші жағынан, дер кезінде берілетін дұрыс информацияны барлық жерде жолға қою, одан даңғазалықты, фактілердің бұрмалануын,

қосып жазушылықты, көзбояушылықты аластау қажет. Мұндай қылықтар үшін ерекше қатаң жауап талап етілетін болады.

Партияның экономикалық стратегиясының негізгі мақсаттарын жүзеге асырудағы Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің ролін арттыру, шаруашылықты салалық және территориялық басқарудың ұтымды ұштастырылуын, республика облыстарының, қалалары мен аудандарының комплексті дамытылуын қамтамасыз ету керек.

Сондай-ақ, көбінесе ешқандай негізсіз, қабылданған жоспарлардың ізінше, Орталық Комитет пен республика үкіметіне қосымша финанс қаржысы мен ресурстар бөлу туралы өтініш жасау практикасына да тыйым салатын мезгіл жетті. Мұндай сұраншақтарға өткен бесжылдықта бізде үш миллиард сомға жуық күрделі қаржының кем игерілгенін ескерте кеткен артық емес.

Жеделдету мен тиімділік басқару құрылымын жетілдіруді, оның аппаратын қысқартып, басқарудың екі буынды жүйесіне көшуді талап етеді. Бұл тақырыпта әңгіме көп, бірақ көш әлі орнынан жылжыған жоқ. Әсіресе құрылыс материалдары өнеркәсібі, жеңіл, жергілікті өнеркәсіп мелиорация және су шаруашылығы министрліктерінде жағдай жағдай солай.

Басқарудың икемді де тиімді жүйесін құру мүддесі үшін біз, ақыр соңында, өндірісті шоғырландыру, мамандандыру және кооперациялау процесін жеделдетуіміз, ведомствошылдық пен жергілікшілдікке қарсы неғұрлым белсене күресуіміз қажет.

Жолдастар!

КПСС XXVII съезі еңбек адамы туралы қамқорлық – партияның негізгі өзекті қамқорлығы, оның бүкіл саясатының мән-мағынасы мен мазмұны деген ойды ерекше күшпен атап көрсетті.

Партияның 2000 жылға дейін іс жүзінде әрбір семьяны жайлы жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы программалық талабын орындау зор әлеуметтік мәні бар істердің бірі болып табылады.

Өткен бесжылдықта республиканың әрбір бесінші тұрғыны жаңа пәтер алды. Тұрғын үй жөніндегі қажеттікті қанағаттандыру оның құрылысының қарқыны мен ауқымына, пәтерлердің дұрыс бөлінуіне байланысты.

Үстіміздегі бесжылдықтың өзінде біз қаржыландырудың барлық көздері бойынша 34 миллион шаршы метр тұрғын үйді, оның ішінде биыл 6,5 миллион шаршы метр тұрғын үйді іске қосуымыз керек.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің тікелей міндеті – партия органдарының қатаң бақылауымен үстіміздегі жылдан бастап тұрғын үйді іске қосу жөніндегі жоспардың кем орындалуы сияқты кеселді практиканы біржолата жою. Тұрғын үй құрылысының сапасы жөніндегі мәселе ерекше өткір қойылуға тиіс. Өйткені мәселенің асқынғаны соншалық, әрбір үшінші үй тек «қанағаттанарлық» деген

бағамен ғана өткізіледі, тіпті жоғары бағамен өткізілген үйлердегі шалағайлықтар жөнінде де шағым тасқыны азаятын емес.

Тұрғын үй қорының сақталуына, қайта құрылуына, жайлылық дәрежесін арттыруға, коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартуға шындап ден қоятын мезгіл жетті.

Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың Комплексті программасын орындау республика партия ұйымының аса маңызды міндеті болып қала береді. Бұл мақсатқа үстіміздегі бесжылдықта 1,5 миллиард сомнан астам күрделі қаржы жұмсалады. Магазиндердің аумағы 430 мың шаршы метр ұлғаяды, қоғамдық тамақтандыруда отыратын орындар саны 250 мыңға көбейеді.

Мұның бәрі азық-түлік емес товарлар шығаруды үштен бір есе, тұрмыстық қызметтің өсу қарқынын 1,4 есе және бөлшек сауда товар айналымының өсу қарқынын 1,2 есе ұлғайтуға, халықты бүгін таңда жетіспейтін көптеген товарлармен жабдықтауды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Бірінші тоқсанның қорытындылары тәуір қарқын алынғанын көрсетіп отыр. Жоспарға қосымша жүз миллионнан астам сомның товарлары өндірілді. 1982 жылдан бері тұңғыш рет товар айналымының жоспары орындалды, тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі тапсырма қамтамасыз етілді.

Сонымен бірге жылдың басынан бері алты министрлік пен ведомство, одақтық бағыныстағы 20 кәсіпорын халық тұтынатын товарлар шығару жөніндегі тапсырмаларды орындай алмады. Шығыс Қазақстан, Орал және Жезқазған облыстары халыққа тұрмыстық қызмет көрсету көлемі жөніндегі жоспарды орындаған жоқ.

Сауда кәсіпорындарының жұмысында елеулі қайта құру байқалмайды. Сауда заявқалары осы күнге дейін өнеркәсіптің өндірістік программаларын қалыптастырудың негізіне айналған жоқ.

Сауда процесін ұйымдастырудағы ірі кемшіліктер жойылмай отыр. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы (Сәрсенов жолдас) малшыларға қанағаттанғысыз қызмет көрсетеді. Бұл жайында талай рет айтылды, бірақ қорытынды шығарылған жоқ. Малшыларға қажетті товарлар бұрынғысынша оларға жетпейді.

Ақылы қызмет көрсету саласында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Сауда министрлігінің, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының, сайып келгенде, қызмет көрсету мәдениетін арттыру шараларын қолданатын, сұраным конъюнктурасын тереңірек зерттейтін, ақау мен шалағайлыққа, ешкімге қажеті жоқ өнім тасқынына мықтап тосқауыл қоятын мезгіл жетті.

Партия, совет және шаруашылық органдары кадрларды іріктеу мен тәрбиелеу ісін түбегейлі жақсартуы, қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысын үлгілі жолға қоюы, еңбек коллективтерін жоспарлар мен қабылданған социалистік

міндеттемелерді орындауға жұмылдыруы қажет.

Жалпы, кәсіптік, жоғары білім беретін мектеп терең өзгерістерді, түбегейлі қайта құруды талап етеді. Реформа басталған уақыттан бері екі жыл өтті. Бірақ алға қойылған міндеттерді біз әлі шешкен жоқпыз. Республика мектептерінің жартысынан астамы бүгін таңда 2-3 сменада жұмыс істейді, әрбір үшінші кәсіптік-техникалық училище, әсіресе Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет, Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Сауда министрлігі жүйесінде бейімделмеген, тым тар үйлерге орналасқан. Сөйте тұра жүйені дамытуға бөлінген қаржы игерілмейді. Министрліктердің, партия комитеттерінің, халық депутаттары жергілікті Советтерінің басшыларынан қатаң талап ететін уақыт жетті.

Алты жасар балаларды оқытуға көшу біз үшін елеулі сын болмақ. Биыл алты жастағы мыңдаған бала партаға отыруға тиіс. Бұл міндетті шешуде мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне де маңызды роль жүктеледі. Бірақ олардың желісі қанағаттанғысыз дамытылуда. Республиканың әлі де толып жатқан өнеркәсіп орындарында, жүздеген колхоздары мен совхоздарында өздерінің балабақшалары жоқ, бұл үшін бізді таяуда «Правда» газеті орынды сынады.

Оқушылардың есептеу, компьютер техникасының негіздерін меңгеруі – кезек күттірмейтін іс. Бірақ бұл жерде істі, қаншалықты оғаш болса да, сірә министрлердің, партия және совет қызметкерлерінің өздерінен бастау керек сияқты.

Республика халқына медициналық қызмет көрсету сапасы батыл жақсартуды қажет етеді. Денсаулық сақтау министрлігі (Әлиев жолдас) өз жұмысының стилін тиісінше қайта құрған жоқ, әрбір медициналық мекеме еңбекшілерді сауықтырудың және жоғары санитарлық мәдениеттің шынайы орталығына айналуына қол жеткізе алған жоқ. Халықты жаппай диспансерлеу, диагностика мен емдеудің прогрестік түрлері мен әдістері баяу қарқынмен енгізілуде. Медицина кадрларын кәсіптік жағынан даярлауда да елеулі олқылықтар бар.

Халықтың денсаулығын сақтау саласының дамуы көбінесе емдеу-профилактика мекемелерінің материалдық базасына қарап айқындалады. Алайда он бірінші бесжылдық тұсында денсаулық сақтау объектілерінде құрылысшылар 147 миллион сомды игерген жоқ. Бұған осы аса маңызды әлеуметтік саладағы істің жайын қатаң бақылауға алмаған партия, совет органдары кінәлі.

Біздің ойымызша, партия ұйымдары, совет органдары, шаруашылық басшылары, сайланбалы актив, идеологиялық кадрлар адамға, оның еңбегіне, тұрмысына, материалдық әл-ауқатына, демалысына қатысты жайлардың бәріне, яғни әрбір совет семьясының өмірлік мүдделері ұдайы түйісіп отыратын салаларға барынша мұқият қарауға тиіс.

Сауда, тұрмыстық, коммуналдық қызмет, транспорт, байланыс

кәсіпорындарында, медицина және мәдени-ағарту мекемелерінде, физкультура-спорт ұйымдары мен қоғамдарында жұмыс істейтін коллективтерде тәрбиелік жұмысты шұғыл күшейту қажет.

Бір сөзбен айтқанда, еңбекшілердің талап-тілектері мен қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру, олардың хаттары мен өтініштеріне ыждағатты да нәтижелі назар аударып отыру керек.

Біздің заманымыз тарихқа үлкен ой-мақсаттар мен жігерлі іс-қимылдар заманы ретінде енеді. Ол әрбір адамның инициативалы болуын, XXVII съезд идеяларының жаңашылдық рухын жұрттың бәрінің терең түсінуін, партия мен халықтың ұлы істерінің жалпы сапында өз орнын таба білу қабілетін талап етеді.

Осыған байланысты идеологиялық, саяси-тәрбиелік жұмыс жалпыпартиялық қам-қарекеттеріміздің алдыңғы шебіне қойылып отыр. Қайта құру қажеттігіне еңбекшілердің ең қалың топтарының көзін жеткізу, оның жолдары мен әдістерін ашып көрсету, экономиканың барлық резервтерін өндіріске енгізу, КПСС XXVII съезі, Қазақстан Компартиясының XVI съезі белгілеп берген шептерге жету жолында социалистік жарысты өрістету – барлық коммунистердің, идеология кадрларының басты да шұғыл міндеті міне осындай.

Республикада тәрбие жұмысын жақсарту үшін жеткілікті күш пен мүмкіндік бар. Міндет идеологиялық жауынгерлер тізіміндегі сегіз жүз мың қызметкердің әрқайсысы шындап жұмыс істеуінде, қазірден бастап жұмыс істеуінде, нәтижелі жұмыс істеуінде болып отыр.

Істі болып жатқан оң өзгерістер қоғамдық сана мен мінез-құлықта неғұрлым тез және берік орнығатындай етіп, бұдан былайғы өзгерістердің іргетасы күнбе-күн нығая беретіндей етіп жолға қою керек.

Бұқаралық информация және насихат құралдарының басшылары мен КПСС Орталық Комитетінде болған кездесудегі М. С. Горбачев жолдастың сөзінде баспасөздің, телевизия мен радионың міндеттері туралы мейлінше анық айтылды. Республика баспасөзі съезд документтерін насихаттау жөніндегі жұмысты едәуір кең өрістеткенін, қазір бүкіл республика партия ұйымының күш-жігері шоғырландырылған үлкенді-кішілі проблемаларды шешуге белсене қосылғанын қанағатпен атап өтуге болады. Бірақ бұл істің бастамасы ғана. Жарияланатын материалдардың мазмұндылығын, оперативтілігін, партиялық қарымдылығын едәуір күшейту, олардың адамдарға шын мәніндегі ықпалын қамтамасыз ету үшін елеулі шаралар қолдану міндеті тұр.

Қазақстан Компартиясының XVI съезінде Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет жүйесінің атына елеулі сын айтылды. Бірақ жылдар бойы жинақталған проблеманы, әрине, бір күнде шеше алмайсың. Турасын айтайын, жекелеген баспаларда, атап айтқанда «Жалында», «Өнерде», Энциклопедия баспасында, сондай-ақ «Қазақстан» баспасында да қалыптасқан

моральдық-психологиялық жағдай алаңдатады.

Жаңа қоғам құрылысшыларының идеялылығы адалдықтан, қарапайымдықтан, әдептіліктен, барлық озық атаулы жолындағы күрескер – совет адамының табанды әлеуметтік қасиеттерін бойына сіңіруіне ешбір ажырағысыз.

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары, басшы кадрлар, әкімшілік органдары еңбек коллективтерінде, халықтың тұрғылықты жерлерінде келеңсіз көріністерге, ең алдымен маскүнемдікке, бұзақылыққа, арамтамақтыққа, талан-таражға, социалистік өмір салтының адамгершілік негіздерін әлсіретіп, біздің қарыштап алға басуымызды тежейтін нәрсенің бәріне ымырасыздық жағдайын туғызуы қажет. Бұл жерде тиісінше оперативтілік пен табандылық көрсету, сол келеңсіз көріністерді тудырған себептер мен жағдайларды терең анықтау керек.

Осы жұмыстың бәрін реттілікті және тәртіпті нығайтумен, еңбекшілердің әлеуметтік белсенділігін арттырумен, жеке адам факторын барынша пайдаланумен тығыз байланыстырған жөн.

19 апрель – Бүкілхалықтық лениндік коммунистік сенбілік жоғары қоғамдық саналылықтың, советтік патриотизмнің үлгісіне, нағыз еңбек мерекесіне айналуға тиіс. В.И. Лениннің туғанына 116 жыл толуына орай өткізілетін бұл сенбілік барлық жерде «революциялық жұмыс» рухында, Ұлы бастаманың тамаша дәстүрлері рухында өтуге тиіс.

КПСС XXVII съезі партияның басшылық ролінің арта түсетіні туралы программалық қағиданы басшылыққа ала отырып, партия комитеттерінің саяси және ұйымдастырушылық қызмет дәрежесіне жаңа, неғұрлым жоғары талаптар қойды.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан бергі жерде облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің жұмыс стилі мен әдістерінде кейбір оң өзгерістер болғаны даусыз, бірақ олар көп жағдайда әлі де болса сырттай ғана, үстірт сипатта болып отыр.

В.И. Лениннің атап өткеніндей, партияның барлық табыстары аса қатаң, шын мәнінде темірдей берік тәртіппен байланысты. Партия форумының мінбесінен ерекше күшпен айтылған осынау лениндік ой ең алдымен коммунистерді барлық жерде реттілік пен жоғары атқарушылық тәртіпті қамтамасыз етуге міндеттейді.

Партия ұйымы ең алдымен саяси басшылықты жүзеге асыруға тиіс. Алайда бізде өз шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру ісі әлі де ақсап келеді. Бізде, жолдастар, жақсы қаулылар аз қабылданбайды. Бар кілтипан оның орындалуын ұйымдастыруда.

Мысалы, тек соңғы екі жылдың ішінде ғана күрделі құрылыс мәселелерін 9 рет қараған Гурьев облыстық партия комитеті шешімдерінің пәрменділігі жайында не айтуға болады. Бұдан айтарлықтай нәтиже шыққан жоқ – облыста саланың бесжылдық программасы ақыры орындалмай қалды.

Шешімнің формальды, боямалы болуы жауапсыздыққа апарып соғады, кадрларды жадағай жұмысқа үйір қылып үйретеді. Ал бұған, жолдастар, бүгінде жол беруге болмайды.

Партия ішкі партиялық демократияны одан әрі өрістетіп, тереңдетуді коммунистердің ойдағыдай жұмыс істеуінің, олардың жоғары творчестволық белсенділігінің кепілі деп біледі.

Партия жиналыстарының, бюролардың, пленумдар мен активтердің ролі мен маңызын бұрынғыдан да жоғары көтеру, осы шараларды өткізудегі жарысымпаздықты жою қажет. Ең бастысы – қандай да болсын әсіре ұйымшылдықты, бюрократизмді тыю, сансыз көп кеңестер өткізумен әуестенбеу, жанды жұмысты даурықпа мен сылдыр сөзге көміп тастамау.

Партиялық жұмыстағы түбірлі бетбұрыс сын мен өзара сынды барлық жерде дамытып, тереңдетумен тікелей байланысты. КПСС XXVII съезі осы мәселеге шын мәніндегі көзқарастың өнегесін көрсетіп берді. Біздің XVI съезіміз де, жалпы жұрттың пікірі бойынша, осы тұрғыдан алғанда сол сипатта болды. Съезде айтылған барлық сын-ескертпелер Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бөлімдерінің барынша мұқият зерттейтін мәселесіне айналғанын атап өтуге тиіспін. Олар бойынша жан-жақты шаралар белгіленді, ал бірқатарлары бойынша мұндай шаралар қазірдің өзінде қолданылды.

Партия саясатын жүзеге асыру кадрларды даярлау мен тәрбиелеу жұмысының деңгейіне тікелей байланысты.

Жұртқа мәлім, соңғы кезде біз партия тұрмысының нормаларын, партия Уставының талаптарын бұзған бірқатар басшы қызметкерлер жөнінде барынша қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болдық. Алматы және Шымкент облыстарында кадрлармен жұмыста орын алған кемшіліктерге байланысты КПСС XXVII съезінде республика партия ұйымының атына айтылған өткір де орынды сыннан әрбір партия комитеті, әрбір басшы қорытынды жасауы қажет. Кадр мәселелеріндегі партияның батыл, принципті бағытын біз бұдан былай да мүлтіксіз жүзеге асыруға тиіспіз.

Пәрменді резерв даярлау – кадр саясатының маңызды буыны. Бұл мәселеде кемшіліктер, Қазақстан Компартиясының XVI съезінде атап өтілгеніндей, әлі де баршылық. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері кадрлар резервімен жұмыс істеу – болашаққа жұмыс істеу деген қарапайым ақиқатты әлі күнге дейін жете түсінбеген. Резервті жақсырақ білу, ізденіс өрісін кеңейту, жастарды, жастарды, әйелдерді, озат жұмысшыларды батылырақ жоғарылату керек. Бұл үшін адамдарды жоспарлы түрде даярлау, олардың оқу жүйесін жолға қою, іс үстінде тексеру, бастауыш партия ұйымдарының, еңбек коллективтерінің пікірін толығырақ ескеру, бұл жұмысқа тиісінше жариялылық беру қажет.

КПСС XXVII съезі Советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың,

халықтық бақылаудың, еңбек коллективтерінің қызметін жандандыру жөнінде маңызды, көп ретте жаңа міндеттерді алға қойды. Партия комитеттерінің борышы – қоғамның саяси системасын жетілдіру жөніндегі осындай шараларды жедел қарқынмен жүзеге асыру.

Қоғамдық ұйымдарға партиялық басшылықты болымсыз нұсқаулармен, ұсақ-түйек қамқорсумен шатастыруға болмайды. Партия комитеттері Советтердің дербестігін күшейтуге, олардың ролі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған шаралар белгілеуге белсене қатысуы керек.

Таяуда СССР Жоғарғы Советінің Президиумы КПСС XXVII съезінің шешімдерінен туындайтын халық депутаттары Советтерінің міндеттері туралы қаулы қабылдағаны мәлім.

Адамдардың мұқтаждары мен талап-тілектерін қанағаттандыруға қатысты нәрсенің бәрінде, өз территориясында орналасқан ұйымдардың қызметін үйлестіруде және бақылау жасауда халық депутаттары Советтеріне барынша толық жауапкершілік жүктелуге тиіс. Кейбір Советтерге бұл қасиет әлі де анық жетіспейді. Басқару өнерін табанды да дәйекті түрде меңгеру керек.

XXVII съездің талап еткеніндей, совет органдары мен қоғамдық ұйымдар аппаратының жауапты қызметкерлерін аттестациялау жүйесін барлық жерде енгізу қажет.

Партиялық, советтік, қоғамдық және басқа жұмыста партия алға қойған міндеттердің сонылығы, ауқымдылығы мен күрделілігі талап ететіндей дәрежеде еңбек ету керек.

Мемлекеттік органдар тек жұртшылықтың қатысуымен немесе келісімімен ғана шешетін мәселелер шеңберінің кеңейтілуіне байланысты кәсіподақтардың, комсомолдың, творчестволық одақтар мен ерікті қоғамдардың, әйелдер ұйымдарының ролі айтарлықтай арта түседі.

Еңбек коллективтері туралы Заңның күшін толық дәрежесінде пайдалану керек. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне, комсомолдың Орталық Комитетіне, республикалық қоғамдық ұйымдарға, олардың жергілікті органдарына жүктелетін жоғары жауапкершілік те осыдан туындайды. Ал мұның партия комитеттері тарапынан оларға неғұрлым нақты басшылық жасалуын талап ететіні түсінікті.

КПСС XXVII съезі халқымыздың рухани және адамгершілік күш-жігерін бұрын-соңды болып көрмеген биікке көтерді, оның бойында творчество мен жасампаздықтың шынайы жалынын лаулатты, оны коммунизм мұраттары үшін, Отан даңқы үшін зор істерге жігерлендірді.

Қазір әрбір партия ұйымында, әрбір еңбек коллективінде съезд туғызған творчество, жаңашылдық ахуалын баянды етуден, оның жоспарларының дәл орындалуын қамтамасыз етуден асқан маңызды міндет жоқ.

«Съезд нұсқауларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырушылар – жоғарыдан төменге дейінгі партия комитеттері, – деп атап өтті съезді жабардағы сөзінде М.С. Горбачев. – Қазір қажет болып отырған стиль – нақтылық, іскерлік, дәйектілік, сөз бен істің бірлігі, неғұрлым тиімді әдістер мен құралдарды тандап алу, адамдардың пікірін мұқият ескеру, барлық қоғамдық күштердің іс-қимылын шеберлікпен үйлестіру».

Жоспарлар ұланғайыр және оларды орындау оңай да емес. Бірақ бізде қуатты материалдық база, тамаша адамдар, жақсы даярланған кадрлар бар және, ең бастысы – жаңаша, интенсивті және сапалы жұмыс істеуге деген ықылас пен шынайы ұмтылыс бар.

Сондықтан ой-ниет энергиясын нақты іс-қимыл энергиясына айналдыру үшін, лениндік партияның XXVII съезінің тарихи шешімдерін орындау үшін республика партия ұйымы, Қазақстан еңбекшілері қажет нәрсенің бәрін істейтініне күмән жоқ.

Қазақстан коммунисті, 1986, № 5, 4-23 б.

**АСҚАР ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН
БИКТЕЙДІ**

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

ҰСТАЗ ТУРАЛЫ

Жиырманшы ғасырда біз шын мәніндегі «Ұлы» деген атауға лайық жандармен қатар өмір сүру бақытын бастан кешіппіз. Солардың ішінен өз басым Қонаев есімін еш күмәнсіз ауызға алар едім. Мен оны әр қырынан – Дінмұхамед Ахметұлы ретінде де, Димаш Ахметұлы ретінде де және Димекең ретінде де білетінмін. Оны жұмыс үстінде – мәжілістерде, съезд күндерінде, дала қосында, комбайнерлердің ортасында, демалыс шақтарында – үй-ішімен бірге дастархан басында, аңға шыққанында, шопандардың киіз үйінде отырғанын да көрдім. Оның ең бақытты сәттерінде, әлбетте ондай сәттерді Қазақстанның кезекті жетістік жеңістіктерімен қабат келіп отыратын, қасында болу бақыты үлесіме тиді. Және өмірінің ең қиын кезеңдерінде де қасында болуыма тура келді. Күндердің күнінде, естелік кітабым шығатын болар, алла бұйырса сонда мен өзімнің азамат ретінде, әдебиетші ретінде қалыптасу жылдарымның Қазақстанның шарықтап өсуімен қатар келген жылдары туралы бұлжытпай жазамын. Бұл республикамызды Дінмұхамед Қонаев басқарған кезең болатын. Қазір мен сол кітапты жазу үстіндемін.

Халқының алдындағы бұл Кісінің негізгі еңбектері қандай еді? Ол кісі өте зерек, көреген саясаткер болды, республика тағдырына байланысты Мәскеудің әрбір қадамын алдын ала сезіп, біліп отырды.

Хрущевтің жақын төңірегіндегі «орысшыл патриоттарына» одақтық бюджеттен орталық Ресей аймағының ауылшаруашылығын көтеруге тиісті айтарлықтай қаражаттың тың жерлерді игеруге жұмсалып жатқаны қатты мазасыздандыратын. Сондықтан солардың ұсынысы бойынша Қазақ КСР-да Тың өлкесі құрылып, Ақмола Целиноград атанды. Ал ол өлкені басқару РСФСР үшін болмаса Қазақстанға тән емес еді. Сондықтан ендігі кезек, Қазақстанның «орыс тұрғындары басым» облыстарын Ресейдің қарамағына беріп, Краснояр өлкесіне көршілес Тың өлкесін жасау болатын. Солай болған күнде Орталықтағы әлгі патриоттардың ойынша Тың игеруге жұмсалып жатқан қаржы ақталмақ. Осындай алыстан орағытқан құйыртқы ниеттерін ұққан Д.А. Қонаев Тың өлкесі ерекшеленіп тұрмауы үшін республиканың Оңтүстігінен және Батысынан өлкелер құруға күш салды. Осылайша құрылған өлкелер тепе-теңдік жасап, тың өлкесін Қазақ КСР-ның құрамында сақтап қалуға мүмкіндік берді. Сепаратизм сол кезде де бар еді және оны Мәскеу қолдайтын.

КСРО-ның халық шаруашылығын саяси-әкімшілік жағынан аудандастырудағы Хрущевтің жоспары бойынша әр республиканың тарихи қалыптасқан негізгі өндірісі болуы тиіс еді, мәселен Ресей – астық өндіруі керек, Қазақстан – қой шаруашылығын өркендетіп, Өзбекстан – мақта өсірумен айналысуы қажет. Осындай аудандастыруға орай географиялық карта қайта қаралып Оңтүстік Қазақстанның мақта

өсіретін бірнеше ауданы Өзбекстанға берілді. Мұндай шешімге қарсы шыққан Қонаев Бірінші хатшылық қызметінен босатылды.

Бұл 1962 жылдың 16 желтоқсаны еді. Желтоқсанның осы бір күні кейін Димаш Ахметұлы Қонаев тағдырындағы қатерлі күнге айналып, 1986 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет қызметінен босатылды.

Ал бұған дейін көп дүние бастан өтеді – екі жылдан кейін ол өз орнына қайтып оралып, үш ауданды қайтарып алады. Ширек ғасырдан астам үздіксіз ел басқарған жылдарында республиканы Кеңес Одағы көлеміндегі 14-ші орыннан алдыңғы үштіктің қатарына шығарды. Ол басқарған республиканың талайы тек мал шаруашылығымен ғана шектеліп қалмайтынын дәлелдеді.

Қазақстан Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көп салалы өнеркәсіптің зор аймағына айналды. Осы мерзім ішінде республиканың өндірістік ауқымы 10 есеге өсті. Өркендеудің мұндай қарқыны басқа бірде-бір республикада болған жоқ.

Үлкен мәдениеттің, терең білімнің иесі (ол Бірінші хатшы болмас бұрын ғылым докторы және академик атағын алған еді. Димаш Ахметұлы творчество адамдарын қадірлейтін және өзі де оларға аса қадірлі болатын. «Қонаев дәуірінен» бұдан да, кейін де бірде-бір артист, суретші, жазушы, архитектор өзінің халыққа қаншалықты қажеттілігін, өз бағасының қадір-қасиетін сезінген емес. Бірде-бір творчество адамы мұқтаждық көрген емес. Қазақ тіліндегі, басқа да тілдегі әдебиеттер көп миллиондаған тиражбен басылып шығатын. Барлық облыстарда театрлар ашылды. Орта Азиядағы ең үлкен жаңа киностудия салынды, жаңа кітапханалар, көрме залдары, суретшілер үшін шеберханалар салынды. Көркем өнер саласында қаншама ғажап таланттар шықты! Әншілер – Ермек, Бибігүл, Әлібек, үш Роза....

Қонаев туралы әзірге көп жазыла қойған жоқ. Бүгінгі күннің олқылығын болашақтағы тарихшылар толықтырар деп үміттенудің реті жоқ – өйткені Димекенді жақсы білген, онымен бірге қызмет істеген адамдар күн санап азайып, өздерімен бірге орны толмас еңбектерді ала кетуде – ұлы адамның бейнесін толықтыра түсер небір үзік сырлар келмеске кетуде, ал онсыз бір кездегі шарықтап көкке көтерілген (60-80 жылдардағы) Қазақстан бейнесі толыққанды болмақ емес.

Сондықтан да мен өзімнің достарым Геннадий Толмачевтың, Сайын Мұратбековтың және Серік Әбдірайымовтың Димекеннің көзі тірісінде оның естелік кітаптарының орыс және қазақ тілдерінде жарыққа шығуына атсалысқан ерен еңбектерін қуана құптаймын. Енді міне, ұлы Адам туралы жаңа естеліктер, кітап шығып отыр. Лайым, естеліктердің бұл соңы болмайды деп сенемін.

Олжас Сүлейменов

Қазақстанның халық жазушысы

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЗАҢҒАР ҰЛЫ

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев... Мен оған әрдайым, тіпті арақатынасымыз аса қиындап кеткен тұстарда да, шынайы ізетпен қарадым. Менің экономикада, кадр таңдауда, саясатты бетті оңға қаратуға тырысқан максимализмім түсінік таппады. Мен ол кезде кейбір облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары мен министрліктер басшыларының жасап отырған жүгенсіздіктерін тыямын деп, қатаң сынға алғанда, Д. Қонаевты жақтайтындығымды білдіріп жүрмін деп есептейтінмін. Бірінші басшы менің істерімнің дұрыстығына көзі жетіп, әлгіндей оңбағандарды қуып шығып, біз Қазақстан өмірін реформалауды шындап өрге бастырамыз деп ойлағанмын. КОКП Орталық Комитеті сәуір (1985) пленумының шешімі де сондай болатын. Оның үстіне Ю. Андроповтың артында қалған жігерлі қыжыл да соған үндейтін. Бірақ мен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев отыз жылдай Қазақстанның ең ірі орындарын басқарған, өз заманының шын мәніндегі ірі саясаткері болғанымен, жетпістен асып кеткен жасында, психологиялық жағынан да, биологиялық жағынан да жаңа жағдайға икемделе алмауы мүмкін екенін ескермеппін. Оның үстіне, орталық басшылыққа жуырда ғана К.У. Черненко келгенді.

Меніңше, Д. Қонаевтың ол кездегі ұстанған бағыты тек қана ескіше ойлаудың салдарынан, орнықтылықты қалай да сақтап қалуға тырысқандықтан ғана емес, өз өмірінде көп нәрсені бастан кешіп, әбден шаршағандықтан да туындап жатқан сияқты. Д. Қонаев ол жүйеде жұмыс жасай жүре, аса қиын да күрделі талай жәйттерді бастан өткергенді. Оның өзінің айтқанынан естуші едік: «... шаршадым, барлығы жалықтырды, 75-ке дейін істеймін де кетемін...»

Ол кезде әкімгершілік, басқарушылық қабілетті, оған тән өнер мен тәсілдерді игермеген адамның мемлекеттік билік жүйесінің жоғары орындарында болуы атымен мүмкін еместігін кез-келген ел басқарып көрген кісі жақсы біледі. Бұл қасиеттер ел басқару үшін қазір де ауадай қажет екенін өмір өзі көрсетіп отыр.

Жасы жеткен адам, жұмсартып айтқанда, өз қызметін атқаруға қауқары қалмаса да, ондаған жылдар бойы орнынан түспеді. Бұл, белгілі мөлшерде, адам басына бермесін дейтін ауыр қасірет. Бұл арада бір қызық жәйт есіме түседі. К. Черненко бас хатшы бола салысымен, Саяси Бюроның жасы жетпістен асқан мүшелері аптасына бес күн таңертеңгі оннан кешкі беске дейін ғана істесек деген шешім қабылдады. «Біз жұмыс істемесек те болады. Партия бәрін де тындыра алады», дегенді талай естігенім бар. Жағдай, міне осылай болған...

Біздің ыңғайсыздау арақатынасымызға осындай психологиялық сәйкессіздікпен, шамасы, жас айырмамыздағы алшақтық та аз себепші болмаған шығар. Менің «Сарай» жайындағы өз пайымдарымды ортаға сала отырып, Лабрюйердің әлгі бір сөзін еске алуым да тегін емес. Екі арадағы қатынастың шиеленісуіне Д. Қонаевқа барғыштай беретін,

көптен онымен біте қайнасып кеткен кейбір обкомдардың бірінші хатшылары да түрткі болмай қалған жоқ. Одан бері көп уақыт өтті. Ол кездегі мен жайындағы сыпсындар, менің жоспарларым мен ниеттерім жайындағы адам сенбестей алып-қашпа қисындар қазір еске алуға тұрғысыз болып қалды. Д. Қонаевты маған айдап салған адамдарға зәредей де жамандық ойлаудан аулақпын. Қайта кейін көбінен көмегімді аяған емеспін.

Кейін Елбасы болған соң, екеуіміз талай кездестік. Әйелі қайтыс болғанда, үйіне кіріп шықтым. Шаруасы шығып қап, келем десе есігімді ашық ұстадым. Кейбір «бұрынғылардай» емес, Д. Қонаев саясаттан толығымен аулақтап, инабатын жоғалтпай, өзін ақылды ұстады. Республикада қолға алынып жатқан күрделі істерді қолдады. Жекелеген басшылар жайындағы пікірлерін ортаға салды. 1980 жылдың басындағы бір оқиға ойыма келеді. Біз бірде оның ұшағымен күнгеінен теріскейіне бардық. Кенет мені қасына шақырып алып: «Біздің республикамыз қандай үлкен! Шіркін, өз алдымызға дербес мемлекет болсақ қой», – деп сыбырлап, саусағымен аузын басты. Мұндай нәрселерді ол ылғи, әуелі, ұшақта да сыбырлап айтатын. Ойлаймын, ол саяси Бюро мүшелерінің де қыл үстінде жүргенін білген. Дүниеден қайтатын жылы үйіне телефон соғып, менімен бірге Ордабасындағы мерекеге барайық деп шақырдым. «Мен сияқты шалды қайнап тұрған ыстыққа сүйрелеп қайтесің. Жолда өліп қалып жүрермін», – деді. Екеуіміз де күліп жібердік.

Одан бері қанша су ақты. Өлерінен бірер бұрын екеуіміз іш ашысып сырластық. Расында да, арақатынасымызда талай күпті нәрсе болды. Оқиғалар мен адамдарға деген бағаларымыз да әр уақытта қабыса берген жоқ. Бірақ ақырғы ұшырасуымыздағы бір сөзі әлі есімнен кетпейді. «Сенің айтқандарың да, істегендерің де дұрыс боп шықты, Нұрсұлтан. Мен сен алған бағытты қолдаймын», – деп еді. Мен сол кезде осыдан он жыл бұрын іске осылай кіріссек қой деп, қынжыла ойладым.

Қазір Алматыда Қонаев көшесі бар. Президенттің жарлығымен өзі істеген мекемеге, институтқа оның есімі берілді. Д. Қонаев қоры құрылды. Жазған кітабы қайта-қайта басылып шықты. Қала ортасындағы ескерткіші де қаз-қалпында тұр...

Айтпақшы, басқа республикаларда бұрынғы басшылардың ескерткіштерін жаппай қиратып жатқанда, бізге оны болғызбау маған соншалықты оңайға түсе қоймағанын жұрт біле бермейді. Әңгіменің не туралы болып отырғанын оқырман Қазақстанның сексенінші жылдардың аяғындағы, әсіресе 1986 жыл 1989 жыл аралығындағы хәлін еске алса, өзі-ақ түсінеді ғой деп ойлаймын. Күллі астанамыздың оны ақырғы сапарына қалай аттандырып салғаны әлі есімде.

Өзін өзі сыйлайтын адамға, әсіресе өзін-өзі сыйлайтын саясатшыға қандай қиын болса да, өз өткенін өзі ұмытуға тырысу, өзінен бұрынғыларға бар пәлені аудару салу ұят нәрсе. Бұл – өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіңе етене өз тарихыңды қастерлеу.

Д. Қонаев Қазақстан тарихында ірі тұлға болып қалары даусыз. Ол жайындағы әңгіме – өз алдына тақырып.

Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҰСТАЗЫ ЕДІ

Ұлы Тұран перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Алматы қаласында туған. Орта мектепті бітірген соң Мәскеудегі түсті металл және алтын институтына түседі. 1936 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған соң Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогы машинесінен бастап, цех бастығы, кеніштің бас инженері және оның директоры болып істеді.

Одан соңғы еңбек баспалдағы – «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, техникалық бөлімінің бастығы, Риддер кенішінің және КСРО ірі қорғасын-мырыш кәсіпорындарының бірі Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.

1942 жылы орда бұзған отыз жасында республика Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Бұл жауапты міндетті он жыл мінсіз атқарады. Соғыс кезінде ол майдан қажетін қамтамасыз ететін жылу және басқа өнеркәсіп салалары жөніндегі мәселелермен айналысты.

1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып сайланды. 1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды. 1960 жылы қаңтардан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. 1962 жылы желтоқсанда ол жоғары лауазымды қызметтен алынып, қайтадан Республика Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды. Сол кезде ондай жағдайларға таңдануға болмайтын. Өйткені, басшы кадрларды Мәскеу өз қолына алған еді. Орталық барлық кадрларды өзі алып, өзі қойып отыратын. Ғажап қой, бірақ анық жайт. 1964 жылы Орталықта жағдайлар өзгерді де, Қонаев қайтадан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Ол сан дүркін КСРО және республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі, 32 жыл бойы СОКП ОК-нің мүшесі болды. 1966 жылы СОКП ОК Саяси Бюроның мүшелігіне кандидат, Партияның төрт съезінде, яғни XXIV пен XXVII съезд аралығында Орталық Комитет Саяси Бюросының мүшесі болып сайланды.

Ұзақ жылдар бойы Қонаев Елдің жоғарғы билік тізгінін ұстағандардың бірі болды. ОК Саяси Бюросының мүшесі ретінде мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатының мәселелерін шешуге қатысты.

Д.А. Қонаев партияның аса көрнекті қайраткері ғана емес, ол ғылыми қызметпен де, қажырлылықпен айналысты. Техника ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі.

Ол қазба байлықтарының арқасында республиканың деңгейі биікке көтерілетінін білді. “Республикамыз қарыштап, даму асқарынан асып, тағы да бір биік белеске көтеріледі” деп әлденеше рет айтқан болатын. Америкадан шығатын журналдардың бірінде атақты ағылшын

саясаттанушысы өзінің “Орыстар мен қазақтар” деген мақаласында Қазақстанның 1917 жылғы төңкеріске дейінгі (патшалық тәртіп кезінде) және социализм құрылысы кезіндегі дамуын салыстырған талдау келтіреді. Зерттеу барысында байқалғанындай, Қазақстанның өрлеу мен гүлденудің ең жоғарғы дәрежесіне жеткен кезеңі Қонаев билік басына келген жылдар екен.

Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кез-келген мәселені шешуде батылдық пен көрегендік танытты. Біздің ғасырымыздың 60-80 жылдары аралығында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы толығымен өзгерді. Соғысқа дейін экономика өзінің жаңа қадамын бастады, сосын соғыс, ал соғыстан кейін барлық ресурстар КСРО-ның Батыс және Солтүстік батыс бөлігіндегі қираған қалалар мен өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруге жұмсалды. Қазақстан мен Орта Азия республикалары сол бәз-баяғы қалпында қалды.

60-80 жылдар аралығындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіне мына дәлелдер куә. Осы кезеңдер ішінде республиканың ауыр өнеркәсібі саласындағы ірі өнеркәсіп орындары жедел қарқынмен өсті: Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау және Шымкент-Кентау көмір-металлургия кешендері құрылды. Қазақстан елімізге орсан зор мөлшерде болат, шойын, мыс, вольфрам, марганец, молибден, қорғасын, мырыш, алтын т.б қазба байлықтарын тапсырды. Қазақстанның үлесіне 69% мыс қорыту, 70% қорғасын, 90% марганец, 87% жай фосфор өндіру тиді. Көмір қазу 220 миллион тоннаға жетті. Электр қуаты 78 миллиард киловатт-сағатқа өсті. Екібастұздан Орталыққа жоғарғы кернеулі электр жүйесі тартылды. Ауыр өндірістің шапшаң қарқынымен бірге жеңіл және тамақ өнеркәсібін одан әрі дамытуды жеделдету мүмкіндігі туды. Мыналарды айтсақ: 70-ші жылдардың аяғы мен 80-ші жылдардың басында республикада 37 млн. пар аяқ-киім, миллион метр мақта-мата бұйымдары шығарылды. Республикада 8 қант зауыты, екі былғары комбинаты жұмыс істеді. Теміржол, әуе және автомобиль көліктері көбейді. 80-жылдардың аяғында теміржолдың ұзын-ырғасы 15 мың шақырымнан асып кетті.

Барлық аудан орталықтары мен шеткі шалғай ауыл-село мекендері, көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары автомобиль жолдарымен ұштастырылды. Астық өнімі 29-30 миллион тоннаға, қой саны 35 миллионға, жылқы 1 миллион 100 мыңға, ірі қара 7 миллионға жеткізілді. Тың жерлер астық, ет, сүт өндірісінің орталығына айналды. Басқа облыстар да олардан қалып қойған жоқ. Мәселен, Шымкент облысының бір өзі ауыл шаруашылығының 14 түрінен өнім өндірді.

Жаңа қалалар бой көтеріп, көшелер асфальтталып, ауыл-село көріктендіріліп, сәнді де салтанатты мәдениет сарайлары, оқу орындары салынып, ғылым, денсаулық сақтау мекемелері жаңа техникалық жарақтармен жарақталды.

Сөз жоқ, бұл зор жетістіктің бәрі бір кісінің ғана сіңірген еңбегі емес. Әйткенмен, осы бастамалардың бәрінің ұйымдастырушысы әрі басшысы Қонаев болғанын ұмытпауымыз керек. Жалпы, қайбір тың істе басқадан дара тұлғаның рөлі есте болатынын есте сақтаған жөн. Тарихта оған келтірер мысалдар көп. Әйтеуір бір кісі өзгеріс, жаңалықтың бастамашысы әрі көш басшысы болып, оның соңынан ізін басып, ісін жалғастырушылар ереді. Мәселен, араб ұлтының қалыптасуында Мұхамед с.ғ.с еңбегі ұлан-ғайыр, АҚШ-тың қалыптасуына Джордж Вашингтон ересен үлес қосса, Рим империясы – Юлий Цезарға, Еуропа ұлы Карл алдында көп қарыздар.

1993 жылы күзде Қазақстан халқы өзінің ұлы перзенті Д.А. Қонаевпен қоштасты. Аса ірі саяси, мемлекет қайраткері дүниеден өтті. Телегей-теңіз терең ақыл мен аса білімдарлық, көреген зерделілік-бұл биік тұлғаның парасатты бейнесі еді. Димаш Ахметұлы тек саяси көсем ғана емес, ол ұлттың рухани ұстазы болды. Кіршіксіз кісілігі мол, баршаға қамқор – ол күнделікті жай тірлікте жан-жүрегімен қуанып, қиянатты да сабырмен жеңіп, қайғы-мұңды да ақыл-оймен көтере білетін.

Қонаев республика үшін игілікті мол істер мен жоралғылы ізгі жақсылықтар жасады. Қазақстан өзге республикалардан көш ілгері озып, лайықты орынға ие болды. Сол кезеңдерде республиканың ғылыми күш-қуаты күрт өседі. Ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары көрініс тауып, республиканың өндіргіш күштерін өркендетуге тікелей атсалысатын талапты да талантты ғылыми кадрлар тобы нығайды.

Оның осынау жемісті еңбектерін Отаны әділ әрі лайықты бағалап, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Оған қоса 8 Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Д.А. Қонаев жарқын өмірдің салтанат құруы ісіне шын берілген табанды қайраткер болды. Ол өзінің асқақ мұратты парызын адал орындады.

Асанбай Асқаров
Социалистік Еңбек Ері

ҚАЗАҚТЫҢ МҮДДЕСІН БІРІНШІ ОРЫНҒА ҚОЯТЫН

Димекеңмен 40 жылдай қызметтес болдым, көрші тұрдым. Ең алғаш 1958 жылы таныстық. Мен ол кезде қазіргі Алматыдағы Медеу аудандық партия комитетінде хатшы болып істейтінмін. Кезекті қалалық партия конференциясы болғанда Димекеңнен бастап барлық бюро мүшелері қатысты. Сол жиында бірінші болып мен сөз сөйледім. Мінбеде тұрып қалалық хатшылардың жұмысын, атқарылмаған жұмыстарды сынға алдым. Мәселен, «Ленин атындағы көшені жөндеп, зәулім ғимараттар салуымыз керек» деп едім, сол ұсынысым басшыларға ұнап қалды. Бір-екі айдан соң қалалық бірінші хатшы шақырып: «Қызметіңді жоғарылатамыз. Димекең сені шақырды», – деді. Бір күні дайындалып, қабылдауына бардым. Димекең орнынан тұрып, қол алып амандасты. «Сағат екіде жиналысқа келесің, сені Орталық комитеттің басшылығына сайлаймыз», – деді. Мен таң қалдым. «Әлі жаспын ғой», – дедім. Ол болса «Қайдағы жассың?» – деп жұлып алғандай маған қадала қарады. Таныстығымыз солай басталды.

Қазақтың тарихында табан аудармай көп жыл билікте отырған бірден-бір адам Димекең болатын. Ол – тақтан түскеннен кейін де қолдан жасалған жалаға қарамастан, абыройын сақтап қалған бірден-бір саясаткер. Барлық мәселе Мәскеуде шешілгенімен, Қонаев үшін қазақтың мәселесі бірінші орында тұрды. Алматыны қалаға айналдыру үшін зәулім ғимараттарды салғызды. Қаладағы бірде-бір құрылыстың салыну мәселесі Димекеңнің араласуынсыз шешілген емес. Салынатын әрбір құрылыстың жұмысын жеке-жеке қарайтын. Мәселенің мәнісіне терең үңілетін, «науқаншылдық», «жоспар орындау» деген тапсырмаларды орындағанда жұмыстың сапасын бірінші орынға қоятын. Тапсырманы өзі салмақпен түсіндіретін, өзгенің де айтарын мұқият тыңдайтын. Қателігің болса, бірден бетіне баспай, жайлап қана дұрыс жолын көрсетіп барып, «осылай жасасақ жөн-ау» деп ұсыныс айтатын. «Қазақстан» қонақүйі, «Арасан» моншасы, ҚазМУ қалашығы, Оқушылар сарайы, Студенттер сарайы, «Медеу» мұзайдыны, оның сыртында 43 қала салдырғаны – өз алдына бөлек әңгіме. Солай бола тұра бір ғана «Арасанды» салғанда «Қазақтарға мұндай монша керек емес, олар – жабайы халық, Қонаев оны өзі үшін салдырған» деп зейнетке шыққан кезінде күйе жаққысы келгендер көп болды. Бірақ сол «Арасанға» Димекең бір рет те жуынбаған. Өзі осындай жөн-жосықсыз жала жапқанды көргенінде «күйе күйдірмесе де қаралайды» деп күйініп, көңіліне қаяу түсіп отыратын.

Көп жыл билікте отырған Димекең зейнеттік демалысқа шыққанда жай кезде үздіксіз қоңырау соғып, күн ұзаққа үйіне, жұмысына хабарласатын адамдар пышақ кескендей сап тыйылды. Колбиннің айдарынан жел есіп, жағымпаздар жел сөзді қарша боратып, Қонаевқа қарсы материалдар жазудан, жариялаудан алдарына жан салмады. Ол билікте болған жылдары экономикалық өрлеу болғанын мойындағысы

келмей, ілік іздегендер жетіп-артылатын. Сол кездегі жиналыстарды сынға алғандар да төбе көрсетті. Димекең өзі «жиналыстың қаншалықты ұзақ уақыт болғаны емес, нақты қандай мәселені шешкені маңызды» деп айтып отырушы еді. «Әлбетте, жұмыстың аты – жұмыс, барлық уақытта майдан қыл суырғандай мінсіз тірлік кештік дей алмаймын. Бәрі өзің ойлағандай бола берсе, онда өмір өмір ме?!» деп сансыз жаланың жауабына нүкте қоятын. Қандай жиналыс болсын үлкен дайындықпен, дәлелмен түсіндіріп, пікірінің дұрыстығына дәйек келтіре отыратын. Қай жиынға да тыңғылықты дайындалатын. Сол кездегі ел басқарған билеушілер туралы ел арасында сауалнама жүргізгенде Ленинді барынша ұнататындары – 41,4%; Сталинді – 17,7%; Хрущевті – 11,4%; Брежневті – 19,7%; Андроповты – 34,3 %; ал Қонаевты – 53,7% жерлестеріміз ұнататынын білдірді, 16 % қалыс қалды да, 4,9% теріс көретін боп шықты.

Дінмұхамед Ахметұлы өз өмірінде қазақ халқына белгілі талай зиялы адамдармен достық қарым-қатынаста болып, олармен қоян-қолтық араласты. Олардың қатарында жақын туыстай болып, сыйласып өткен атақты композитор Ахмет Жұбанов, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, академик Әлкей Марғұлан, белгілі қоғам қайраткері Асанбай Асқаров, КСРО-ға еңбегі сіңген суретші Қанапия Телжановтармен достық қарым-қатынаста болған.

Сұлтан Жиенбаев

*Дінмұхамед Ахметұлының қызметтес әріптесі,
Д.А. Қонаев атындағы қордың құрметті президенті*

ҚОНАЕВ ЗАМАНЫНДАҒЫ ДӘРЕЖЕГЕ БҮГІНДЕ ЕҢБЕКТЕП ЖЕТЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

Мемлекет қайраткері ретінде баға берер болсам, Д. Қонаев – қазақ тарихында төрден орын алатын тұлға. Неге? Өткенге аз-маз сараптама жасап көрелік. Дінмұхамед Қонаев кеңес заманында ширек ғасыр бойы Қазақстанды басқарған уақытта ел мәдениеті мен экономикасының деңгейі жоғары болды. Оның үстіне Димекең Орталық комитеттің Бас хатшысы Л.И. Брежневпен өте жақсы қарым-қатынаста болатын. Бұл республикамызға қаржы тарту мәселесін оңтайлы шешуге үлкен септігін тигізді. Біз жемқорлықтың емес, еңбек пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі ретінде одақтас республикалардың алды болдық. «Кеңес дәуірінде Қазақстан одақтас республикалардың ішінде ең соңғы орындардың бірін алған» деген сөздердің бәрі – өтірік. Біз Одақты азық-түлікпен қамтамасыз ететін аймақ болдық. Бұған өлшеусіз еңбек сіңірген, кең далада тер төгіп жүрген ауылшаруашылық мамандары да елеусіз қалмайтын, жетістіктерге жеткендер лайықты марапатталатын. Астық көлемі жылына жүз миллион адамды нанмен қамтамасыз етуге жететін. Димекеңнің Бәйкен Әшімовпен бірігіп атқарған шаруаларының арқасында өндіріс салалары да өте қарқынды өсті. Халықтың жағдайы жақсы болғандықтан, адам саны да артты. Дүниеге ұрпақ әкелу көрсеткіші жағынан да одақтас республикалардың ішінде алдыңғы орынды алатынбыз. Ауру-сырқау, өлім-жітім саны басқалармен салыстырғанда аз болды. Ол кездері азаматтардың өмір сүру жасы орта есеппен алғанда 70-тен асатын. Өкінішке қарай, қазір ол жастан төмен түсіп кеттік. Ғылым, мәдениет, әдебиет салаларының өркендегені сол – Одақ деңгейінде атақ алған әншілер мен сыйлыққа ие болған жазушылар да көптеп саналатын. Мысалы, бүгінде жазушылар кітаптарына қаламақы ала алмай жүрсе, ол кезде жазушыны былай қойғанда, ғылыммен шұғылданатын бізге де мақалаларымызға қаламақы төленетін. Біз адам басына шаққандағы өнім көрсеткіші жағынан ең бай деген АҚШ-тың өзін басып озатынбыз. Дүниежүзінің назарындағы ғарыш мәселесінде де бәріне танымал болдық. Мәселен, Ю. Гагарин қай жерден ғарышқа ұшты? Байқоңырдан. Байқоңыр қай елде? Қазақстанда. Яғни бізді білмейтін ел болмайтын. Қонаев еткен ұшан-теңіз еңбек арқылы бүгінде талай қазақтар жан сақтап жүр. Қонаевтың тұсындағы дәрежеге бүгінде еңбектеп жете алмай келеміз. Кеңшардан 200 шақырым қашықтықта отырған малшылар қыстауына электр желісін тартуға Қонаевтың басшылығымен өзім де араласқанмын. Қазір ауылды айтпағанның өзінде, Алматының өзінде шеткері орналасқан кей жерлерде жарық жоқ. Рас, Қонаев орыс тілді адам болатын. Ісқағаздарының бәрі орыс тілінде жүргізілетін. Бұл қазақ тілінің кемсітілуіне жол берді. Мәдениетіміз өркендегенмен, атақтарды көбіне орыс тілділер алды. Ғылым қарыштап дамығанымен, ол іс жүзінде орыс тілінің ғылымы болды. Соның салдарынан қазақша экономика ғылымы

әлі күнге дейін жоқ. Әрі бұған жол бермеу үшін Қонаев қарсы күреспеді. Дегенмен, бұл жайт Қонаевтың еңбегін көмескілей алмайды. Оның тұсындағы халықтың жағдайын қазіргі кезбен еш салыстыруға болмайды.

Қонаев та періште емес. Шиеленісіп тұрған жағдайларда айналасындағы адамдардың сөзін тыңдап, «кінәліге» бас салатын мінезі болатын. 1982-1983 жылдары қаңтардың басында Қазақстан Компартиясы ОК-тің саяси сабақтар жөніндегі жетекшісі Н. Назарбаевтың өтінішімен азық-түлік бағдарламасы жөнінде баяндама жасадым. Ол кезде ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары болатынмын. Шыны керек, сөзімді халық қызыға тыңдады. Ертеңінде қызмет бабымен банкте отырғанымда Қонаевтың іздеп, телефон шалып жатқаны жайлы хабар алдым. Телефон тұтқасын көтергенім сол еді. Димекен: «Кеше лекцияңда құпия мәліметтерді жайып салғаның не?» – деп аяқайлап қоя берді. «Менің айтқандарым – «Статистический сборник государств мира» деген кітаптағы мәліметтер, құпия ештеңе айтқан жоқпын», – деп едім, сөзімді тыңдамастан тұтқаны қоя салды. Кейін мен жайлы жағымсыз әңгіме айтып барған адамның кім екенін білдім. Бүгінде ол – халық жақсы танитын, билік басында жүрген жан. Менің айтпағым – сол оқиға Қонаевтың менің ізіме түсуіне ілік болған жоқ, керісінше, бірнеше айдан кейін бұрынғы қызметімнен дәрежесі әлдеқайда жоғары министр қызметіне тағайындалдым. Димекен біреудің сөзіне еріп, істің байыбына бармастан ұрысқанымен, қолымнан іс келетінін біліп, әділеттілік танытты. Сол қасиетінің арқасында кадрларды дұрыс іріктей білді. Кадрлардың арқасында елдің жағдайын көтерді.

Тағы бір есімде ерекше сақталғаны, Димекен аудан, облыс басшыларының кемшіліктерін халық алдында беттеріне басатын. Халық та түйткілді мәселелер орын алған жағдайларда олардың оңтайлы шешілетініне, Қонаевқа сенетін. Қысқасы, тазалықты ұстаным еткен биліктің халыққа қызмет етуіне Қонаевтың өзі басшылық жасай білді.

Серікболсын Әбділдин
ғалым-саясаткер

КЕМЕҢГЕРМЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ

Қазақ халқын бостандықтан құтқарып, елдікке, бірлікке жеткізу үшін атақты үш биіміз – Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер және Есім, Тәуке, Абылай, Әбілхайыр хандарымыз өз өмірлерін сарп етті. Еліміздің бүгінгі халіне жетуіне сол бабаларымыздың әрқайсысы өз уақтысында, өз өңірінде зор үлес қосты. Мұны ұрпақтары мәңгі ұмытпауы керек.

Осы аттары аталған, сондай-ақ тағы басқа да туған халқының болашағы үшін күрескен барлық бабаларымыздың армандарын орындау үшін Алла тағала XX ғасырда тағы да бір маңдайы жарқырап туған бір қазақты дүниеге келтірген еді. Ол – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев дер едім. Димаш аға өзінің «Өтті дәурен осылай» атты кітабында жазғанындай, үш дәуірдің куәсі болған кісі.

Капиталистік дәуірде дүниеге келіп, социалистік дәуірде оқып, білім алып, үлкен ғалымдық дәрежеге жетіп, Абай атамыз айтқандай, әкесінің ғана баласы емес, адамның баласы деген үлкен ардақты атқа ие болған дана мемлекет қайраткері.

Республикамызды басқаруға елу жылдай маңдай терін төгіп, халқының қамын ойлап жүрген кезінде өзінің жанындай жақсы көретін Қазақстанның бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі 15 республиканың ішіндегі ең алдыңғы қатарлы республика дәрежесіне жеткізді. Республика өнеркәсібінің өрге басып, кең байтақ Қазақстанда атағы әлемге әйгілі алып құрылыстар салынып, еліміздің кез келген түкпірінде көрікті қалалар мен көркейген ауылдар қанат жайды. Отан қоймасына сан миллиардтаған астық тапсырылып, халықтың қарны тоқ, көйлегі көк болғанын екінің бірі біледі.

Димекеннің тұсында Қазақстанның ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті әлемдік деңгейге көтеріліп, қазақ әдебиетінің озық үлгілерін әлем халықтары оқыды, ән-күйлерін жер шарының әр түкпіріндегі халықтар тыңдап, тамсана қол соққанын ұмыта қоймаспыз. Қазақстанның бұл жетістігі, әрине, оны басқарып отырған кемеңгер басшының, жүздеген ұлт өкілдері мекендеп отырған республикамыздағы халықтарымыздың ауызбірлігі мен ынтымағының арқасы емес пе?!

Бәрін айт та бірін айт демекші, әңгіме нобайы есімі дүниенің төрт бұрышына әйгілі болған аяулы ағамыз Дінмұхамед Ахметұлы жайлы болғандықтан, ол кісінің адамгершілік қасиеті, кішіпейілділігі, бауырмалдығы жайлы жүрек түкпірінде қалған бір ғана мысалды көлденең тартайын. Жас кезімде қатты науқастанып, әкемнің апармаған жері, көрсетпеген дәрігері қалмады. Сол жылдары Абай атындағы опера және балет театрында әртіс болып ісейтін Рахымбай Кәрімбаев деген ағамыз «Мен сенің денсаулығың жайлы Димекене бір ауыз өтініш айтып көрейінші!» – деп, мені үйіне ертіп барды. Ол кезде біз үлкен адамның сыртынан естігеніміз болмаса, танымайтынбыз. Ол кісі де бізді танымайды. Жексенбі күні, сағат он бірлердің шамасында мені ағайым

ертіп алып, Димекеннің үйіне қарай келдік. Ол кісі үйінен жаңа ғана шығып, шаңғы тебуге бара жатыр екен.

Рахымбай ағайды көре салып, бірден танып, сәлем беріп, қандай шаруамен жүрсіздер? – деп жөн сұрады. Рекең келген бұйымтайымызды, менің денсаулығымының жағдайын айтып еді, білдей бір ел басқарудың тізгінін ұстап тұрған адам кішіпейілділік танытып, шаңғысын шешіп, үйіне кіріп, үш-төрт жерге телефон шалып, бізге Барлыбаев деген кісінің адресін берді. Маған: «Сен, бала, қорықпа, ол кісі саған көмектеседі, әлі-ақ сақайып кетесін», – деп ағалық ақылын айтты. Ұзын сөздің қысқасы, содан 4-5 жыл бойы Димекен тапсырған дәрігердің бақылауымен емдеуде болып, айығып шығып, адам санатына қосылдым.

Мен – Димекен жақсылық жасаған мыңдаған адамдардың бірі ғана шығармын. Мұндай адамгершілікті қалай ұмытарсың? Және ол туралы неге айтпасқа! «Жақсыдан шарапат» деген осы болар.

Дінмұхамед Ахметұлының республикамызда артта қалған аудандарымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендету мәселесіндегі бір ғана мысалды тілге тиек етпекпін. Алматы облысының Балқаш ауданы Орталықтан үш жүз шақырым қашықтықта орналасқан. Сонау бір жылдары аудан экономикасы республикадағы ең төмен, жол жоқ, қатынас көліктері де тапшы еді. Тіпті аудан орталығы Бақанастың өзінде жөнді мектеп, Мәдениет үйі, тұрғын үйлер саусақпенен санарлық болатын.

Димекен сәті түсіп сол елге барып, бәрін көзімен көріп, кейініректе арнайы үкімет қаулысын шығарып, ауданды қысқа мерзім ішінде республикадағы алдыңғы қатарлы аудандардың дәрежесіне жеткізді. Әсіресе асфальт жолдар Іле өзенінің екі жақ жағалауындағы елді мекендердің арасын жалғастыра отырып Балқаш көліне дейін барады. Ауданда күріш егумен айналысатын 6 күріш кеңшарын ұйымдастыруға нұсқау беріп, облыстың республика бойынша күрішке деген қажеттігін шешуге жағдай жасады.

Димекеннің халқының болашағы үшін жақсы бір батыл қадамының бірі – «Медеу бөгеті». Ғалымдармен ақылдаса отырып жасаған ерлікке пара-пар шешімдері мен оған өзінің тікелей басшылығы дер едік.

Алматы қаласының ежелден келе жатқан табиғи «жауы» – сел қаупі. Сол селден халық 1921 жылы қандай қасірет шеккені тарихтан белгілі. Табиғаттың бұл тарпаң мінезі бұдан кейін де біресе Талғар, біресе Қаскелең, біресе Есік көлдеріне асау аттай тулап, долданып, елдің есін шығарды.

Міне, дәл осы тұста Димекеннің басшылығымен бүкіл Одақтық ғылыми мекемелер, ғалымдар бірнеше рет бас қосып, пікір алысып, әртүрлі пікірлер мен ұсыныстарды талқылай келе, ақыры «Махнадқа» атты тәсілді қолдануға, яғни тауды екі жағынан бірдей бір-біріне қарама-қарсы қопарылыс жасау арқылы жасанды үлкен бөгет жасап, тасқынның жолын мәңгілікке бөгеп, тосқауылдың астынан, жанынан ғылымға

негізделген құрылыстар жасап, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір болып өтетін сел қаупінің алдын алу, сөйтіп бір миллионнан астам халқы бар Алматы қаласын апаттан аман алып қалу жайлы сөз еткенде Димекен ғана КСРО Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесінің директоры, академик Лаврентьевтің қолдауына сүйене отырып, басын бәйгеге тігіп, үлкен жауапкершілікті мойнына алған болатын. Оған өзім де куәмін.

Ақыры Димекеннің шешімі дұрыс болды. Дүние жүзінің тарихында карама-қарсы бағытталған жарылыспен тұңғыш алып бөгет жасалынды. Соны күтіп тұрғандай-ақ, дүлей сел лап беріп, жолай бөгетке тап болып, бұл жасанды бөгет бәріне төтеп берді. Димекен жеңді. Мұны қалай батылдық, батырлық деуге болмасын?! Соның арқасында қазір бүкіл алматылықтардың ұйқысы тыныш, Медеу шатқалдарында алаңсыз демалады. Мұны қалай ұмытуға болады.

Бүкіл саналы өмірін халқының игілігі мен болашағы үшін арнаған кемеңгер басшы Дінмұхамед Ахметұлы жайлы көптеген әңгімелер айтуға болар еді. Ол кісі туралы әлі де талай естеліктер, жыр-дастандар жазылатынына күмән жоқ.

Қазақта «Жақсы ісімен жасайды» деген мақал бар. Сондай іргелі ісімен өшпес із қалдырғандардың бірі, бірі емес, бірегейі осы Димекен дер едім.

*Ізбасар Балтағұлұлы
философия ғылымының кандидаты, қайраткер*

БІР СӨЗДІҢ ҚАДІРІ

Дінмұхамед Қонаев! Димаш аға...

Өзің ерекше қадірлейтін, қастер тұтатын жан туралы естелік айту, ой толғау оңай емес. Димаш ағаның жанында ұзақ жүрдім, өте жақын араластым деп айта алмаймын. Алайда, Димаш Ахметұлы зейнеткерлікке шыққан кезеңнен кейінгі жылдары жиі араластым, әрдайым үзбей хабарласып тұрдым.

Жалпы, Димаш ағамен танысуыма, кейіннен әкелі-балалыдай, ұстаз-шәкірттей етене араласып кетуіме Ахат Әминұлы Мүліковтың себебі ерекше болды. Димаш Ахметұлының соңғы жиырма жылға жуықтай жеке дәрігері ретінде қызмет еткен Ахат Әминұлы бір жағынан өзіме жанашыр аға, бір жағынан бір ауылда туып-өскен жерлестер едік. 1989 жылдың 4-ші шілдесі, Ахаттың 50 жылдық мерейтойына Димаш аға да қатысты. Ағаға жақын сол жақ тұсынан маған да орын тиді. Ахат әу дегеннен: “Димаш аға Бақытжан деген ініңіз, өзі ғалым, өзі математик, Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де сабақ береді, өзіңізге деген ықыласы ерекше, сізбен жақынырақ таныссам деп армандап жүретін. Соның сәті бүгін түскендей. Қабыл алыңыз”, – деді де, мені орнымнан арнайы көтеріп, Димаш ағаға таныстырды. Бұл сөздерді ағамыз ықыласпен тыңдап, өте жылы қабылдады. Осы сәтте менің де қуанышымда шек болмады. Қазақстанды аттай елу жыл басқарған, әлемге әйгілі қоғам қайраткері, қазақтың біртуар ұлы Димаш ағаның қолын қысып, назарына түсуді, әрине екінің бірінің маңдайына жаза бермейді. Сондай сирек бақытқа, сирек сәттілікке менің де қолым жеткендей болды.

Сол отырыста Димаш ағаны қайта-қайта әңгімеге тартып отырдым. Менің қолданбалы математика ғылымының өкілі екенімді білгеннен кейін Димаш ағамыз айрықша бір толқу үстінде, ерекше ықыластана отырып өзінің өткен өмірінен сыр ағытты. Қолданбалы математиканың болашағы зор, еліміз үшін өте керек, кенже қалған ғылым екенін ерекше айтып, сонан соң инженерлік еңбектің ауыр бейнеті мен мәртебелі зейнеті, ұзақ жылдар бойы өзінің де өндірісте еңбек еткені, сол кезеңдерде республика экономикасына қазақ инженерлерінің қосқан үлесі жайында Димаш аға тебірене отырып әңгіме айтты. Балқаш мыс комбинатының, Соколов-Сарыбай кенінің, Жезқазған өңірінің тарихы, аяғынан тұруы, елге танылуы туралы Димекеннің әңгімесі маған бүкіл бір тарихи кезеңнің тірі шежіресіндей әсер етті. Ара-арасында мен де өз тарапымнан сұрақтар қойып бірде ғылым саласын, бірде өндіріс саласын қозғап, Димаш Ахметұлының жастық шағын, алғашқы өндірістегі инженерлік, басшылық еңбегі туралы көп сырға қанықтым. Осы әңгіменің барлығын дастархан басында отырғандар селт етпей, сілтідей тынып, ықыластана тыңдады.

Димаш ағаның өте шешен, қазақ тілінің нәрін кіргізіп, қанаттана сөйлейтінін сонда тұңғыш аңғардым. Әдемі, құлаққа жайлы, сәл

қарлығыңқы қоңыр даусымен барлығымызды баурап алды. Көз жанары әлі таймаған, ақ қырау басқан толқынды шашын салалы саусақтарымен анда-санда бір сипап қойып, бізге мейірлене қарап, сөз орайы келгенде әңгімеге қосылып отырды. Бейне бір абыз, ардагер, алып адам, өзінің бар тұлғасымен көз тойғызатындай еді. Жалпы ағамыз өте сымбатты, сұңғақ бойлы, сарбаз жан еді ғой. Сол қасиеттер бір сәтке де көмескіленбеген. Жымиып күлгенде немесе сөз арасында әзіл-қалжың араласқанда барлығымыз бір жасап қалатынбыз. Қандай асыл, қымбат сәттер еді сол кезең...

Қазір сол сәтті ойласам, Димаш аға қайта көз алдыма келеді. Қайран аға, қазақтың жүз жылда бір рет дүниеге келетін дара перзенті ғой... Сол кеште, 7-8 жасар, жанымдай жақсы көретін сүйікті, кенже қызым Алина да жанымызда еді. Димаш аға бір сәтке сыртқа шығып кеткенде, аға отырған креслоға қызымды аунатып алайын деп, бір ізгі ниетпен әкелік әрекетімді жасадым. Жас қызымның ойында ешнәрсе жоқ, аға отырған креслоға бір-екі рет аунап алды. Жас бала бұнымды қызық көріп отыр. Сол сәтте Димаш аға кіріп қалып, қатты қысылғаным әлі есімде. «Ештеңе емес, ұлы Мұқаң да, Әуезовты айтам, сыртқа шығып кеткенде, өз досы, қырғыздың ұлы жазушысы Шыңғыс та өз баласын Мұқаңның креслосына аунатып алыпты ғой», – деп, маған әзілдеп, арқамнан қақты. Сөйтті де, Алина қызымды тізесіне отырғызып: «Қазақтың қадірлі, атақты қыздарының бірі бол, қарағым», – деді де, алақанын жайып ағамыз ақ батасын берді. Төбем көкке екі елі жетпей тұрды. Ұлы адамның сондай кішіпейілділігі мені қатты тебіrentті.

...Димаш ағамен келесі кездесуім осыдан екі-үш жыл кейін өтті. Бұл кездесудің әсері мен үшін ерекше маңызды. 1992 жылы Димаш ағаның 80-жылдық торқалы тойы басталып, ағаның атына көп құттықтаулар келіп жатқан тұс болатын. Алыс шет ел халқы, әсіресе елден жырақ тұратын қандас бауырларымыз – қазақ диаспорасы Димаш ағаға айрықша ықылас танытты. Себебі алдында ғана, 1991 жылы дүние жүзі қазақтарының құрылтайы өтіп, сол жиында ағаның абырой-атағына, елге сіңірген еңбегіне күллі қазақ жұрты жоғары баға берді. Қазақтар көп шоғырланған біраз алыс шет елдерге шақырулар өте көп болды. Соның бірін ағамыз қабыл алып, Түркияға сапар шегіп келді. Димаш ағамен жақын жүздескен Түркияда тұратын қазақ диаспорасының, әрине қуанышында шек болмады.

Осындай мерей той тұсындағы сәттердің бірінде академик Өмірбек Жолдасбеков ағамыз басқарған бір топ ғалымдар Димаш ағаны 80-жылдығымен құттықтап үйіне бардық. Біз үйдің жанына жақындағанда бір топ кісілер ағаны құттықтап шығып жатыр екен. Әдеттегідей Димаш аға үйдің оң жақ бетіндегі өз жұмыс кабинетінде отырды. Біз жағалай кіріп, именіп сәлем беріп жаттық. Аға барлығымызды өте жылы қарсы алды. Өзі де толқу үстінде екен. Қаншама қазақтың белгілі азаматтары ізін суытпай бірінен соң бірі келіп-кетіп жатты, барлығы да Димаш

ағаның аман-саулығын тілеп, құрмет, қошемет көрсетіп жатқандығы сондай жарасымды еді. «Елдің атын ер шығарады» деген осы да. Енді сол ер туған бір перзенті 80-жастың белесіне көтерілгенде елі де өз тарапынан ұлын құрметтеп, қошеметтеп жатқаны халқымыздың мәңгі өлмейтін кемеңгер дәстүрінің бір белесіндей көрінді маған.

Мен сонда ерекше толқып, бір марқайып отырдым. Димаш аға да бізді ілтипатпен қабылдап, өзі де ағынан жарылып, көкейде жүрген көп ойларын ортаға салды. Әсіресе Қазақстандағы ғылымның болашағы, бүгінгі қол жеткізген табыстары, жас инженер мамандар даярлаудың мәселелері жайында толғақты толымды ұсыныс-пікірлер айтты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан экономикасының көптеген көкейтесті мәселелеріне байланысты да терең, толымды ой-толғамдарын ағамыз дәлел-деректермен ашық, айқын айтып өтті. Әсіресе ауыл еңбеккерлерінің ертеңгі күні, болашағы туралы жаны күйзеле тебірене отырып айтқан сөздері көкейімізге қонып отырды. Алыс түкпірдегі ауылдың, сондағы ағайын-туыстың тұрмыс тіршілігін бес саусақтай біліп отырған Димаш ағаның көңілінің сергектігі, көрегендігі отырған барлығымызды ойға қалдырды. Димаш ағаның барлық айтқан сөздері өмірден алынып, тіршіліктен түйгені ағаның арман-мұңындай әсер етті. Ел ішіндегі жағдайды жүрегімен қабылдап, жанымен түйсініп, терең біліп отырған абыз ағамыздың осы әңгімелері ел басқарып жүрген азаматтардың құлағына жетсе екен деп тіледік. Осының барлығын кітап етіп жазса, газет-журналдарға жарияласа болашақ ұрпақ үшін баға жетпес құнды дүниелер болар еді-ау деп ой түйдік. Сондағы бір таң қалғанымыз, зейнеткерлікте жүрсе де ағамыз қазақ ғылымының болашақтағы тағдыры туралы да әрдайым ойлайды екен. Бір жылдары Қазақ Ғылым Академиясының көш басында тұрған кезеңдерінде ағамыз ғылым үшін де көп тер төккені, ғылым саласындағы іргелі бастамалардың ұйытқысы, ұйымдастырушысы болғандығы, талай-талай ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық, инженерлік орталықтардың дүниеге келуіне тікелей қол ұшын бергендігі тарихтан мәлім. Сонымен қатар бірнеше оқу орындары да – университеттер мен институттар сол жылдары қазақ жастарына есігін айқара ашты. Демек қазақ ғылымы мен білімінің жұлдызы жанған, жарқын сәттерінің бірі еді сол кезең. Ал енді осы жолы айтқан ой-толғамдары, ұсыныс-пікірлері маңызы жағынан, мәнділігі тұрғысынан нағыз дер кезінде айтылып отырғанына таң қалмауға болмайды. Ара-арасында Димаш аға естелік әңгіменің де тиегін ағытып отырды. Өзі үшін ең бір аяулы, ыстық кезең – өндірісте еңбек еткен жылдарын қайта-қайта есіне түсіріп отырды. Сол жылдардағы қазақ инженерлерінің өзі бастаған алғашқы буынның еңбек жолдары, бастан кешкен қиыншылықтары, кедергілері барлығы тірі тарих болып, көз алдымызға келді. Сөздің мәйегін дәл тауып айтатын Димаш аға естелікті өте әсерлі, дәлелді деректермен шегелеп отырып жеткізеді екен. Осы әңгіме-

сұхбаттың арқасында біздің ұзақ отырысымыз қас-қағым сәтте өте шықты.

Қоштасар сәт келді. Мен алдыңғылардың бірі болып хош-сау айтып, есік жаққа беттей беріп, сол сәтте Димаш аға менің қолымнан ұстады да, «сен асықпа» дегендей ишарат білдірді. Орнымда тұрып қалдым. Димаш аға қолымды жібермей өз алақанында әлі ұстап тұр, бір әңгімені оңаша айтайын дегені ғой деп ойладым да, толқулы күйімде ағаның ыңғайына қарай бейімделдім. Бір сәтте Өмірбек Арыстанұлы тұсымызға жақын келіп, Димаш ағамен қоштаса бастады. Мені кідірткеннің сыры осы жерде ашылды.

«Айналайын, Өмеке, манадан бері қолынан ұстап, отырған Бақытжанды өзің білесің. Саған таныстырудың қажеті жоқ шығар. Өзіңе бір өтінішім, осы Бақытжанды назарыңа ұсташы, болашағы үлкен азамат болатынына қатты сенемін. Қазақ ғылымына, біліміне болашақта осындай жігіттер еңбек сіңіруі керек. Бұл жұмыс Бақытжанның қолынан келеді. Тезірек ғылым докторы болуыңа тілектеспін! Қолдап, сүйеп жүргенінді сұраймын!», – деді де Өмекеңді қапсыра құшақтап, кеудесіне басты.

Екеуі бір сәт осылай тұрды. Мен қатты қысылдым. Күтпеген жерден Димаш ағаның Өмекеңе мен жайында осылай астын сыза, арнайы өтініш айтқаны мені терең тебірентті. Мен бұл туралы ешуақытта Димаш ағадан сұранған емеспін. Өмірбек Арыстанұлына мен туралы айтады ғой деп ойлаған жоқ едім. Ал қазір, қоштасар сәтте, өзімнің ұзақ жылғы ұстазым, әкемдей қамқоршы болған аяулы ағам Өмекеңе мені тапсырғаны, қалай дегенде де, мен үшін күтпеген жағдай еді. Мен сол жолы ештеңе айта алмай, асқар таудай ағаның аяулы алақанын қыстым да, қоштасып шығып кеттім.

Қазақтың маңдайына жазылған екі алып тұлғаның жақын жүздесіп тұруы бір бұл емес еді. Димаш ағаның Қазақстан басшысы болып тұрған жылдарында Өмекеңнің КазМУ-дың ректоры ретінде республика басшысымен жақын кездесулері аз болмағаны анық. Димекең мен Өмекеңнің тізе біріктіріп, бар күш-жігерін осы іске бағыттаудың жарқын нәтижесі – қазіргі қазақтың айбынды оқу ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бүгінгі көрінісі ғой.

Тағы да айтайын дегенім, Димаш ағаның Өмекеңе айтқан бір ауыз сөзінің қадір-қасиеті туралы. Осы әңгімеден кейін Өмірбек Арыстанұлы маған бір ерекше ықыласпен қарағандай күй кештім. Ауызы дуалы үлкен кісінің бір ауыз сөзін аяқ асты етпей, қадіріне жетудің теңдессіз үлгісін Өмекең өз тіршілігінде, іс-тәжірибесінде әрдайым дәлелдеп өтті. Кей кезде жастар осындай өнегелі оқиғаға мән бермейміз. Уәдені оңды-солды арқалап, біреудің аманатқа айтқан сөзін де аяқ асты тастап кетуден танбаймыз. Оның ар жағында жатқан азаматтық ар, иман, кісілік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді жоғалтып алғанымызды аңғармай қаламыз. Ал енді Өмекең бір ауыз сөзді қадірлеу арқылы

өзінің де қайталанбас ұлы тұлға екендігін дәлелдеп кетті. Мен Димаш аға туралы ой кешкенде осы оқиға әрдайым көз алдыма келеді. Аталы сөздің қадір-қасиетіне осы Димаш аға мен Өмекең сияқты жете білсек біздің ұрпақ ағалар алдындағы парызы мен қарызын ағынан, адал өтеріне кәміл сенімдімін.

Бақытжан Жұмағұлов
техника ғылымдарының докторы, профессор

БӘРІМІЗГЕ ҮЛГІ БОЛДЫ

Қазақ елінің үлкен тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Соңғы Кеңес заманында аянбай еңбек еткен, республиканы мекендеген барлық халықтардың сүйіспеншілігіне бөленген ел азаматтары Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Ондасынов, Дінмұхамед Қонаев. Жарты ғасырдан уақыт олар біздің республикамызға басшылық етті. Қазақстанның жан-жақты жетістіктерге жеткен жылдары – осы мерзімнің ішінде болды. Бүгінгі мақсатымыз – Дінмұхамед Ахметұлын еске түсіріп, ол кісінің халық үшін атқарған еңбегінен кейбір есте қалған сәттерді баяндай отырып, мысалдар келтіру.

Димекенмен көптеген жылдар бойы бірге қызмет атқарған жандар баршылық. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ірі тұлға. Ірі тұлғалар туралы жазу да оңай жұмыс емес. Бұндай кісілерге жеке адам емес, тарихтың өзі баға береді.

Димекен халықтың үлкен сүйіспеншілігіне ие болған адам. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз ол кісінің есімін үлкен құрметпен атайды. Ол кісіні білмейтін адам некен-саяқ. Сондықтан да халқы оны «Димекен», «Димаш аға», «Димаш Ахметович» деп атаудың өзі осы сүйіспеншілікке байланысты деп түсінемін. Димекеннің көп қасиеттерінің бірі – кездескен адамды, кәрісі болсын, жасы болсын, ер адам болсын, әйел адам болсын, қай халықтың өкілі болмасын өзіне тарта білетін, жатсынбайтын. Ол кісі қабылдаған адамдардың ішінде бірде-бір ренжіп кеткен адамды көрген жоқпын. Жеке адамдарды қабылдаған уақытында ол кісі көп уақыт алмай, негізгі мәселені тыңдап, шешуге, көмектесуге тырысатын. Көп мәселелерді келген кісінің көзінше телефонмен тапсырма беріп, тез көмектесетін.

Орталық партия комитетінде жалпы бөлімнің мәселелеріне әрдайым да мән беріп, келіп түсіп жатқан мыңдаған хаттарға уақытында жауап берілуін талап етіп отыратын. Хаттарда, арыздарда қойылған үлкен мәселелерді Орталық партия комитетінің Бюросына ұсынып, қаратып, әдейі қаулы қабылдатып, тапсырмалар беретін.

Көптеген хаттарды өзі оқуға да уақыт табатын. Димекеннің өзі-өзіне қатты талап қойып, жұмыс уақытын жақсы ұйымдастыра білетініне бәріміз таңқалатынбыз. Республиканы басқару үшін, оны ең алдымен өте жақсы білу керек. Ол кісі елді көп аралайтын, барлық облыстарда, аудандарда болған кезде халықпен көп кездесуге, пікір алмасуға тырысатын.

Димекен Ақмола облысына 1978 жылы келгендегі бір кездесуді еске түсірейін. Мен ол уақытта партия комитетінің екінші хатшысы едім. Бұрынғы бірінші хатшы Н.Е. Кручина Москваға жұмысқа кетіп, орнына ешкім сайланбаған. Орталық партия комитетінің бірінші хатшысын, Саяси Бюроның мүшесін облыста қабылдау, екі күн болатын уақытының жұмысын ұйымдастыру маған тапсырылды. Мен облыс

басшыларын жинап, олардан Димекеңмен қай өндіріс ұжымдарында, мекемелерде кездесу ұйымдастырамыз деп сұрадым. Сонда ол кісілердің айтқанына таң қалдым. Ақмолада ол кісі араламаған өндіріс орындары жоқ. Кейбір заводтарда екі-үш реттен болды дейді. Сондықтан мәдениет, білім беру мекемелеріне барған дұрыс деп кеңес айтты. Ақылдаса келіп, басқа мекемелермен қатар медициналық институттың жатақханасын көрсетіп, студенттермен кездесу ұйымдастырдық. Сол мезгілде Ақмолада 12 қабаттық үш үйден тұратын өте жақсы жатақхана іске қосылғанды. Димекеңе жатақханаға апарамыз, студенттермен кездестіреміз дегенде – ол кісі шын ниетпен қабыл алды.

Димаш аға жатақханаға барғандағы студенттердің қандай көңілмен, қандай қуанышпен қарсы алғандығы кәзірге дейін көз алдымда.

Студенттер үлкен құрметпен бірінші қабаттағы фойеде қарсы алды. 3-4-5 қабатқа жаяу көтеріліп, 3-4 кісіден жатқан бөлмелерді, асхананы, кітапхананы аралап көрді. Бөлмелерге кіргенде ол кісі оқу туралы студенттердің тұрмысы, асханадағы тамақ туралы көптеген сұрақтар берді.

Бір бөлмедегі болған әңгіме былай өрбіді. Үш қыз бала тұрады екен, екеуі қазақ қызы, біреуі орыс қызы. Ол кісі: «тату тұрасындар ма?» деп сұрағанда, олар тату тұру өз алдына, тамақты бірге пісіріп, бірге ішетіндерін айтты.

Екі қазақ қызынан: «Сендердің ауылдарың қайдан?» дегенде, олар: «Біздер Түменнен келдік» деді. Димекең бұған қатты риза болып, «Түмен облысында да қазақтар бар екен ғой» деді.

Жатақхананың залына жиналған студенттерге республика жағдайы, халықтың тұрмысы, студенттерге, жастарға жасалып жатқан қамқорлық туралы айтып берді. Көптеген сұрақтар қойылды. Оларға әкелік асқан сүйіспеншілікпен жауап берді. Бұл кездесуде – жүздеген студенттер – болашақ дәрігерлер өмір бойы ұмытпайтын әсерге бөленді.

Димекеңнің тамаша қасиеттерінің бірі – жастарға айырықша қамқорлықпен қарайтын, олардың өсуіне, тәрбиесіне үлкен мән беретін. Сегіз жылға жуық Димекеңнің басшылығымен Қазақстан Жастар одағын басқардым. Бұл аз уақыт емес. Сол жылдарда ол кісі комсомолдың атынан қойылған мәселелердің бәрін де шешіп отырды. Димаш Ахметұлы партия съездерінде, Орталық Комитеттің пленумдарында сөйлеген сөздерінде жастар мәселесін назардан тыс қалдырмайтын. Партияның комсомолға деген басшылығын Димекеңнің тікелей қамқорлығынан көретін едік. 1971 жылы 7 шілдеде барлық республикалардың жастар ұйымдарының бірінші хатшыларының, Орталық комсомол ұйымының хатшысы Е.М. Тяжельниковтің қатысуымен Қазақстан комсомол ұйымына тұңғыш рет берілген үлкен баға болатын. Бұндай мәселені Саяси Бюродан өткізу – тек Димекеңнің зор беделі. Бұл жастарға деген Димекеңнің әкелік қамқорлығы және үлкен сенімі еді. Жастар сол сенімді ақтау үшін комсомолдық алып

құрылыстарда, мал, оның ішінде қой шаруашылығында, өндірістің барлық салаларында аянбай еңбек етті.

Димекең – жастарды еңбекке, оқуға, білімге, өнерге тәрбиелеу мәселесін күн тәртібінен түсірмейтін және оның орындалуын үнемі қадағалап отыратын. Димекең өзі де, өндірісте шындалған еңбек адамы, инженер, ғалым.

Ол кісі – Қазақстан қалаларының құрылысына айрықша мән беретін. Әр қаланың бүгінгі өмірге сай болуын талап ететін. Алматының көркеюіне жасаған еңбегі көл-көсір. Біздің көз алдымызда ғажайып ғимараттар бой көтерді, саялы бақтар мен гүлзарлар жасалды. Достық, әл-Фараби даңғылдары, Республика алаңы, әлемге әйгілі Медеу спорт комплексі, Даңқ мемориалы, Республика сарайы, аэро және темір жол вокзалдары, «Арасан» кешені, Достық үйі, «Қазақстан» қонақ үйі, Алатау, Алматы санаторийлері, оқушылар сарайы, санай берсең сан жете қоймас. Осындай сәулетті де сәнді ғимараттар ел игілігіне айналды.

Республиканың орталық мұражайын салуға өзі тікелей басшылық жасады. Ішін тарихи экспонаттармен толтыруды, қазіргі талапқа сай безендіруді Орталық Комитеттің насихат және мәдениет бөлімдеріне тапсырды. Мұражайды іске қосатын күн жақындаған сайын ондағы жұмыстың жай-жапсарынан хабардар боп, тікелей өзі қадағалағаны бар. Мұражай қызметкерлері, суретшілер, дизайнерлер, партия қызметкерлері күн-түн демей еңбек етті. Сөйтіп, Димекең талап еткен уақытында мұражай халыққа есігін айқара ашты. Осы мұражайды алғаш көрушілердің қатарында келген дүние жүзіне әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматов: «Мұндай мәдениет ошағын Еуропаның ежелгі астаналарынан да көре алмадым» дегенді айтып еді.

Орталық концерт залын ертеректе отқа оранған театрдың орнына салу, концерт залының алдына Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыға келіп, қызмет істеп, тамаша тарихи кинофильмдер шығарған орыс халқының талантты актерларының, кинорежиссерларының, өнер қайраткерлерінің есімдерін ескерткіш тақтаға жазу тікелей Димекеңнің ұсынысы еді. Соғыс уақытында шыққан кинофильмдердің халықты, жастарды тәрбиелеуге, жеңіске жігерлендіруге қалай әсер еткенін ол кісі жиі еске алып, қызу әңгімелейтін. Оны өз құлағымызбен естідік.

Тамаша концерт залына кірген уақытта жоғары жаққа көз салсаңыз, халқымыздың белгілі өнер қайраткерлерінің, сазгерлермен, әншілерінің бейнелерін көресіз. Бұндай суреттерді тек қана Мәскеудің консерваториясының үлкен концерт залынан ғана көре аласыз.

Димекең Мәскеуде оқыған кісі. Мәдениетті, әдебиетті, тарихты жақсы білетін және жақсы көретін жан. Өзі көрген жақсы нәрселерді, әр саланың озық үлгілерін туған астанамызға әкелуге тырысты. Соның бірі – осы Орталық концерт залының жалпы құрылысы мен ішінің тамаша тарихи есімдер бейнелерімен безендірілуі.

Ол кісінің театрларға баруы да республика басшыларына, астана халқы мен қонақтары үшін де есте қалатын салт жоралғысына айналды. Театрда қойылып жатқан жаңа спектакльдерге, басқа жерден келген үлкен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен өтетін концерттерге баруымызды талап ететін. Ол кісі барған уақытта театрға келген жұртшылық жылы қарсы алып, бір жасап қалатын. Димекең театрларға, киноларға әрдайым Зухра Шәріпқызы екеуі бірге баратын. Бұл да бізге өнеге еді. Өнер мен әдебиет қайраткерлері басшыларға ғана емес, бастықтар оларға тәуелді болған да ғана іс ілгері басады дейтін.

Димаш ағаның тағы бір қасиеті – ата-анасына, жарына, туған-туысқандарына деген қамқорлығы, сүйіспеншілігі. Ол кісінің әкесіне сәлем бере барғанымызда мына бір жайдың куәсі болдық. Ахмет ақсақал көп сөйлемейтін, өте салмақты адам еді. Димекең келіп жатқан кісілердің әрқайсымен таныстырып жатты. Ақсақал асықпай тыңдап отырды. Сыпайылап ризашылығын жеткізді. Осы арада байқап қарасам, Димекеңнің ол кезде алпыстан асқан, ал Ахмет ақсақалдың 85-тегі кезі екен. Димекең әкесінің алдында үлкен кішіпейілділікпен, бала тұрғысынан сөйлеп, ізеттілік сақтап, ілтипат көрсетіп отырғанына таң қалдық.

Димекеңнің жұбайы Зухра Шәріпқызы да өте мәдениетті адам еді. Өнерді жетік білетін, қазақ, орыс, татар классикасын терең меңгерген. Көптеген дарынды актерлардың ойындарын кеше көргендей әңгімелеп отыратын.

Димекең өзінің айналасына тәжірибелі қызметкерлермен бірге жас кадрларды да жинай білді. Олардың қалыптасуына, әр түрлі саладан өсулеріне қамқорлық жасады. Димаш ағаның өзі сол жастарға, бүкіл халыққа үлгі болып, кең байтақ Қазақстанды табыстан табысқа жеткізіп, бүкіл жер жүзіне көрсете білді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қазақ халқы, Қазақстанда тұратын барлық халықтар үшін жасаған еңбегі зор.

Зақаш Камалиденов
қайраткер

ДАРА ТҰЛҒА ЕДІ

Халық үшін қажымай, ел үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі болған Димаш Ахметұлын сонау жылдардың басынан бері білетінмін. Тыңның дүрілдеген уақытында ортасында жүрді. Сондай қым-қиғаш жаңа дәуір басталған шақта ол кісі облыс – облысты аралап, халқының ортасына жиі келетін.

Димекең – халқының адал ұлы. Білім десе – білімі жетерлік. Қандай қызметке де лайық тәжірибе бар еді. Ұзақ жыл Қазақстан Компартиясын басқарған еліміздің экономикасын, ғылымын, мәдениеті мен өнерін дамытуды қолға алды. Оған өз қанаттастарын жұмылдыра білді. Халық тұрмысын жақсартуға көп еңбек етті. Үлес қосып қойған жоқ, тікелей өзі басқарды. Қай қырынан қарасақ та, халық алдындағы еңбегі өте үлкен, оны тілмен айтып жеткізу қиынның-қиыны. Соған орай ел де Димекеңді сыйлайтын, жақсы көретін, кісілігіне бас иетін. Ол кісі облыстарды аралаған сапарында халықтың тұрмысын өз көзімен көріп, шаруашылықтарының жағдайын егжей-тегжейін сұрап, ақыл-кеңесін уақыт тауып айтып беретін.

Димекең алдағыны болжай білетін еді. Осы дарындылығының арқасында күні бүгінге дейін Қазақстанның тыныштығы бұзылған жоқ.

Өйткені Қазақстан – қашанда көп ұлтты мемлекет. Қазақ жерін мекендеп отырған барлық ұлт өкілдерін алаламай басқаруға да ақыл-парасат керектігін бізге көрсетіп кетті. Біз бұл салада Димекеңнің дұрыс соқпақ салып кеткенін ұмытпайық. Халықтың ауыз бірлігін бірінші орынға қойған басшылардың елі әмәнда берекелі болатыны бір сәт естен шығыармайық.

Димекеңнің өмір жолы тек бір азаматтың ғана емес, күллі бір ұлттың бір ғасырлық өмірбаянына айналғанын мойындамасқа болмайтыны шындық. Қалайық, қаламайық әлденеше ондаған жылдар бойы көзқаракты дүние Дінмұхамед Ахметұлы аталған жерде Қазақстан, ал Қазақстан аталған жерде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бар деп ұқты. Күні бүгінге дейін біреуі білсе, біреуді білмейтін алакөңіл, алақол адамзат дүниеде Қазақстан барын, оның жерінің ұланғайыр кең ғана емес, ұлан-асыр бай екенін, оның халқының ақпейіл қонақжай ғана емес, талантты да өнерпаз, ізденгіш те білімпаз екенін тек кейінгі он жылдықтарда ғана білді. Әсіресе, соңғы ширек ғасырда төрткүл дүниеде қазақ зиялысының шықпаған төрі, қазақ өнерінің шықпаған сахнасы қалмады. Жер де өзгерді. Оны біз ғана емес, күллі дүние тегіс мойындады.

Сан ғасыр езгіге түсіп, сан ғасыр әнтек басқыншылық көріп қалған халқымыздың бас-аяғын жинап, арғы-бергіге назар аудару бастауы да сол Димекең билік құрған кезеңнен басталғанын 1986 жылдары біз айтпасақ та, жұрт айтты. Тіпті соңғы үш ғасыр бойына өз билігі өзінде болмаған халықтың өз тізгінін өзі алып жүре алатынына да өзге түгілі өзіміздің көзіміздің әбден жеткені сол алпысыншы – сексенінші жылдар

арасы еді. Ал өз аузына қолы жетіп алған халықтың қайтып нөқтаға түспейтінін кейін күллі дүние көрді. Егер сол бір жылдары тек экономика ғана өркендеп, ұлттық санамызда ешқандай қайта ояну болмаған болса, халқымыз баяғы қайтып бара жатқан отаршылдық әкімгершілік қанды тырнағын алдымен бізге салған кешегі күндері немесе баяғы қайтып бара жатқан отаршылдық қыз-қыз қайнаған ызасын бізден қайтарғысы кеп, қайта-қайта тап-тап беріп отырған бүгінгі күндері тап бүйтіп тастүйін қалып таныта алмас еді. Тап бұлай тез ес жиып, тез марқая қоймас еді. Міне, осынау биіктікке өрмелеткен дара тұлға, ғұлама дарын иесі Димекеңнің шапағаты дер едім өз басым.

Өмірде қайталанбас шоқтығы өз алдына дара – Димекең ағамызбен алғаш рет 1959 жылы тамыз айында телефон арқылы таныстығымыз басталғанды. Менің жас кезім, Қаратас аудандық партия комитетінің хатшысы болып істейтінмін. Бір кезде жұмыс бөлмедегі телефон шырылдай жөнелді. Трубканы көтеріп едім: – бұл облыстық партия комитетінен, – сізге қазір бірінші хатшыңыздың (ол уақытта бірінші хатшы Құсайын Бекішев болатын) жұмыс кабинетіне кіріп отырыңыз, сізбен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сөйлеседі, – деді. Жүрегім тулап қатты қобалжып кеттім. Апырым-ай, ол кісі менімен сөйлесіп, не тапсырма бермекші. Қырсыққанда, бірінші хатшының болмай қалғанын қарашы, сұрағына жауап бере алмай қалсам, таза масқара болмаймын ба? Осындай ойлармен бірінші хатшы Құсайын Бекішевтің кабинетіне кіріп отыра бергенім де сол еді, телефон баж ете қалды. Трубканы көтеріп едім:

– Саламатсыз ба? Мен – Қонаевпын, – деді. – Сосын: – Иә, хатшы болып қай уақыттан бері істейсіз? – деп сұрады.

– Көп бола қойған жоқ, жуырда ғана сайландым.

– Мамандығыңыз ше?

– Агроном.

– Е, онда «модный» хатшылардан екенсіз ғой, – деп әзілдеді.

Димекең телефон шалған кез – жекешелердің жылқы малын мемлекетке етке жинап алып жатқан тұс. Қым-қиғаш, айқай-шу, өз еріктерімен малдарын өткізіп жатқан адамдар шамалы еді. Кейбір жерлердегі күштеу арқылы жиналып жатқаны ол кісінің құлағына жеткен болуы керек, сөз арасында тағы да:

– Сіздер тек халықтың ықтиярымен ғана жинаңыздар, милиция жіберіп,

– қоқан-лоққы жасайтын болсаңыздар, онда әңгіме басқаша.

– Жо-жоқ Димеке, біздерде ондай мәселеге жол берілмейді, – дедім мен де.

– Ал, халықтан жинап алып жатқан малға төлейтін ақшаны аудандық

– банкіге өткіздім, қалған шаруаны бақылау сізге жүктеледі «модный» хатшы, – деп әзілмен қоштасты.

Қандай қарапайым, қандай мейірім!

Арада бір жыл өтпей-ақ Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Мен ол кезде Шымкент облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып істейтін едім. Димекеңнің активте, конференцияда, пленумда сөйлеген сөздерін газеттерден қайта-қайта оқып, өзіме рухани жан азық алатын болдым. Республика өмірінің қай саласы болмасын, ол кісі жетік білетін дарын иесі еді.

Орта Азия мен Қазақстанның ауыл шаруашылық мамандарының бірлескен жиналысында Димекең ұзақ баяндама жасағанда таңдай қақпаған адам қалмады. Не деген білімдарлық, не деген шешендік деп тарқасты.

1974 жылы маусым айының аяғына қарай Димекең Шымкент облысын аралауға арнайы келетін болды. Бұл жолы Шымкент қаласы арқылы емес, бірден ұшақпен Түркістанға түсетін болды. Бұл кезде мен Шымкент облыстық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы болып істейтінмін.

Күтіп алуға сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Рамазанов, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ж. Шаймерденов және мен, сондай-ақ Түркістан, Кентау қаласының басшылары шықты. Ұшақ белгілі мерзімінде келіп қонды. Қауышқан ыстық құшақтардан кейін аудан шаруашылықтарын аралауға аттанып та кеттік.

Түркістан өңірінде егілген барлық мақтаның өсімі өте жоғары еді. Мақта плантациялары менмұндалап, адамның көз нұрын шағылыстыратын. Ел басшысы аса ризашылық білдіріп, еңбекшілерге ыстық ықылас танытып, әрбір отбасына таусылмас қуаныш, бақыт тілеп жатты. Шымкент қаласына қарай бет алған шақта жолай екі ауданның кейбір шаруашылықтарын аралап көрді. Сол кездегі Бөгет ауданының (қазіргі Ордабасы) Сыпатаев атындағы кеңшардың мақта плантациясын аралап жүрген кезде бір топ ауыл қариялары Димекеңе сәлемдесеміз деп болмады. Біз ол кісілерге Димекеңнің уақыты тар екенін айтып, түсіндірсек те көнетін түрлері жоқ. Киіп-жарып, ел басшысына жақындай түсуде. Мұны көріп тұрған Димекең қайта өзі, ол қарияларға қарай беттеді. Облыс басшылары – біздер қатты саса бастадық. Өттеген-ай, мына қариялар ел басшысының алтын уақытын босқа алатын болды-ау және біреуі машина сұраймын деген-ді. Жоқ, нәтиже біз ойлағандай болмады. Қайта әлгі қариялар Димекеңе ел-жұрттың ризашылығын айтып, ұзақ жыл жасай беруіне қолдарын жайып бата берді. Димекең де қарияларға рахметін айтып, арқаларынан қақты.

Шымкент қаласына қарай бет алып келе жатқан шағымызда Алғабас ауданының «Шалдар» кеңшарының егіндігінде ыңғайсыз оқиғаға тап келдік. Бір топ жылқы малы жайқалып өсіп тұрған бидайдың

ортасында жайылып жүрмесі бар ма?! Үшеуіміз бірімізді-біріміз шымшылап, қатты састық.

– Апырм-ай, тура әдейілеп істелген сияқты.

– Жоқ, ел басшысы көрсе де, көрмегенсіп өте шықты. Содан Темірлан елді мекеніне жақындап қалғанда Димекең артына бұрылып: – Жолдас Назарбеков, айтыңызшы, биыл мемлекетке қанша тонна ет тапсыра аласыздар? – деді.

«Құдай ұрды ұсталған жер осы шығар. Неде болса тәуекел!» – дедім де әзілге бұрып:

– Мемлекетке ет тапсыру жоспарын асыра орындаймыз деп сендіре аламын.

– Жаңа, өзіңіз көрдіңіз ғой «өлшеусіз жем беріп жатқанымызды», – дедім.

Димекең барынша сықылықтап күлді.

Неткен кешірімді еді, бәрін де ақыл таразысына салып, даналықпен қарайтын жанның дүниеге келуі қоғамда сирек шығар...

Қазақ тарихында қайталана бермейтін ірі тұлға, ел ағасы Димекеңмен кейінгі жылдары ағалы-інілі болып жиі араласып кеттік. Енді ол жайларға кеңірек тоқталайын.

Сексеннің сеңгіріне бет алған шағында, яғни 1992 жылы Дінмұхамед Ахметұлын елге арнайы қонаққа шақырдым. Өтінішімді жерге тастамай, қабыл алды. Қатты қуандық үй-ішімізбен. Содан дайындыққа кірісіп кеттік.

Арада шамалы мерзім өткеннен кейін Димекең телефон соғып, елге келетін мерзімін нақты айтты. Біз Димекеңді Жамбыл облысының шекарасында қарсы алдық. Қасында өзінің денсаулық күзетшісі – дәрігері Ахат Мүлікөв, жазушы Серік Әбдірайымұлы, туған інісінің баласы Елдар, тағы басқа мен танымайтын бір-екі жас жігіттер бар екен. Аман-саулықтан кейін тіке менің туып-өскен жерім – Төле би ауданы, «Горный» кеңшарының «Екпінді» елді мекеніне қарай бет алдық. Келсек аудан басшылары мен ауыл азаматтары да құлақтанып, үй маңында 20-30 адамдай күтіп тұр екен. Димекең жиналған жұртшылықпен түгел қол беріп амандасып шықты. Байқаймын, көңіл күй көтеріңкі сияқты. Ішке кіріп, дастарқанға жайғасып отырған соң Димекеңнің әрбір сөзін зейін қойып тыңдап, біразы қойын кітапшаларына жазып отырды. Бұл отырыс менің жүрегіме өшпес мұра болып жазылды. Ертеңіне сағат ондар шамасында жиналған қауыммен қоштасып, облыс орталығы Шымкент қаласына келдік. Облыс әкімі Үркімбаев Димекеңді құшақ жая қарсы алып, елу жыл ел басшысы болған Қонаевпен ұзақ әңгімелесті. Димекең бұл қарсы алуды ризашылықпен қабылдап облыс еңбекшілеріне қиын кезеңде табыс тіледі, өмір-тәжірибесінен кеңестер берді.

Менің арнайы шақыруыммен келген Димекең облыс еңбекшілерімен жүздесуге асықты. Ол кісінің қазақ мемлекетін, оның халқын барынша сүйетіні әрбір кездесуде байқалып тұрды. Ерте дүние

тарихының куәсі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі кездесу де ерекше болды. Кездесуге жиналған жұртшылық Димекеннің етегіне жығылып, ырым үшін шапанының ұшына көздерін сүртіп, сүрініп-қабынуда. Бұл көрініс Димекенді халқы барынша жақсы көріп, табынатынының белгісі еді.

Түркістаннан шығар жолдағы Ихсан елді мекеніне 5-6 мыңдай жиналған жұртшылық Димекенге ерекше сый-сияпат жасағанын айтып бермеу мен үшін күнә сияқты. Тоқсандағы шалдан бастап, бір жастағы балаға дейін осында жиналыпты. Әр ұлттың сазды-әуен музыкасы шырқалып тұр. Ығы-жығы халық Димекенді көргенше асығып-ақ тұр. Машинадан түсіп, ортаға келгенше сатыр-сұтыр соғылған шапалақтар. Бір кезде ұлттық салт-дәстүр бойынша Димекенге аудан басшылары иығына шапан жауып, ат мінгізді. Байқаймын, Димекен де толқулы. Тіпті көзіне ыстық жас алған сияқты. Халқыма рахмет, халқыма рахмет!, – дегеннен артық аузына сөз түспей жатыр. Бірақ мінгізілген аттардың ешқайсысын алған жоқ. Бәрін де өздеріне сыйға қайырып берді. Ихсандағы мінгізілген атты сол өңірдегі тұңғыш мақташы – механизатор, Социалистік Еңбек Ері Машай Әбенованың ұлына сыйға тартты. Жол-жөнекей тарихи орындарға – Бәйдібек бабаның, Домалақ ана кесенесінің басына барып бас иіп, тағзым жасады. Мұның бәрі өткен дәуірдегі дана адамдарға деген ұлы кісінің білгірлігі деп түсіндім.

Оңтүстік өңірінде болған айтулы кездесулерден кейін Димекенді шаршаған шығар деп ойладық қасында жүрген біздер. Сөйтсек, тіпті де олай болып шықпады. Түстен кейін бір-екі сағат демалып алған соң мені шақырып алып:

– Бауырым, Төке, ертең Ташкентке барып қайтсақ қайтеді? Ондағы Төле би бабаның кесенесінің басына барып, тағзым жасап, одан Өзбекстан Республикасының айтулы азаматы болған, 18 жылдан астам ел басқарған Шараф Рашидовтың үйіне соғып, бәйбішесіне көңіл айтсақ дұрыс болар еді, – деді.

– Біз сізге қызмет істеуге әрқашан дайын екенімізді алғашқы күні-ақ айтқан едік қой. Сондықтан бұл ұсынысыңызды құп аламыз. Ертең жолға шығуға әзірміз, – дедім.

Таң самалымен бес-алты машина тізбегі қасиетті Қазығұрт бауырының етегін алып жатқан түп-түзу асфальт жолымен Ташкент қаласына қарай бет алып келеді. Табиғат даналықпен бірге алыптықты қатар сыйлаған, Димекен көз жанарын алға жіберіп, ой үстінде тербетіліп келеді. Өне-міне дегенше машиналар тізбегі Ташкент қаласында орналасқан Шайхантауыр қалашығына келіп тоқтады.

Қалашық алды торлаған халық. Төле би кесенесінің айнала төңірегіне ақ шаңқан қазақ үйлер тігіліп тасталыпты. Өзбек, қазағы демей жапырылып, Димекенге бар құрмет жасап қарсы алды. Екі-үш сағатқа созылған үлкен кездесу өтті. Димекен аса шешендігімен екі республика азаматтарының қойған сұрақтарына жан-жақты жауап беріп,

олармен ой бөлісті. Ташкент сапары Димекенді қатты толқытты. Туыстас халықтың ізгі құрметі, аса зор меймандостығы, сый-сияпаты жасы сексеннен асып қалған ел ағасына, ақылшысына күш-қуат берді. Өзбекстан астанасынан хош айтысып шыққан Димекен бастаған топ Шымкент қаласына күннің қызуы басылмай-ақ жетіп келдік.

Қала орталығындағы біздің үйде Димекен шамалы уақыт деп алып, қасындағы азаматтарымен жолға шықты. Елдің сыйлы игі жақсылары Дінмұхамед Ахметұлын Жамбылдың шекарасына дейін шығарып салдық. Ол кісі аса ризашылықпен қоштасты.

Арада жылжып уақыттар өтіп жатты. Мен Димекен ағамызбен жиі-жиі телефон арқылы сөйлесіп отырдым. Сөйлескен сайын өзінің жазып жатқан естеліктері жайлы ой бөлісіп, кітабын таяу арада бітіретінін, баспаға беретінін айтатын.

1993 жылдың көктемінде Димекен үйге телефон шалып:

– Бауырым, Төке, үлкен тойға баруға дайындал. Таяу арада өз қолыңа шақыру билеті де тиіп қалар. Көршілес Өзбекстан Республикасы өздерінің төл перзенті, 18 жыл республикаға басшылық жасаған, ірі мемлекет қайраткері Шараф Рашидовтың туғанына 75 жыл толу тойын атап өтпекші екен, соған бірге барайық, – деді. Сөйтіп Ташкент қаласында қай мезгілде кездесетінімізді айтып, түсіндірді. Мұндай, керемет шақыруды қалай мақұл алмасқа? Мұны есіткен бәйбішем Зекең де тойға барамын, деп қолқа салсын келіп.

Келісілген мерзім бойынша тойға қатысу үшін жолға шықтық. Бұл жолы бізбен бірге Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімнің бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков те барды. Барлық шымкенттіктер аэропортқа барып, Дінмұхамед Ахметұлын ұшақтан қарсы алдық. Сөйтіп жұбымыз жазылмай өзбек халқының ардақты ұлы Шараф Рашидовтың тойы өтетін орталық алаңға келдік. Ескерткіштің алқызыл лентасын Димекен қиды.

Ескерткіштің ашылу салтанаты аяқталған соң Димекен мені оңаша шығарып алып: «Енді Шараф Рашидовтың үйіне, бәйбішесіне барып сәлем берейік», – деді. Мұндай даналық ұсынысты қалай құптамасқа. Құрамымызбен екі бөлмелі шағын пәтерде тұратын Рашидовтың отбасына бардық. Обалы не керек, бауырлас ағайындар жығылып төсек болып, құшақ ұшып қарсы алды. Жайбарақат отырып, өткен-кеткен қызмет бабында, курорттарда бірге болғандары жайында әңгіме-дүкен құрды. Әсіресе Шарафтың бәйбішесі уақыт қыспағына түскен шақтарын еске алып, көзіне қайта-қайта жас алды. Бұған Димекен бәріне шүкіршілік жасап, сабырға жеңдіріңіз деп басу айтып отырды.

Той Шарафтың туған жері Жизақ қаласында жалғасты. Салтанатты жиында Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов баяндама жасады. Осы жерде ол кісі Рашидовтың саяси серігі, әрі партиялас дос-ағасы Димекенге зор құрмет көрсетіп, Қонаевтың соншама

эсерлі сөзіне ризашылық білдірді, жұрт алдында құшақтап, екі елдің шынайы бауырластығын көрсетті.

Ертеңіне сағат он бірлер шамасында Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов Димекеңді ресми қабылдап, ұзақ әңгімелесті. Соңынан екі сағатқа созылған баспасөз-конференциясы өтті. Бұған шетел журналистерінің бір тобы қатысып, түрлі сұрақтарына жауап алды. Келесі күні көне ғасырдың куәсі атанған атақты Самарқанд қаласына барып, тарихи орындарды асықпай аралап көрді. Сексеннің сенгіріне шыққан Димекең қанша шарса да бізге оны білдіртпей көңілді күймен елге оралды.

Халық үшін қажымай, ел үшін еңбек еткен ірі мемлекет қайраткері, өз дәуірінің пайғамбары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыз туралы әлі де талай-талай естеліктер, талай-талай повесть, романдар жазылары сөзсіз. Ал менің бұл естелігім өзім көзіммен көріп, бірге жүріп, бірге тұрған сәттерімді ақ парақ бетіне түсіріп, кейінгі ұрпақтың бір кәдесіне жарар деген ниетім ғана еді.

Төлепбек Назарбеков
дербес зейнеткер

АБЫЗ

Бұл 1990 жылғы күз еді. Жапырақтар енді-енді сарғая бастаған кез. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының бірінші томы жарық көрген болатын. Ол кезде біраз уақыт бір кабинетте бірге отырып қызмет жасайтын Дияр Қонаевқа: «Дияр, сен үлкен кісіге айтшы (Дінмұхамед Ахметұлын айтып отырмыз), Мәшекеңнің бірінші томы «Ғылым» баспасынан шықты, кітабын оқығысы келе ме екен, оқыса, сенен беріп жіберейін», – дедім. Ол ертесіне: «сізге» өзі келсін, кітабын ала келсін» деді, – деп көңілді тіл қатты. Көп кешікпей Дияр екеуіміз Дінмұхамед Ахметұлының үйіне бет түзедік.

Димекең бізді күліп қарсы алды. Бірден төрті бөлмеге өзі бастап алып келді. Үй ішінің төрт қабырғасы кітап секілді көрінді маған, рет-ретімен әдемі жиналған дүние бір-бірімен үйлесіп, жарастық тауып тұр. Қаншама академик оқымыстылармен араласып жүріп, дәл осындай мол жиналған кітапты көргенім осы. Димекең мынау таңданысымды бірден байқады:

– Өзім атқа мінгелі кітап жинадым, – деді маған ойлы көзімен қарап.

Сосын сыпайы ғана: – Отыра ғой, – креслоны нұсқап. Өзі де жайғаса бастады. Қарсы алдымыздағы үстелдің үстінде үш сурет тұр екен, оны енді байқадым, бұлар Димаш ағаның өзі, ортада эз Төле би және зайыбы Зуһра апай болатын.

Димекең мені бастан-аяқ барлап бір қарап шықты, сол кезде өне бойымнан тоқ шымырлап өткендей болды, әлдебір ағаттық жіберіп алған жоқпын ба деп, өзімді-өзім тежеп ұстауға тырыстым. Сәл үнсіздіктен соң қолымдағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бірінші томын ұстаттым. Аса ірі, салалы саусақтарымен кітаптың бетін бір сипады, аузы күбірлеп ішінен бірнәселер айтқандай болды.

Осы аралықта Мәскеу мен Ленинградтағы бір-екі жағдай есіме сап ете қалды. Қазір бәріміз мақтан тұтып, бір сөзін қалдырмай оқитын бес арысымыздың мұрасын жинау үшін Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының айрықша тапсырмасымен сапарда жүргенмін. Кітапханалар мен архивтерде түрлі зиялы қауыммен ұшырасып қалып жүрдік, сонда олар: «Кімсің, қайдан жүрсің, не істеп жүрсің» – деген сияқты сұрақтар қояды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты кейбірі бізді ұнатпайды. Қазақ екенімді білгеннен бастап одырая қарайды. Әйтеуір не керек, Дінмұхамед ағаға тиіседі, ол кісі бай, шонжар, ақсүйек деп шаншу сөздермен түйрейді. Содан кейін астанамыздағы әдемі халық музейі мен ел игілігіне күн сайын ашып отырған моншамызға дейін сыбап отырады. Бұл жағынан келгенде, бірінің аузына – бірі түкіріп қойғандай. «Қарашы, – дейді кейбірі», – Қазақстан Ресейге қаншама қарыз, соған қарамай, біздегі жоқ монша оларда бар, біздегі жоқ ғажап музей де Алматыда. Енді біреулері ауыздықсыз ат сияқты айдалаға лағып кетеді...

Алайда ұлы жүректі, аса кеңпейіл жанға мұндай ұсақ-түйек әңгімені айтқамыз жоқ, өзін тыңдағымыз келді. Димекен арғы аталарының бірі Бөлтірік би екенін, ол адамның өз уақытында әділ би болғанын, тапқыр шешендігімен қазақ, қырғызды аузына қаратқан қызық-қызық мысалдармен шабыттана толғап кетті. Әу дегенде әңгімені баяу бастап еді, бірте-бірте жай ырғаққа екпін араласқандай, әншейін қарапайым сөзге сөз қосылғандай болды. Атақ-даңқын әлем білетін, дүниенің төрт бұрышын түгел аралаған, қызыр қонып, бақ дарыған, Алланың сүйген пендесі Димекеннің әр сөзін мұқият тыңдадық. Әңгіменің ретіне қарай Төле би жайлы сұрадық. Димекен сәл үнсіздіктен соң сөз тиегін ағытты.

– Иә, Төле биді халық сүйіп, «Үйсін Төле би» деп атаған. Ол кісі жайлы бала күнімде естіген бір аңызды айтайын, – деп үн-түнсіз біраз отырып қалды. «Айтыңыз, айтыңыз», дедік дегбіріміз қалмай.

Димекен аспай-саспай сөйлеп кетті...

– Үйсін Төле би жолаушы жүріп кетіп бара жатса, алдынан бір бозбала жігіт шығыпты. Би оған:

– Балам, кімсің, қайда барасың? – десе, ол:

– Ата, мен бір асқан байдың әулиеге ат атап, қорасанға қой атап жүріп, Алладан жылап-еңіреп әзер дегенде сұрап алған баласы екенмін. Жасымнан не киемін, не ішемін, не мінемін дегенім жоқ, әкенің дәулетін ары да шайқадым, бері де шайқадым, оңға да, солға да шаштым. Бір күні шешем шақырып алып:

– Ұлым, бұл қылығың маған мүлдем жақпайды, таусылмайтын дүние болмайды, дәрия да суалады, орман да сирейді, тау да мүжіледі, теңіз де тартылады. Сенің күндіз-түні сауық-сайран салып, қыз-бозбаланы жинап құрған думаның ел-жұрт, ағайын туысың былай тұрсын, тіпті әкеңе де ұнамайды, бұл райыңнан қайт, – деді. Мен:

– Жарайды, жарайды, – деймін де, сол баяғы әуеніме қайта басамын. Сол бір ырду мен дырдуым таусылған жоқ, күн санап күшейе түсті. Бірде шешем маған жылап келді:

– Әкең қатты ашулы, ол маған: «Біздің бала тәуір бала болмады, өзі білмеді, білгеннің тілін алмады. Менің төрімнен көрім жақын, көзімнің тірісінде дүние-мүлік, малымды жоқ-жітік, жетім-жесір, қарып-қасерлерге қылдай бөліп беремін», – деді. Сен мына екі қоржынға алтын-күмісті алдағы елді арала, мүмкін сыртта жүрсең, есейіп ес жиярсың, – деп менімен қоштасып қала берді. Енді осы қанжығамды асыл тастарыма ақыл сатып алсам ба деп кетіп бара жатырмын, ата, – дейді.

Төле би ауыр күрсініп:

– Әй балам-ай, ақыл еш жерде, ешқашан да сатылған емес, сатылмайды да, дегенмен мен саған үш ақыл айтайын, көкейіңе құйып ал, – дейді. Бала бұл сәтте дегбірі қалмай: – Ата, айтыңыз, – деп өтініш жасайды. Төле би омырауын жапқан аппақ сақалын салалы қолдарымен салалап сөйлеп кетті:

– Бірінші, кездескен кісінің атын сұрап ал, ата-бабамыз «жүздің түсін танығанша, бірдің атын біл» деп бекер айтпаған, екінші қонаққа барғанда отырған орнында ешкімге беруші болма, үшінші алмас кездік, асыл пышақ, қанжарың болса, көпшілік орнында жасырын сақта, көп көзіне көрсете көрме, – дейді. Бай баласы:

– Құп ата, жақсы, айтқаныңызды көкейіме құйдым, түйдім, – дейді Төле биге шын риза болып. Содан екі жолаушы бірнеше бел-белестен өтеді, шаршап шалдығады. Төле би тұрып жолсерігіне:

– Бүгін біраз жол жүрдік, ат арығандай, өзіміз шаршағандаймыз. Екеуіміз бірдей сабылмай-ақ қояйық, сен анау көрінген ауылдан «бізді қондыр» деп сұра, – дейді. Бала бірден келісіп: – Мақұл, ата, – деп аттың басын ауылға бұрып шаба жөнеледі. Барған бойда:

– Алыстан ат арылтып келе жатқан жолаушы едік, бір емес, екі адамбыз, ауылдарыңызға түнеп шықсақ деп едік, – депті. Ауыл иесі ақсақал:

– Балам, өзімізде де бір топ мейман бар, үй таршылық, айып ете көрме, депті бір түрлі ыңғайсызданып, самайын қасып. Бала Төле биге келіп істің мән-жайын айтады.

– Ой, балам-ай, болмаған екен, болмаған екен. Енді сен ана ауылға бар, – деп басқа бір тұсты меңзейді. Жазған құлда шаршау бар ма, «жарайды, ата», – деп тағы да шауып ала жөнеледі. Сүт пісірімдей уақыт өтер-өтпестен жетіп келіп, баяғы жауабын қайталайды:

– Бізді бұл ауылдың да қондыратын сыңайы көрінбейді, енді қайтеміз, – дейді әбіржіген бозбала.

Төле би:

– Енді алдыңғы жаққа бар, сол елге айт: «Үйсін Төле би келе жатыр, қонуға пұрсат бер де», – деп серігін жөнелтіп жібереді. Бала жөнел береді. Жолда кездескен ауылға әлгіндей айт деген сөздің бір түйірін де қалдырмай жеткізеді. Ауыл иесі тіпті ерекше қуанып, жүзі нұрланып:

– Рас Үйсін Төле би біздің елге мейман болып келе жатса, құдай көктен сұрағанды жерден берді ғой, елдің ұйытқысы, абзал жанды аяғымызбен емес, төбемізбен күтеміз, – деп құрметті қонақтардың алдынан бір емес, екі кісі шаптырыпты. Тез арада мал сойылып, қазан көтеріліп, бүкіл ауыл абыр-сабыр болады.

Алты қанат ақ орданың төрінде төрт қабаттап салынған көрпенің үстінде ел тағдырын жатпай-тұрмай ойлайтын, күндіз рахаттанып күліп, түнде мейірі қанып ұйықтамайтын елдің әз Төле биі отыр. Қасында бірге келген жолаушы бала: «Әз аға, келді» деп жұрт ағылып бірінен соң бірі келуде. Әуелінде төрдің қақ төбесінде Төле бидің оң тізесін ала отырған жас түлек орнын үлкендерге босата-босата, босаға жақтан бірақ шығады.

Есік жақтан табақ көтерген бірнеше бозбала жігіттер бата сұрап қолын жайды, би:

– Аллаға жағамын десеңдер,
Азанды болыңыздар.

Халыққа жағамын десеңіздер,
Қазанды болыңыздар. Аллау-акбар, –
деп айтар сөзін қысқа қайырыпты. Есік жақтағылардың алдына да ет
қойылады. Осы кезде жолаушы бала қойнынан сабы алтын, басы күміс
қанжарын шығарып, ет турай бастайды. Енді жұрттың көзі табақтан
ауып, қанжарға түсті. Әп-сәтте апа-сапа болып ет желініп бітті кісілер
батадан кейін қол шайып, сыртқа беттей бергенде, бүйрек бет, қарны
кебежедей кара жігіт әлгі қанжарға жармасты:

– Бұл менің ұстаға әдейі соқтырған асыл дүнием еді, сен ұры
екенсің, қайдан алдың, – деп болмайды. Жолаушы болса:

– Ағатай, әкемнің маған арнайы ұстаға соқтырған қанжары еді, жала
жаба көрмеңіз, – деп қолды-аяққа тұрмай шырылдап безек қақты.
Ақыры жауыз жігіт зорлық жасап бермей кетті...

Ел аяғы басылды, жұрт үйді үйіне тарады. Жұмыртқадай ақ боз
үйде өз

Төле би мен бала ғана қалды. «Ата, – деді бала, – ата, менің қанжарымды
бір еңгезердей дәу кісі бермей алып қалды. Әкем ұрысатын болы, енді
қайттім, қандай амал жасаймын бұған».

– Иә, балам, – деді салмақты үн қатып Төле би. Мен саған үш
ғибратты сөз айттым, бірінші, кездескен адамның аты-жөнін сұра дедім,
сен қасыңа ерген менің аты-жөнімді сұрауға жарамдың, екінші,
отырған орныңнан қозғалма дедім, мейман болсаң да, босағада отыруға
мәжбүр болдың, үшінші қалың топтың ішінде асыл затыңды шығарма
дедім. Сен осыларды тыңдадың ба?

Жоқ, ата, ататай, есімнен шығып кетіпті, жат жер, бөтен ортада
абдырып қалдым.

Әй, балам-ай! Алланың өзі сабырлыларды жақсы көреді деген ғой.
Құранда, асығыстық – сайтанның ісі. Басыңа қандай ауырлық түссе де,
тастай салмақты, темірдей қатты бол, майысушы болма, ата-бабамыз:
«сабыр түбі – сары алтын» деп тектен –текке айтпаған ғой.

Жер бетінде неше түрлі адам баласы бар, халқымыздың: «Адам
аласы ішінде, мал аласы сыртында», – дейтіні содан.

Сенің қанжарыңды алған қаншама жауыз болғанымен ертең ол
маған жүгініске келмей кете алмайды. Сонда сен айт: «бұл қанжарды
мен біреулер өлтіріп кеткен нағашымның кеудесінен алғанмын, біраз
уақыттан бері иесін іздеп таба алмай жүр едім, енді, міне құныкерім
табылды деп жылай бер», – депті Төле би жарықтық.

Ертесі Төле би атамның айтқанындай болыпты, бала қанжарын
алып, даукес жігітке Төле би тоғыз айтып салыпты, – деп Димекен
әңгімесін бітіріп бізге күле қарады. Содан кейін:

– Сендер қалай қарайсыңдар, мұндай тапқырлықты Төле би қайдан
үйренген? – деді.

Димаш ағаның өзі сөйлеп кетті:

– Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сияқты жандардың іші ақшуақ, олардың сөздерінде де, істерінде де иненің жасуындай кірбін жоқ, өтірік-өсек дегенді атымен білген емес. Күндіз-түні ойлайтыны – халықтың қамы, ел бүтіндігі, жұрт тыныштығы, – депті ғой. Бір асылды бір асылдың қадіріне жетіп бағалауы бұдан артық болсын ба?! Сәлден соң Димаш аға: «Әз Төле би секілді тұлғалар мәңгі бізбен бірге жасай бермек», – деді салмақпен креслодан көтеріліп. Біз көпті көріп, көп жасаған абыз ағаның егіліп-төгіліп айтқан сөздерін іштей қуаттап, орнымыздан тұрдық.

***Сәрсенбі Дәуітұлы**
филология ғылымдарының докторы, ақын*

ПЕРЗЕНТТІК СЫР

Дінмұхамед Ахметұлы жеке басына, өз жұмысының белсенділігі, тазалығы сондай, өзге жандарға да талапты қатты қоя отырып, кадр мәселесінде «жеті өлшеп, бір кесетін». «Талапты қою керек, бірақ дөрекілік болмасын», – деген сөзді мен ол кісіден жиі естуші едім.

Біздің әулеттен, жалпы біздің ағайындар арасынан партия, кеңес жұмыстарына жеке өзімен келіспей қызметке қызметкер алынбаушы еді. Шындығын айтқанда, Димаш Ахметұлы өз тұжырымын өзінің кредосы ғып ұстанды. Бір күні қызық жағдай болды. 80-жылдардың басында Димаш Ахметұлы кезекті сапарнамаға кеткенде бізге онша алыс емес М. деген ағайын Орталық Комитетке жауапты қызметке алынады. Обалы не керек, бар ынтасымен қызметке кіріскенде әлгі кісі бар-жоғы үш-ақ күн жұмыс істеді. Димаш Ахметұлы «сенің қолың емес» деп қуып шығыпты.

1986 жылдың 17 желтоқсан күні үйге келгенімде Димаш Ахметұлы жанын қоярға жер таппай дегбірсізденіп, көңіл-күйі болмай отыр екен.

Ол кісінің қарауытып, беймаза күйге түскенін бірінші рет көргенім еді. Шошып кеттім. Ол әуелі: «Обалына қалатын болды. Бұ не сұмдық? Тасада тұрып тас лақтыртқан кімдер олар?» деп күйінді. Мен сабырға шақырған тұста да сабасына түсе алмай:

– Жастарға жаным ашиды, оларға қиын болады..? азаптың бәрін солар тартады... Оларға түсіндіретін адамның табылмауы қалай екен, ә?.. Мені қойшы, ғайбаттау мен кінәраттаудың қандайына болса да дайынмын, халық тұрғанда жала жабылмайды маған, – деді ашулы. Бейбіт демонстрация ақыры қанға боялды. Қуғын сүргін басталды.

Бейне бір Қазақстанда 1937 жылдың зобалаңы қайта туғандай еді. Олардың басты мақсаты: қалайда Димаш Ахметұлынан кінә тауып, оның басына қара аспанды төндіріп, бізде «өзбек ісін» қайталамақшы болды. Аянып та қалмады. Бірақ ұры итше тіміскелегенімен еш нәрсе шығара алмады, аққа күйе жүкпады. Димаш Ахметұлы осы жылдары өзін бірқалыпты ұстады, шыдамдылық көрсетті, ақиқаттың жеңетініне сенді. Сол сенім алдамаған екен.

Өкініштісі сол, 1990 Димаш Ахметұлымен 50 жыл отасқан зайыбы Зуһра Шәріпқызы осы қиянатты көтере алмай о дүниеге озды. «Ауруда – шаншу жаман, сөзде – қаңқу жаман», – деген рас екен.

Бір ғажабы, газет-журналдар түймедейді түйедей етіп, аттанға ұран қосты. Ардан аттаған жазғыштар партияның айдап салуымен өтірік-өсекті желдей есіртіп жатқанда мұхиттың арғы жағындағы «Вашингтон пост» газеті мәселенің байыбына барып мақала жазып, қиын-қыстау күндері Димаш Ахметұлына көмекке келді.

Елдар Қонаев
Халықаралық Д.А. Қонаев
қорының президенті

АЯУЛЫ ЕСІМДІ АРДАҚ ТҰТАМЫЗ

Мұсылман баласы, оның ішінде қазақ – әруақ сыйлаған халық. «Өлі риза болмай тірі байымайды» деген аталы сөз жәйдан-жәй айтылмаған. Гибраты мол нақыл. Өз басым, отбасым Димаш Ахметұлының есімін айрықша кие тұтады. Халқына қалтқысыз қызмет еткен екі адам болса – соның бірі, біреу болса – ол Димекен. Заңгер ретінде айтарым: «аға» болып келген орыс «ағайындардың» боданында жүріп Қазақстанды барша әлемге танытып, республиканы экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан биік дәрежеге көтеру – бұл Димаш Ахметұлындай аса нәзік саясаткер, табиғаты таза ұлтжанды, болым-бітімі бөлек қайраткерлердің ғана қолынан келетін іргелі де игілікті іс. Оған «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп аталатын кітабын оқыған кісі анық көз жеткізеді. «Көргісі келмеген – көрсоқыр».

1992 жылдың күзі. Тұңғыш рет Димаш Ахметұлының қасиетті табалдырығынан аттап, пір тұтқан ірі тұлғаның қолын алу бақытына ие болдым. Ол кезде мен ұлттық университетімізде Конституциялық құқық кафедрасын басқаратын едім. Кезінде партия, кеңес және кәсіподақ қызметінде істеген Беделбаев Тоқтамыс ағамыз бастап, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сәрсенбинов Шәмші екеуіміз қостап барғанбыз. Көңіліміз алып-ұшып, қысыла-қымтырыла кірдік. Қайын жұртқа ұрын барған күйеу баладай айналамызға иек астынан ұрлана қарап, аяғымызды имене басамыз. Сөйткенше болған жоқ, оң қолтықтағы бөлмеден Димаш Ахметұлының:

– Жігіттер, төрлетіңдер! Аяқтарыңды бекер шештіңдер ғой. Қазақ сәлем бермей жатып аяқ киімін шешетін бе еді. Сендер Баукене (ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлын айтып отыр – Ө.Қ.) кезікпеген екенсіңдер. Әйтпегенде, жонарқаларыңнан таспа тілетін еді, – деп күліп, ақжарқын көңілмен қарсы алды.

Тоқтамыстың жиендігі бар еді, енді ол кісі де еркін сезіне бастады. Шәмші екеуімізді көтермелей отырып таныстырып шықты.

– Бұ жігіттер Нұрмолда Алдабергеновтың ауылынан болды ғой?! Сырттарыңнан білемін. Орталық Комитетте ай қарап отырғанымыз жоқ. Елдің ертеңі кімдер дегенге зер салмасақ, қай салада кімдер өсіп келе жатыр дегенді білмесек – істеген ісің құрдымға кетті дей бер, – деп Димекен әңгімені бір түйіп тастады.

Сөз орайы келген тұста:

– Үлкен шаруа үстінде отыр екенсіз, сәтімен болсын! – дедім.

– Тәңір жарылқасын. Біз кешегі Жәкеңнің (Жамбыл Жаббаев), Кенекемнің (Кенен Әзірбаев), Шашекеңнің (Шашубай), Нартайдың көзін көрдік. Мұқанмен (Әуезов), Сәбеңмен (Мұқанов), Ғабит пен Ғабиден ағалармен сыйлас болдық. Ілияс Есенберлинмен сырлас едік. Мен араласпаған ақын-жазушы кемде-кем. Біразының шығармаларын оқып, көз майын тауыстық та. Ал жазу өнерінің өз иесі барын және оның

салмағы ауыр екенін осы бір естелікті қолға алғалы білдім, – деп «Өтті дәурен осылай» деп аталатын алғашқы кітабының тағдырын баяндап барып:

– Мен қай қайдағыны айтып сендердің уақыттарыңды алдым білем. Сыйлы қонақтың бұйымтайын кетерде сұрамас болар. Шаруаларыңды айта отырыңдар, – деді.

Заң факультеті бар колледж ашуды қолға алып жатқанбыз. Бұл дәрежесі жағынан, көтеретін жүгі жағынан институтпен пара-пар білім ордасы. Бір кездері Мәскеу мемлекеттік университетінде істеген Кененов Анатолий Ақашұлы (әкесі қазақ, шешесі орыс) колледждің оқу ісі жөніндегі проректоры Ресейдің бірқатар оқу орындарында болып, сондағы осы тектес колледждердің оқу жоспарын алып қайтқан. Біз ішкі мүмкіндіктерімізді саралап және ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып өз оқу жобамызды жасағанбыз. Біз соны Димекеннің алдына жайып салып.

– Осы колледжді Сіздің есіміңізбен атасақ. Соған ықыласыңызды сұрап келіп отырмыз, – дедім.

Димекен алдындағы қағазды бір шолып шықты да. Аз-кем ойланып:

– Оқу ісінің бүге-шігесіне дейін білетін өздеріңе сенемін. Бұл бір, екіншіден, колледжді менің есіміммен атау жөніндегі ұсыныстарыңа рахмет! Бұл тосын хабар болып отыр. Оған «ауыл не дейді, ауылнай не дейді» дегендей, ел не дейді, ел иелер не дейді? Соны таразылаңдар. Ортақ пікірге келіп, сондай байлам жасап жатсаңдар менің тарапымнан қарсылық жоқ, – деді.

Келесі жылы 6 ақпан күні осы күнгі Оқушылар сарайында халықаралық Д.А. Қонаев қорының тұсаукесері өтті. Біз шартараптан тілектес көңілмен қалың жұртшылық бас қосқан жиынға колледждің атын халқымыздың ұлы перзентінің есімімен атап, әбден заңдастырып келгенбіз. Димекенге ел алдында осы қуанышымызды жеткіздім.

Міне, содан бері қанша жыл! Сол жерде Димаш аға: «Ісің өрге бассын десең – өзің тындыр!» деген еді. Аға сөзі ойымнан кетпейді. Жекеменшік оқу орнын студент төлеген ақшамен өлшейтін ағайындар оның мекен-жайын алу, оқу жабдықтарын алу, оқытушылар құрамын анықтау, үміткерлер арасынан талапты жастарды таңдау, оқу процесін жүйелі жүргізу сияқты сан-алуан әрі күрделі жұмыстары барын пайымдай бермейді және оларды жүргізу айтуға ғана оңай, әйтпесе, кесе-көлденедейтін қанша проблема бар. Сол кезде Димаш ағаның ақылы алдымнан шығады.

Бір кездегі колледж қазір қабырғалы университет. 1993 жылы жүз шақты жас табалдырықтан аттап еді, 1997 жылы оның алғашқы түлектері үлкен өмірге жолдама алды. Содан бері ондаған азамат бітіріп, тәуелсіз еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласып жүр. Жоғары Заң жүйесінде, іргелі кәсіпорындарда, айтулы мекемелерде, ғылым саласында, білім ордаларында Димаш Ахметұлы Қонаев атындағы

гуманитарлық университетті бітірген білікті мамандардың қызмет істеп жүргендері бізді мақтаныш сезіміне бөлеп қана қоймайды, әруақ ісін ардақтай түсу жауапкершілігі одан сайын арта беретінін жақсы сезінеміз. Қазір университеттің Астанада, Қарағандыда, Талдықорғанда, Талғарда және басқа да қалаларда филиалдары жұмыс істейді. Үш мыңнан астам студент заң, қаржы, тарих, информатика, бизнес, әлеуметтану және басқа мамандықтары бойынша терең де жан-жақты білім алуда. Жетім-жесірлердің, көп балалы ата-аналардың, қаріп-қасірлердің білім іздеп, өнер қуған ұл-қыздары тегін оқытылады. Студенттерге ондаған ғылым докторлары мен кандидаттары, өмір сынынан өткен білікті практик оқытушылар дәріс береді. Университетімізде Заң мамандығының үш бағыты бойынша диссертациялық кеңес жұмыс істейді, ғылымға бет бұрған жастарымыз осы кеңесте ғылым кандидаты дәрежесін қорғау құқығын алады.

Университет ұжымы ұлы ұстаздарымыз, дара тұлғамыз Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бүгінгі ұрпағының өнегелі де өнерлі, білімді де білікті, кісілікті де кішік болып өсуіне және аталарындай лайықты азамат болып кемелденуіне бар-күш жігерін жұмсап келеді. Димекеңнің атына кір шалдырмау ең басты парызымыз.

Өмірәлі Қонабаев

*Д.А. Қонаев атындағы университеттің ректоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор*

«АҚ-АДАЛ СӨЗІМ ОСЫ, АҒАЙЫН!»

Бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдардың іші. Осы күнгі Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильмнің» музыкалық редакциясында бас редактор қызметін ың-тыңсыз атқарып жатқанмын. Со кезде, Коммунистік партия Орталық Комитеті, оның бірінші хатшысы шақырады деген шұғыл хабар жетті.

Димаш Ахметұлы есік алдында қарсы алды. Асықпай отырып үй ішінің амандығынан, музыка әлеміндегі жаңалықтардан суыртпақтап сөз тартты.

Димекең сөзін сабақтай келе:

– Жамбыл филармониясының жанынан халық аспаптар ансамблі ұйымдастырылып жатыр еді. Жігіттер көзін таппай жүр ме, жоқ етектен тартып, әлдекімдер жолын кесіп жүр ме, әйтеуір, іс ілгері баспай тұр. Соған өзінді лайық көріп отырмыз, – деп әңгімесін тұжырымдады. Мен қуана келістім.

– Онда қамшыны бас! Көмегімізді аямаймыз, – деп орнынан көтеріле берді.

Сосын: – Нүреке, – деді жүзіне күлкі үйіріліп, – сен тұсаукесеріне шақыруды ұмытып кетіп жүрмегейсің...

Осылай 1983 жылы «Отырар сазы» өмірге келді... Содан бері «тілін тістеп»

келген ұлттық аспаптарымыз еркін сөйлей бастады, әсем әндеріміз көкке өрлеп, күміс күйлеріміз ұйқыдағы жүректерді оятты...

Мен мына тіршілікте не тындырдым дегенде, тұңғыш баламдай көретін «Отырар сазының» қазақ мәдени өмірінен лайықты орын алғанын, халықтың рухани қайнар бұлағы болғанын, сол бұлақтың көзін ашуға азды-көпті үлес қосқанымды мақтанышпен атап айтар едім.

...Димаш ағаның қолдауын көп көрдім. Ізін басқан інісінің игі істеріне жаны

сүйсініп дем беруші еді. Еркелете жүріп өнер майданына, оның алғы шебіне жіберетін. Бүгін алтын ағамның аруағын еске алғанда айтар ойдың түйіні – осы.

Нұрғиса Тілендіұлы
Қазақстанның Халық әртісі

АДАМЗАТ ТАРИХЫ – ӘЛЕМШІ ДҮНИЕ

Әр дәуір өз тұлғасын тудырады. Заманына, заманның саясатына қызмет еткен дараның бірі – күні кеше арамыздан кеткен, бірақ халық жадына сақталған Дінмұхамед Ахметұлы. Бұл адамның кеңдігі, кісілік қасиеттері жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Алда да айтылары, жазылары хақ. Дей тұрсақ та, мыңдар, миллиондар тағдырын шешкен алыптың да ет пен сүйектен жаралған пенде екенін өзі мойындаған бір жайды әңгімелеу арқылы жеткізсек.

Д. Ахметұлы 80 жылдығын өткізді. Той өз үйінде болды. 30-ға тарта адам шақырылды. Түнгі сағат 12-де Димекеңнің өзі сөз алды.

– Осы кеш бойы, қонақтарым мен жөнінде жақсы-жақсы тілектер айттыңыздар. Ризамын. Мен де әрбіріңіз жөнінде осылай сөйлер едім. Бірақ, мен сіздерге ширек ғасырдан астам ел басқарған кезімде өзіме ой салған үш оқиға туралы әңгімелеп берсем деймін.

Біріншісі.

Республикаға Бірінші хатшы болып сайланғаннан кейін Талдықорғанға іссапарым түсті. Аралап, шауашылықтарымен танысып жүрміз. Обкомның бірінші хатшысы: «Димеке, керемет бір шошқа фермасын салдым. Гүрілдеп тұр. Өнім жақсы. Көрсеніңші!» деп қиылып қоймады. Бардым. Шынында да, жарық та таза ферма. Торайы бар, шошқасы бар бәрі-бәрі өріп жүр.

Байқағаным – ақ халатты жұмысшылардың бәрі – өрімдей қазақ қыз-келіншектері.

– Бұл қалай? – деп сұрақ қойдым. Хатшы жымия күлді.

– Димеке, кереметтің сыры осында. Қазақтың қыз-келіншектері торай ұрламайды. Өнім көбейеді. Бұл бір қулығым ғой, – деді.

Ал, бұл нағыз жымысқы қулық еді. Қулық болғанда ұлттың ерекшелігін, қазақтың етін жемейтінін көздеген бақай есеп болатын. Ұлттығыңды, дініңді, тағы басқа осал тұсыңды пайдаланып, қулықпен басқарамын деу – абыройлы іс емес. Көңілімде қалды.

Адал болғанға, ақ болғанға не жетсін.

Екінші жағдай. 60-шы жылдардың аяғында Алматыда таудан құлаған тасқын жиілеп кетті. Қалаға төнген сондай бір қауіпті селді тоқта алмай әбігерге түсіп жатырмыз. Ғалым да, құрылысшы да, маман да жетерлік. Бірақ, суды тоқтатар айла жоқ. Осы кезде қасымызға өзіміз күнде көріп жүрген көп қарттардың бірі сияқты қарапайым қарт келді.

– Ау, бауырларым-ай, мына әрекеттеріңмен сендер тасқында тоқтата алмайсыздар. Маған 50 солдат, ши тауып беріңіздер, – деді.

Сенбесек те бердік. Қария шиді жайып, оны сазға орады. Нәтижесінде топырақ пен тасты шыдатпай, шайып жатқан су ағыны кідірді. Қала тасқыннан аман қалды.

Сонда, – апыр-ау, қарапайым халықтан асқан даналық бар ма, – деп таңқалды. Демек, даналық – халықта.

Үшінші жағдай Атыраумен байланысты. Қызмет бабымен ел аралап жүрмін. Азаматтар бір атақты малшының қыстағына соға шықсақ, деді. Көмекшім: «Дінмұхамед Ахметұлы, ол кісінің шаңырағында үлкен қуаныш болып жатқан көрінеді, егіз сәби дүниеге келіпті», деді. «Бәрекелді, сый-сыяпат ала баралық», – дедім. Келдік. Балаларыңыздың бауы берік болсын айттық.

– Отағасы, балаларыңыздың атын қалай қойдыңыз?– деп сұрадым. Үй иесі масаттанған кейіппен:

– Аттарын қатырдым. Біреуінің ата – Максим, екіншісінікі Горький, – деді.

Үнсіз қалдым. Еліктеуден туған надандық. «Максим» деген ат тек «Горькийге» ғана жарасады. Ал қазаққа телудің қанша қажеті бар. Аңғал әке ойламады-ау, ертең үрім-бұтағының Горькийден тарағандар болып шығатынын.

Иә, құрметті қонақтарым, ширек ғасыр ел басқардым, халықтың арасында болдым. Бірақ, халықтан үлкен болмауға тырыстым. Өзімнің халықтан биік тұрмағаныма шүкіршілік етемін. Алайда, халықтың бәрі бірдей емес, ішінде ақылдысы да, наданы да, қуы да аз кездеспейді. Менің де басымда, қызметімде, айналамда осындай жайттар, өкінішке орай орын алды. Ақылмен шешкен абыройлы іс те, асылды арзаннан айыра алмаған осал тұстар да аз болған жоқ. Мүмкін, әлім жетпеді, ойыма келмеді, уақыт, заман кедергі болды, әлде кеш ұқтым?! Қалай болғанда да, бәрі бастан өтті. Мен әңгімемді аяқтадым. Келгендеріне, «аға» деп сыйлағандарыңа рахмет!, – деп сөзін аяқтады Димекен.

Ш. Дәрмазанбетұлы

ЕКІ ЕЛДІҢ ЗАҢҒАРЫ

Шараф Рашидовтің 75 жылдық мерекесінің қарсаңы болатын. Каримов оны бұрынғы орнына қызыл алаңға мәйітін әкеліп қайта жерледі. Ол тойға Ислам Каримов Шараф Рашидовтің досы, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси бюросына мүше болған Қазақстан Коммунистік Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы, мемлекет басшылары арасында Орта Азия мен Қазақстан бойынша Социалистік Еңбек Ері атағын тұңғыш үш мәрте алған мемлекет, қоғам қайраткері Димаш Ахметұлы Қонаевты Өзбекстан халқының құрметті қонағы, әрі досы ретінде арнайы шақырды. Ол жасының ұлғайғанына, денсаулығының сыр беріп жүргеніне қарамастан келді. Өзбекстанның ақпарат құралдары, теледидарлар Қонаевтың келгенін хабарлап жатса, ташкенттіктер жақсы ырымға жорып, Қызыл алаңға қарай ағылды. Жаманның да халықтан шығатыны рас. Ал дананы кемеңгер мен кешенді халық әрқашанда құрмет тұтады. Димаш аға ақ жүрек, мейірімді, айналасына шапағат нұрын шашып жүретін ғажайып жан. Димаш ағаның қоңыр даусы, келісті келбеті, адамға мейірлене қарайтын мейірімді жүзі әлі көз алдымда. И. Каримов бас болып, Шараф Рашидовтың ескерткішін орнатып, аламан жиын өткізіп жатты. Бірінші сөзді К. Мәсімовқа беріп, ол кісі рахметін айтып, Ш. Рашидовтың үзеңгілес досы Д. Қонаевқа сөз берді.

Д. Қонаев: «Ассалаумағалейкум бауырларым! Әуелі Ш. Рашидовтың рухына бағыштап дұға оқуға ұрықсат етіңіздер. Қонаев қысқа құран сүресін қыратқа салып оқығанда өзбектердің көзі ұясынан шығып кете жаздады. Ол дұғаны оқып болып салмақты түрде сөйлеп: «Мен досымнан 1983 жылдың қараша айында айрылдым. Артында аңырап қара 25 миллион халқы қалды. Досымның атқарған қызметі өзбек елінің мәртебесін биіктетіп, мерейін өсіруге бағытталған қызметі ұшан-теңіз. Оның рухы өзбек халқымен бірге жасай береді. Үлкен парасаттылық, көрегенділік, мейірімділік сияқты адамға ғана тән асыл қасиеттерді жаратылыс бір басына үйіп-төгіп бере салған мұндай текті, қасиетті жанды кім ұмытар. Шараф досым, жүрген жерінде тұрақты дос, айнымас әріптес, сапарлас серік, жақсылықтың жаршысы болды. Ол басшылық еткен Өзбекстан жұртшылығы іскерлігі мен әділдігін осы күнге дейін тілдеріне тиек етіп келеді. Сол күні-ақ Қонаевтың сөзі ақпарат баспасөз беттерінде, теледидардан беріліп жатты.

Соңғы сөзінде И. Каримов: Сіздердің және өзімнің атымнан жаңа заманның атын мінгізгелі тұрмын. Димаш аға біздің көзіміздей көріп мініп жүрерсіз, – деп су жаңа қара сүліктей «Волга» машинасының кілтін ұсынды. Димаш аға орнынан тұрып, ұсынған кілтін алды. «Ислам балам, сізге, баршаңызға рахмет! Мана осында жетім балалар үйінің директоры Дилбар қызым жақсы сөздер айтып еді, шырағым бері кел», – деді.

– «Қызым, жұмыстарыңа табыстар тілеймін. Мынау менің машинамның кілтін сізге табыстайын деп тұрмын. Мына кілтті алыңыз», – деп ұсынды. Жиналған халық ұлылығына таң қалып, қол орамалдарымен көз жастарын сүртті.

Назым Ниязи Жалаңтөстегі

ҰЛЫҒА АРНАЛҒАН ЖЫР-ТОЛҒАУЛАР

МАХАББАТЫ ӨЛМЕЙДІ ЕЛГЕ ДЕГЕН

Азаматтық, ақындық бір өзінде,
Мін жоқ еді-ау ағаның мінезінде.
Күлімдеген жүзінде бұлт жоқ еді,
Қанша бұлт бар десек те күз кезінде.

Жаратушым пішінін мол жасаған,
Тұлпар еді-ау еліне олжа салған.
Мейірлене қарасаң көздеріне,
Мейірлене қарайтын ол да саған.

Өрмелеген бейне бір өрге күндей,
Оятатын немесе сергек үндей.
Бойың жыли бастайтын оны көрсең,
Соғыста өлген ағанды көргеніңдей.

Сондай еді бұл кісі-ақ еді,
Мейірімімен көргенді тұсап еді.
Ұшарында тұңғиық көк жүзінде,
Бір қағады қанатын құс әуелі.

Сол бір қыран құстай-ақ қанат сермеп,
Қайттық оның алдынан қуаныш кермеп.
Міндет артты халық та жан ағаңа,
Жердегінің бәрін де тауып бер деп.

Тауып берді ол халықтың қалағанын,
«Жоқ» деген сөз аузынан жан ағаның
Шығып көрген емес – ел айтады,
Бақыт үні естілген бағанағы үн.

Бақыт даусы төгіліп кеудесінен,
Ерен-жаран болысып елдесімен.
Бара жатыр ертеңге Димаш аға
Өлмей, өшпей ұрпақтың зердесімен.

Аяулысын халық та зерделеген,
Өршіл талап биікке өрмелеген.
Ескерткіші-еңбегі өзі істеген,
Махаббаты өлмейді елге деген.

Кеудедегі ол жайлы інді бүкпе,
Жақсы көрмей жақсыны жан күліп пе.
Ескерткіші – елінің махаббаты,

Сарқылмайтын, бітпейтін мәңгілікке.

Міне абырой, талмайтын, міне қанат,
Нұр аймалап жүзінді, күн аймалап
Алматыда тұрсаң сен, Талғарда да
Тұра бер, сен, еліңе күле қарап.

Тұманбай Молдағалиев
Қазақстанның халық жазушысы

ҰЛЫ БӘЙТЕРЕК

Бұл қазақ, қазақ болып жаралғалы,
Жеке ұлт боп, жер бетіне таралғалы
Дербес ел, бақытты өмір, шаттық тұрмыс,
Халқына алып беру бар арманы.

Бұл үшін талай ғасыр, жылдар өтті,
Бұл үшін талай дана терін төкті.
Бұл үшін талай қырғын соғыстар боп,
Бұл үшін талай батыр қанын төкті,

Осыдан Қорқыт ата мың жыл бұрын,
Өлімнен ол да іздепті құтылу жолын.
Жер шарлап, желмаямен қобызда ойнап,
Әлемнің аралапты оңды – солын.

Көз жетті құтылмасқа бір өлімнен,
Кездестім, қайда барсам өз көріммен.
Сондықтан жанат ету бұл жанатты
Бәрі де байланысты өздеріңмен.

Деп өсиет қалдырған қайран баба,
Бас иіп әміріне Алла-тағала.
Бірлікке, татулыққа шақырыпты,
Айналдық қасиетіңнен қайран дана.

Асан қайғы, Аяз би олар да өткен,
Бірлікті іздеп, күндіз-түн жер мен көктен.
Егеменді ел болу оңай ма өзі,
Кем емес, қиындығы қияметтен.

Төле би, Қазыбек пен Әйтекелер,
Өмірін өткізбеген олар бекер.
Қабанбай, Бөгенбай мен Наурызбайлар,
Бөлтірік, Сыпатай мен Исатайлар
Райымбек, Сырым менен Қарасайлар,
Халқы үшін жандар емес жанын аяр.

Абылай ең ұлысы бүкіл ханның,
Тіледі бірігуін мұсылманның
Сол үшін жан аямай, күш жұмсады,
Құрам деп мемлекетін Түркістанның.

Ол кезде біріктіру қиын болды.
Әл жетпеді бұзуға құрған торды.
Ғасырдың жиырмасыншы тек басында,

Қазақта бірігудің жолы болды.

Басында бірігудің болды Тұрар,
Сол болды тұңғыш қазақ елін құрар.
Бұдан соң талай ерлер келіп, кетті,
Бас болып өз еліне, жөнін сұрар.

Ішінде сол ерлерден орны бөлек,
Кемеңгер дара-дана, ойы зерек.
Халқының бақыты үшін құдай берген
Димекен халқы сүйген бір бәйтерек.

Қонай батыр Димаштың бергі атасы
Дарыған Домалақ ана ақ батасы.
Ысты келін атымен аталыпты,
Жарықтық Димекеннің арғы атасы.

Қазақта Дінмұхамед дара туған
Ерекше қатарынан дана туған.
Өмірдің құпиясын білу үшін
Жасынан зерек бала, білім қуған.

Сондықтан ғалым болды шынар биік,
Тұрғандай дәрежесі көкке тиіп.
Қазақтың Пайғамбары деп атайды,
Димашты тірісінде халқы сүйіп.

Ғылымының ақ ордасын ол басқарды,
Зерттеді дала, теңіз, шың асқарды.
Қазақтың ғылымында әлем танып
Жау қорқып, шын қуантты ол достарды.

Қазақтың Үкіметін басқарды ол,
Өзбектен үш ауданды қайтарған сол.
Сабырлы, ақылыменен елін бастап,
Жастарға ұлағатты, көрсетті жол.

Басқарды қазақ халқын жарты ғасыр,
Істері елге істеген ұлан-асыр.
Кенелткен мол ырысқа туған халқын
Димекен дара туған ерен асыл.

Өндіріс ол жылдары өрге өрледі,
Ешкімге Қазақстан дес бермеді,
Жерінен көкке ұшырып ғарышкерді,
Жер түгіл ғарышты да ол меңгерді.

Тың жерлер ол жылдары игерілді,
Жаһан-түз, құлан дала меңгерілді.
Отанға миллиард пұт астық құйып,
Шығарды даңқты талай ерлерімді.

Жаңарды қала-дала меңгерілді.
Адамдар қаулап өсті зор талантты,
Бағбаны кадрладың қазақтағы,
Димекең қамқор болды жас талапқа.

Одақта Қазақстан үлесі артты,
Көмір-темір, мұнайлар сел боп ақты.
Менделеев кестесі түгел шығып,
Асыра орындады алған шартты.

Ер өсті, ел байыды сол жылдары,
Тамақ тоқ, көйлегі көк, болды бәрі.
Шат өмір, жақсы тұрмыс бастан кешіп,
Жарқырап, жайнап өсті ұл-қыздары.

Шарықтап аспанымда ұшақ ұшты,
Бүкіл ел аямады қайрат-күшті.
Сондықтан өрбіп табыс, мол боп байлық,
Халқымыздың абыройы арта түсті.

Далада мыңғырып мал, жайқалды егін,
Бөлеуге молшылыққа туған елін,
Димекең бәрін дағы ұйыстырып,
Көбейтті елімізден Еңбек Ерін.

Халқы да бағалады Димекеңді,
Көтерген шың басына туған елді.
Теңі жоқ елге берген еңбегінің,
Сол үшін Ер атағын үш рет берді.

Димеке, Сізге риза туған халқың,
Сондықтан көтерілді биік парқың.
Атаған Пайғамбар деп тіріңізде
Қазақпен бірге жасап мәңгі даңқың.

Ізбасар Балтағұлұлы
қайраткер

ДҮНИЕДЕН ӨТТІ БІР АЛЫП

Дүниеден өтті бір алып,
Дүниеден өтті дара аға.
Көсем боп, сосын сыналып,
Жайсаңдықтан таймай сонда да,
Кешірімді бізге мұра ғып.
Мәңгіге кетіп бара ма?
Қарамай ма енді ол сонда,
Өзін тербеткен далаға
Өзі шырқатқан қалаға
Сыймай тұр менің санама.
Алатау, Алтай, Атырау,
Қаратау, Көкше, Қазығұрт
Жырақтағандай жаз үміт.
Кемсендер бүгін қарттарым,
Жыласа да олар жыр айтып.
Балалар тастап доптарын,
Сыбырласады мұңайып:
"Қайтыс бопты, – деп, – Қонаев" ...
Барласаң бүгін, саналы ел,
Мейірімнен одан кім асты?
Артықтау болса "дана" деу,
Кемеңгер екені рас-ты.
Жалпылдап ұшқан көп қарға,
Жаны мен тәні неге сау?
Төтеп бергенмен оқтарға,
Жүректе темір емес-ау,
Қинамай, қинамай тоқтатылды, ә?
Айналам әлі қараңғы,
Өмірім – сынығы жасынның.
Жазықсыздар мен адалды
Жазалау – мәні ғасырдың.
Үмітпен шашым ағарды,
Ағымнан жарылып шашылдым,
Өкпем мен ызаны жасырдым,
Арамзаларға ашындым.....
«Қош, – дейді елің, ардағым»,
Асылдың орнын кім басар?
Түлектерді талай жалғадың –
Далаңнан әлі-ақ түн қашар,
Қараңғылықты түн басар,
Жасылға оранар бағымыз,
Данаға бұйырар тағыңыз.
Жәннатта болғай жаныңыз!

Рухың, әппақ арманың
Халқыңмен мәңгі бір жасар...

Фариза Оңғарсынова

ақын

18 наурыз, 1997 ж.

ШЫҢЫНДА АЛАТАУДЫҢ ТҰР ДИМЕКЕҢ

Жайнап тұр біздің дархан күйлі мекен.
Жалғасқан әр жеңісі – той ғой үлкен.
Даланың нулы көркін оймен барлап,
Шыңында Алатаудың тұр Димекен.
Бастадық мерекенмен туған қысты.
Бұл аға биыл тіпті қуанышты –
Отанның ардагері
Брежневтің тойына –
Толғап қайтты туар істі.

Оймен жүр өзі бүгін ел ішінде,
Сыр айтып теміршіге, егіншіге.
Көп көрдік бұл кісіні сұхбаттасқан,
Малшымен қалың малдың өрісінде.

Өзіне – дала дастан қазақ сырлы,
Сүйеді дән шалқыған күзгі қырды.
Сағынып кездеседі диқандармен.
Осы аға, сұңғақ бойлы, жүзі нұрлы.

Түсінем миллиардтың музыкасын.
Иген жоқ оңай ғана тұз ықыласын.
Миллион өрендердің, бұл майданға –
Партия, серпілдірген күз құлашын.

Солардың арасында түз өрісінде,
Көктемде, жазда, күздің нөсерінде,
Елбасы Брежнев пен Димаш ағай,
Жүрді бір.
Тың қатпарын көтеруге.
Инженер – заводтарда ол шыңдалған,
Ғалым – ол, көп ғылымының сырын алған.
Бұл күнде ер ағасы, ерен жігіт,
Алшаңдап асар әлі көп шыңдардан.

Абзал жан, даласындай пейілі кең.
Талайды аялады мейіріммен.
Білемін үлкендердің разылығын,
Көп алғыс алды өскен – кейінгіден.

Пейілді әншілерге, ақындарға.
Ол әзір жұрт тілегін мақұлдауға.
Халқымның сүйіктісі Димаш аға,

Көп жаса, дәуірдей бер шалқып алға!

Қадірлі еңбегімен Отанына.
Ел болып сүйсінеміз атағына.
Біз көріп мақтанамыз Димаш аға
Тұрғанда –
Политбюро қатарында!

Жақсыдан жарық түсер төңірекке.
Ізгі жан жия берсін нұрын көкке.
Аса бер асулардан ардақтымыз.
Көтеріп Республика туын көкке!

Қалижан Бекхожин
*Қазақстанның халық жазушысы,
Ленин комсомолы және Мемлекеттік
Абай атындағы сыйлықтардың лауреаты,
соғыс, еңбек ардагері, ақын*

МЕН КӨРДІМ ЖҮЗ ҰЛТТЫҢ ЖЫЛАҒАНЫН

Жоғалтады әр халық ұлы адамын
Жоғалтпаудың таба алмай бір амалын.
Қонаев өлді деген хабарды естіп,
Ой, тоба, жылайын деп жыламадым.
Жылау неге осынша күш көрінді,
Алай-түлей кім білсін іштегіні.
Сөйтсем мен жылап боппын Қонаевқа,
Желтоқсанда орнынан түскен күні.
Бірақ қазір кім мұны түсінеді,
Ол менің өңім менен түсім еді.
Бар өмірі өзінің идеалы
Халықтардың достығы үшін еді.
Қазақстан-Отаны құраманың,
Құраммен мен қалай тұра аламын.
Тұрасың деп үйретті ол туыстықта.
Қандай ғажап арманы ғұламаның!
Ойлады ол қонарын бақ қалай кеп,
Бақ – бірлікте, тек соны сақтағай деп,
Оған өзі құдайдай сенді-дағы
Біздерді де сендірді нақ солай деп,
Сол достыққа көзінше сызат кетті.
Ара қашық алыстап ұзап кетті.
Елім деген ерлерді қайғы шалып,
Тұла бойын суытып мұз ап кетті.
...86 Желтоқсан, есімде әлі.
Бізде кімнің білмеймін өші барды.
Ұлдарымның сындырып қабырғасын,
Қыздарымның бұрымын кесіп алды.
Көршіміздің өкпесін кек қысты ма,
Көкпеңбек боп айналды бет сұстыға.
Сену қиын Қонаев арман екен
Достық күлі бір күнде көкке ұшты ма.
Аржағын неғылайын айта беріп.
Қайырымсыз сұмдыққа қайта келіп
Сол күні мына алып лаборатория
У ма, су ма, білмеппіз байқа дедік.
Біз ойлаушы ек Қонаев піл болар деп
Үрген қанден жүгірген жүн болар деп,
Арманы мен тілегін әр халықтың
Арқалайтын дәл солай кім болар деп.
Жыладық намыстан да, күдіктен де,
Ұқсадық қасқыр талап үріккенге.
Ақтабан шұбырынды заманынан.

Сол күні қазақ болып біріккем де!
Білмедік жантықтардың сатқындығын,
Ел жылап жүрсе алаңда кей мансапқор,
Қуанып, шарап ішіп жатқандығын.
Көңіл неткен сол күні қаяу еді,
Мәскеу бізді жоюға таяу еді,
Әр орысқа темірден таяқ беріп,
Қазақты ұр деп еркіне қоя берді.
Баскесерлер батырдай ұрандады,
Түсінгендер ұяттан шыға алмады.
Дәм-тұзымыз ұрады деген шығар,
Қазақтарды түгелдей «қыра» алмады.
Димекеннің сол күні солды ма екен
Туыстыққа себілген гүл арманы...
Біздер де, сендер де оған сендіңдер ғой,
40 жылдай тізгінді бердіңдер ғой,
Орыс пенен қазақты арандатқан
Ол емес Горбачев пен Колбиндер ғой.
Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Тамызда жөнелтті ел ұлы адамын.
Мен көрдім жүз ұлттың Қонаев деп
Егіле жол бойында жылағанын!
Жылады орыс-қазақ қиналып-ақ,
Түнерді қала, дала жиналып ап.
Жариялап бір-біріне қаралы күн
Қалғандай әрбірінде үй қаңырап.
Тұра сап көппен бірге оңай сапқа
Болды онда кешегі сұм, аяр топ та,
Ал халық, айналайын, шын жылады.
Екен ғой барлық пәле саясатта.
Адамдық, достық деген ардан туар.
Арсыздық, арамзалық жарға жығар.
Қонаев тастап кеткен ұлы достық
Сол күні соны сүрлеу салған шығар.
Қалдырды артына ол мұра қандай,
Түбінен сол мұрасы құлағандай,
Көрінді маған халық тек өзі емес,
Жолына социализм жылағандай.
Құтылмай неше түрлі сұрақтардан,
Кеңсайға талай ұлы тұрақтаған.
Көзімнен неге менің жас шықпайды.
Сонау жылы мен ғана ма жылап болған?
Адамға Алла ісіне шыдам керек,
Молдаға аударатын құран керек.

Шыныма шамданбалдар, ағайындар,
Ұлыға тірі кезде жылау керек!

Нүсіпбек Исахметов

ақын

22 тамыз 1993 ж.

**ҰЛЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ ТУРАЛЫ ОЙ
МАРЖАНДАР**

Мен бір жақсы адамдармен жекжат болған екенмін. Олай дейтінім, Димаштың туысқандарының бәрі еңбек етеді, өз күнін өздері көреді. Шетінен еңбекқор, Димашқа біреуі де салмақ салмайды. Біздің қазақтың жаман әдеті – біреуі әкім болса, «саған бақ қонды, енді бізді бағасың», – деп мойнына отырып алады. Ал, менің құдаларымда ондай әдет жоқ. Жақсы адамдармен туысқан болдым дегенім осы. Димаш, бұйырса, исі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл-көзден сақтасын».

Мұхтар Әуезов
1950 ж.

«Жұрттың ішіне пышақ айналмайды, Қонаевтың ішінде ерттеулі ат айналып жүре береді».

Ыбырай Жақиев
«Өмір жолы» кітабынан

«Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы».

Дуайт Эйзенхауэр
АҚШ президенті, 1960 ж.

«Жаратушы о бастан-ақ біздің әулетіміздің бар бақытын, бар байлығын, бар білім-парасатын, бар билік-мансабын, тіпті сұлу да тіпті-тік, бойды да жинап-теріп Димекке берген. Соған шүкір дейміз!

Асқар Қонаев
академик

«Шынын айтайын, Қонаевқа тең келетін адамды көрмедім. Оған теңіздей сүйкімділік, жарқыраған даналық, таңқаларлық сана, шалқыған қайырымдылық, көңілді болмыс тән еді».

Геннадий Толмачев
жазушы, 1997 ж.

«Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық-қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхамед Қонаев.

Бізде екі ұқсастық бар екен. Бірі – қарапайымдылықтарыңыз қалай аумаса; жасыл желекке оранған Алматы біздің Кашмирмен егіздің сыңарындай ма деп қалдым. Ғажап!»

Джавахарлал Неру

«Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалды».

Ілияс Есенберлин

жазушы

«Қонаев ұлттың Ары мен Намысы!
Қонаев ұлттың рухы мен Иманы!
Қонаев қазақтың Қанағат мектебі,
Адалдықтың өлшемі!»

Темірше Сарыбайұлы

ақын

«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жұртпен әңгімелескенде басқалардың сөзін көңіл қойып тыңдайтын. Өз пікірін үзілді-кесілді айта салмай, ақылдасу түрінде айтатын. «Былай істеуге болмас пе еді» – деген сияқты өзгеге де ой сала сөйлейтін. Жергілікті жерлерден айтылған өтініштерге де аяқ астынан уәде бере салмайтын».

Бәйкен Әшімов

«Ел сенімі – ең қымбатың» естелігінен, 1997 ж.

«Халықтың бағы қыдыр қонған перзентіне беріледі. Елу жылдай сол бақ Димекенде болды. Обалы не керек, барын елге төкті. Көсегіміз көгеріп, көрпеміз ұлғайды. Оның қайырымын ұрпақ бойына сіңірсек, Димекенде деген ықыласымыз сол».


Шафиқ Ізбасарұлы

ардагер, Атырау облысы

«Ол кісінің ат тізгінін тартып мінген азаматтан білмейтіні кемде-кем еді. Өсіп келе жатқан жастарға айрықша назар аударатын. Сұрайтын. Біліп танитын. Соған, сосын сыртынан қамқор бола жүретін. Мен оны өз басымнан білемін. Соғыстан кейін бір көрген мені араға бірнеше жыл салып танығанда және өсу жолымды ізгі көңілмен айтқанда қайран қалмасқа, дән риза болмасқа болмады».

Оразәлі Қозыбаев
Социалистік Еңбек Ері
Қостанай қаласы

Д.А. ҚОНАЕВ МҰРАЖАЙЫ – ӨТКЕН ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ



Әр ғасырдың өзінің біртума перзенттері, аты аңызға айналып қалар ғасыр саңлақтары болады. Солардың бірі де, бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Халқымыздың біртуар перзенті, есімі дүние жүзіне мәшһүр болған аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, «Елу жыл ел ағасы» атанған Дінмұхамед Ахметұлының туғанына 100 жыл толуын атап өтер күн де алыс емес. Ұлы адамның бір ғасырлық тойына әзірлік қазірден басталуда. Соның айқын бір мысалын ұйымдастырылғанына биыл 10 жыл толғалы отырған Д.А. Қонаев мұражайының тыныс-тіршілігінен аңғаруға болады.

Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдарының өзінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылдың 24 ақпанында «Д.А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының тау-кен институтына; Шығыс Қазақстан облысы «Ленинагор полиметалл комбинаты» акционерлік қоғамына; Алматыдағы Карл Маркс көшесін Д.А. Қонаев көшесі деп атау жөнінде; жер туралы ғылым саласында жыл сайын берілетін академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтар тағайындау; Алматы қаласында Д.А. Қонаевтың мұражай-үйін ұйымдастыру және ол тұрған М. Төлебаев көшесіндегі 119 үйге мемориалды тақта орнату жөнінде нұсқаулар берілген. Бұл қаулыда «Ғасыр саңлағы» атанған ұлы адамның Қазақстан алдында сіңірген ерекше еңбектерін тану белгісі ретінде және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында біраз игі шараларды іске асыру жөнінде нұсқаулар берілген болатын. Одан бері де біраз жылдар өтті. Бұл қаулыдағы атап көрсетілген біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір жарқын мысалы – Д.А. Қонаевтың Алматы қаласындағы мұражайы.

Осы қаулыға сәйкес 2001 жылдың қараша айында Алматы қаласы әкімдігі, Мәдениет басқармасы және «Халықаралық Қонаев қоры» және оның президенті Э.А. Қонаевтың көмегімен мұражай ресми түрде ашылды. Мұражайдың тұңғыш директоры әрі ұйымдастырушысы болып Болысбек Заманбекұлы Батталханов тағайындалды. 2002 жылдың 12 қаңтарында Д.А. Қонаевтың мұражайы салтанатты түрде ашылды.

«Игі істің басына, жақсы келер қасына» деп дана халқымыз айтпақшы, бұл игі іске мұражайдың тұңғыш директоры болған Болысбек Батталханов пен Дінмұхамед Ахметұлымен дидаласқан, тікелей

қызметтес болған замандастарының сіңірген еңбегі ерекше болды. Олардың арасында Республикамызға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері: І. Балтағұлов, К. Аухадиев, С. Жиенбаев, А.Кулибаев, Ш. Бекболатов, Ж. Асқарова, С. Әбдірайымов, А. Ермагияев, Ш. Әлиханов, А.И. Горьяинов, тағы басқалары ерекше белсенділік көрсетті. Мұражай алғаш ұйымдастырылған жылдары оған қажетті жәдігерлерді жинауға Д.А. Қонаевтың туысқандары Диар Қонаев пен Бақтияр Серікбаев сынды азаматтар жақсы қолқабыс тигізді.



Мұражай Алматы қаласында М. Төлебаев және Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан. Мұражайда кітапхана ашылып, онда Қонаевтың жеке өзінің кітаптары мен қызметтес әріптестерінің кітаптары орын алған. Бай деректі кітаптармен қамтамасыз етілген. Д.А. Қонаев туралы жазылған 66 кітап топтамасы бар.

Кітаптардың саны 3000 данадан асады. Мұражайдағы сақтаулы Д.А. Қонаев жайлы кітаптар мен қолжазбалардан елімізде Ұлы Отан соғысы басталмай тұрған мамыражай кезеңдегі ауыр Қоңырат кенішіндегі



жұмысшы қызметкерлердің өсу көрсеткіші, олардың тұрмыс-тіршілігі жайлы да құнды деректерді таба аласыз. Мұражай шеңберінде «Қонаевтану» ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істеп келеді. Ғылыми орталықтың кеңесі құрамына еліміздің танымал ғалымдары кірді. Олар академик: К.К.

Нұрпейісов, К.Н. Нариебаев, Е.А. Түркебаев, Э.Ф. Госсен, Н.К. Надиров, К.Н. Бурханов, С.Ж. Галиев, А.А. Біртанов, Б.З. Батталханов. Кеңес төрағасы Қонаев университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ө.Қ. Қопабаев болған.

Д.А. Қонаев мұражайы – өткен ғасырдың шежіресін шертетін төл перзентіндей. Республикалық маңызы бар мұражайлардың бірі әрі бірегейі болып саналатын Д.А. Қонаев мұражайының қорында бүгіндері елу жыл ел ағасы атанған қазақтың біртуар ұлы перзентінің өмір деректерінен жан-жақты мағұлмат беретін 3100-дей жәдігер қойылған. Олардың әрқайсының өзіндік тарихы бар.

Ұйымдастырылған алғашқы мұражайды 6242 көрермен тамашаласа, тек өткен 2010 жылдың өзінде ғана олардың саны 17774 адамға жеткен. Жәдігерлер саны да жылдан-жылға молая түсуде.

Басқа мұражайлардан ұлы адамның атындағы бұл мәдениет орнының ерекшелігі – мұндағы көрмеге қойылған Дінмұхамед Ахметұлының балалық шағынан бастап, Мәскеудегі студенттік кезеңі, өскен ортасы, ата-тегі, әлемге әйгілі ұлы тұлға ретінде танылып, ірі мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтеріліп, өмірден өткен кезеңіне дейінгі, тіптен одан бергі уақытта да туған халқы қастерлеп, құрметтеу дәстүрі жалғасып келеді.

Мұражайда Дінмұхамед Ахметұлының әр жылдарда жасалынған мүсіндері, фотосуреттері, оның мемлекетімізді дамытып, өркендетудегі рөлі мен ерен еңбегі, адамгершілік қасиеттері мен өмірінің сан қырлы тұрмыстық жағыда көрсетілген. Мұнда қойылған жәдігерлердің мазмұнына сай «Д.А. Қонаевтың ата-тегі», «Д.А. Қонаевтың балалық және жастық шағы, студенттік кезеңі», «Еңбек жолының басталуы», «Дінмұхамед Ахметұлының майдангер замандастары», «Д.А. Қонаевтың кабинеті», «Д.А. Қонаевтың аңшылыққа пайдалынған қару-жарақтары», «Қонаевтың жеке заттары», тағы басқада тақырыптарда аса құнды экспонаттар әр кезеңнің құнды деректерінен көрермендерге көптеген мағұлматтар береді.



Мұражайда қалыптасқан жыл сайынғы дәстүр бойынша әр жылдың 12-і қаңтарында Д.А. Қонаевтың туылған күні атап өтіледі, ақпан айында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Д.А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысына арналған дөңгелек үстел ұйымдастыру, наурыз айында «Д.А. Қонаевтың

сүйікті әндері» атты ән кешін өткізу, 12-22 тамыз аралығында Қонаевты еске алу апталығын өткізу ұйымдастырылады. Қыркүйек айында студенттер арасында «Қонаев оқуларын» өткізу, сондай-ақ, студенттер

мен жоғары сынып оқушылары арасында ғылыми-тәжірбиелік конференциялар өткізу игі дәстүрге айналған. Мұнан тысқары Д.А. Қонаев туралы деректі фильмдер көрсетілуінің өзі көрермендер назарын ерекше аударары сөзсіз.

Осы шараларды өткізуде мұражай директоры Болысбек Батталхановтан бастап, қоғам қайраткері, мұражай шырақшысы Ізбасар Балтағұлов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, мұражайдың ғылыми қызметкері Нұртан Төлепбергенұлы, бас қор сақтаушы, танымал Қонаевтанушы Гулмира Бекмұратова, тәжірибелі экскурсавод Нұрилла Жүсіпбаева, бас есепші Пәкизат Салиева, қызметкер Бұлбұл Нұрбековалар көптеген игілікті істерді жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдығы мен Д.А. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында мұражайда «100 жылдыққа – 100 шара» бағдарламасы жасалынып, осы бағдарламаның аясында 12 қаңтарда қазақ халқының дара тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, академик Д.А. Қонаевтың туылған күніне орай қалалық Мәдениет басқармасы мен Д.А. Қонаев мұражайының ұйымдастыруымен «Д.А. Қонаев – тұғыры биік тұлға» атты тақырыпта іс-шара өткізілді.

«100 жылдыққа – 100 шара» бағдарламасы бойынша Д.А. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын өткізуге байланысты 2011-2012 жылдарға арналған іс-шаралардың бағдарламасында алға қойған мақсаттар орсан зор. Осы бағдарламада белгіленген іс-шаралардың біразы іс-жүзіне асырылды да. Мәселен, жыл басынан бері ұйымдастырылған «Д.А. Қонаевтың балалық шағы, студенттік кездері мен еңбек жолының басталуы» атты көрме, «Д.А. Қонаев және Қазақстан қалалары» атты карта ашу, «Өз заманының заңғар ұлы көркем галереясы», «Д.А. Қонаевтың жұмыс кабинеті», «Қонаевтану» ғылыми орталығы мен ғылыми кітапханасы, Дінмұхамед Ахметұлы мен Зүһра Шәріпқызының 50 жыл 6 ай екі күн бірге ғұмыр кешкен өмірі жайлы «С любовью по жизни» атты деректі фильм көрсетілді.

Жылдағы дәстүр бойынша Қазақстанның Тәуелсіздігінің 20-жылдығы қарсаңында «Д.А. Қонаевтың сүйікті әндері» атты тақырыппен Жамбыл атындағы филармониясында үлкен концерт болып, көрермендерге «Қонаев және жаңа Қазақстан» атты деректі фильм көрсетілді. Бұл фильмде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанды көркейтуге сіңірген еңбектері жайлы да айтылады.

Үстіміздегі жылдың 12 сәуірінде космонавтар күніне орай «Байқоңыр – ғарыш аймағы» атты фотокөрме ұйымдастырылып, оған Байқоңыр космодромын салуға алғаш қатысқан ардагерлер – полковниктер Кәрім Әбілғазин, Виктор Никулин, Әнуарбек Кенжебаев, «Байқоңыр» космодромының ардагері болған Қален Құсайынұлының жұбайы қатысты. Бұл кездесуге қаладағы №7 кәсіптік лицейдің оқушылары мен ұстаздары да қатысты.

Сәуір айының 6-күні мұражайда «Қонаевтың кезіндегі Еңбек Ерлері» бағдарламасы бойынша Алматы облысындағы бұрынғы «Қарқара» қой совхозының атақты шопаны, Социалистік Еңбек Ері Жолсейіт Молдасанов пен «Ұзынбұлақ» қой совхозының озат шопаны, Социалистік Еңбек Ері Ыдырыс Әбдіғұлов пен мұражай қызметкерлерінің кездесуі өткізілді. Кездесуде байырғы атақты шопандар өздерінің еңбек жолдарымен қатар Д.А. Қонаевпен әр жылдары кездесу сәттері жайлы қызықты естеліктерін айтты.

Мұражай қызметкерлерінің тартымды табыстарының бірі – биыл 18-мамыр күні Астана қаласында Халықаралық мұражайлар күніне қатысып, мұражайдың директоры Болысбек Батталханов «Ең үздік мұражай басшысы» номинациясы бойынша еліміздегі 70-тей мұражай басшыларының арасында жеңімпаз атанып, гран-при жүлдесін иеленіп қайтты. Нұрила Жүнісбаева, Гүлмира Бекмұратова, Пәкизат Сәлиева сияқты мұражай қызметкерлері де мақтау грамоталарымен марапатталып қайтты.

Д.А. Қонаев мұражайында Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылары арасында «Қонаев оқулары» атты ғылыми конференциялар өткізіліп, оған Абай атындағы ҚазҰПУ-і, әл-Фараби атындағы МҰУ-і, ҚазМҚПУ, Д.А. Қонаев университеті, М. Тынышпаев атындағы көлік және темір жол транспорты академиясы, Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттері мен №7 кәсіптік мектеп, №32 мектеп, Талғар қаласындағы колледж, Қапшағай қаласындағы №1 орта мектептің оқушылары қатысып тұрады.

Белгілі қоғам қайраткері Димекеңмен ұзақ жылдар бойы қызметтес болған Байкен Әшімов өзінің «Ел сенімі – ең қымбаттың» атты естелік кітабында: «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жемісті ұзақ жыл өмір сүрді. 1946 жылдан 1986 жылға дейін 44 жыл бойы Республикада жоғары дәрежелі басшылықта болды. Оның ішінде 7 жыл Министрлер кеңесінің Төрағасы, 24 жыл Қазақстан КП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды. 22-жыл бойы елдегі ең жоғарғы саяси органның құрамына кірді», – деп Дінмұхамед Ахметұлының жарты ғасырға жуық еңбектеріне жоғары баға береді.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Дінмұхамед Ахметұлының көзінің тірісінде де, ұлы адам өмірден қайтқаннан кейіннен де Республикамыздың баспаларынан көптеген кітаптар жарық көрді. Еліміздің белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірбаяндық жазбаларында да Дінмұхамед Қонаев жайлы көптеген сыр суыртпақтайды. Сол кітаптардың көпшілігі бүгіндері 3000-дай кітап қоры бар Д.А. Қонаев мұражайының кітапханасында сақтаулы тұр.

Кез келген мұражай әуелі өзінің тарихи құнды жәдігерлерімен жоғары бағаланса, оған келуші көрермендердің ыстық ықыласы да ерекше. Осы орайда мұражайға келуші көрермендердің пікірлері мен

талап-тілектері жазылған кітапшаға назар аударар болсаңыз көптеген ыстық ықыластар жазылған. Көрермендердің негізгі айтар тілегі өткен ғасыр шежіресіндей болған мұражайдың іргесі кеңіп, жәдігерлері молая түсіп, халқымызға мәдени қызмет көрсетудегі игі дәстүрін жалғастыра берсе екен деген ниеттер білдіреді.

Мұражай қызметкерлерінің алдында тұрған ендігі бір жауапкершілігі зор міндет – «Ғасыр саңлағы» атанған ұлы тұлға Д.А. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын лайықты тарту-таралғылармен қарсы алу.

***Нұртан Төлепбергенұлы**
Қазақстан жазушылар, журналистер
одағының мүшесі*

Д.А. ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРДЫҢ» ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қоры» қоғамдық қоры 1992 жылы құрылған.

1993 жылы ҚР мемлекеттік мүлік бойынша Алматы қалалық аймақтық комитетінің Қаулысымен Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қордың балансына Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 90-99, Жібек Жолы көшесінің қиылысында орналасқан ғимарат берілді. Қор қазіргі кезде де осы ғимаратта орналасқан. Бұл ғимарат Қазақстан Республикасының тарих, архитектура және мәдениет нысандарының мемлекеттік тізіміне ресми түрде енген. Сол жылдардан бері Қор ғимаратты сақтауға жауапты болып келеді.

«Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қоры» ҚҚ ұйымдастырушылық, ағартушылық, білім беру, мәдениеттанушылық, қайырымдылық қызметін атқарады.

Д.А. Қонаевтың есімі Қазақстан Республикасының аккредитациядан өткен жоғары оқу орындарына жататын, өзін мойындатқан жоғары оқу орындарының бірі Гуманитарлық Университетке берілген. Онда толық, кешенді білім беру жүйесі қалыптасқан (Гимназия – Колледж – Университет – Аспирантура – Диссертациялық Кеңес). Сонымен қатар Алматыда орналасқан Тау-кен ісі бойынша ғылыми-зерттеу институтына Д.А. Қонаевтың аты берілген.

1993 жылы Қорда Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қордың наградалары туралы Ереже қабылданды.

Ғылым, техника, әдебиет, өнер және сәулет өнерінің жекелеген салаларында Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтар бекітілген.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының металлургия, тау-кен және экономикалық факультеттердегі ең үздік студенттеріне Д.А. Қонаев атындағы шәкіртақы тағайындалған.

Д.А. Қонаев қоры тәуелсіз халықаралық қоғамдық ұйым болып табылады, ол өз қызметінде табыс табуды мақсат тұтпайды, өзінің қаражаты мен мүмкіндіктерін қайырымдылық, мәдени-ағарту және де басқа гуманистік мақсаттарға жұмсайды.

Қордың құрылымында Мұрағат бар, онда Д.А. Қонаевтың қызметімен байланысты және Қазақстанның әлеуметтік-саяси тарихының аса елеулі тұстарын сипаттайтын мәтіндер, электрондық және аудиовизуалды, фото материалдар шоғырланған. Жинақтың негізін Қонаевтар отбасының, ең жақын араласқан адамдардың сыйға тартқан материалы құрайды.

Мұрағатта 10000-нан астам сақтауға алынған бірлік бар, соның ішінде Д.А. Қонаевтың, М.Б. Ықсановтың, Ш.Е. Есеновтың және басқа да көптеген мемлекеттік, қоғам қайраткерлерінің, еліміздің жетекші

ғалымдарының, ауылшаруашылық кешені қызметкерлерінің, көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлерінің жеке қорлары бар.

Қор қалыптасқаннан бері көптеген қайырымдылық және басқа да шаралар өткізілді, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне үнемі материалдық көмек көрсетіліп отырады, қайырымдылық акциялар, концерттер ұйымдастырылады, ас беріледі, азық-түлік қоржындары мен дәрі-дәрмектер таратылады.

Қордың ғимаратында ҰОС және еңбек ардагерлерінің клубы тұрақты қызмет етеді. Осы Клубтың қызметіне қатысты көптеген шаралар мен акцияларды жүзеге асыру үшін Қор демеушілік көрсетіп, әлеуметтік-экономикалық бағдармалар мен жобалар жасалып, жүзеге асырылады.

Сонымен қатар қор көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткерлерінің, шығармашылық зиялы қауымның өмірін, қызметін, жетістіктерін насихаттау бойынша қыруар жұмыстар атқара отырып, Қазақстан Республикасының атақты және жас мәдениет, өнер саласындағы өкілдерінің шығармашылық табыстарын айқын көрсететін ірі шараларды ұйымдастыруға және өткізуге атсалысады.

Қорға бала бақшалардың, мектеп-интернаттардың әкімшіліктерінен қаржы бөлу туралы, зейнеткерлердің, соғыс және еңбек ардагерлері атынан операция немесе емделуге материалдық көмек көрсету бойынша өтініш хаттар жиі түседі.

Қоғамдық қордың ұжымы осындай өтініштердің барлығына көңіл бөліп, назардан тыс қалдырмауға тырысады.

«Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қоры» ҚҚ Халықаралық мәртебесіне ие, оның Германияда, АҚШ-та, Ресейде, Өзбекстанда, сонымен бірге Қазақстан Республикасының көптеген облыстарында бөлімшелері бар. Олардың қызметі Алматы қаласында орналасқан басты бөлімде үйлестіріледі. Бұл халықаралық (әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ғылыми және т.б.) қатынастарды дамытуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын халықтар арасындағы ұлтаралық қатынастарды нығайтуға айтарлықтай үлес қосады.

2012 жылдың 12 қаңтарында аса көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 100-жылдық мерейтойы аталып өтеді. Қор оның есімімен аталған. Бұл мерейтой Қазақстан Республикасының «Мерейтолық және елеулі даталар жоспарына» ресми түрде енгізілген.

Осыған орай Қор 2011-2012 жылдары өткізілетін, яғни Мерейтойлық жылға арналған Шаралар мен акциялар бағдарламасын дайындады.

Бағдарламаға әртүрлі бағыттағы шаралар енгізілген.

Осы Бағдарлама аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған «Д.А. Қонаев және қазіргі Қазақстан» деген атаумен өткен алғашқы шараны Д.А. Қонаев атындағы Халықаралық қор

«Нұр Отан» ХДП мен «Ақ Орда» республикалық қозғалысының қолдауымен 2011 жылдың 12 наурызында өткізді.

Қордың алғашқы Президенті, қазіргі кезде Қордың Құрметті Президенті С.С. Жиенбаев, ол Д.А. Қонаевтың ең жақын әріптесі. Қордың қазіргі кездегі Президенті – Қонаев Е.А, Ресей Федерациясының Омбы қаласындағы ҚР Кеңесші-уәкілі – Консулы, Қордың вице-президенті – көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткері Аухадиев К.М.

ЕЛУ ЖЫЛ, АЛТЫ АЙ, ЕКІ КҮН



*«Әйел-ана! Әйел-адал жар!
Әйел-қоғам қайраткері, өнер шебері,
Әйел-еңбеккер!»*

Д.А. Қонаев

Ұлы адамның мәңгілік махаббаты

1912 жылы дүниеге келіп, 1993 жылдың 22 тамызында дүниеден өткен халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет қайраткері, «Ғасыр адамы» атанған үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірбаяндық тарихын ой зердесінен өткізіп көрсеніз өмірінде адам баласына тән барлық ізгі қасиеттерді бойына сіңірген, туған елі мен халқының қамын ойлап өткен, достық пен махаббатқа берік жан болғанын баршаға аян. Балалық шағынан

бастап білім мен ғылымға құштар болып, Мәскеудегі түсті металдар институтын бітірген соң, 1936 жылдан Балқаштағы Қоңырат кенішінде қарапайым жұмысшыдан цех бастығы, бірте-бірте бас инженер, арада үш жыл өткенде директор болып тағайындалған Дінмұхамед Қонаев 1939 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйғарымымен «Алтайполиметалл» комбинатының Риддер кен басқармасына директор болғанға дейінгі аралықта байлық пен бас пайданы, үйленіп үй болуды ойлауға уақыты да болмаған сияқты.

Сұңғақ бойлы, Алатаудай алып тұлға, байсалды жанның барлық есіл-дерті, арман-мақсаты білім мен ғылымға, ел игілігіне, қоғамдық адал қызметке арналғандықтан 27 жасқа келгенге дейін махаббат машақатын ойлап, біз біреулерге ұқсап сары уайымға салынбапты. Сондықтан да болар, Дінмұхамед Ахметұлы өзінің серпімді серігі Зуһра Шәріпқызымен табысқан күнінен бастап махаббатқа адал, сертке берік, қызғаныш пен жар көңіліне қаяу түсіру деген пиғылдардан аулақ болыпты. Мұның өзі әлі де жазылмаған ұзақ дастан деуге болады. Ендеше, сол жазылмаған дастанның бір тармағын ғана баяндайық...

Осы орайда, айта кетер жай, Дінмұхамед Ахметұлының студенттік жылдары Қазақстандағы ауыр жылдармен тұспа-тұс келген. Коллективтендіру реформасы жүзеге асырылып, қолдан жасалған ашаршылық кеңінен етек алған болатын. Өйткені, сол кезеңде үкімет басында Голощекин болды.

Дінмұхамед Ахметұлының үйлену, отау құруы да өз алдына бір тарих. Талай түндерді көз ілмей атырған, талай күндерді бел бүкпей

батырған ауыр жылдар артта қалғандай. Кеніш шаруашылығы жолға қойылып, ел еңсесін көтере бастаған кезде Дінмұхамед Ахметұлы демалыс алып Алматыға аттанды. Ол кезде үлкен әпкесі Әмина осы күнгі Карл Маркс көшесіндегі отыз төртінші үйде, әке-шешесі бұрынғы Күрті көшесінде тұратын.

“Бас екеу болмай, мал екеу болмас” деп әкесі бір жақтан, екінші тұстан анасы уайым шеге бастайды. Сөйтіп жүргенде бірге оқып, қатар диплом қорғаған досынан Шымкенттен хат алады. Демалысқа келгенін айтып, Дінмұхамед Ахметұлы хат жазады. Екі-үш күн аралатпай жауап алғанына Дінмұхамед Ахметұлы әрі таңданады, әрі қуанады. Басы артық сөз жоқ. Тек: “Егер уақыт тапсаң, мына хатты Фурманов көшесіндегі 135 үйде тұратын Зуһра деген менің құдай қосқан қосағымның жан құрбысына апарып беруіңді сұранамын” – депті. Дінмұхамед Ахметұлы бұл хатқа онша мән бермегенімен, “Масфұттың әйелінің есімі де Зуһра, мына құрбысының да аты Зуһра, қызық екен” деп таңданыс білдіреді. Адрес бойынша барса, аққұба, талдырмаштау, орта бойлы бойжеткен екен. “Бұйрық шығар, тұп-тура елу жыл, алты ай, екі күн отасқан аяулы жарыммен мен осылай табысып, осылай танысқан едім” деп еске алады Дінмұхамед Ахметұлы өзінің “Өтті дәурен осылай” деген кітабында (57-бет).

Зуһра Шәріпқызы оқығаны да, тоқығаны да мол, ойы жүйрік, тәрбиелі жердің қызы еді. Дінмұхамед Ахметұлы екеуі күн құрғатпай кездесіп, Алматыда ақшам жарқыраған шақта жүздесіп жүреді. Ол кезде Свердловскінің операттасы астанаға гастрольдік сапарға келіп, жазғы театрда өнер көрсетіп жатқан болатын. Оларға Карл Маркс пен Совет көшелерінің қиылысындағы осы театр соншама ыстық, соншама қымбат көрінетін. Операттаның бар репертуарын бастан-аяқ көріп, пікір алмасатын. Зуһра Шәріпқызы өнерді сүйетін, оны жанымен түсінген кісіге аса құрметпен қарайтын. Дінмұхамед Ахметұлы мен Зуһра Шәріпқызы арасындағы сүйіспеншілік сезімге Масфұт пен Зуһра Әлімқызы ғана емес, осы өнер де дәнекер болғандай. Демалысы біткен соң Дінмұхамед Ахметұлы Қоңыратқа қайтады. Алайда, араларынан хат үзілмеді.

Уақыт шіркінде дауа бар ма! Зу етіп өте шықты. Тіршілік қамытын мойынға іліп, күнделікті күйбің өмір қайта жалғасты. 1938 жылы сәуірде Қоңырат кені тұңғыш рет байытылып, мамырда алғашқы қорытпа алынды. (Қазір тұңғыш балқытылған Балқаш мысы Мәскеудегі Революция музейінде сақтаулы тұр).

1939 жылдың қоңыр күзінде Дінмұхамед Ахметұлы күтпеген жерден Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шақырылады. Балқаштан ұшып келген бойда Әмина әпкесінің үйіне барады. Мән-жайды айтады. Өнеркәсіп кәсіпорындарын басқаруды жақсарту мақсатымен сол жылы “Алтайполиметалл” комбинаты құрылады. Кенді Алтайдың барлық түсті металлургия кәсіпорындары осы комбинаттың

карамағына шоғырландырылады. Осыған орай, Риддер комбинаты таратылып, оның орнына Риддер кен басқармасы мен зауыт басқармасы құрылады. Осы екі басқарманың бірі кен басқармасының директорлығына Дінмұхамед Ахметұлы тағайындалады. Кенді Алтайдың экономикасын көтеру мақсатында Шығыс Қазақстан облысы құрылып, оның орталығы Семей облысынан бөлінген Өскемен қаласы болады.

Алматыға келген осы сапарында Дінмұхамед Ахметұлы Зухра Шәріпқызына жолығып, бар-жайды түсіндіреді. “Демек, Риддердің тұздәмі бұйырғалы тұр деңіз. Несі бар, жігіт аспас бел, жүрмес жол болмайды. Тәуекел етіңіз”, – дейді Зухра Шәріпқызы.

Зухра өмірі үлкенге де кішіге де “сен” деген кісі емес, шығыс әйелдеріне тән әдеп, инабат сақтап “сіз” дейтін. Оның сыпайлылығы өзгені де ізетті болуға, әдеп сақтауға итермелеуші еді. Дінмұхамед Ахметұлына осы бір қас-қағым сәтте ең қимас, бірақ ең қиын өткелден өтуге тура келді.

Сөйтіп, “Сол нартәуекелге бірге барсақ қайтеді” деп ұсыныс жасайды. Зухра екі бетінің ұшы қызарып, жүзін төмен салды, деп еске алады ел ағасы. Бұл Дінмұхамед Ахметұлының өміріндегі ең бақытты күндері еді.

Ертеңіне олардың некесі қиылып, әпкесі Әминаның үйінде шағын тойлары өтеді. Жұпынылау, бірақ ақ пейілмен жайылған дастархан басында Алматыда, Мәскеуде бірге оқыған жора-жолдастары, туыстары жиналады.

Тойда, Дінмұхамедтің институтта бірге оқыған жақын жолдасы, Қазақ тау-кен институтының мұғалімдері мен инженерлер Жақсыбаева мен Кравченко, Зухраның ағасы Ғариф Шәріпұлы жас жұбайымен, тағы басқалар болады. Тойдан кейін ертеңіне жас жұбайлар Риддер қаласына жол жүріп кетеді. Ондағы өмірлері де оңайға түспейді.

Д. Қонаев айтқандай: «Жалпы жар таңдау адамға бір ақ рет берілетін бақыт. Ол бақытты баянды ету біздің өзімізге байланысты. Өмірге сергек қарау осы от басынан басталады, оның түтін түтетері-сүйген жарыңды сыйлаудан басталады» деген асыл сөзі бар.

Жаңа шаңырақ көтерген Зухра Шәріпқызы мен Дінмұхамед Ахметұлына Риддерден бірден пәтер тие қоймады. Олар “Алтай” қонақ үйінен екі бөлмелік пәтер алып, біраз сонда тұрады. Көп кешікпей желтоқсан айында Береговой көшесінен төрт бөлмелі үй ұсынады. Шаруашылық басқарушысы: “Екі қабат үй, екі бөлмесі екінші қабатта, екі бөлмесі төменгі бірінші қабатта. Терезелері күнге қараған, тұрған ауданы да адам қызыққандай”, – деп жер-көкке сыйғызбай мақтай жөнелді. “Терезелерінің күнге қарағаны, тұрған жерінің жақсы болғаны дұрыс. Ал екі қабат үйге түгел жайғасатындай атым бәйгеден келген жоқ қой”, – деп, екінші қабаттағы екі бөлмені алып, бірінші қабаттағы екі бөлмені кеніште баспанасыз жүрген Зубарев деген жігітке бергізеді.

Зуһра Шәріпқызы үй алдына қауын-қарбыз, қияр, жуа егіп өсіреді. Үкіметтің көтерме қаржысына сиыр, қалған азын-аулақ ақшаға ас үйге қажетті ыдыс-аяқ сатып алады. Сөйтіп, үйлі-жайлы болып, ел қатарлы түтін түтете бастайды. “Өз үйің өлең төсегің” дегендей, алдыңнан жадырап жарың шықса, тапшылыққа қарамастан жоқтан бар жасалып, дастарханың жаюлы тұрса, достарың бергеніңе ғана емес, ықылас-пейіліңе тойып аттанса, ер жігіттің бір мұраты осы емес пе?! Дінмұхамед Ахметұлы мен Зуһра Шәріпқызының алғашқы отбасылық өмірлері осылай басталып еді...

Зуһра Шәріпқызы мен Дінмұхамед Ахметұлы жылында зарықтырып барып жететін демалысты ың-шыңсыз өткізуге тырысатын. Ол кезде бүгінгідей күндіз-түні тынбай көрсететін теледидар жоқ. Кітапқа зейін салып, газет-журналдарды құр жібермеуге тырысатын. Демалыс уақыттарын тиімді пайдалана білетін.

Зуһраның ағасы Ғаріптің діндарлығы тіптен өзгеше. Мұсылманша оқу-ілім мен діни кітаптарды еркін оқи алатын танымал имам, муфти дәрежесінде болған. Оның жарқын бір мысалы: Ресейде діни мәселелер төңірегінде өткен бүкіл әлемдік үлкен кеңес – пікір алмасу маслихатында сөз сөйлеп, жиынға жиылған жұрттың назарын өзіне аударған.

Міне, осындай көзі ашық, көкірегі ояу, дін жолына мықтап мойын бұрған отбасынан тәлім-тәрбие алып өскен Зуһра да бекер адам болмаған. Иманды ортада өскен ізетті де, инабатты жанның қонақжай жанның берекелі дастарханынан қонақтар да арылмаған. Ондай құрметті қонақтар келген сәттерде Зуһра Шәріпқызы қазақы салт-дәстүрмен ет асып, табақ тартып, қымыз-шұбаты мен қаймақ қатқан шәйімен сый-сияпат жасайды екен.

Осындай ізгі, адамгершілік қасиеттерінен де болар, Дінмұхамед Ахметұлы өз естелігінде:

“Зуһра Шәріпқызы ғажап адам болатын. Ең жақын, ең қимас досым еді. Біз елу жыл, алты ай, екі күн бірге тату-тәтті ғұмыр кештік. Есеп қызметкері-тұғын, әйтсе де оның өмірге деген құштарлығы білімге, білуге деген ынта-ықыласпен ұштасып жататын. Ол орыс, қазақ, шетел классиктерінің шығармаларын зейін қойып оқитын. Оқығанын қызықтырып айта да білетін. Ағылшын тілін оқып үйренді. Көптеген шетелдерді аралап, оның өнеріне, мәдениетіне ден қоятын. Мұсылманша сауаты бар еді және оған қоса аса құрметпен қарайтын. Үйдегі үлкен кісілерді айт күндері, кейде жұма намазына алып барып, батасын алып қайттым деп отыратын. Мұсылман елдеріне барған сапарында ең әуелі Құранды қолға түсіруге тырысатын, және киелі кітаптың үлгісін жинап, қастерлеп ұстады. Ал, Египеттен бе, әлде Түркиядан алып қайтқан Мұхаммед пайғамбарымның бейнесі мүсінделген тұмарды демі таусылған күнге дейін 1990 жылдың сәуір айының 20-сына дейін

мойнынан тастамай тағып жүрді”, – деп еске алады Дінмұхамед Ахметұлы өзінің “Өтті дәурен осылай” деп аталатын кітабында.

“Зуһра әйелдің бекзаты еді. Қолы ашық, қашан барсаң да дастарханы жаюлы. Мал таппайтын еркек болмайды, бірақ ол табыстың берекесін келтіріп отыратын әйел керек. Зуһра халық әндерін, соның ішінде, әсіресе, татар әндерін нақышына келтіріп орындайтын, қолы іскер, жанға жайлы бота қалжыңы бар, әзілді көтере білетін, бір мысал, тіпті иненің жасуындай жалғандығы, жағымпаздығы болмайтын”, – деп еске алған еді.

Дінмұхамед Ахметұлының адамгершілік ізгі қасиеттерін жақсы білетін, ол кісінің отбасымен араласып өткен ардагерлердің бірі Атымтай Қисанов өзінің Димекең жайлы естелігінде: «Әйел – ана! Әйел – адал жар! Әйел – қоғам қайраткері, өнер шебері! Әйел – еңбеккер. Мен оларға үлкен– кішісіне түгел құрметпен қараймын. Партия, кеңес, кәсіподақ саласында өзінің ақыл парасатымен, іскерлігімен, ізеттілігімен көзге түскендеріне үнемі қолдау көрсетіп отыруға ықыласты едім» деп отыратын Димекең.

Мәселен, Дінмұхамед Ахметұлы әр кезде қазақтың механизатор әйелдері Кәмшат Дөненбаеваны, Наталья Гельертті, ұжымшар бастығы Зылиха Тамшыбаеваны зор марапаттап, қолынан келген жақсылығын аяған жоқ.

Дінмұхамед Ахметұлы әйел затын аса қастерлеген нағыз азамат, жаны ізгі асыл жан еді. Аяулы жары Зуһрамен қанша жыл, қанша ай, қанша сағат ғұмыр кешкенін өз естелігінде әсерлі әңгімелейді. Зайыбы бір жаққа жол жүрерде біз сияқты «қоржын – қосқалаңға» (яғни чемоданға) «ананы салдың ба, мынаны салдың ба, кілтінді ұмытқан жоқсың ба?» – деп бәрін түгелдеп, өзі шығарып салатын. Келіні Мұхтарқызы Ләйланы келінім демей, өз қызындай аялайтын.

1993 жылы «Абай» журналының №7-ші санында: «Келінім Ләйлә алдымнан қия өтпеуші еді, мінезі де жайдары, көпшіл, дастарханы берекелі, өзім деген кісіге өзегін суырып беруге дайын тұратын. Оқымысты ретінде де қатарынан кем емес еді. Ғылым докторы. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп» демекші, Зуһра мен Ләйлә абысын-ажын деуден гөрі, апалы-сіңлідей сыйластықпен ғұмыр кешті. Бірі «ұлықтың әйелімін» деп шалқайған жоқ, екіншісі «дарынның қызы едім» деп кісімсiмей, бірақ кісілігін жоғалтпай, кішілігін сақтады. Екеуі де әдептен озбады, салтымызды, дәстүрімізді жоғалтпады», – деп жазды (Бұл үзінді Д.А. Қонаев музей-үйінің шағын кітапхана қорында сақтаулы «Елу жыл ел ағасы» деп аталған кітапта жарияланған Атымтай Қисанов ақсақалдық естелігінен алынды).

Зуһра Шәріпқызы жайлы көз көрген замандастарының жақсы лебіздері, ақ жүректерімен ақтарыла айтқан естеліктері көп-ақ. Солардың бірі республикамызға белгілі журналист қаламгер, Д.А. Қонаев жайлы «Таңғажайып Қонаев» атты кітабы «Қазығұрт»

баспасынан жарық көрген О. Қауғабаевтың «Димекеннің отбасы» атты мақаласындағы «Зуһраның шәйі» немесе «Генсектің дәм татуы» атты мақаласында: «Риддерде кен инженері, кейіннен комбинатта директор болып, соңында «Совминге» қызметке келген Дінмұхамед Ахметұлы Алматыда жақсы-жайсаңдармен танысты және олардың отбасыларымен араласты. Көп балалы отбасынан шыққан Дінмұхамед Ахметұлының үйінде 7-8 жан тұрды. Оның қызметтестері де, туыс-туғандары да Зуһра келінге риза еді.

Елуінші жылдардың ортасында Қазақстанға Л.И. Брежнев бірінші басшы болып келгенде Дінмұхамед Қонаев Ғылым Академиясының президенті еді. Екеуінің де саяжайлары бір жерде болды.

Дінмұхамед Ахметұлымен көрші тұрған кезде Леонид Ильич Зуһра ханымның қолынан талай шәй ішеді. Қазақстанға келгенде ол кісінің «Димаш, Зуһраның шайын қашан ішеміз?» деп өзімсініп сөйлейтіні осыдан болса керек», – деп жазды.

Дінмұхамед Ахметұлының отбасы жайлы айтар болсақ, өзі мейірімді, адамгершілігі мол адамның отбасы да, өскен ортасы да ұлағатты жандар болса керек.

Дінмұхамед Қонаев өзінің туған қарындастарын, жұбайы Зуһра мен анасы Зәуре Байырқызын барша ғұмырында өте құрметтеп өткен. Өнегелі ортада өскен оның жанұясында негізінде он бір жан болған екен.

Дінмұхамед Қонаевтан кейінгі қыздың есімі Гүлжанат болған. Гүлжанат туғаннан кейін ауырып қайтыс болады. Екінші нәресте Едіге есімді ұлға көз тиіп, ол да өмірден ерте кетеді. Жанұяда ең үлкендері Әмина, Маймуна. Дінмұхамедтен кейін Асқар, Фазила, Нейлә, Гауһар, Сара және Роза. Дінмұхамед Қонаевтың өзінен кейінгі қарындастары Сара мен Розаның айтуынша, Қонаевтар жанұясы үлкен болған. Сонау бір қиын-қыстау жылдарда бастарында баспанасы болмай, бір пәтерден бір пәтерге көшіп-қонып жүрген. Бір күндері үйдің иесі қыстың ортасында оларды пәтерден шығарып жібергенде, бірнеше күнге дейін қыз баланың ең үлкені Әминаның шағын бөлмесінде бірге тұрады...

1942 жылы Дінмұхамед Қонаев Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Ол Алматыға келіп, үкімет үш бөлмелі үй беріп, жанұясының барлық мүшелерін қолына алып, бәрі бірге тұрады. Бір бөлмесіне әке-шешесі, бір бөлмесіне Дінмұхамед Қонаев жұбайы Зуһра Шәріпқызымен, ал үлкен бөлмеде балалар орналасады. Барлығына үй тар болғанымен шаңырақта ынтымақ-бірлік үзілмеген. Дінмұхамед Қонаев ұзақ уақыт жұмыс істесе де, туған қарындастарының дәптерлері мен күнделіктерін тексеруге уақыт табатын болған. Ал, Зуһра Шәріпқызы үй шаруасына икемді, тағамды да өте дәмді жасап, қызметші аспаздары болғанымен асты өзі дайындағанды ұнатқан. Сонымен қатар жақсы тігінші болған, бос уақытында кесте тігумен айналысқан. Зуһра Шәріпқызы Дінмұхамед

Қонаевтың анасы Зәуре Байырқызына еңбексүйгіштігі жағынан жақсы ұқсаған. Анасы Зәуре Байырқызы шаруа жанұясында дүниеге келген. Он үш жасында Дінмұхамед Қонаевтың әкесі Меңліахметке тұрмысқа шығады. Содан өсіп-өнген бала шағалар кейіннен бәрі де керемет, еліне елеулі жандар болып, біразы қоғам қайраткерлері атанды. Олардың арасында Дінмұхамед Қонаевтың шыққан шыңы биік-ақ.

Г.С. Бекмұратова
Қонаев мұражай-үйінің
бас қор сақтаушысы,
Е.А. Түркебаев
ҚР ҒА академигі

ҚОСЫМШАЛАР

Д.А. ҚОНАЕВҚА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ-БЮСТЕР

Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюстер (1912-1993 жж.) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 12 елді мекенде қойылған:



1. **Алматы қаласында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа ескерткіш-бюст Киров көшесі (қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) және К. Маркс көшесі) қиылысындағы саябақта 1978 жылы орнатылды.

Д.А. Қонаевтың қола мүсіні мүсінші Т.С. Досмағанбетовтың үлгісі бойынша жасалып, тегістелген гранит тұғырға (сәулетшілер А.Қ. Қапанов, Ш.Ы. Уәлиханов, И.Я. Токарь, В.Д. Дмитриевский) қойылды. Тұғырдың бет жағында «Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері» деген жазу жазылған. Биіктігі 4, 59 метр.

2. **Желтораңғыда.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа ескерткіш-бюст Желтораңғыда қойылған.

3. **Племсовхозда.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст орнатылған.

4. **Бақанаста.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст орнатылған.

5. **Үшаралда.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст орнатылған.

6. **Қапшағай қаласында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған. 2006 жылы ашылған.

7. **Тараз қаласында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған.

8. **Шымкент қаласында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған

9. **Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткүл ауылындағы орталық алаңға** Д.А. Қонаевтың мүсіні 2003 жылдың маусымында қойылған.

10. **Талас ауданында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған

11. **Талғар қаласында.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған

12. **Үлкен Алматы каналы.** Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған ескерткіш-бюст қойылған

ҚҰЛПЫТАС

Ақши ауылында. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қайтыс болған жерінде Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ақши ауылында 2003 жылы 20 тамызда арнайы құлпытас орнатылған. Ол Құлпытаста «Здесь 22 августа 1993 года в 18.10. перестало биться сердце великого человека Кунаева Д.А.

«Светлая память о светлом человеке» деген жазу бар.

Қазақстан бойынша Д.А. Қонаев атына 65 көше аты берілген.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абаев Ж. Аңыз болған айдысай // Оңтүстік Қазақстан. – 2009. – 21 желтоқсан. – 11 б.
2. Абдрахманов Г. Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі // Заң газеті. – 2007. – 16, 19 қаңтар. – 2 б.
3. Адырбекұлы К. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев // Адырбекұлы К. XX ғасыр: соңғы репрессия. – Алматы: Алаш, 2006. – 15-68 б.
4. Адырбекұлы К. «Казахское дело» 14. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев: [Д.А. Қонаевтың Горбачев пен Колбин кезеңіндегі тағдыр-талайы туралы] // Айғақ. – 2006. – 20 қыркүйек. – 8 б.; 27 қыркүйек. – 14 б.; 4 қазан. – 11 б.; 11 қазан. – 14 б., 18 б.; 25 қазан. – 14 б.; 1 қараша. – 14 б.
5. Адырбекұлы К. «Казахское дело»: Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев // Түркістан. – 2006. – 14 қыркүйек. – 7 б.; 21 қыркүйек. – 7 б.; 28 қыркүйек. – 7 б.
6. Ажал алдында тұрғандаймын... / Бетті әзірлеген Ж. Әшімжан // Жас қазақ. – 2007. – 9 ақпан. – 8 б.
7. Ай О. Димекеннің әкесі: Меңліахмет Қонаев туралы мәлімет // Әдебиет айдыны. – 2006. – 15 маусым. – 10 б.
8. Айтақұлы Ә. Қазақтың асыл перзенті // Ақ жол. – 1992. – 16 мамыр.
9. Айтақұлы Ә. Ұлттың рухы, иманы, ары // Жас Алаш. – 2002. – 12 қаңтар.
10. Айтбозымов С. Қазақ халқының саңлақтары: Мың жылдық саңлағы // Айтбозымов С. Мемлекеттік тіл: Ізденістер, сараптаулар, ықпал ету тетіктері. – Астана, 2007. – 145-147 б.
11. Айтмағамбетұлы Е. Жалғыз бала // Дөңгеленген дүние. – 2008. – 2 ақпан. – 2 б.; 2009. – 10 қаңтар. – 2 б.
12. Айтмағамбетұлы Е. Көпке танылып көсем болған: [Мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаев туралы] // Отбасы және Денсаулық. – 2010. – № 2. – 11-12 б.
13. Айтөлен Ұ. Жүрекке жылу берер жүздесулер ұмытылмайды // Айтөлен Ұ. Әріптестерім менің... – Алматы, 2008. – 4-9 б.
14. Акуев М. «Димекен аңға рұқсат етілген айларда ғана шығатын»: [Қоғам қайраткері Д. Қонаев және отставкадағы полковник М. Акуевпен әңгіме] / Әңгімелескен Ә. Нұрпейісұлы // Заң газеті. – 2006. – 12 мамыр. – 2 б.
15. Акуев М. Жер анасы жол. Пірдің қасында жүрдім // Алматы ақшамы. – 2001. – 13 қаңтар.
16. Акуев М. Жүрегімде жалғыз сөз – арлы болу: [Д. Қонаевтың қасында 14 жыл жүрген, жол тәртібіне жауапты болып қызмет атқарған М. Акуевпен сұхбат] / Әңг. Г. Төленқызы // Сақшы. – 2004. – 9 қыркүйек. – 5 б.

17. Акуев М. Кінә Колбинде емес, Горбачевте және өзімізде: Д.А. Қонаев – желтоқсан оқиғасы // Сақшы. – 2006. – 14 желтоқсан. – 6 б.
18. Акуев М. Үш қателік қантөгіске жеткізді / Сұхбаттасқан С. Құсайынұлы // Парасат. – 2006. – № 12. – 2-4 б.
19. Ақылбаев К. Ақиқаттың ақ жолы // Жерұйық. – 1992. – 11 қаңтар.
20. Ақылбаев К. Ұлы Адам: [Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты еске алып]... – Алматы: Мерсал, 2003. – 104 б.
21. Ақылбаев К. Соңғы сапар // Жас Алаш. – 2003. – 23 тамыз. – 3 б.
22. Ақылбайұлы Ж. Ағажан: [Қоғам қайраткері Д. Қонаевқа арналған өлең] // Атамекен. – 2007. – 26 қараша. – 7 б.
23. Ақылбайұлы Ж. Тамыры терең бәйтерек: [Д. Қонаевқа арналған өлең] // Айғақ. – 2010. – 20 қаңтар. – 7 б.
24. Алдырбаев К. Көңілде күдік: [Қоғам қайраткері Д. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын өткізу] // Түркістан. – 2011. – 28 шілде. – 2 б.
25. Алдашев Р. Жарты ғасыр: [Қазақстан магниткасына – 50 жыл] // Орталық Қазақсан. – 2010. – 1 шілде. – 2 б.
26. Алдыбай Қ. М. Димекен «Баба бүркіт» деген Бошай аға // Қазақ. – 2008. – 4-25 шілде. – 8-9 б.
27. Аманов Л. Қара бауыр қасқалдақ – Қонаев, қаңғып келген шүрегей – Колбин: [Сазгер Л. Амановпен сұхбат] / Әңгімелескен Ғ. Елшібай // Жас алаш. – 2010. – 25 мамыр. – 4 б.
28. Аппақ Е. Қонаевтың басына күн туғанда қасынан табылған... // Жас Қазақ үні. – 2010. – 1-7 қазан. – 2 б.
29. Асанов А. Есімің елге оралды әуенменен / Әңг. Т. Садықұлы // Дөңгеленген дүние. – 2010. – 14 қаңтар. – 3 б.
30. Асқар О. Мұқағалидың Қонаевқа жазған хатын жеткізбей тастады... / Әңг. А. Құлтай // Жас Қазақ үні. – 2011. – 28 шілде-4 тамыз. – 1, 7 б.
31. Асқаров А. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев // Қазақ батырлары. – 2006. – № 10. – 3 б.
32. Атабаев Б. Өзімшіл емес, мемлекетшіл адам болыпты... // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 43 б.
33. Аухадиев К. «Димекен оңашада егеменді ел болсақ, көп нәрсе өзімізде шешілер еді», дейтін.. / Қоғам қайраткерінің сұхбаты / Әңг. Т. Айтжанбайқызы // Айқын. – 2006. – 19 тамыз. – 3 б.
34. Аухадиев К. Қазақстанның тәуелсіз ел болғанын Димекен де аңсайды / Әңг. Ж. Қойлыш // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 33-37 б.
35. Аханов Ә. Алакөлдегі соңғы сапар: [Д.А. Қонаевтың өмірден өткеніне он жыл толды] // Егемен Қазақстан. – 2003. – 19 тамыз. – 4 б.
36. Аханұлы Ә. Даңқты баба. Кеменгер дана: [Қоғам қайраткері Д. Қонаев пен қазақ батыры Қаракерей Қабанбай туралы]. – Алматы, 2007. – 128 б.
37. Ахмет Б. Жұмбақ жан // Ақ жол. – 2009. – 20 маусым. – 8 б.

38. Ахмет Е. Халық жүрегіне ұялаған: [Д.А. Қонаевтың мұражай үйінің бүгіні мен болашағы жайлы] // Жетісу. – 2003. – 23 қаңтар. – 4 б.
39. Ахметбеков Д. Есімі елінің жадында // Қостанай таңы. – 2007. – 12 қаңтар. – 3 б.
40. Ахметов Ө. Еңселі ер көкем: Д. Қонаевқа арналады: [Естелік әңгіме] // Жетісу. – 2005. – 6 тамыз. – 18-19 б.
41. Ахметұлы А. Жасампаздықтың жарқын суреті: Қапшағай қаласына – 40 жыл // Жетісу. – 2010. – 14 қыркүйек. – 1 б.
42. Әбдікәрімов И. Көп екен көргеніңнен көрмегенің...: [Автордың көрнекті қоғам қайраткері Д. Қонаев туралы естелігі] // Жас Қазақ. – 2005. – № 10. – 26-29 б.
43. Әбдікұлов М. «Бақытты жансын» деп еді: [12 қаңтарда Д. Қонаев 95 жасқа толар еді] // Ақ жол. – 2008. – 12 қаңтар. – 3 б.
44. Әбділдин С. Қонаев заманындағы дәрежеге бүгінде еңбектеп жете алмай келеміз / Әңг. М. Серікқызы // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 40-41 б.
45. Әбдірайымұлы С. Атымтай: [Мемлекет қайраткері Д.А. Қонаев, республикалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық министрінің бірінші орынбасары болған Атымтай Қисанов және Верный уездік кеңесінің депутаты Садри Нұрымов туралы] // Жас Алаш. – 2006. – 10 қазан. – 5 б.
46. Әбдірайымұлы С. Димаш аға мен Зухра бибі // Аңыз адам. – 2011. – 10 қаңтар. – 10-13 б.
47. Әбдірайымұлы С. Димаш аға мен Зухра бибі // Жетісу. – 2009. – 10 қаңтар. – 3 б.
48. Әбдірайымұлы С. Димаш ағаның құлағы неге қызарды?: [Д. Қонаевтың туғанына 95 жыл толуына орай] / Әңг. К. Шаматай // Тасжарған. – 2007. – 12 қаңтар. – 10 б.
49. Әбдірайымұлы С. «Димекен 108 сұраққа берген жауабына қол қойып тұрып: «Өзің таяқ жемейтін күні жарияларсың», деген еді» // Айқап. – 2005. – 2 қыркүйек. – 4-5 б.
50. Әбдірайымұлы С. Димекен пенделіктен жоғары тұрушы еді / Әңг. Ж. Қалыбай // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 16-19 б.
51. Әбдірайымұлы С. Он алты жылдан соң // Жас Алаш. – 2008. – 10 қаңтар. – 4 б.
52. Әбдірайымұлы С. Самғау: ой-толғаулар, сыр-сұхбаттар, эсселер: [Қоғам, мемлекет, әдебиет, өнер қайраткерлері туралы естеліктер]. – Алматы: Санат, 2008. – 360 б.
53. Әбдірайымұлы С. Сыйластыққа ештеңе жетпейді // Жас Алаш. – 2003. – 11 қаңтар.
54. Әбдірайымұлы С. Ұрпақ үшін ұмытпайық: [Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Д. Қонаев туралы естелік] // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 тамыз. – 10 б.

55. Әбдірайымұлы С., Хасанғалиев Е. «Үлкен кісінің мұражайы да үлкен кісіге лайық болуы керек»: [Д.А. Қонаев атындағы халықаралық қордың вице-президентімен әңгіме] / Әңг. К. Әбілқызы // Жас Алаш. – 2008. – 15 қаңтар. – 5 б.
56. Әбдірайымұлы С. Халық ықыласынан асқан баға болмайды: [Мемлекет қайраткері Д.А. Қонаев туралы естелік] / Әңг. А. Сейілова // Жас қазақ күні. – 2003. – 5-11 қыркүйек. – 3 б.
57. Әбдірайымұлы С. Ізгілікпен мәңгілікке аты қалған [Әңгімелескен С. Мырзеке] // Ақжол. – 2004. – 20 шілде.
58. Әбдірахым Н. Қонаев және Ақдала алқабы: [Балқаш ауданына – 80 жыл] // Жетісу. – 2008. – 4 қыркүйек. – 3 б.
59. Әбжанов Х. Димекеңнің өсиеті халықтың қалпын сақтауға көмектеседі / Әңг. А. Кемелбаева // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 27 б.
60. Әбжанов Х. Мәскеудің көңілін тапқансығанымен, Қонаев Қазақстан мүддесіне қызмет етті // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 32 б.
61. Әбіров Д. Дінмұхамед Қонаев – қоғам қайраткері // Қазақ тарихы. – 2010. – № 4. – 63-64 б.
62. Әділбеков С. «Мен Қонаевты қорғауға ұшып келдім...» // Айқын. – 2007. – 11 қаңтар. – 6 б.
63. Әділқұлов А.Е., Рыспаев К. Д.А. Қонаев және Ұлы Отан соғысынан кейінгі Қазақстан // «Жас ғалым – 2005» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары (27-28 сәуір, 2005). – Тараз, 2005. – Т. 1. – 70-72 б.
64. Әжібеков Б. «Қазақтың Қонаевына қарыздармыз» / Әңг. Е. Бекқұл // Оңтүстік Қазақстан. – 2007. – 11 қаңтар. – 3 б.
65. Әжіметұлы Н. Қазақ сүйген Қонаев // Евразия-kz. – 2007. – 12 қаңтар. – 4-5 б.
66. Әжімқұлов Е. Қонаевтың қабылдануында (он бірінші желі) // Түркістан. – 2011. – 13 қаңтар. – 4 б.
67. Әйтпенев Қ. Димаш аға Шымқорғанға келгенде: Қарт ақынның, Д. Қонаевтың Өзбекстандағы Мырзашөлге барған сапары туралы жазған естелігінен / Жазып алған М. Ерімбетов // Түркістан. – 2004. – 8 қаңтар. – 6 б.
68. Әлдербаев М. Домбыра туралы аз-кем әңгіме // Егемен Қазақстан. – 2008. – 27 ақпан. – 54 б.
69. Әлдибекұлы Ш. Ақ адал жан арымас: [12 қаңтар Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туған күніне арналған өлең] // Дала мен қала. – 2006. – 13 қаңтар. – 6 б.
70. Әлмерек О. Аға дидары: [Д. Қонаевтың мұражайындағы еске алу кештері] // Алматы ақшамы. – 2003. – 5 сәуір. – 3 б.
71. Әлібай С. Тау тұрпатты тұлға // Ақжол. – 2005. – 20 тамыз.
72. Әлібекұлы Н. Естен кетпес бейне // Ақ жол. – 2010. – 12 қаңтар. – 2 б.

73. Әміреқұлов Ә. Қарапайымдылық кісінің беделін өсіреді: [Мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаев туралы естелік] // Алматы ақшамы. – 2010. – 23 ақпан. – 10-11 б.

74. Әміренов Х. Ақ пен қара: [Мемлекет қайраткері Д.А. Қонаев пен Социалистік Еңбек Ері Н. Алдабергенов туралы] // Жетісу. – 2006. – 12 тамыз. – 5 б.

75. Әрен Р. «100 жылдыққа – 100 шара» бағдарламасының бастамасы: [Ғалымдар үйінде «Академик – Д.А. Қонаев» атты ғылыми симпозиумның өтуі] // Алматы ақшамы. – 2010. – 16 қараша. – 11 б.

76. Әсембекұлы Е. Елдің ықыласынан асқан сый жоқ: Д.А. Қонаевтың қанатты сөздері // Нұр-Астана. – 2006. – 18 қаңтар. – 7 б.

77. Әшімов Б. Үзеңгі жолдас: Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалық қызметін атқарған Б. Әшімовпен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетін ширек ғасыр басқарған Д.А. Қонаевтың туғанына 95 жыл толуына орай сұхбат / Әңгімелескен М. Төлепберген // Егемен Қазақстан. – 2007. – 12 қаңтар. – 3 б.

78. Бағбан Б. Қонаевқа арналған аламан: Д. Қонаевтың туғанына 95 жыл толуына орай Қарасай ауданында ат спортынан өткен жарыс туралы // Ел мәдениеті. – 2007. – 30 маусым. – 12 б.

79. Бағдәулетқызы Ә. «Қонаевтарға» көмек керек: [Д. Қонаевтың 100 жылдығына орай «Өмір-өзен» продюсерлік орталығы мен Д. Қонаев мұражайы бірлесіп «Қонаевтар» атты көркем фильм түсірілуі жайында] // Алматы ақшамы. – 2009. – 22 қазан. – 2 б.

80. Байгелді Ә. Ғасырда бір туатын дара тұлға Д. Қонаевқа арналған естеліктер // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 31 б.

81. Байдалы Р.Ж., Абдикенова Е. Д. Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» еңбегі хақында // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы – 2011. – № 1. – 26-28 б.

82. Байжан К. Ұзындығы 32 шақырым көше қазақтың текті азаматының атымен аталады: [Текелі қаласы және Д. Қонаев жайында] // Егемен Қазақстан. – 2011. – 1 маусым. – 7 б.

83. Байқошқаров О. Бойы қандай терең болса, ойы да сондай терең тұңғыық еді ғой: Мемлекет және қоғам қайраткері Д. Қонаев туралы // Жас алаш. – 2008. – 3 сәуір. – 3 б.

84. Байқошқаров Б. Кісілік пен кішіліктің құлы еді: [Қоғам қайраткері Б. Байқошқаровтың Қазақстанның бұрынғы басшысы Д. Қонаев туралы әңгімесі] / Әңг. К. Сәттібайұлы // Ақ жол. – 2006. – 27 шілде. – 4 б.

85. Байқошқарұлы Б. Дінмұхамед Ахметұлының беймәлім қырлары: Берден Байқошқарұлының қойын дәптерінен / Дайынд. М. Қалдыбай // Қазақ. – 2010.

86. Байқұлов А. Қонаев та қадірлей білген: Диктор Ә. Байжанбаевтың баласымен сұхбат / Әңг. М. Исатайқызы // Жас Алаш. – 2009. – 20 қазан. – 5 б.

87. Байменше С. Асыл перзент ардақталады: [Мәскеуде қоғам қайраткері Д. Қонаевтың мүсінін қою туралы] // Егемен Қазақстан. – 2011. – 14 сәуір. – 8 б.
88. Байтілес Е. Қонаев – Премьер-министр: [Мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаев туралы] // Алматы ақшамы. – 2007. – 31 наурыз. – 3 б.
89. Байырбек Н. «Көңіл ғана саудаға түспейді» // Ақ жол Қазақстан. – 2003. – 22 тамыз.
90. Бақадүр Ж. Ер есімін жаңғыртудан ұтарымыз көп // Айғақ. – 2010. – 28 сәуір. – 9 б.
91. Балтағұлұлы І. Өлеңмен өрілген деректер: Д.А. Қонаев, Б. Әшімов, А. Асқаров, т. б. ұлы тұлғалар жайлы әңгімелер. – Алматы: Санат, 2006. – 208 б.
92. Балтағұлұлы І. Тұлға: 12 қаңтар Д. Қонаевтың туған күні // Құқықтық Қазақстан. – 2008. – 10 қаңтар. – 2 б.
93. Балтағұлұлы І. Халқы үшін туған ұлы тұлға: [Д.А. Қонаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай] // Жетісу. – 2003. – 4 қыркүйек. – 5 б.
94. Батталханов Б. Бізге келушілер Димекеннің тұтынған заттарын өз қолымен ұстап көре алады / Әңг. М. Жанысбай // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 49 б.
95. Батталханов Б. Д.А. Қонаев мұражайы // Халықаралық конференция «Қожа Ахмет Яссауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері», 29 қыркүйек-1 қазан 2008 ж. [материалдар] / Ред. Д. Махранов. – Алматы, 2008. – 279-281 б.
96. Батталханов Б. Жәдігерлер саны жыл сайын артып келеді / Әңг. Е. Жұмахметұлы // Алматы ақшамы. – 2007. – 19 мамыр. – 10 б.
97. Бәкірұлы Ә. Аласапыран: [Д. Қонаевтың ісі туралы] // Сыр бойы. – 2007. – 6 ақпан.
98. Бейсенбекұлы Д. «Күн көсемін» ардақтаған қала // Айқын. – 2007. – 22 тамыз. – 6 б.
99. Бейсенбекұлы Ж. «Ана тілі» әуелден ұлт жоқшысы болуға ұмтылды // Ана тілі. – 2010. – 18-31 наурыз. – 2 б.
100. Бекбосын А. «Ақ жолдағы» ақжолтай жырлар // Ақжол. – 2007. – 24 ақпан. – 3-4 б.
101. Бекбосын А. Қонаевтың батасын алған күйші // Алматы ақшамы. – 2008. – 23 ақпан. – 12 б.
102. Бекеев Қ. Асылдың ақтық сапары: [12 қаңтар Д. Қонаевтың туған күніне орай] // Жетісу. – 2009. – 10 қаңтар. – 3 б.
103. Бекжанов Б. Алып бәйтерек: Д.А. Қонаевтың зейнетке шыққаннан кейін Жамбыл облысында болуы // Ақ жол. – 2005. – 11 қаңтар. – 4 б.
104. Бекжанов Б. Асқақ Алатаудай айбарымыз еді...: Д. Қонаевтың Жамбыл облысындағы сапары // Түркістан. – 2011. – 11 тамыз. – 9 б.

105. Бекмұратова Г. Қонаевтың домбырасы // Достық. – 2009. – № 3. – 58-61 б.
106. Бекмұратова Г., Батталханов Б. Ақшамда жарқыраған қос ғашық Дінмұхамед Қонаевтың үйленуі, отау құруы туралы // Алматы ақшамы. – 2007. – 21 тамыз. – 11 б.
107. Бинашев Т. Қонаев Қажымұқанға тәу етеді екен: [Мүсінші Т. Бинашевпен сұхбат] / Сұхбат. Т. Тәшенов // Айқын. – 2008. – 30 тамыз.
108. Гойколов А.В. «Жүрегімнің жартысы Алакөлде қалды»: [Д. Қонаевтың көмекшісі, аспазы, жүргізушісі болған адамның естелігі] / Әңг. Ж. Әшімжан // Жас Қазақ. – 2007. – 12 қаңтар. – 3 б.
109. Горяйнов А. «Қонаев Брежневке де өтініш жазған» / Әңг. Ж. Әшімжан // Жас Қазақ. – 2007. – 12 қаңтар. – 3 б.
110. Горяйнов А. Қонаевтың жалғыздық өмірі қалай басталды?: Мемлекет қайраткері Д. Қонаевтың жеке күзетінің бастығы А.И. Горяйновпен сұхбат / Сұхбаттасқан Е. Жұмахметұлы // Алматы ақшамы. – 2008. – 15 мамыр. – 16-17 б.
111. Горяйнов А. Өзін халықтан қорғамауды талап етті / Әңг. А. Әлдибекова // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 47 б.
112. Ғалиқызы Ф. Жұмыс бөлмесінің төрт қабырғасы кітапқа тіреліп тұратын: Д. Қонаев туралы естелік / Әңг. М. Серікқызы // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 45 б.
113. Дадабаев Е. Тау тұлға алыстаған сайын асқақтай береді: [12 қаңтар – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың туған күні және Жамбыл өңіріне келгеніне орай] / Әңг. Е. Әбдиев // Ақ жол. – 2010. – 12 қаңтар. – 2 б.
114. Дәрменбайұлы Ш. Ұлының ұлағаты // Сыр бойы. – 2007. – 12 қаңтар. – 3 б.
115. Джиенбаев С.С. Зейнеткер Д.А. Қонаевқа елдің көзқарасы // Джиенбаев С.С. Четверть века вместе день за днем. – Алматы, 2006. – 443-448 б.
116. Джиенбаев С.С. Д.А. Қонаев қоры туралы // Джиенбаев С.С. Четверть века вместе день за днем. – Алматы, 2006. – 433-436 б.
117. Джиенбаев С.С. Д.А. Қонаевпен қоштасу // Джиенбаев С.С. Четверть века вместе день за днем. – Алматы, 2006. – 437-439 б.
118. Димекен дүниеге келген күн // Ел. – 2010. – 12 қаңтар. – 4 б.
119. Димекен туралы 12 сериялы деректі фильм түсірілмек // Алматы ақшамы. – 2006. – 24 тамыз. – 3 б.
120. Димекеннің атын жаңғырту керек / М. Ілімтон, С. Сәлімбаев, Ж. Иманқұлов, С. Дәулетияров, Қ. Тасыбаев, Н. Алтынбеков // Алматы ақшамы. – 2010. – 20 сәуір. – 8 б.
121. Димекеннің 100 жылдығы ескерілсе / М. Ілімтон, Б. Бүркеев, С. Сәлімбаев, Ж. Иманқұлов, С. Дәулетияров, Қ. Тасыбаев, Н. Алтынбеков // Президент және Халық. – 2010. – 21 мамыр. – 4 б.

122. Додабайұлы Н. Өмірі үлгі-өнеге // Жетісу. – 2009. – 17 қаңтар. – 6 б.
123. Досанов С. Еңбегі елдің есінде, бейнесі біздің жүректе: Д.А. Қонаевтан алғыс алған қаламгер еді // Жас қазақ үні. – 2011. – 18 – 24 қаңтар. – 15 б.
124. Досқараев Д. Дидарыңнан айналайын, Димаш аға: [Қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың азаматтық болмысы жайлы естелік] // Айғақ. – 2008. – 16 қаңтар. – 6 б.
125. Доспанов Ж. Қонаевты қорлап, Колбинге көлеңке болғандар // Алтын ғасыр. – 2003. – 14 ақпан.
126. Доспанов Ж. Мырзашөлдегі кездесулер: Д. Қонаев туралы тың деректер / Жазып алған М. Ерiмбетов // Жас Қазақ үні. – 2008. – 11 қаңтар. – 1, 4, 22 б.; 29 қаңтар. – 4 б.; 5 ақпан (қаңтар). – 11 б.; 12 ақпан. – 4, 18 б.; 26 ақпан. – 8 б.; – 25 наурыз. – 4 б.
127. Дөненбаева К. Халқына жақсылық жасаймын деп күйгені жаныма батты: [естеліктер] // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 37 б.
128. Дуанбай Б. Қонаевтың шаштаразы // Айқын. – 2008. – 4 қыркүйек. – 25 б.
129. Дүйсенбаев Б. Дара тұлға: [Д. Қонаевтың өмірі мен қызметі] // Жетісу. – 2011. – 11 қаңтар. – 3 б.
130. Дүйсенбаев Т. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы университет колледжі студенттерінің өндiрiстiк тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру және оны өткізудің жалпы мәселелері // Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім. – 2010. – № 1-2. – 13-15 б.
131. Дүйсенғалиев Р. Қайраткерге ғана емес, қазаққа жасалған қиянат: Д.А. Қонаев өмірінен сыр шертетін фотосуреттер шашылып жатыр // Заң газеті. – 2005. – 23 тамыз. – 4 б.
132. Дүйсенғалиев Р. Қонаев туралы көрме ұйымдастырсақ..... // Жас Алаш. – 2005. – 13 қыркүйек. – 5 б.
133. Дүйсенғалиев Р. Халқының біртуар перзенті: [Дiнмұхамед Қонаев туралы жартығасырлық мұрағат карт фототiлшi қолында сақтаулы] // Президент және Халық. – 2006. – 13 қаңтар. – 6 б.
134. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаев және Қазақстан коммунистiк партиясы // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 22 тамыз-4 қыркүйек. – 4-5 б.
135. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаев: Д. Қонаевтың өмірі мен қызметіне арналған биобиблиография / Құраст.: Т. Қожамқұлов, О. Бравач, Н. Қосаева. – Алматы, 2007. – 224 б.
136. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірінің тарихи тізбесі / Дайынд. С. Зәкіржанқызы // Аңыз адам. – 2011. – № 1. – 5-9 б.
137. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаевты еске алу күні // Дала мен қала. – 2004. – 20 тамыз. – 19 б.
138. Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даналық сөздері // Д.А. Қонаев және Алматы. – Алматы: Өнер, 2008. – 182-183 б.

139. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даналық сөздері // Түркі әлемі. – 2008. – Тамыз-қыркүйек. – 3 б.
140. Дінмұхамед Қонаев және Алматы = У истока большого мегаполиса: Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаев туралы естеліктер мен тарихи құжаттар және Алматы қаласы туралы да тарихи мағлұматтар мен деректер туралы / Жоба жет.: Г.С. Бекмұратова, Н. Төлепбергенұлы; фотосур. түс. А.И. Горяйнов Алматы қалалық Мәдениет басқармасы. – Алматы: Өнер, 2008. – 224 б.
141. Дінмұхамед Қонаев және оның әріптестері – Динмухамед Кунаев и его сорудники / Жобаның авторы Б. Батталханов. – Алматы, 2008. – 142 б.
142. Елеусізұлы Т. Әйгілі тұлға жайлы деректі эссе // Отан сақшысы. – 2009. – 31 қазан. – 11 б.
143. Елубаев С., Смағұлова Г.М. Мектебімізге Д.А. Қонаев есімі лайық // Қазақстан орта мектебі. – 2008. – № 5. – 41-43 б.
144. Ербай К. Ұлы тұлға ұлықталды: Балқаш ауданында Д. Қонаевтың туған күні аталып өтті // Жетісу. – 2011. – 18 қаңтар. – 3 б.
145. Ергөбек Қ. Сурет сыры: Мемлекет қоғам қайраткері Д. Қонаев туралы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 23 шілде.
146. Ержанова М. Таңдайдағы тәтті сөз Қонаевқа арналады // Заң газеті. – 2007. – 16 қаңтар. – 4 б.
147. Ерсәлімов Б. Қара сөздің Құлагері: [Тіл жанашыры Бәтташ Сыдықовтың Д.А. Қонаевпен кездесуі] // Ана тілі. – 2009. – 9-15 шілде. – 5 б.
148. Ерімбетов М. Жырақтағы жүздесулер: [Мырзашөл ауданының әкімі Бегім Серіковтен жазып алынған Д. Қонаев жайында естелігі] // Алматы ақшамы. – 2008. – 12 қаңтар. – 14 б.
149. Ерімбетов М. Қонаевтың Өзбекстанға сапары // Түркістан. – 2010. – 14 қаңтар. – 7 б.
150. Ерімбетов М. Мырзашөлге сапар: [Д. Қонаев өмірінің белгісіз сәттері] // Құқықтық Қазақстан. – 2006. – 5 мамыр. – 4 б.
151. Ерімбетов М. Мырзашөлге сапар: [Қаламгердің Д.А. Қонаев туралы «Мырзашөлге сапар» атты кітабынан үзінді] // Құқықтық Қазақстан. – 2006. – 14 сәуір. – 4 б.
152. Ерімбетов М. Мырзашөлге сапар: [Қонаев пен Рашидов] // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 9 қаңтар. – 10 б.
